Развивалась традиционная внутренняя торговля сырдарьинских городов с казахами, которые преимущественно занимались животноводством. Казахи на большой базар привозили в большом количестве скот, а так же кожи, шерсть, циновки и другие готовые изделия местного ремесла. Османский историк Сейфи Челеби в 1582 г., сообщает о торговле казахов. Он пишет: «У них много баранов, лошадей и верблюдов ... Их кафтаны сделаны из овечьей кожи, они окрашиваются в разные цвета и становятся похожими на атлас, их привозят в Бухару и продают по той же цене, что и кафтаны из атласа, настолько они элегантны и красивы» (Султанов, 2005: 254). Казахи-животноводы на этих базарах закупались пшеничной мукой, продукцией городских ремесел, тканями, сухофруктами и т.д.

В Прииртышье и вокруг Арала развиваются промыслы по добыче соли. Русские промышленные городки в Западной Сибири полностью

снабжаются этим продуктом от казахских соледобытчиков. В районе Жезказгана, Мугаджарском регионе в поселках горняков продолжается добыча цветных и черных металлов. Все казахские рода добывали шкуры волков, степных лис для продажи на базарах. На берегах Кок-Арала и Каспийского моря казахи занимались добычей рыбы и производство рыбного клея и др.

По всей Степи ходили артели, которые по заказу отдельных баев или аульных общин копали уникальные колодцы глубиной от 10 до 100 м. (Картай, 2021)

Торгово-экономические отношения между двумя большими сферами аграрной экономики Казахского ханства связи имели для каждой стороны огромное значение. Казахи понимали, что количество скота определяет статус индивида и семьи, но богатства могут быть только от торговли. Только торговля может дать вещи цену. Без рынка вещь цены не имеет. Экспансии казахских ханов Касыма и Тауекеля I продиктованы идеологическим императивом возрождения Золотой Орды. Казахские чингисиды прекрасно осознавали, что без экономической базы городов, земледельческо-ремесленно-торговых центров возрождение империи невозможно будет сделать.

Мохаммад Шейбани понимал, что в планах казахских ханов нет места для его династии, поэтому пользуясь контролем над крупными торговыми центрами региона Самаркандом, Бухарой и другими городами Маверанахра стремясь ослабить могущество нового государства, он организовал торговую блокаду казахов. Стремление казахской знати реализовать идеологические императивы чингизизма (термин предложенный В.Юдиным) (Юдин, 1992: 55), а так же аккумулировать экономические богатства инструментами тогдашней торговли было главной причиной борьбы казахских ханов за города и развития в государстве дополнительных экономических укладов.

Заключение

Археологические исследования верхних культурных слоев Сайрама, Сыгнака, Яссы, Тараза и других городов показали, что большинство принадлежавших казахам городов продолжали градостроительные традиции улусов Джучи и Чагатая. Они и в Новое время имели магистральные внутригородские дороги, водопроводную питьевую воду, кирпичную систему подачи воды в города, а также свою отрасль ути-

лизации канализационных стоков и подготовки дров для домохозяйств. Фонтаны на центральных площадях использовались горожанами в качестве индивидуально водозабора. Во всех городах и сельскохозяйственных поселениях имелись общественные бани, квартальные и соборные мечети, медресе, ханака и другие здания общественного характера.

Пространство Казахского ханства, как и во времена улуса Джучи оставалась громадной зоной контактов различных этносов и локальных цивилизаций Востока и Запада. Казахские ханы никогда не закрывали страну. Казахское общество было открыто к модернизации и которую начал хан Ис-Мохаммад, однако, этот процесс был остановлен длительным периодом внутридинастийной и междинастийной борьбы чингисидов и тимуридов.

Казахские ханы, как и все восточные правители развивали при своих ставках науку, искусство, светское и духовное образования. Люди науки, искусства и теологи-философы духовно обслуживали ханов, султанов и их окружение. В городах-столицах и передвижных ставках, – куренях жили и передвигались послы иностранных держав, философы, певцы-исполнители, поэты-акыны, писатели, ученые и др. Месяцами гостили транзитные послы и учёные-путешественники. Они были поставщиками внешней информации, заполняли жажду человека в знаниях, познании чужой культуры, ориентировали социум в мировом пространстве.

Подводя итоги вышеизложенному материалу, мы выделяем следующие специфические черты аграрной экономики Казахского ханства:

1. пастбищное животноводство это десятки типов содержания скота с минимальной зимней заготовкой кормов, с разным сочетанием оседлости;

2. казахское общество исследуемого периода было разделено на два экономических класса: бедные и богатые. Однако, их антагонизм был ослаблен патронимическими отношениями, и главное, дефицитом байских хозяйств способных организовать полноценный летний выпас большого количества скота. Идеология внутриродовой солидарности и взаимопомощи преобладает над классовыми;

3. сохранение экологического равновесия между общиной скотоводов и окружающей средой является основным условием в отгонно-пастбищном животноводстве казахов;

4. отсутствие, по объективным причинам, земельных латифундий, преобладание родопле-

менной собственности на пастбища и на пути сезонных перемещений;

5. Познесредневековая казахская государственная организация формировалась на территории Отрарско-Каратауского и Шашского оазисов. Претендовала на доминирование в бассейне рек: Волга, Урал, Тарим и Амударья.

6. Доминирование знати животноводов в политической жизни казахского общества не исключала влияние экономических лидеров оседло-земледельческой зоны через кажы и сейдов, влиятельных купцов на решения руководства государства

7. Следует исключить понятие «сопровожающие или дополнительные хозяйственные уклады» в отношении аграрной экономики казахов XV-XVIII вв. Уровень развития торговли, ремесла, промыслов, различных видов земледелия в казахских городах позволяют считать их самостоятельными и полноценными включениями в общую экономику.

8. Все виды ремесленного производства, как в городе, так и в степи достигли в этот период максимального развития. Образцы этого произ-

водства считаются на данный момент традиционным имеющим этническое своеобразие.

9. Казахские султаны и купцы были активными агентами оптовой и розничной, международной и внутренней торговли.

10. Максимального развития достигли такие отрасли промыслов, как горные разработки для добычи различных металлов, промысловая охота, соледобыча и др.

11. Оседло-земледельческий сектор аграрной экономики казахского ханства был полноценной отраслью большой аграрной экономики казахского ханства.

Благодарность

Данная статья подготовлена в рамках проекта ИРН BR21882223 «Казахское ханство во второй половине XV-первой половине XVIII вв.: этнополитическая история и внешняя политика» РГП на ПХВ «Научный институт изучения Улуса Джучи» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Литература

- Абылхожин Ж.Б. (1991). Традиционная структура Казахстана. Алматы: Гылым. 240 с.
- Андрианов Б.В. Марков Г.Е. (1990). Хозяйственно-культурные типы и способы производства. Вопросы истории. № 8 (10). С. 3-15.
- Аргынбаев Х. (1987). Қазақ халқының колонері. Алматы: Өнер. 128 б.
- Артыкбаев Ж.А. (1993). Казахское общество в XIX в. Традиции и инновации. Караганда: Полиграфия. 330 с.
- Байпаков К.М. Ерзакович Л.Б. (1971). Древние города Казахстана. Алматы: Гылым..212 с.
- Байпаков К.М. Таймагамбетов Ж.К. Жумаганбетов Т.С. (2022). Археология Казахстана. Алматы-Актобе: QTMGZI. 359 с.
- Бекешов С.С. (2022). XVIII ғ.аяғы – XX басындағы ағаш ою өнерінің ортақ сипаттары. Хабаршы Каз.МУ., тарихи сериясы № 1 (104). с. 120-123
- Бурнашева Р. З. (1989). Отрар. Отрарский оазис и Южный Казахстан: Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов. VII—XVII вв.: Обзор. Алматы: Гылым. 77 с.
- Витсен Н. (2010). Северная и Восточная Тартария, включающая области, расположенные в северной и восточной частях Европы и Азии. Амстердам, «Pegasus». 1816 с./ пер. Трисман В.Г.
- Джанабаева Г. Д. (2019). Искусство народов Центральной Азии. Вашингтон: Университет Джорджа Вашингтона. 89 с.
- Джанибеков У. (1982). Культура казахского ремесла. Алматы: Өнер. 144 с.
- Жумаганбетов Т.С. (2022). Пастбищное животноводство Западной Азии. (Эпоха древности и средневековья). Актобе: QTMGZI. 128 с.
- Жумаганбетов Т.С. (2023). Дети и детство у средневековых тюрок.//Стратум плюс. № 4. с.101-111.
- История Казахстана в русских источниках. (2005). Алматы: Дайк-Пресс. 720 с.
- Карибаев Б.Б. (2015). Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы, Сардар. 520 с.
- Картай Т. (2021). Сутаным. Экспедициялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті. 326 с.
- Масанов Н.Э. (1995). Кочевая цивилизация казахов. Москва-Алматы: Социвест-Горизонт. 320 с.
- Масанов Э.А. (1966). Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Алматы: Гылым. 322 с.
- Назаревский О.Р. (1973). Современные формы пастбищного животноводства в пустынных и горных районах Казахстана и Средней Азии. Очерки по истории хозяйства народов Средней Азии и Казахстана. Ленинград: Наука. С.249-258.
- Рузбейхан (1997)// Прошлое Казахстана в источниках и материалах.. Алматы: Казакстан.383 с.
- Руденко С.И. (1961). К вопросу о формах скотоводческого хозяйства и о кочевниках. Материалы по этнографии Географического общества СССР. Ленинград: Географическое общество. Вып. 1. С. 2-15.
- Хазанов А.М. (1976). Социальная история скифов. Москва: Наука.336 с.

- Хазанов А.М. (2000). Кочевники и внешний мир. Алматы: Дайк Пресс. 604 с.
- Цинман М.З. (1992). Методологические проблемы типологии отношений собственности у кочевников. Научно-аналитический обзор. Алматы: Галым. 102 с.
- Чекерес А.И. (1973). Погода, климат и отгонно-пастбищное животноводство. Ленинград: Гидрометеиздат. 175 с.
- Шалекенов У.Х. (1965). О войлочных изделиях казахов Хорезмского оазиса. // Вести Каракалпакского филиала АН УзССР. № 1. с. 68-73 / Соавт. И. Жаксыбаев.
- Шаниязов К. (1975). Основные отрасли животноводства в дореволюционном Узбекистане // Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. Москва: Наука. с. 188-193.
- Шаниязов К. (1973). Отгонное животноводство у узбеков // Труды института этнографии. Ленинград: Наука. Т. 98. с. 87-98.
- Шахматов В.Ф. (1964). Казахская пастбищно-кочевая община. Алматы: Гылым. 207 с.
- Юдин В.П. (1992). Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Алматы: Гылым. 147 с.
- Ямсков А.Н. (1984). Этноэкологический подход к классификации форм скотоводства. (На примере традиционного хозяйства народов Кавказа) // Этническая культура: Динамика основных элементов. Москва: Институт этнографии АН СССР, с. 5-17
- Golden P.B. (1989). The Qipcags of Medieval Eurasia: An Example of Stateless Adaptation in the Steppes. // Rules from the Steppe. Los Angeles: Ethnographics Press. S.133-150.
- Hudson A.E. (1938). Kazak Social Sturcture. London: Yale Universiti Press. 109 с.

References

- Abylhozhin Zh.B. (1991). Tradizionnaia struktura Kazakstana. Алматы: Gylym. 240 s.
- Andrianov B.V. Markov G.E. (1990). Hosiaistvenno-kulturnye tipy i sposoby proizvodstva. // Voprosy istorii. № 8 (10). S. 3-15.
- Argynbaev H. (1987). Kazak halkynyn koloneri. Алматы: Oner. 128 s.
- Artykbaev Zh.A. (1993). Kazakskoe obshestvo v XIX v. Tradizii i innovazii. Karaganda: Poligrafia. 330 s.
- Baipakov K.M. Erzakovich L.B. (1971). Drevnie goroda Kazahstana. Алматы: Gylym. 212 s.
- Baipakov K.M. Taimagambetov Zh.K. Zhumaganbetov T.S. (2022). Arheologia Kazahstana. Алматы-Актобе: QTMGZI. 359 s.
- Bekeshov S.S. (2022). XVIII g. aiagy – XX basyndagy agash ou onerinin ortak sippattary // Habarshy Kaz.MU., tarihi seriasy № 1 (104). S. 120-123.
- Burnasheva R.Z. (1989). Otrar. Otrarskii oazis i Uzhnyi Kazakstan: Numizmaticheskie issledovania po denezhnomu delu uzhnokazakstanskikh gorodov. VII—XVII vv.: Obzor. Алматы: Gylym. 77 s.
- Vitsen N. (2010). Severnaia i Vostochnaia Tartaria, vkluchaushaia oblasti, raspolozhennye v severnoi i vostochnoi chastiah Evropy i Azii. Amsterdam, Pegasus. 1816 s./ per. Trisman V.G.
- Dzyanabaeva G. D. (2019). Iskustvo narodov Zentralnoi Azii. Washington: Universitet G. Washingtona. 89 s.
- Dzyanibekov U. (1982). Kultura kazahskogo remesla. Алматы: Oner. 144 s.
- Zhumaganbetov T.S. (2022). Pastbishnoe zhitovnovodstvo Zapadnoi Azii. (Epoha drevnosti i srednevekovia). Aktobe: QTMGZI. 128 s.
- Zhumaganbetov T.S. Deti i detstvo u srednevekovykh turok. // Stratum plus. № 4. 2023. С.101-111s.
- Istoria Kazakstana v russkikh istochnikah. (2005). Алматы: Daik-Press. т.1. 720 s.
- Karibaev B.B. (2015). Kazak handygynyn kurylyu tarihy. Алматы: Sardar. 520 s.
- Kartai T. (2021). Sutany. Ekspedizialyk zertteuler. Алматы: Kazak universiteti. 326 s.
- Masanov N.E. (1995). Kochevaia zivilizaziia kazahov. Moskva- Алматы: Sozinvest-Gorisont. 320 s.
- Masanov E.A. (1966). Ocherk istorii etnograficheskogo isucheniia kazahskogo naroda v SSSR. Алматы: Gylym. 322 s.
- Nazarevskii O.R. (1973). Sovremennye formy pastbishnogo zhitovnovodstva v pustynnykh I gornyykh raionakh Kazahstana i Srednei Azii. // Ocherki po istorii hoziastva narodov Srednei Azii i Kazahstana. Ленинград: Gylym. S. 249-258.
- Rusbeihan (1997). // Proshloe Kazahstana v istochnikah i materialah.. Алматы: Kazakstan. 383 s.
- Rudenko S.I. (1961) K voprosu o formah skotovodcheskogo hosiastva i o kochevnikah // Materialy po etnografii Geograficheskogo obshestva SSSR. Ленинград: Geograficheskoe obshtstvo. Vyp. 1. S. 2-15.
- Hazanov A.M. (1976). Sozialnaia istoria skifov. Moskva: Nauka. 336 s.
- Hazanov A.M. (2000). Kochevniki i vneshii mir. Алматы: Daik Press. 604 s.
- Zinman M.Z. (1992). Metodologicheskie problemy tipologii otnosheni sobstvennosti u kochevnikov. Nauchno-analiticheskii obsor. Алматы: Gylym. 102 s.
- Chekeres A.I. (1973). Pogoda, klimat i otgonno-pastbishnoe zhitovnovodstvo. Ленинград: Gidrometeoisdat. 175 с.
- Shalekenov U.H. (1965). O voilochnykh izdeliiah kazahov Horesmskogo oazisa. // Vesti Karakalpakskogo filiala AN Uz. SSR. № 1. S.68- 73 / Soavt. I. Zhaksykbaev.
- Shaniazov K. (1975). Osnovnye otrasli zhitovnovodstva v dorevoluzionnom Uzbekistane. // Hoziastvenno-kulturnye tradizii narodov Srednei Azii i Kazahstana. Moskva: Nauka S. 188-193.
- Shaniazov K. (1973). Otgonnoe zhitovnovodstvo u uzbekov. // Trudy instituta etnografii. Ленинград: Nauka. Т. 98. S. 87-98.
- Shahmatov V.F. (1964). Kazahskaia pastbishno-kochevaia obshina. Алматы: Gylym. 207 s.
- Udin V.P. (1992). Utemish-hadzhi. Chingis-name. Алматы: Gylym. 147 s.
- Iamskov A.N. (1984). Etnoekologicheskii podhod k klassifikazii form skotovodstva. // Etnicheskaia kultura: Dinamika osnovnykh elementov. Moskva: Institut etnografii AN SSSR. S. 5-17

Golden P.B. (1989). The Qipcags of Medieval Eurasia: An Example of Stateless Adaptation in the Steppes.//Rules from the Steppe. Los Angeles: Ethographics Press. S.133-150.

Hudson A.E. (1938). Kazak Social Sturcture. London: Yale Universiti Press. 109 p.

Автор туралы мәлімет:

Жұмаганбетов Талгат Смағұлұлы – т.ғ.д., профессор, директор. Қазақ түркітану және моңғолтану ғылыми-зерттеу институты. Қазақстан, г. Ақтобе. E-mail: tzh888@gmail.com

Сведения об авторе:

Жұмаганбетов Талгат Смағұлович – д.и.н., профессор, директор. Казахский научно-исследовательский институт тюркологии и монголистики. Казахстан, г. Ақтобе. E-mail: tzh888@gmail.com

Поступила: 20.03.2024

Принята: 17.05.2024

Б.С. Сайлан 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ С. НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛЫ МЕН ҚОЛБАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мақалада Сағадат Нұрмағамбетовтің әлеуметтік шығу тегі мен Кеңес Одағының Батыры атануы ерекшеліктері ашылады (1924–2013). Оның өмірінде: Екінші дүниежүзілік соғыс, соғыстан кейінгі қиын кезең, Кеңес Одағының ыдырауы және тәуелсіз Қазақстанның құрылуы сияқты өз елінің барлық тарихи оқиғалары көрініс тапты. Дәл осы С. Нұрмағамбетов еліміздің егеменді мемлекеті жағдайында Қазақстанның қорғаныс саласының бірінші қолбасшысы болды. Мақалада өмірбаяндық әдіс пайдаланылды, оның әдіснамалық ерекшеліктері тұлғаны сәйкестендіру және шынайы бағалау процесін қарастыруға мүмкіндік берді. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Қарулы Күштерін құруға арналған мұрағат қорлары мен сайттардың материалдары, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің естеліктері, С. Нұрмағамбетовтың достары мен әріптестерінің қазіргі заманғы армияны құрудағы, әскери қызмет пен әскери білім беру жүйесін жетілдірудегі рөлі туралы естеліктері дереккөздік негізге айналды. Мақалада С. Нұрмағамбетов атындағы әскери оқу орындары көрсетілген, соғыс жылдарындағы майдан оқиғалары туралы кітаптар талданған, оның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің дәстүрлері мен іргетасын қалыптастыруға қосқан үлесі сипатталған. Бұл мақала Екінші дүниежүзілік соғыстың жергілікті куәгерлерінің тарихи жадын, патриотизм мен тарихи сабақтастығын дамытуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: соғыс, армия, қорғаныс, қарулы күштер, әскери білім.

B.S. Sailan

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

The combat path and command activity of Hero of the Soviet Union S. Nurmagambetov

The article reveals the features of the social origin and formation of the Hero of the Soviet Union Sagadat Nurmagambetov (1924–2013). His life reflected all the historical events of his country: the Second World War, the difficult post-war period, the collapse of the Soviet Union and the formation of independent Kazakhstan. It was S. Nurmagambetov who became the first commander of the defense of Kazakhstan in the conditions of a sovereign state of the country. The article uses the biographical method, the methodological features of which made it possible to consider the process of identification and true assessment of personality. The source material was based on materials from archival funds and websites dedicated to the creation of the new Armed Forces of independent Kazakhstan, memories of veterans of the Great Patriotic War, memories of S. Nurmagambetov's friends and colleagues about his role in the creation of a modern army, improvement of military service and the military education system. The article shows military educational institutions named after S. Nurmagambetov, provides an analysis of books about military events at the front during the war, describes his contribution to the formation of traditions and the foundation of the armed forces of the Republic of Kazakhstan. This article contributes to the development of historical memory of local actors of the Second World War, patriotism and historical continuity.

Key words: war, army, defense, armed forces, military education.

Б.С. Сайлан

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: b_sailan1967@mail.ru

Боевой путь и командная деятельность Героя Советского Союза С. Нурмагамбетова

В статье раскрываются особенности социального происхождения, становления Героя Советского Союза Сагадата Нурмагамбетова (1924–2013). Его жизнь отразила все исторические события своей страны: вторая мировая война, тяжелое послевоенное время, развал Советского Союза и становление независимого Казахстана. Именно С. Нурмагамбетов стал первым командующим

обороной Казахстана в условиях суверенного государства страны. В статье использован биографический метод, методологические особенности которого позволили рассмотреть процесс идентификации и истинной оценки личности. Источниковедческой основой стали материалы архивных фондов и сайтов, посвященных созданию новых Вооружённых Сил независимого Казахстана, воспоминания ветеранов Великой Отечественной войны, воспоминания друзей и коллег С. Нурмагамбетова о его роли в создании современной армии, совершенствовании военной службы и системы военного образования. В статье показаны военно-учебные заведения имени С. Нурмагамбетова, дан анализ книг о военных событиях на фронте в годы войны, описан его вклад в формирование традиций и фундамента вооружённых сил Республики Казахстан. Данная статья вносит вклад в развитие исторической памяти о локальных акторах второй мировой войны, патриотизма и исторической преемственности.

Ключевые слова: война, армия, оборона, вооруженные силы, военное образование.

Кіріспе

Дүниені дүр сілкіндірген ХХ ғасырдағы Екінші дүниежүзілік соғыс және оған қатысушылар туралы зерттеу әлі тоқтаған жоқ. Миллиондаған адам қатысып, шығыны шаш етекпен болған бұл соғыста батыр атанған қазақ аз емес. Солардың арасынан сұрапыл соғыста ер атанған, ал соғыстан кейін түрлі әскери округтерде басшылық қызмет атқарған, ал ел егемендігін алып, жаңа айбынды армиямызды жасақтауда игілікті істерімен есімі ерекше аталатын тұлға – Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетов.

Ұлы Отан соғысы басталғанда ер жеткен қазақ азаматы Сағадат 1942 жылы Кеңестік Қызыл армия қатарына шақырылып, Түркіменстан Республикасының Кушка қаласындағы әскери училищеге оқуға жіберілді. Оқуды бітірген соң, 1943 жылдың көктемінде лейтенант шеніндегі Сағадат Нұрмағамбетов майдан даласындағы соғысқа аттанды. Жойқын жаудан еш қаймықпаған Сағадат Қожахметұлы пулемет взводының командирі, пулемет ротасының командирі, 5-ші екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-ші атқыштар дивизиясының 1052-ші атқыштар полкі құрамында батальон командирі ретінде гитлерлік неміс басқыншыларына қарсы шайқасты. Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Батыс Беларусьяны, Польшаны азат етуге қатысты. 1945 жылы 27 ақпанда жауынгерлік ерлігі үшін 21 жасар Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Жеңіс күніне жақындатқан майдангерлер қатарынан көрінген әскери шенді С.Қ. Нұрмағамбетов басқарған батальонының жауынгерлері соғысты жеңіске жеткен Берлин қаласында аяқтады.

Фашист басқыншыларына қарсы күресте елді жаудан қорғау жолындағы Ұлы Отан соғысының майдан даласына аттанып, «батыр қазақ жауынгері» атанған Кеңес Одағының Батыры

Сағадат Нұрмағамбетов бүкіл өмірін әскери-патриоттық еңбек пен Отанын шын сүйіп қорғай алатын ұрпақ тәрбиесіне арнағаны белгілі. Әскери өмірден жинақтаған мол тәжірибесі бар армия генералы С.Қ. Нұрмағамбетов Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің адғашқы жылдарында еліміздің Қарулы Күштерін құруға, сонымен қатар ел әскерінің жаңа заңды құжаттары мен алғашқы қорғаныс Доктринасын қалыптастырып, қорғаныс саласының жұмысын жүзеге асыруда айрықша аянбай қызмет атқарды. Осы жылы жасы 100-ге толған Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі С.Қ. Нұрмағамбетовтың жауынгерлік және қолбасшылық жолын зерттеуде тарих ғылымының әлі айтары көп.

Мәселенің тарихнамасы

Ұлы Отан соғысының ержүрек майдангері, Кеңес Одағының батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың жауынгерлік жолы, ерліктері және қолбасшылық қызметтері туралы Отандық және кеңестік тарихи әдебиеттерде жазылған. Олардың негізгілеріне тоқталар болсақ, «Казахстанские герои Великой Отечественной войны» атты кітапта оның жауынгерлік жолдары, қай әскери бөлімде шайқасқаны, батыр атағын қай кезде алғандығы толық көрсетілген.

Әскери тарихшы П.С. Беланның «На всех фронтах: Казахстанцы в сражениях Великой Отечественной войны (1941-1945). – Алматы: Ғылым, 1995.», «Герои Советского Союза – казахстанцы. – Алматы, 1968» еңбектерінде С.Нұрмағамбетовтың соғысқан майдан ошақтары мен командирлік қызметтері тарихи талданған.

«Қазақстандықтар – Ұлы Жеңістің батырлары» атты екі томдық кітап 2016 жылы жаңадан жарыққа шықты. Екі томдық туынды Жеңістің 71 жылдығына арналған. Осы кітапта қазақстандық батырлардың, батырымыз С.Нұрмағамбе-

ровтың әскери жолы мен ерліктерінен мәліметтер берілген.

С.Нұрмағамбетовтың «Лицом к огню. – Алматы: Қазақстан, 1984.», «Мой передний край. – Алматы: Ана-тілі, 1995.», «А в памяти нет тишины. – Алматы: Ана-тілі, 1999.», «От огненных лет до суверенной армии. – Алматы: Жібек жолы, 2005.», атты естелік кітаптары батырдың 1942 жылы майданға аттанғаннан бастап, тәуелсіз Қазақстанның Қарулы күштерін құру кезеңіне дейінгі қызметі туралы мол мағлұмат береді.

Батырлар туралы кеңестік тарихнамада «Герои Советского Союза: Историко-статистический очерк. – Москва: Воениздат, 1984.» атты кітапта Кеңес Одағының батырлары туралы алғаш рет жүйелі ақпарат берілген. Кітап Кеңес Одағының батыры атағының бекітілгенінің 50 жылдығына арналған. С.Нұрмағамбетов есімі бұл кітапта лайықты орын алған.

Кеңестік зерттеушілер И.Н. Шкадовтың жетекшілігімен шыққан «Герои Советского Союза: в 2-х томах. – Москва. Воениздат. 1988 г.» атты кітапта Кеңес Одағы батырларының, оның ішінде С.Нұрмағамбетовтың өмірбаянымен таныстырады. Олардың ұлы ерліктері жазылып, әсіресе жастарға патриоттық тәрбие беруге қызмет ететіндігі айтылады. Авторлық ұжым КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының, КСРО Қорғаныс министрлігінің орталық мұрағатының құжаттары мен материалдарын пайдаланғандығы көрсетіледі.

Великая Отечественная война 1941-1945. – Москва: Политиздат, 1988.» деген кітапта С.Нұрмағамбетов қатысқан Берлин операциясынан деректер мен мәліметтер көрсетіледі.

Материалдар мен әдістер

Гитлерлік Германияға қарсы сұрапыл соғыста Кеңес Одағының батыры атанып, еліміз егемендік алғанда Қазақстан атты мемлекеттің тұңғыш Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағамбетов туралы еңбекті жазуда өзіндік әдістемелік ерекшеліктер қарастырылды. Өйткені Екінші дүниежүзілік соғыс пен сол соғыста өжеттілік танытқан және есімі ерекшеленген батырлар тарихын зерттеуде міндетті түрде сол тақырыпқа арналған әдебиеттер мен құжаттар бірінші кезекте пайдаланылды. Соғысқа 301-мотоатқыштар дивизиясына қарасты 1052-полк жауынгерлерінің қатысуын тарихи құжаттар арқылы қарастыру – олардың жауынгерлік жолы мен жанқиярлық ерліктерін анықтауға негіз болды. Қазақстандық батырлардың ерлігімен таны-



суда, оқып білу мен жан-жақты талдауда салыстырмалы және шынайы баға беретін концепция қарастырылды. Осы мәселені зерттеуде Екінші дүниежүзілік соғысқа және тәуелсіз Қазақстанның жаңа Қарулы күштерінің құрылуына арналған мұрағат қорлары мен сайттардағы деректер, соғысқа қатысқан майдангер ардагерлердің естеліктері, қазақстандық батырлар туралы жарияланған құжаттар мен материалдар, еңбектер мен деректер қарастырылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Батырдың балалық шағы. Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысы, Ақкөл ауданындағы Қосым деген ауылда дүниеге келді. Батырдың балалық шағы бақытты болды деп айта алмаймыз. Ол өмірге келерден бір ай бұрын әкесі Қожахмет өмірден өтеді. Анасы Айсаға осы қайғы қаншалықты ауыр болса да, қиындыққа мойымай, екі баласын бетінен қақпай өсірді. Алайда ағасы екеуі ержетіп келе жатқан шақта анасы дүние

салды. Онда бала Сағадат жеті жасқа енді толған еді. Енді оған жалғыз ағасы Сағит қамқор болды. Жастайынан ауыл ақсақалдары айтқан батырлар жырын тыңдап, солардың тәрбиесін алды. Аталас туысқаны Әлжан қарияның бұрынғы өткен бабалары туралы түн асырып айтқан әңгімелері оған қуат берді. Өскенде солар туралы батыр боламын деп талпынды. Содан ба екен, ол жасынан өжет, өткір болып өсті.

Ата-анасынан жетім қалған Сағадат 1933 жылы мектепке барды. Ақкөлдегі орта мектепті үздік тәмамдайды. Болашақта мектепте балаларға сабақ беретін үлгілі мұғалім болсам деп армандайды. Әсіресе, тарих пен географияны жақсы көрді. Бірақ оның бұл арманын сұрапыл соғыс бұзды. Өйткені мектеп бітірген жылы соғыс басталды. Алдымен ағасы Сағит соғысқа шақыру қағазын алды. Сағадат онымен бірге өз еркімен майданға аттанғысы келді. Бірақ аудандық әскери комиссариат бастығы: «Шырағым, асықпа, үлгересің, кезегің келгенде, өзіміз шақыртамыз», – деп мұны кері қайтарып жіберді. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолы туған ауылында басталды (Қалмырзаев Ә. 2012: 193-204).

Сағадаттың осы кездегі сауаттылығы мен еңбекқорлығы жөнінде ауылдасы әрі құрдасы Екатерина Андрусюк былай дейді: «Сағадат Қожахметұлы екеуміз бір ауылданбыз, құрдаспыз, доспыз. Соғысқа дейін онымен бір трактор бригадасында жұмыс істедік. Біз үшін ол барлық жағынан үлгі болды. Соғыс басталғанда ерлер майданға аттанып, соғыс уақытының қиындықтары мен толғаныстары әйелдер мен балалардың иығына түсті. Майданда не болып жатқанын ешкім білмеді, ешкімде радио жоқ. Ал Сағадат бізге дүниеде, елде болып жатқан оқиғаларды, қызыл әскерлердің әрекетін айттып отырды. Өзі де белсенді әскер қатарында жүргендей сөйледі. Оның сөздерінің сиқырлы күші болды. Оның бәріне ілесуге күш қайдан, ақпаратты қайдан алды деп әлі де таңғаламын. Өйткені, таң атқаннан кеш батқанша бізбен бірге далада еңбек етті. Соған қарамастан ол әлі де сауатсыз әйелдерге майданға ерлеріне хат жазуға көмектесіп үлгерді. Ол адамдармен оңай ортақ тіл табысты және олардың қажеттіліктері мен өтініштеріне қамқор бола білді. Табиғат оған тек сыртқы сипаттар ғана емес, сонымен қатар ішкі дүниесіне де жігерлі қуат берген сияқты. С.Нұрмағамбетов бәріне қажырлы еңбектің арқасында жетті. Әке-шешесінен ерте айырылып, ағасы Сағиттың қолында өсті. Сағит майданға аттанғанда шаруашылықтың ауыртпалығын өз мойнына алды» – деп, оның

жастайынан бойына біткен қамқорлық мінезін дәл көрсетеді (Жагипаров С. 2014).

Майданға жорығы. Новгород түбінде болған ұрыста Сағиттың қайтыс болғаны туралы ауылға қаралы қағаз келді. Жалғыз бауырынан айрылған Сағадат қатты күйзелді. Ағасы үшін кек алмаққа Сағадат майданға асықты. Кешікпей шақырту да алды, бірақ оны бірден майданға емес, әскери училищеге баратындар қатарына қосты. 1942 жылы мектепті бітірген соң Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның алдымен Байрамәлі, сосын Кушка қаласына көшірілген 1-Түркістан пулеметшілер училищесіне жіберілді (Нурмағамбетов С.К. 2001: 3).

Сағадат училищеде әскери оқуға бел шешіп кірісті. Негізінен орыс тілі мен математиканы оқып-үйренуден бастады. Пулеметші болу үшін бұл екі пәннің маңызы зор еді. Математиканы білмейінше, пулеметші бола алмасаң, ал әскери өмірді игеру ол кезде орыс тілінсіз мүмкін емес еді. Бұйрық та осы тілде жүргізілді. Бұл екі сабақтан да ол мектепте жақсы оқыды. Сағадат сондықтанда оқуға ешқандай қиналмады.

Училищеде оқып жүрген кезін еске алған Сағадат: «Бізді жүз жыл бұрын салынған казармаға орналастырды. Училище жаңадан ашылғанымен, оқу-материалдық базасы, тұрмыстық жағдайы жақсы болды. Бізді білікті де талапты командирлер дайындады. Олар соғыстың қызып тұрған шағында қажетінше соғысуды үйренуіміз үшін бәрін жасады» – деп, училищедегі өткен күндері туралы ой бөліседі (Нурмағамбетов С.К. 2001: 3).

Мерзімінен бұрын әскери училищені аяқтап, офицер погонын таққан Сағадат енді тікелей батыстағы майдан шебіне аттанды. Бұларды 9-Қызылтулы атқыштар корпусының штабына әкелді. Мұнда оларды 157-жеке атқыштар бригадасының құрамына бөлді. 157-ші жеке атқыштар бригадасының штаб бастығы, подполковник Сафонов Михаил Иванович 19 жастағы лейтенантты Кубанда үлкен карибрілі пулеметтер взводының командирі етіп тағайындады. Ол өзінің байырғы әскери қызметкер екенін және К.Рокоссовский басқарған 15-атты әскерлер дивизиясының құрамында әскери жолын бастағанын мақтанышпен әңгімелеп берді. Сағадат алғаш кездесуде бұл байырғы әскери командирмен іштей табысып, өзіне ұстаз тұтты. Бұл достығы генерал-майор шенінде отставкаға шыққан М.Сафоновпен кейінгі жылдарға дейін жалғасты. Сағадат Нұрмағамбетов отставкадағы генерал-майор М.Сафоновпен бірге Жеңістің 50

жылдығын бірге атап өтті (Нурмағамбетов С.К. 1995: 28).

Сағадат әскери мансабын пулеметшілер взводының командирі болып бастады. Взвод пулеметшілер ротасына бағынғанымен, атқыштар ротасының біреуіне қызмет етті. Осы ротамен бірге ұрыс қимылына қатысты. Сағадаттың взводындағы үш пулеметшілер бөлімі ұрыс кезінде атқыштар ротасын қолдауға тиіс еді. Пулеметті орналастыру шептерін белгілеуді взвод командирі анықтайды. Мұны дұрыс таңдаудың маңызы күшті. Оны Сағадат жақсы білді. Жау шабуыл басталар алдында артиллериядан оқ жаудырып, қарсыластарының жауынгерлік күшін анықтап алғысы келеді. Кездейсоқ, күтпеген жерден атылған зеңбірек оғы тірі жанды бекіністен бас көтерсе болды, жайратып салады. Сағадат пулеметшілері де жаудың әрбір қозғалысын қырағылықпен аңдыды, кірпік қақпай мүлт жібермеуге тырысты.

Командир болу қарамағындағы жауынгерлерге жеке дара әмірін жүргізу емес, тынымсыз еңбек, үзбей іздену, үйрену болды. Лейтенант Сағадат қару-жарақты, соғыс техникасының барлық сипаттамасын, оның оғының ұшу жылдамдығын, зақымдау радиусын, ұшу қашықтығын жатқа білуге ұмтылды. Соғыста әрбір солдат өмірі қымбат болғандықтан, командир оларды барынша аман сақтай білу керек еді. Сағадаттай жас командир мұндай қасиетті барынша есте ұстады. Соғыс қимылы болсын немесе қорғаныс шебіндегі ұрыста болсын жауынгер қауіпсіздігіне басты көңіл бөлді. Соның нәтижесінде взвод пулеметшілері өздеріне жүктелген міндет пен жаяу әскерлердің шабуылын қамтамасыз етуді ойдағдай жүзеге асырды (Қалмырзаев Ә. 2012: 193-204).

С.Нурмағамбетовтың жауынгерлік жолы мен батыр атануы. Құрамында Сағадат соғысқан Солтүстік-Кавказ майданы қолбасшылығының шешімімен 301-атқыштар дивизиясы жасақталды. Ол 9-атқыштар корпусының құрамына енді. 301-атқыштар дивизиясы жасақталып, оның командирі генерал-майор В.Антонов тағайындалды. Дивизия 1050, 1052, 1054-атқыштар полктарынан құралды. Сағадат соғыстың аяғына дейін 1052-атқыштар полкының құрамында соғысты (Герои Великой победы – казахстанцы: 2016: 113).

301-дивизияның командирі Генерал-майор В.Антонов қол астындағы қызметкері туралы: «Пулеметшілер ротасын капитан С.Нурмағамбетов басқарған полк Пилица өзенінен жасырын

өтті. Фашистердің бір танкі пулемет экипажының атыс позициясына көшті. Танк окоптың үстінен өткенде капитан Нурмағамбетов тез орнынан тұрып, гранаталарды бірінен соң бірін лақтырды. Танкті қара түтін бұлттары басып қалды. Ал шайқас жалғасты. Капитанның өзі пулемет жанында өзінің ең жақсы пулеметшісі сержант Геннадий Ворошиловпен бірге жау шебіне ойсырата соққы берді. Рота командирі автоматтан оқ ату арқылы тағы 65 фашист солдаты мен офицерін жойды. Пилица өзенінің сол жағалауындағы плацдарм қолға өтті. 1052 полк шабуылды жалғастырды» – дейді (Герой Советского Союза – казахстанцы. 1968: 115).

С.Нурмағамбетов сұрапыл соғыс туралы: «Мәскеу түбіндегі жауынгерлеріміздің жанқиярлық табандылығын ұмытуға бола ма?», «Әр тасы, әр төбесі солдат қанына сіңген Сталинградта жараланып, аязға ұшыраған батырлардың ерлігін ұмытуға бола ма? Мың-мыңдаған танктер күндіз-түні жарылған Курск бұғазындағы өртті, Кавказдағы шайқастарды, Днепрдегі өртті ұмытуға бола ма? Қолдары сынған балалар майданға аттанып, партизан отрядтарына қосылды өтінген Белоруссияның өртке оранған үйінділерін ұмыту мүмкін бе? Варшава маңындағы шайқастар ше? Берлин маңында? Әрине, мен Берлинге жеңіс туы қадалғаннан кейін Германиядағы жауынгерлеріміздің қуанғанын ұмыта алмаймын» – деп еске алады. Бұл Сағадат Нурмағамбетовтың өзінің бүкіл әскери өмірбаяны ғана емес, қаншама қасірет әкелген, қаншама майдандас достарын алып кеткен сол қарғыс атқыр соғысқа деген көзқарасы еді (Нурмағамбетов С.К. 1995: 224).

Соғыстың қайғысы оның отбасына да әсер етті – соғыс басталғанда ағасы Сағит қайтыс болды. Нурмағамбетов әуелі майданға аттанып, бауырының өшін алуға құлшыныс танытқанымен, кейін «жалпыға ортақ мұңды» қозғай келе, оның міндеті елін жаулап халықтың көз жасы мен қанын төгіп жатқан «фашизм» деген зұлымдықты тоқтату екенін түсінді. Донецк жерінде фашистермен талай рет шайқасқа түсуге тура келді. Соғыстан кейін Нурмағамбетовке «Донецк қаласының құрметті азаматы» атағының берілуі де кездейсоқ емес еді.

«Украина үшін болған шайқастардың барлығын сипаттау, жанқиярлық танытқандар мен соғыста айрылғандарымыздың барлығын атау мүмкін емес. Алдыңғы қатардағы жауынгерлер үшін бұл өте қиын болды. Ауыр жау оқтары астында үздіксіз атқылаулар мен шабуылдарға ұшыраған жауынгерлер мен пулеметшілер көп

болды. Күзде қара топырақ лайланып, лайға баттық. Бір етіккі laidан шығарғанмен, екінші етік лайда қалып қойған жағдайларда кездесті. Шалбар, шинель, бет-ауыз бәрі кір болды. Қазан айында аяз күшейді. Үстіміздегі дымқыл шинельдердің аяздан қатып қалғаны сонша, қолды бүгуге де мүмкіндік бермеді. Бірақ ешкім ыңырсыған жоқ, бәрі фашистердің қанша қайғы әкелгенін көрді және жеңіс үшін кез келген қиындыққа төтеп беріп, тіпті жанын да аямау керектігін білді. Міне, Отан соны талап етті» – деп, сұрапыл соғыстың ауыр азаптары туралы жазды ол (Нурмағамбетов С. 1995).

Екінші дүниежүзілік соғыстың ауыр шайқастарында офицер С.Нұрмағамбетов Краснодар өлкесін, Украинаны, Молдованы, Батыс Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысты. Польшаны азат ету 1944 жылдың шілде-тамызында басталды. 5 миллионнан астам адам фашистік құлдықтан құтқарылды. Неміс-фашистік басқыншылар Польшада бес жыл бойы зұлымдық жасады (Великая Отечественная война. 1984: 430).

1945 жылы 27 ақпанда «Польша территориясындағы Виборов деревнясы ауданында жаудың қатты бекінген қорғанысын бұзып өту кезінде қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындаған ерлігі үшін» КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен С.Нұрмағамбетовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (Герои Советского Союза. 1988: 182-183).

1945 жылы сәуір айының басында Берлин операциясы басталды. 16-19 сәуір аралығында кеңес әскерлері жаудың қорғаныс шебін жарып өтті. 20 сәуірде фашистік Германия астанасына шабуыл басталып, 25 сәуірде бүкіл Берлин тобын қоршау аяқталды. Берлиндік топты жою 2 мамырға дейін жалғасты. Міне осындай Берлин үшін қанды қырғынның ортасында С.Нұрмағамбетов және оның батальоны шайқасты (Великая Отечественная война. 1988: 559).

Соғысты батыр Берлинде аяқтады. Сағадат Нұрмағамбетовтың батальоны гитлерлік рейх кеңсесінің ғимаратын басып алуға қатысты. Нұрмағамбетов басқарған батальонның жеке құрамы ұрыс қимылдары аяқталғаннан кейін республикалық маңызы бар маңызды нысандарды қорғау бойынша тапсырмаларды орындады.

«Кюстриннің батысындағы қатты бекінген жау қорғанысын талқандау кезінде 1945 жылы 14 сәуірде майор Нұрмағамбетовтың шебер қолбасшылығымен негізгі бағытта әрекет ететін батальон неміс қорғанысын бұзып өтіп, бес қатар окопты басып алды және танктер мен полктің

қалған батальондарын соғысқа еніп кіруіне мүмкіндік туғызды. Оның батылдығы мен шеберлігі арқасында, Гузов қаласының шығыс шетіндегі ұрыстың одан әрі қимылы артты. Көше шайқастары басталып, үш сағатта қаланың солтүстік-шығыс шеттері басып алынды, ал батальон 200 фашисті, 18 атыс нүктесін, күшті сегіз нүктені жойып, жаудың 69 солдатты мен офицерін тұтқынға алды (Қалмырзаев Ә. 2012: 193-204).

1945 жылы 18 сәуірде Хермесдорф ауылының маңында фашистік әскерлер күндіз үш рет қарсы шабуыл жасады. Майор Нұрмағамбетов ерекше табандылық танытып немістердің барлық қарсы шабуылдарына тамаша тойтарыс беруді қамтамасыз ете білді. Осындай қабілетті ұрыс қимылының арқасында олар қарсыластың адам күші мен техникасын үлкен шығынға ұшыратты, жауды басып алған шептерден құлатты. Буков қаласына басып кіріп, жау солдаттары мен пулеметшілерінің үлкен топтарының табанды қарсылығын жеңіп, көшедегі ұрыстың қиын жағдайында полк командованиясінің қаланың шығыс шеттерін басып алу туралы бұйрығының орындалуын мүлтіксіз қамтамасыз етті. Буков қаласы үшін болған ұрыстарда батальон 100 фашисті, он екі атыс нүктесін, үш танкі мен бір өздігінен жүретін зеңбіректі жойды (Biography. 2015).

23 сәуірде майор Нұрмағамбетовтың атқыштар батальоны Трептов қаласының маңындағы Шпрее өзенінен бірінші болып өтіп, батыс жағалауда бекініп, кеңестік бөлімшелер басып алған плацдармды жоюға тырысқан жаудың қиян-кескі төрт қарсы шабуылына тойтарыс беруді тамаша қамтамасыз етті. Шайқастың одан әрі қимылын тоқтатпай, батальон Трептов маңындағы көшелерде танкіге қарсы ататын гранатометшілер мен пулеметшілерге қарсы көше шайқастарын бастады және 80-нен астам фашистерді жойып, 145 жау солдатты тұтқынға алды, бұл Трептов маңын басып алуға ерекше үлес қосты (Нурмағамбетов С.К. 1995: 224).

1945 жылы 24 сәуірде майор Нұрмағамбетовтің батальоны жаудың табанды қарсылығын бұзып, Берлинге кірді. Батальонды шебер басқара отырып, танкіге қарсы ататын гранатометшілер мен пулеметшілердің үлкен топтарымен қиын көше ұрыстарында 450-ден астам фашисті жойып, 1560-тан астам фашисті тұтқынға алып, тоғыз бекіністің көзін жойды. Бұл шайқаста майор Нұрмағамбетов жараланды. Ол екінші рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды. Бірақ Кеңес Одағының Батыры атағын қайта беру жүзеге аспай, 9-атқыштар корпусының командирі ге-

нерал-лейтенант Иван Рослыйдың ұсынысымен майор Нұрмағамбетов Қызыл Ту орденімен марапатталды (Нурмағамбетов С. 2004: 84).

Бірде Сағадат Қожахметұлынан екінші рет батыр атағын берілмеуі туралы сұралғанда: «Біз, майдангерлер, ұрысқа бара жатып, ешқашан даңқ, наградалар, құрмет туралы ойлаған емеспіз, біз үшін ең бастысы – Отанымыз, оның туған жері, оларды тез арада фашистерден тазарту керек еді. Біздер халық алдындағы әскери борышымызды, қасиетті антымызды абыроймен атқардық деп ойлаймын. Соғыс біткеніне қаншама жыл өтсе де, мен үшін ең есте қалатын, ең бақытты күн – Жеңіс күні» – деп, жауап берді.

Соғыс жылдарындағы сіз үшін ең қиын нәрсе не болды? деген сұраққа майдангер: «қар қызыл қанға боялған кездегі қанды шайқастар, түнде тыныштық сәттерінде қайтыс болған достар. Қалай болғанда да, олардың барлығы өз міндеттерін орындады, өздерін ұятқа қалдырмады. Мен олардың барлығын батыр деп санаймын» – деді. Ауыр азапты жолдарды еске түсіре отырып, ол шайқастағы қаруластары туралы көбірек айтты, кіммен бір жұтым су, бір үзім нан бөлісуге тура келгенін сөзге тиек етті.

– Осы уақытқа дейін көз алдымда, – деді майдангер, – Менің Украина, Молдова, Варшава, Берлин жерінде мәңгі қалған қаруластарым. Олардың алдында біз мәңгі қарыздармыз» – деп, еске алды (Нұрмағамбетов С.Қ. 2012: 20-23).

С.Нұрмағамбетовтың бейбіт өмірдегі қызметі. Соғыстан кейін 1946 жылдың жазында Сағадат Нұрмағамбетов Мәскеуге М.И. Фрунзе атындағы әскери академияға оқуға түсті. Оқуды бітіргеннен кейін Түркістан әскери округі штабының жедел бөліміне аға офицер болып қызметке жіберілді. Кейін ол мотоатқыштар полкінің командирі болып тағайындалып, оны төрт жылға жуық – 1954 жылдың қазанынан 1958 жылдың тамызына дейін басқарды.

Міне одан кейінде Сағадат Қожахметұлын алда жаңа лауазымдар күтіп тұрды. 1958 жылдың тамызынан Түркістан әскери округінде 203-мотоатқыштар дивизиясының штаб бастығы, 1961 жылдың тамыз айынан Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, содан кейін Орта Азия әскери округі әскерлері қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік әскерлер тобы (Венгрияда) қолбасшысының бірінші орынбасары қызметтерін атқарды. 1989 жылы округ таратылғаннан кейін Қазақ республикалық соғыс, еңбек және Қарулы күштер Ардагерлері кеңесінің төрағасы, сонымен бірге Қазақ КСР Қарулы

күштерінің ардагерлер және мүгедектер істері жөніндегі Жоғарғы Кеңесі комитетінің төрағасы болды (The pathway of sagadat. 2017).

Сағадат Қожахметұлының әріптестері онымен жұмыс істеу оңай екенін мойындады, өйткені ол өзінің барлық бағыныштыларын, ең бастысы олардың күшті және әлсіз жақтарын білді. Олармен тең дәрежеде сөйлесті және ешқашан жеке уақытын пайдаланбады. Қарамағындағыларға берген тапсырмалары нақты әрі айқын болды. Ол қызметкерлердің іс-әрекеттерін шектемей, қол астындағылардың бастамасын жанжақты қолдап, көтермелеп отырды. Ешқандай жағдайда кемсітуге және қорлауға жол бермеді. Осы уақыт ішінде КСРО Қарулы күштері Бас штабы академиясының курстарында екі рет оқыды. Кеңес Армиясында оған «генерал-майор» (1964) және «генерал-лейтенант» (1972) әскери атақтары берілді.

1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында, КСРО-дағы саяси жағдай өте тұрақсыз болған кезде, өздерінің егемендігін жариялаған көптеген одақтас республикаларда өздерінің Қорғаныс министрліктері жедел қарқынмен құрыла бастады және ұлттық қарулы күштерді құру мәселесі туындады. 1991 жылы 25 қазанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант С.Қ. Нұрмағамбетов Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып тағайындалды (Указ Президента РК. 1991).

Құрылған Мемлекеттік қорғаныс комитеті республиканың болашақ Қорғаныс министрлігінің негізгі іргетасы болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Жоғарғы Кеңесі республиканың мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (КСР) ресми түрде Қазақстан Республикасы (ҚР) деп аталды. Осы егеменді мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау үшін қабылданған заңда оның өз Қарулы күштерін құру құқығы жарияланды (Закон Республики Казахстан. 1991).

С.Нұрмағамбетовтың айбынды армия құрудағы көреген қолбасшылығы. 1992 жылы 7 мамырда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Содан бері бұл күн Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күні болып саналады. Сол күні Президенттің Жарлығымен С.Қ. Нұрмағамбетовке генерал-полковник әске-

ри атағы беріліп, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі қызметіне тағайындалды. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне жалпы әскери-саяси басшылықты және Қазақстан Республикасы Қарулы күштері бөлімшелеріне басшылықты жүзеге асыру құқығы берілді. Осылайша, 1992 жылдың мамыр айынан бастап Қазақстанда ұлттық Қарулы күштердің белсенді құрылысы басталды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру саласындағы негізгі міндеттерді шешу үшін осы саладағы негізгі іс-шаралардың арнайы жоспары әзірленді, онда оларды үш кезеңде жүзеге асыру көзделді. Әр кезеңнің ұзақтығы 1,5-2 жыл болды. Қорғаныс министрлігінің құрылымын және Қарулы күштерді бақылау органдарын құру аса маңызды міндет ретінде белгіленді. Осы кезеңде ТМД-ға қатысушы мемлекеттермен ұжымдық қауіпсіздік және әскери ынтымақтастық мәселелері бойынша келісімдерге қол қойылды, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің түпкілікті құрылымы мен бөлімшелерінің саны анықталды, олардың құрылысы бойынша негізгі құқықтық құжаттар әзірленді.

Атқарылған жұмыстардың алғашқы нәтижелері 1992 жылғы желтоқсан айының басында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі басшылығының кеңесінде қорытындыланды. Генералдар мен офицерлер алдында сөз сөйлеген сол кездегі ел президенті Н.Назарбаев Қазақстан Республикасының болашақ Қарулы күштеріне: «Қарулы күштер ұтқыр қорғаныс тұжырымдамасын ескере отырып құрылуы керек. Қазақстан үшін республиканың немесе оның одақтастарының қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда жауынгерлік тапсырмаларды орындауға дереу кірісуге қабілетті, қазіргі заманғы техникамен жабдықталған шағын, бірақ мүмкіндіктері жағынан қуатты әскерлер тобын құру керек» – деген негізгі талаптарды қойды (Бисенов К.А. 2014: 46).

Ұлттық қарулы күштерді құру барысында 1992 жылдың сегіз айы мен 1993 жылдың алғашқы үш айы ішінде республикалық маңызы бар құжаттар әзірленіп, талқыланып, қабылданды. Олардың ішінде ең алдымен Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын атап өткен жөн. Қазақстан Орталық Азиядағы бірінші мемлекет болып соғысты болдырмау, әскери даму, республика мен оның Қарулы Күштерін ықтимал агрессияға тойтарыс беруге дайындау жөніндегі көзқарастар жүйесі болатын әскери доктринаны қабылдады.

Қарулы күштерді құрудағы басты міндеттердің бірі офицерлік құрамды әскери бөлімдердің қолбасшылығына тарту болды. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрылысының бірінші кезеңінде кадрлардың, ең алдымен офицерлердің тапшылығы мәселесі өте өткір болды. 1992 жылы Қазақстаннан 2300-ден астам офицер кетсе, ТМД елдерінен келгендер 4 есе аз болды. Офицерлер мен олардың отбасы мүшелерінің тұрмыстық жағдайының нашарлауы, әскери қызметшілер арасында патриоттық және әскери борыш сезімін тәрбиелеудің бірыңғай жүйесінің болмауы армияның қоғамдағы беделінің әлсіреуіне әкелді. Ал әскерлер мен қоғамдағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстардың кейінгі жандануы ғана бұл келеңсіз құбылыстармен күресуге мүмкіндік берді (Бисенов К.А. 2014: 46).

Жаңадан құрылған егемен Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі болып Сағадат Қожахметұлы тағайындалғаннан кейін, армия алдында тұрған күрделі мәселелер кезегімен шешіле бастады. Дәл осы кісінің бастамасымен Қазақстанда игі дәстүрлер мен армиямыздың берік іргетасын қалаған әскери кадрлар дайындала бастады. Ол жоғары лауазымдарға көтерген офицерлерге сенді. Қолдап, көмектесті. Сенімін ақтамағандар қызметтен шеттетілді. Қорғаныс министрлігін басқарған Сағадат Қожахметұлы өзін нағыз мемлекет қайраткері, дарынды әскери қолбасшы, дарынды дипломат ретінде көрсете білді.

Сағадат Қожахметұлының бастамасымен әскери кадрлар мәселесін шешу және қазақ офицерлерінің санын арттыру лезде қолға алынды. Ол кезде кадр мәселесі өте өткір болатын. Кейбір әскери бөлімшелерде офицерлердің 40-50% ғана штатта қалды, әсіресе взвод-рота-батальон-полк звеноларында олар жетіспеді. Шұғыл түрде кіші лейтенанттар курстары құрылды. Төменгі буын командирлері прапорщиктер мен әскерге шақырылған сержанттардан дайындалды. Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен Қазақстан армиясының офицерлері мен курсанттарын Ресейдің академиялары мен мектептерінде оқыту туралы келісім жасалды. С.Нұрмағамбетовтың тікелей талап қоюы мен іскер қолбасшылығы арқасында 1992 жылдың тамыз айында 40 қазақ офицері Мәскеудегі әскери академияларға, 250 қарадомалақ курсант Вязьма, Рязань қалаларындағы танк, артиллерия училищелеріне жолдама алып, 2-3 жылдан соң мынау деген мықты әскери кадрлар болып қайта оралды (Аупбаев Ж. 2006).

С.Нұрмағамбетов Алматы жоғарғы жалпы әскери командалық училищесін кеңейту туралы шешім қабылдады. Әскери училищеге полковник А.Тасболатовты бастық етіп тағайындап, әскери училищеге мамандықтар санын арттырып, курсанттарды 11 мамандық бойынша оқыту жолға қойылды. А.Тасболатовқа: «Қазақ баласының қабілеті ешкімнен кем емес қарағым. Өйткені өзім де қазақпын. Егер әскери қызметке талабы болса, ауылдан келген, бойы 1 метр 70 сантиметрге жететін қарадомалақтардың бәрін бірінші кезекте қаблдауға назар аудар. Қалай етсең олай ет, бұл училищеге қазақ балалары 80-90 пайыздан кем болмасын» – деген талабын тікелей қойған қолбасшы. Сонымен қатар әскери ұшқыштарды дайындауға көп көңіл бөлді. Ақтөбе азаматтық авиация институтының негізінде әуелі әскери факультет, кейін Әскери авиация училищесі құрылды. Орталық Азия әскери округі құрылған 20 жыл ішінде қазақтарға тіпті полктарды басқаруға сенбеген болса, енді соған лайық қазақ офицерлері жоғары лауазымдарға батыл тағайындалды. Кеңес Одағының түкпір-түкпіріндегі қызметтерін өткізіп беріп, Қазақстанға оралған қандастарымыз: полковник Ә.Жарболов пен подполковник Д.Халықовты полк командирлері, подполковник Б.Ертаевты дивизия командирі, подполковник С.Елемановты десант құрамасының бастығы, генерал-майор М.Алтынбаевты Әуе Қарулы Күштерінің қолбасшысы етіп қойды. Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтың жетекшілігімен мұқият жүргізілген жұмыстар еліміздің әскери дамуына қан жүгіртіп, жаңаша серпін алды. Ол негізгі мәселелерді шешуге күш-жігерін шоғырландыру қабілетімен ерекшеленді (Аупбаев Ж. 2006).

Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтың ерен еңбегі туралы Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев: «1990-жылдардың басы ең қиын кезең болды. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен әскери мамандарды жинақтап, ұлттық кадрларға қамқорлық жасады. Германияда полк командирі болып қызмет еткен маған мотоатқыштар дивизиясы сеніп тапсырылды. Сол кезеңде мен әскери генералдан көп нәрсе үйрендім», – деп еске алады және оның әскери іскерлігін айтса, генерал-лейтенант Абай Тасболатов: «Әскери оқу-жаттығулар кезінде Сағадат Қожахметұлы бірнеше күн бойы офицерлермен бірге окопта болып, оқу-жаттығулардың барлық ауыртпалығына төтеп бергені есімде. Бірақ ол кезде оның жасы 70-тен асып кеткен еді. Оған қарап, бәрі оның қайсарлығы мен беріктілігіне таң қалды» – деп, С.Нұрмағамбетовтың өз ісінің

майталман маманы және әскери қимылдың кез-келгеніне төтеп бере алатын төзімді қолбасшы екенін мәлімдейді (Жагипаров С. 2017).

Кадр саясатына келгенде, Сағадат Қожахметұлы кадр таңдауда тек іскерлік қасиеттері мен кәсіби біліктілігін ескеретін талапшылдық танытты. Бүгінгі күні армияның мемлекетіміздің аумақтық тұтастығын қорғау жөніндегі тапсырмаларын ойдағыдай атқарып келе жатқаны – тұңғыш Қорғаныс министрінің сіңірген еңбегі деп толық айта аламыз.

Қорғаныс министрлігі құрылғаннан соң С.Нұрмағамбетов еліміз территориясында орналасқан ядролық оқтұмсықтардан құтылу жолдарында шешті. Мұндай зымырандарды Ресей өз жеріне бөлшектеп әкете бастады. Содан соң әлем Қазақстанға жылы қабақ танытып, АҚШ, Қытай, Германия, Үндістан секілді ірі мемлекеттердің Қорғаныс министрлігімен әскери саладағы өзара байланыс, материалдық-техникалық көмек жөніндегі келісімдерге қол жеткізді (Аупбаев Ж. 2006).

Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетовтың басшылығымен жүргізілген мұқият жұмыс еліміздің әскери дамуының Тұжырымдама жобасын әзірлеуге мүмкіндік беріп қана қоймай, Қазақстан аумағынан қымбат тұратын техника мен мүліктің әкетілуіне жол бермеуге мүмкіндік берді. Ол Қарулы күштерді жаңадан құру мен әскери мәселелерді шешуде қолбасшылық қабілетімен ерекшеленді.

Қорытынды

Сағадат Нұрмағамбетовтың Ұлы Отан соғысындағы даңқты жауынгерлік жолы – Отанына жанқиярлықпен берілген офицердің жолы, табандылық пен ерліктің үлгісі еді. Сағадат Қожахметұлы қазақ әскері үшін көп еңбек сіңіріп, шын мәнінде оның жасампазына айналды. Оның бастамасымен егемен Қазақстан ұлттық әскери кадрларды дайындауды қолға алды, қазіргі Қарулы күштердің дәстүрлері мен берік іргетасын қалыптастырды. Ол ТМД мемлекеттері ішінде Қорғаныс министрі атанған бірден-бір Ұлы Отан соғысының ардагері болды.

Сағадат Нұрмағамбетов 1971-1994 жылдары республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды. Сондай-ақ Алматы, Астана, Донецк (Украина) қала-

ларының, Ақмола облысының, Ақкөл ауданының құрметті азаматы атанды. 1994 жылдың 23 мамырыда Қазақстан президенті жарлығымен Сағадат Нұрмағамбетовке №1 Халық Қаһарманы атағы берілді. 2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды (Monument-to-sagadat-nurmagambetov. 2017).

Бүгінде Елорда төрінде орналасқан Республикалық «Жас ұлан» әскери мектебі, Алматы қаласындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атымен аталды. Қазақстан қалаларындағы көшелер мен әскери оқу орындарына оның есімі берілді, ескерткіштер, мемориалдық тақталар мен мұражайлар ашылды. Сағадат Қожахметұлының бюсті Мәскеудегі Ұлы Отан соғысына арналған «Тағзым етушілер тауындағы» орталық мұражайда бой көтерді. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы «Сағадат Нұрмағамбе-

тов. Соңғы сұхбат» атты деректі фильм түсірді. С.Нұрмағамбетов ержүрек жауынгер ғана емес, шығармашыл тұлға болды. Ол «Лицом к огню», «Мой передний край», «От огненных лет до суверенной армии», «А в памяти нет тишины» естелік кітаптарын жазды.

Сағадат Нұрмағамбетов тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде еліміздің айбынды армиясын, ұлттық Қарулы күштерін қалыптастыруға бар күшін, ұзақ жылдарғы әскери білімі мен тәжірибесін барынша жұмсады. Оның басшылығымен әскердің түрлері қалыптасты, олардың бірлесіп қимылдау, жұмылып әрекет ету және әскери әлеуетті барынша жетілдіру жұмыстары жүзеге асты. Әскери кадрлар жасақталып, оларды даярлайтын әскери салалық оқу орындары іске кірісті. Ел қорғанысын әскери жағынан қатайтуда нақты қадамдар жасалып, Қарулы күштер мен айбынды армиямыздың негізі қаланды.

Әдебиеттер

- Аупбаев Ж. №1 Халық Қаһарманы // Егемен Қазақстан. – 2006. – 16 желтоқсан. Biography // voencollege.mil.kz. – 2015.
- Бисенов К.А. Строительство Вооружённых сил Республики Казахстан (1992–1997 гг.) // Военно-исторический журнал. – 2014. – № 5. – С. 44–51.
- Великая Отечественная война. – Москва: Политиздат, 1984. – 430 с.
- Великая Отечественная война 1941–1945. – Москва: Политиздат, 1988. – 559 с.
- Герой Советского Союза – казахстанцы. – Алматы: Казахстан, 1968. – 360 с.
- Герои Советского Союза / Пред. Ред. Коллегии И.Н. Шкадов. – Москва: Воениздат, 1988. – Т. 2. – 863 с.
- Герои Великой победы: в двух томах – Казахстанцы. – Астана: Фолиант, 2016.
- Жагипаров С. Жизнь и судьба его были подвигом // Казахстанская правда. – 2014. – 23 мая.
- Жагипаров С. Первый министр // Казахстанская правда. – 2017. – 28 апреля.
- Закон Республики Казахстан от 16 декабря 1991 г. «О провозглашении независимости Республики Казахстан» // АП РК. Ф. 5. Н. 400. Оп. 1.
- Қалмырзаев Ә. Соғыс және бейбітшілік. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі туралы. – Жұлдыз. – 2012. – №3. – 193–204 б.
- Monument-to-sagadat-nurmagambetov // tmatic.travel/en/view/story. – 2017.
- Нурмағамбетов С.К. Трудные боевые версты/ Мысль. – 2001. – №5. – С.3.
- Нурмағамбетов С.К. Мой передний край. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 224 с.
- Нурмағамбетов С. Победа – наша общая судьба, наша общая память, гордость и слава // Красная звезда. – 1995. – 4 мая.
- Нурмағамбетов С. Штурмовали со знанием дела // Родина. – 2004. – №2. – С. 84.
- Нұрмағамбетов С.Қ. Біз соғысуға емес, женуге мүдделі болдық // Ұлт болмысы. – 2012. – №12. – 20–23 б.
- The pathway of sagadat // e-history.kz. – 2017.
- Указ Президента РК от 25 октября 1991 г. «Об образовании Государственного комитета обороны Казахской ССР» // АП РК. Ф. 7. Н. 474. Оп. 1. Д. 179.

References

- Aupbaev Zh. Hero Populi N. 1 // Independent Kazakhstan. – 2006. — 16 Decembris. Biography // voencollege.mil.kz. – 2015.
- Bisenov K.A. Constructio Virum Armatorum Reipublicae Kazakhstanae (1992-1997) // Acta Militaria Historica. – 2014. – N. 5. – P. 44–51.
- Magnum Pium bellum. – Moscoviae : Politizdat, 1984. – 430 p.
- Magnum Bellum Patrioticum 1941– 1945. – Moscoviae : Politizdat, 1988. 559 p.
- Heros Unionis Sovieticae – Kazakhstanis. – Almaty : Kazakhstan, 1968. – 360 p.

- Heroes Unionis Sovieticae / Prev. Ed. Collegium I.N. Shkadov. – Moscoviae: Voenizdat, 1988. – T. 2. – 863 p.
Heroes Magnae Victoriae : in two volumes — Kazakhstanis. – Astana : Foliant , 2016 .
Zhagiparov S. Eius vita et fata fuerunt a feato // Kazakhstanskaya Pravda. – 2014. – Die 23 Maii.
Zhagiparov S. Primus Minister // Kazakhstanskaya Pravda. – 2017. – Die 28 Aprilis.
Lex Reipublicae Kazakhstanae data die 16 Decembris 1991 “De declaratione independentiae Reipublicae Kazakhstanae” // AP RK. F. 5. N. 400. Op. 1 .
Kalmyrzaev A. Bellum et pax. De primo ministro defensionis Kazakhstan sui iuris. – Stella. – N. 3. – pp. 193– 204.
Monument-to-sagadat-nurmagambetov // tmatic.travel/en/view/story. – 2017.
Nurmagambetov S.K. Difficillimum est duelli milium / Cogitatio. – 2001. – N. 5. – P.3.
Nurmagambetov S.K. acies mea. – Almaty : Mater lingua, 1995. – 224p.
Nurmagambetov S. Victoria est communis sors, communis memoria, superbia et gloria. – 1995. – 4 Maii.
Nurmagambetov S. Oppugnatum cum arte Rodina //. – 2004. – N. 2. – P. 84.
Nurmagambetov S.K. Animi sumus conciliandi, non pugnandi // Natura gentis. – 2012. – N. 12. – pp. 20– 23.
The pathway of sagadat // e-history.kz. – 2017.
Decretum Praesidis Reipublicae Kazakhstanae datum die 25 mensis Octobris anno 1991 “De formatione Rei Publicae Defensionis Committee Kazakh SSR” // AP RK. F. 7. N. 474. Op. 1. D. 179.

Автор туралы мәлімет:

Сайлан Болат Санабайұлы – т.ғ.д., профессор. Қазақстан тарихы кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: b_sailan1967@mail.ru

Сведения об авторе:

Сайлан Болат Санабайұлы – д.и.н., профессор. Кафедра истории Казахстана, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. E-mail: b_sailan1967@mail.ru

Келін түсті: 15.03.2024

Қабылданды: 14.05.2024

Б. Шәкен 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуазия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
e-mail: agazhai_altai@mail.ru

ҚАЗАҚ РЕПАТРИАНТТАРЫНЫҢ ФАМИЛИЯ (ТЕК) ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰЖАТТЫҚ САЛДАРЫ

Мақалада алыс шетел қазақтары фамилиясының қалыптасу жолдары және оның құжаттық, әлеуметтік интеграцияға тигізетін әсері қарастырылды. Қазақ репатрианттардың фамилия ерекшеліктері есебінен туындаған кейбір мәселелерді әртүрлі тұрғыдан (лингвистикалық, заңдық) қарастырып, нақты мысалдар арқылы талқылау зерттеудің мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін қазақ дүниетанымындағы «фамилия» түсінігі, оның баламалары, патронимдердің рөлін анықтау және қазақ репатрианттар фамилиясының қалыптасуына әсер еткен факторларды зерттеу міндеттері алға қойылды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей қазақтардың фамилиясы көбінде патронимиялық жолмен жасалып келді. Кейбір мемлекеттерде қазақтар әкесінің атын (Қытай, Моңғолия), эпонимдерді (Иран), туған жерін, қазақы таныммен байланысты атауларды (Түркия) фамилия етіп қолданды. Алайда олардың аты-жөнін жазу, құжатын рәсімдеу жолдары түрлі мемлекеттік заң, мемлекеттік тіл негізінде жасалды. Әдетте олардың жеке құжаттары екі компоненттен (фамилия, аты) тұрады. Мұндай құжаттардың Қазақстанға оралғаннан кейін олардың әлеуметтік өміріне кедергілер келтіріп отырғаны қазақ репатрианттардан алынған сұхбаттар негізінде анықталып отыр. Қазіргі қолданыстағы үш компонентті (фамилия, аты, әкесінің аты) құжаттық құрылымға үйренген қоғам кейде қайсысы фамилиясы, қайсысы есімі екенін айыра алмай шатасады, орнын ауыстырып жазады. Тіптен, лингвистикалық факторлар салдарынан өзгеріске ұшыраған, түсініксіз есімдер де пайда болды. Осындай себеп-салдарды жинақтай келе репатрианттардың әр текті құжаттарын трансформациялау жұмысында біріңғай мемлекеттік стандарт қарастырылмаған, салдарынан қазақ репатрианттар арасында құрылымы стандартқа сай емес құжаттар пайда болды деген қорытынды жасалынды.

Түйін сөздер: Қазақ, репатриант, фамилия, антропонимия, патронимия, тегі, төлқұжат, азаматтық.

B. Shaken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana
e-mail: agazhai_altai@mail.ru

Features of the surname of Kazakh repatriates and its social-documentary consequences

The article discusses the ways of forming the surname of Kazakhs from far abroad and its impact on documentary naturalization and social integration. The purpose of the study is to consider some of the problems arising from the peculiarities of the surnames of Kazakh repatriates from different points of view (linguistic, legal) and discuss this using specific examples. To achieve this goal, such tasks as identifying the concept of “surname” in the Kazakh worldview, its alternatives, the role of patronymic surnames and studying the factors that influenced the formation of the surname of Kazakh repatriates were put forward. The results of the study showed that the surnames of Kazakhs in most cases are astronomical names. In some countries, Kazakhs used surnames such as patronymic surnames (China, Mongolia), eponyms (Iran), the title of birthplace, names associated with the Kazakh culture (Turkey). But the way to register their full name and documents was developed on the basis of various state laws and official languages. Usually, their full names in the identity documents consist of two components (surname, first name). The fact that such documents create obstacles to their social life after returning to Kazakhstan is revealed on the basis of interviews with Kazakh repatriates. The society, accustomed to a documentary structure consisting of three components (surname, first name, patronymic), sometimes gets confused from the names of Kazakh repatriates, cannot distinguish where the surname is and where the name is. Summing up these causes and consequences, it was concluded that during the transformation of the various documents of the Kandases did not provide for a unified state standard, as a result of which the documents were not properly structured.

Key words: Kazakhs, repatriate, surname, anthroponymy, patronymic, eponym, passport, citizenship.

Б. Шәкен

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана
e-mail: agazhai_altai@mail.ru

Особенности фамилии казахов-репатриантов и их социально-документальные последствия

В статье рассматриваются способы формирования фамилии казахов дальнего зарубежья и ее влияние на документальную, социальную интеграцию. Цель исследования рассмотреть некоторые проблемы, возникающие из-за особенностей фамилий казахов-репатриантов, с разных точек зрения (лингвистической, юридической) и обсудить это на конкретных примерах. Для достижения этой цели были выдвинуты такие задачи, как выявление понятия «фамилия» в казахском мировоззрении, его альтернатив, роли патронимических имен (отчество) и изучение факторов, повлиявших на формирование фамилии репатриантов. Результаты исследования показали, что фамилии казахов в большинстве случаев являются именами-патронимическими. В некоторых государствах казахи использовали такие фамилии, как патронимические (Китай, Монголия), эпонимы (Иран), название места рождения, имена, связанные с казахским пониманием (Турция). Но способ регистрации их имен и документов был разработан на основе различных государственных законов и государственных языков. Обычно их ФИО удостоверяющие личность состоят из двух компонентов (фамилия, имя). Тот факт, что такие документы создают препятствия для их социальной жизни после возвращения в Казахстан, выявляется на основе интервью с казахами-репатриантами. Общество, привыкшее к документальной структуре, состоящей из трех компонентов (фамилия, имя, отчество), иногда путается от имен казахов-репатриантов, не может отличить, где фамилия, а где имя. Суммируя эти причины и следствия, был сделан вывод о том, что при преобразовании различных документов кандасов не предусматривали единого государственного стандарта, в результате чего появились не правильно структурированные документы.

Ключевые слова: казахи, репатриант, фамилия, антропонимия, патронимия, фамилия, паспорт, гражданство.

Кіріспе

Жеке тұлғаның жалаң есімін ғана емес фамилиясын (тегін) қоса айтып өзін таныстыруы қазіргі қоғамда қалыпты жағдай болып табылғанмен, бұл процесс ұзақ уақытты қажет етті. Ғасырлар бойы этностардың фамилиясы әртүрлі жолмен жасалып, дамыды. Қазақ халқы да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Алайда, кейбір тарихи, саяси факторларға байланысты әртүрлі елдерде шашырай өмір сүріп жатқан қазақ диаспора өкілдерінің фамилиясы бірізді жүйемен қалыптаспады. Әсіресе алыс шетел қазақтарының аты-жөні, тегі түрлі өзгеріске ұшырады. Себебі, өзге мемлекеттің азаматы болып табылатын қазақтардың жеке басын куәландыратын құжаттары сол елдің азаматтық-құқықтық актілері, мемлекеттік тілі негізінде рәсімделеді. Ал ҚР-ға оралғаннан кейін түрлі заңдармен жасалған құжаттар репатрианттардың азаматтық алуына және түрлі саладағы қызметіне құжаттық кедергі келтіріп отыр. Отандық репатриацияны зерттеушілердің қазақ репатрианттар арасында жүргізген сауалнамаларынан құжат рәсімдеуде кездесетін кедергінің бірінші орында тұрғанын көруге болады (Кряквина, 2021: 10-13 бб.). Көшіп келушілер араб, латын әліпбиінен және қытай иероглифте-

рінен транскрипциялау барысында аты-жөндерінің өзгеріске ұшырағанын айтады. Осындай түрлі себептерден пайда болған мәселелер олардың қоғамға сәтті интеграциялануын тежейді. Жеке тұлға ұлттық бірегейліктің маңызды бірлігі. Кейбір халықаралық антропонимиялық реформалардың (мәселен, Түркия) нәтижесіне талдау жасасақ, қандастарды қоғамға кіріктіруде және ұлттық бірегейлікті бекітуде фамилия мәселесінің өзектілігін көруге болады.

Жұмыстың дереккөздері мен әдістері

Алғашқы деректік материалды түрлі мемлекеттердің азаматтық заң, ереже, кодекс жиынтығы құрайды. Атап айтар болсақ, Қытай Халық Республикасының «Азаматтық кодексі» (2020), Монғолия Республикасының «Азаматтарды тіркеу» заңы (2018), Түркия Республикасының «Фамилия туралы» заңы (1932), Иран Ислам Республикасының «Азаматтық кодексі» (1982), Ауғанстан Республикасының «Азаматтық кодексі» (1977) т.б. Бұл заң, ережелердің бәрі шетел қазақтары фамилиясының қалыптасуына құқықтық реттеу жүргізе отырып, тікелей ықпалын жасады. Яғни, олардың аты-жөні аталған мемлекеттердің құжаттық құрылымына

сәйкестендірілді. Кейбірі патронимиялық негізде жасалса (Қытай, Моңғолия), келесі тобы мүлдем басқа жолмен (Иран, Ауғанстан, Түркия) қалыптасты. Мәселен, Қытай заңы түркітілдес немесе мұсылман этностарға өз мәдениетіне сәйкес фамилия алуына рұқсат бергенімен, оның иероглифтегі санынан шектеді. Ал Түркияның заңы дінмен, этноспен, тарихи тұлғалармен байланысты есімдерді фамилия ретінде көрсетуіне тиым салды. Алыс шетел қазақтарына белгілі бір тәртіппен фамилиясын тіркеуін талап еткен бұл заңдар негізгі дерек ретінде келтіріліп отыр. Екінші деректер тобына Астана қаласы мемлекеттік архивінің құжаттары жатады (АМА, 241 қ.). 1930 жылдары жазылған бұл арыз-шағымдық мазмұндағы құжаттар патронимиялық есімдердің типологиясын, фамилия ретіндегі функциясын көрсетеді. Әсіресе отағасы есімінің кең қолданысын (қызына, ұлына, келініне, жұбайына қарата) байқауға болады. Фамилия алу ережесінің әлі тұрақтанбаған, орыстың үш компонентті аты-жөн үлгісі толықтай іске аспаған кездегі қазақы танымдық қолданыстағы мұндай құрылымдар мақалаға тарихи факті ретінде қосылып отыр. Үшінші деректер жиынтығын автордың 2021-2023 жж. аралығында Астана қаласы, Көкшетау қаласы, Ақмола облысы Атбасар ауданы Мариновка ауылы, Сандықтас ауданы Кіндікқарағай ауылы, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Петровка және Николаевка ауылдарына жүргізген экспедиция материалдары құрайды. Аталған экспедициялар кезінде Ауғанстан, Иран, Моңғолия және Қытай қазақтарының құжаттарына бақылаулар жүргізіліп, ҚР азаматтығын алғанға дейінгі және алғаннан кейінгі өзгерістеріне, өзгеріске ұшырау себептеріне талдаулар жасалынды.

Мәселені талдау барысында дәстүрлі дүниетанымдағы «фамилия» баламаларын сипаттау барысында тарихилық және ғылыми объективтілік қағидасы басшылыққа алынды. Сонымен қатар, «тег, тегі» түсінігінің пайдалану ауқымына қарай анропонимдер, оның ішінде патронимдердің қолданысын анықтау мақсатында тарихи-типологиялық әдіс, әртүрлі қазақ диаспорасы фамилияларының қалыптасу жолын түсіндіру үшін индуктивті-дедуктивті тәсіл қолданылды. Қазақ репатрианттардың түрлі мемлекеттік заң негізінде жасалған әр текті құжаттарының құрылымына салыстырмалы талдау жүргізіліп, кейбір стандартқа сай емес жеке құжаттардың пайда болу себепін зерделеуге проблемалық әдіс пайдаланылды.

Талқылау

Адам есімдері, қазақтардың тегі (фамилиясы) туралы негізінен отандық ғылымда филолог-лингвистер көлемді зерттеулер жасады. Мәселен, Т.Д. Жанұзақовтың «Қазақ есімдерінің тарихы (Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау)» (Жанұзақов, 1971), Т.Д. Джанұзақов және К.С. Есбаеваның «Казахские имена (словарь-справочник)» (Джанұзақов, Есбаева, 1988), У.А. Мусабекованың «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» (Мусабекова, 1996), М.Д. Мұсабаеваның «Қазақ тіліндегі антропонимиялық аталымдардың этнолингвистикалық сипаттамасы» (Мұсабаева, 1995), А. Смағұловтың «Қазақ есімдері» (Смағұлов, 2013) т.б. монография, диссертацияларды атауға болады. Бірақ, бұл зерттеулерде негізінен қазақ антропонимдерін дәуірлеу, антропонимдердің жасалу ерекшеліктері, этимологиясы сынды тілдік мәселелерге баса назар аударылады.

Ал қазақ диаспорасы, этникалық репатриация саласын қарастыратын А.Б. Калыш және Д.Б. Касымованың «Пути интеграции оралманов в Казахстанское общество: реалии и вызовы» (Калыш, Касимова, 2013) және «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов» (Калыш, Касимова, 2014), К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.)» (Нұрымбетова, 2010), К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.Ә. Ермекбай, А.Ж. Баймағамбетова «Қазақ диаспорасы және Атамекенге оралу (1991-2012 жж.)» (Балтабаева, Мамашев, Ермекбай, Баймағамбетова, 2015), А.С. Сейсенбаеваның «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үрдістері» (Сейсенбаева, 2014), М.С. Карибаевтың «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» (Карибаев, 2021) сынды көптеген ғылыми еңбектер қазақ репатрианттардың құжаттық мәселелеріне құқықтық тұрғыдан сипаттама жасайды.

Мәселен, құжаттық кедергілердің себебіне талдау жасаған М. Карибаев: «зерттеу жұмыстары барысында анықталғандай, осыған дейін уақытында алынбаған азаматтықтың түрлі себептері бар. Олардың біріншісі құжаттарға салғырттық, толық қанды ақпараттанбау, ауылды жерлерде тұрып өзін-өзі қамтумен айналысып құжаттың маңыздылығына мән бермеу, құжат уақытының өтіп кетуіне байланысты мигра-

ция бөлімдерінен айыппұл алудан қорқу» – деп субъектілердің де қатысын атап өтеді (Карибаев, 2021: 74 б.). Алайда қазақ репатриациясы бойынша жазылған еңбектерде репатрианттардың ҚР-ның азаматтығын алғанға дейінгі кездесетін құжаттық қиындықтарына талдау жасалынады да, одан кейінгі осы құжаттық мәселенің салдары талқыланбайды. Егер репатрианттардың фамилиясы тұрғысынан қарасақ, шын мәнінде, бұл мәселенің азаматтық алғаннан кейін де әлеуметтік түйін ретінде жалғасып жатқанын көруге болады.

Нәтиже

Қазақтар арасында фамилияның жасалу жолдарын қарастырғанда патронимия басымдыққа ие. Бұл заңды. Дәстүрлі қазақ қоғамы генеалогиялық туыстық байланыспен және туыстық байланыссыз біріктірілген тайпалық топтардан құралған. Ал генеалогиялық туысқандық негізгі интеграциялаушы күш және әлеуметтік қатынастардың идеологиялық негіздемесі болып табылады. Бұл туысқандық принциптер қоғамның төменгі ұяшықтарында – патронимияда мызғымастай сақталды (Артықбаев, 2019: 164 с.). «Патронимия – белгілі бір қоғамдық, шаруашылық және идеологиялық бірлікті сақтай отырып бір патриархальды отбасы қауымдастығының өсуі мен тарамдалуы нәтижесінде қалыптасқан үлкен және кіші отбасылық топтар. Олар ең алғашқы отбасының иесі болып табылатын адамның есімін ортақ патронимиялық атау етіп қолданады» (Косвен, 1964: 97 с.). Антропонимиялық контексте патронимия термині тар мағынада «отчество» сөзімен түсіндіріледі. Ал кең мағынада ата-баба немесе әке есімін, эпоним қолданумен сипатталады. Қазақта бір адамның кім екенін анықтауға патронимия және эпонимия (эпоним – ру-тайпа атаулары т.б.) элементтерін жиі пайдаланған. Мәселен, қазақтар кімнің баласысың немесе қай елсің, қандай рудансың? – деп өзара жөн сұрасқан. Әсіресе, әке атын өз есімімен қосарлы айту сол адам туралы біршама дәл ақпарат беретін болған, яғни, қазіргі фамилия қызметін атқарған. Сонымен қатар, қазақ өмірінде ертеден-ақ ұлы, қызы, баласы деген сөздер өз атымен қосыла айтылып, әкесінің балаға қатысын, баланың әкеге тәндігін білдіріп отырған. Бұл формада айтуды сонау көне замандағы көне түркі халықтарына тән жазбалардан (Бақырқу Улуғ Іркін, Байна Сағун Оғлы т.б.) да халық ауыз әдебиеті үлгілерінен (Сарыбайдың қызы

Жібек, Қоянақ ұлы Қартқожақ т.б.) де көреміз (Жанұзақов, 1971: 92 б.).

Жалпы ер адамның аты, отағасының есімін ұлы, қызы, әйелі тіпті келіні де пайдаланған жағдайлар кездеседі. Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын отбасылық арнайы фамилия болмағандықтан әке аты отбасылық атау ретінде кең қолданыста болды. Тіпті, кімнің үйі? кімнің ауылы? деген сұрақтар сол отбасының ғана емес ауылдың да аты ер адаммен байланысты екенін білдірді. Мәселен, Құнанбайдың қара шаңырағы, Абайдың ауылы т.б. Астана қаласы Мемлекеттік архивінің №241 қорында сақталған төмендегі арыз-шағым мазмұнындағы құжаттардың тақырыпшасына назар аударсақ:

Ақмола аймақтық АТКОМ жанындағы мал науқаны комиссияға Ақмола тұтқындар үйінде отырған Ыдырыс Шоқайұлынан

Өтініш

30 қыркүйек, 1928 ж.

(АМА, 241 қ. 2-тіз. 25-іс. 11 п.)

Ақмола округтік Атқару Комитетіне жол ауған Қарқаралы округі Балқаш ауданы 10-ауыл азаматы Орымбай Туғамбайұлынан

Өтініш

28 наурыз, 1929 ж.

(АМА, 241 қ. 3-тіз. 12-іс. 7 п.)

Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназарұлына Еркіншілік ауданы 1-ауыл азаматшасы Гүлшара Жаудақызынан

Өтініш

26 наурыз, 1929 ж.

(АМА, 241 қ. 3-тіз. 12-іс. 10-10 қайырма б.)

Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ерназарұлына Кереку округі Кереку ауданы 8-ауылдан Ақтөбе округіне жер ауған қазірде Ақмола қаласындағы Бибіш Қапыш қатыны Бердалы келінінен

Өтініш

29 наурыз, 1929 ж.

(АМА, 241 қ. 2-тіз. 25-іс. 12 п.)

Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай ХХ ғасырдың 20-30 жылдары ресми құжаттарда отағасы есімі әртүрлі форматта пайдаланылған. Дегенмен ХХ ғасырдың орта шенінде қазақтардың аты-жөндері үш компонентті орыс үлгісіне бейімделгенін және бұл заңмен бекітілгенін көруге болады. Ғалым Т.Д. Жанұзақов «кеңес үкіметі кезінде балаға әкесінің атын фамилия етіп

беру ауылды жерлерде көп кездесетінін және бұл жағдай РСФСР заңдар кодексінің 34-бабына қайшы болғанын, яғни белгіленген тәртіп бойынша Д – атасының аты, С – өз есімі, У – әкесінің аты болуы керек екенін» жазады (Жанұзақов, 1971: 99 б.).

Қазақ ССР министрлер Кеңесінің 1985 жылғы 12 қыркүйектегі №331 қаулысымен бекітілген Қазақ ССР-де Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы нұсқаудың жалпы ережелерінің II бөлімі Тууды тіркеу туралы ереженің 30-пунктінде: «балаға ата-анасының немесе басқа туысқандарының есімін фамилия етіп беруге жол берілмейді, 32-пунктінде, балаға әкесінің аты (отчество) әкесінің есімі бойынша не әкесі ретінде жазылған адамның есімі беріледі. Ата-анасының қалауы бойынша әкесінің атына «ұлы», «қызы» деген сөздер қосылып, баланың әкесінің аты болып жазылуы мүмкін» – деп көрсетілген (Жанұзақов, 1971: 101 б.). Бұл Қазақстанда ғана емес, Кеңестік кеңістікке енген Ресей, Өзбекстан және Түркіменстан қазақтарына ортақ жүйе. Себебі, қай континентте болмасын колониализм, яғни отарлаушы саясаттың идеологиялық контекстінде алдымен есімдер және жер-су атауларын өзгерту мүддесі тұрады.

Алыс шетел қазақтарының фамилия ерекшеліктері

Ал алыс шетел қазақтарының фамилиясына келер болсақ, бұл процесс екі түрлі жолмен қалыптасқанын көруге болады: біріншісі – патронимия негізінде (Қытай және Монғолия қазақтары), екіншісі – классикалық фамилия үлгісі (Ауғанстан, Иран, Түркия қазақтары).

Қытайдың Синьцзян өлкесі – қазақтардың ежелден мекен еткен жері және ең үлкен қазақ диаспорасы орналасқан мекен. Бұл елдегі қазақтардың фамилиялары патронимиялық негізде жасалған. Яғни, қазақтар өзінің есіміне қоса әкесінің атын фамилия ретінде көрсетеді. Бір ерекшелігі бейресми құжаттарда араб әліпбиімен «ұлы», «қызы» деген сөздер бөлек (мәселен, Таңжарық Жолды ұлы) жазылады.

Қытай Халық Республикасының мемлекет құрушы этносы болып табылатын хань этносының ежелден қалыптасқан фамилия заңдылықтары бар. Ол бір немесе екі иероглифтен тұрады және зерттеушілердің пайымдауынша тайпа және әлеуметтік тапқа бөліну нәтижесінде пайда болып, дамыған (Дашеева, 2012: 75-76 сс.). Ал бұл мемлекетте өмір сүріп жатқан әрбір азамат ҚХР «Азаматтық кодексінің негізгі прин-

циптері» заңнамасының «азаматтардың есім таңдау және алу құқығы» атты 3-тарауының 1015-бабы бойынша «... әкесінің не шешесінің немесе қандайда бір туысқанының фамилиясын алуға міндеттелген» (ҚХР Азаматтық кодексі, 2020). Дегенмен Қытайда фамилия қолдану дәстүрі жоқ кейбір ұлттар да бар. Соларға аталған бапта «этникалық азшылыққа жататын тұлғалар сол ұлттың мәдениетіне, салт-дәстүріне сәйкес фамилия алуы керек» делінген (ҚХР Азаматтық кодексі, 2020). Осы елдегі басқада мұсылман не түркі тілдес халықтар сияқты қазақтар да патронимиялық негізде жасалған фамилияларды ресми мемлекеттік құжатқа «ұлы, қызы» деген тіркемесіз жазды.

Келесі Монғолия қазақтары да дәл осы жүйемен фамилия алғанымен, бұл іс ХХІ ғасырдың басында ғана жүзеге асты. Монғолия ғалымдарының зерттеулеріне қарағанда монғол дәстүрінде фамилия орнына ру, тайпа атаулары қолданылған. Дегенмен, 1920 жылдардағы коммунистік саясаттың ру-тайпалық жүйені, мұрагерлікпен жалғасатын ақсүйектік, таптық құрлымды жою науқаны бұрыннан келе жатқан барлық фамилияларды тоқтатты. Салдарынан ғасырға жуық уақыт ішінде монғол халқы өздерінің тегін ұмытты. Тек 1997 жылы ғана азаматтарға фамилиясын тіркеуді талап ететін заң шықты. Алайда халықтың толықтай құжаттарын тіркеуіне жылдар қажет болады. Монғолияның «Азаматтық хал актілерді тіркеу» заңының 6-бап 3-тармақшасында азаматтар төлқұжаттарында «Family name, surname and given name» көрсетілуі керек деп жазылған (Law Of Mongolia. The General Law On State Registration, 2018: 4 p.) Әдетте «family name, surname, last name» сынды тіркестердің бәрі «фамилия» ретінде қарастырылғанмен, әр елдің дәстүріне, құжаттық структурасына байланысты түрлі мақсатта пайдаланып жүр. Монғолия заңы бойынша family name – ру-тайпа атауы (овог), surname – фамилия (немесе әкесінің аты) болып саналады. «Тарихи жазбаларға қарағанда, мұндағы «овог» термині әртүрлі кезеңдерде түрлі мән-мағынаға ие болған. Мәселен, тайпалық одақ кезеңінде «овог» бір атадан тараған, бірге өмір сүретін, ру ішіндегі некеге толерантты қарайтын адамдардың тобы. Алайда, оның бүгінгі беретін мағынасы батыстық «фамилия (family name)» түсінігімен сәйкес келеді» (Geriletu, 2022: 68 p.). Сәйкесінше Баянөлгей аймағын мекен еткен қазақтар да осы заң негізінде family name ретінде ру атауын (овог), surname ретінде әкесінің атын көрсетті (сурет 1).



1-сурет – Сурет altaex.ru сайтынан алынды

Фамилия – Иран үшін жаңа түсінік болғанымен, оның түп тамыры Парсы империясынан басталады. Көне Парсы шекарасы Мысырдан Түркияға, Месопотамиядан Үнді өзеніне дейінгі аумақты алып жатты. Осы кең территориядағы көптеген тілдер мен мәдениет қазіргі Иран фамилия заңдылықтарына, жасалу жолдарына ықпалын тигізді. «Фамилия қолданысқа енгенге дейін фамилия рөлін белгілі бір дәрежеде лақап ат атқарып келді және фамилияға қарағанда әлдеқайда коммуникативті болды. Ол субъект туралы, яғни оның туған жері, қызметі, кәсібі, мінезі т.б. жекелеген мәліметтерді берді» (Белгородский, 1952: 233 с.). Лақап аттың жасалу жолдары әрі қарай Иран фамилия заңдылықтарының қалыптасуында жетекші рөлді атқарды.

1919 жылы Иран премьер министрі Vossough ed Dowleh азаматтың жеке басын және Иран азаматы екенін ресми құжаттармен анықтау мақсатында азаматтық тіркеу актісіне заңды фамилия концепциясын енгізді. Дегенмен бұл миссия толығымен жүзеге аспады. 1925 жыл Реза Шах Иран азаматтарына фамилиясын тіркеуді міндеттейтін заңды бекітті. Иран Ислам Республикасының Азаматтық кодексінің 997-бабында әрбір азамат фамилия алуы керек деп көрсетілген (The Civil Code of the Islamic Republic of Iran, 1982). Иран қазақтарының фамилияларында этнос, ру-тайпа атауы сынды элементтер жиі кездеседі. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылына көшіп келген қандастар арасында жүргізілген сұхбаттардан осындай жәйтті көруге болады. Мысалы, Гумбеде-Кабус

қаласынан келген Нұрай Қазақ, Горган қаласынан келген Захра Ескелді (руы – Адай Ескелді) және Сапар Кедах (руы – Адай Кедей). Яғни, фамилиясы ретінде ру атауларын тіркеген. Респондент Сапар Кедахтың айтуынша «тіркеу бөлімінің қызметкерлері кім боласың?, тегің кім? – деп сұрағанда, ата-әжелері «кедей» деп руын айтқан. Алайда парсы тілінде мұндай сөз болмағаннан кейін олар «кедах» деп тіркеуге алған екен» (АЭЭМ, СҚО: 2022). Ауғанстанның Тахар қаласынан Көкшетау қаласына көшіп келген Мұхаммед-Хасан Дерманнің айтунша «құжаттар жасайтын кезде атам: сунақпын – деп айтқан екен. Парсы тілінде мұндай сөз болмағаннан кейін олар: не істейсің? – деп сұраған. Атам: емшімін, дәрігермін – деп айтқан. Онда фамилиясы Дерман болсын – деп тіркеуге алған екен, себебі, парсы тілінде ол «ем, дәрумен» деген мағына береді» (АЭЭМ, Көкшетау: 2022). Бұл мысалдар ХХ ғасырдың 20-30 жылдары елден көшкен қазақтардың түсінігінде «адамның тегі» ру атымен сипатталғанын байқауға болады. Түркиядағы қазақ мигранттарды зерттеуші ғалым И. Сванберг: «рулық құрлым қазақтардың топтық бірегейлігін сақтауда маңызды рөл атқарды» – деп жазады (Сванберг, 1997: 163 с.). Өзге мәдени ортада және өз ішінде ру-тайпалық құрлым әлеуметтік ғана емес этникалық паспорты болып саналғанын байқауға болады.

Ауғанстан қазақтарының да фамилиясы Иран қазақтарымен ұқсас деп айтуға болады. Ауғанстан түрлі саяси революцияны бастан өткізіп отырған ауыспалы биліктің үлгісі ретінде

танымал ел. Басқарушы билік ауысса, заңнамалары да өзгеріске ұшырайды, сәйкесінше азаматтарды тіркеу шарттары да алмасады. Ауғанстан Азаматтық заңының 38-бабында «әрбір адам өзінің есіміне қоса фамилиясын таңдай алады» деп жазылған (Civil Law of the Republic of Afghanistan, 1977: 19 p.). Дегенмен Ауғантанушы ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда ауған халқы өз есімін ғана пайдаланады, фамилия күнделікті өмірде қолданыста жоқ деп айтуға да болады. Тек батыс мәдениетімен таныс, зиялы және қалалық жерде тұратын адамдар ғана фамилия алады екен (Megerdooian, 2009: 1 p.). L. Georing сөзінше ауғандар үшін өз есімдері маңызды. Олар фамилиясын таңдай алады және өзгерте алады. Ал есімдерін өзгертуі үшін арнайы органдарға барып өтініш беруі керек (Georing, 2002: 2 p.). Ауғандар әкесінің атын, ру-тайпасын, туған жерін, мамандығы және мінез-құлық, тұрсіпат ерекшеліктерін есімдеріне қосып көрсетеді. Сәйкесінше олардың фамилия алу дәстүрі де осы жүйе бойынша қалыптасты. Әдетте ер адамдардың есімі екі компоненттен тұрады. Лақап ат (subordinate name) және негізгі есім (proper name) + фамилиясы. Мысалы, Мұхаммед-Хасан Дерман (Көкшетау қаласына қоныстанған Ауғанстан қазағы) немесе Мұхаммед-Ханафия Ахмади (Атбасар ауданы Мариновка ауылына қоныстанған Ауғанстан қазағы). Жалпы мұндай қосарлы есімдер Қазақстанда да жеткілікті, мәселен Қасым-Жомарт немесе Зейнол-Фабден т.б. Яғни, дефис арқылы жазылады. Ал Ауғанстан қазақтарының құжаттарын кириллицаға транскрипциялағанда осы орфографиялық ереже ескерілмейді, салдарынан жиі құжаттық мәселелер туындайды.

Осман империясы құлағаннан кейін, жаңа Түркияның алдында ел іргесін, қоғамды орнықтыруға арналған әлеуметтік, саяси, экономикалық реформалар жүргізу міндеті тұрды. Себебі, Түркия шығу тегі жағынан әртүрлі ұлттық, тілдік, діни, мәдени топтардан құралған, қазіргі заманғы ұлттық мемлекет түсінігінен алшақ, этникалық жағынан плюралистік структурадағы қоғам болды. Ал плюралистік қоғамның бір ерекшелігі сырттан келген этникалық топтардан сол ортаға бейімделу талап етілмейді. Тіптен, Осман түріктері өздері қабылдап отырған мигранттардың мәдениетіне интеграциялану қаупі болды. Ал ұлттық мемлекет құру үшін Түркияға саяси стимул керек еді. Соның бірі 1934 жылы 21 маусымда қабылданған фамилия туралы заң. Аталмыш заңның 1-бабында: «әрбір Түрік азаматы өз есімдеріне қоса фамилиясын тіркеуі тиіс»

– делінген (Türköz, 2017: 183 p.). Ең бастысы фамилия түрік тілінде болуы және этникалық, діндік белгілерден аулақ болуы керек (Türköz, 2017: 188 p.). Түрік тіліндегі есімдерді қолдануды талап ету арқылы бұл заң біртекті түрік ұлты идеясын бекітуге ықпал етті. Emmanuel Szurek бұл реформа туралы «антропонимдік норма ұлт құруда кез-келген дискурсивті саяси үгіт-насихаттан, тіпті кез-келген әлеуметтік реформадан да тиімді құрал болды» – деп бағалайды (Szurek, 2020: 87 p.). Қазақ мигранттар туралы этнографиялық зерттеу жүргізген И. Сванбег бұл заңның қазақтардың өміріне қалай әсер еткені туралы былай баяндайды: «фамилияны қолдану қазақтар үшін әкімшілік мақсатта ғана болды, ал ішкі этникалық қауымдастықта аса маңызға ие емес-ті. Түркияға келгеннен кейін қазақ отбасыларына түрікше фамилия берілді. Қазақтар өздерінің географиялық және этникалық шыққан тегімен байланысты фамилияларды жиі таңдады. Мысалы, Алтай, Алтан, Ақсақал т.б. Кейде түрікше есімдерді де пайдаланды, дегенмен бұл есімдер отбасыдан тыс жерде ғана мәлім еді. Қазақтар бір-бірін есімі не фамилиясы арқылы сирек таниды, ал суретін көрсетсе, молқы, сарбас т.б. руын бірден атайтын еді» (Сванберг, 1997: 163 с.). Ғалымдар ұлттық бірегейліктің тіл, дін, салт-дәстүр, рухани құндылық, материалдық мәдениеттегі көптеген белгілерін көрсетеді, дегенмен өзге мәдени ортаға түскенде әуелден келе жатқан рулық структураның жаңа бет-бейне алып фамилияға ауысқанын осы мысалдар көрсетіп отыр. «Ру» түсінігінің өз этникалық қауымдастығында атқарып келе жатқан функциясының негізгі мәнін сақтай отырып жаңа формаға өтуі шетел қазақтарының этникалық бірегейлігіндегі бір ерекшелік болып табылады.

Репатрианттардың фамилия (тегі) мәселесі

Фамилия – тұлға туралы алғашқы ақпаратты береді, жеке тұлғаның мәртебесін анықтап қоймай, оның этникалық тарихының, мәдениетінің және дәстүрінің тарихи жадысы болып табылады. Заманауи құқықтық интерпретация бойынша фамилия – мемлекет үшін азамат, қоғам үшін жеке тұлға болудың шарты. Осындай шартқа қарамастан есімі қайсы, фамилиясы қайсы екені белгісіз немесе тілдік деформацияға ұшыраған, тіптен фамилиясы жоқ қазақтардың жаһанданып жатқан қоғамда пайда болуының себебі неде? Репатрианттарды натурализациялаудың кемшіліктері құжаттық маргинализацияға әкеледі және Қазақстан қо-

ғамына интеграциялауға кедергі болады ма? деген сұрақтарға төменде мысалдар арқылы талдау жасасақ.

Бірінші мәселе, екі компоненттен тұратын алыс шетел қазақтарының аты-жөні үш компоненттен тұратын стандартқа үйренген қоғамда өз тиімсіздігін тудырады. Әдетте репатрианттың аты мен фамилиясын шатастыру жағдайлары жиі кездеседі, мұның бір себебі универсал есімдер. Мәселен, Бақыт, Жеңіс, Шөкен т.б. сынды ер мен әйелге ортақ қолданыла беретін мұндай есімдерге әкесінің аты қосылғанда қайсысы аты, қайсысы фамилиясы екенін анықтау қиын. Екінші себебі – Арай, Шуақ, Самал т.б. есімдердің

аймақтық қолданыс ерекшелігімен байланысты. Қазақстандық танымал университеттердің бірінің студенті Шуақ Ғалымжан: «алғаш оқуға түскен кезде маған әскери кафедрадан міндетті әскери парызын өтеу туралы шақырту келді. Деканат мен туралы толық информация бергеніне қарамастан әскери кафедраның талап етуі бойынша мен сол жаққа құжаттарымды алып барып ер адам емес екенімді дәлелдеуім керек болды. Кейін білдім, Шуақ деген есімді бұл жақта ұлдарға қояды екен. Бұдан кейін де аты-жөніме байланысты осындай жағдайлар болды» – деп бөлісті оқиғасымен (АЭЭМ, Астана: 2023). (2-сурет)

The processes of adaptation of Koreans in Kazakhstan at the end of the XIX-XXth centuries

Для цитирования:

Дженисалиев Е.К., Булбул Ш. Процессы адаптации корейцев в Казахстане в конце XIX-XX вв. // Вестник ЕНУ им. А. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 140. – №. 3. – С. 21-36. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-140-3-21-36

Introduction

The modern development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of sovereignty is extremely relevant to the study of historical science of topics that until recently remained little explored, among them is the adaptation of ethnic groups in the 19-20th centuries. The relevance of its study is due to several factors.

Firstly, the complex geopolitical situation in the world, one of the reasons for which is the deterioration of interethnic relations, due to

of Kazakhstan, their awareness of unity, and responsibility for the development of a common Homeland.

Koreans are an example of the successful adaptation of ethnic groups to a foreign cultural environment. Most of them found themselves unwillingly on the territory of Kazakhstan in the 19–early 20th centuries. They were able to undergo climatic, economic, household, and cultural adaptation and became part of a multinational society and contribute to the development of the Republic of Kazakhstan.

2-сурет

Құжаттық қызметтердің дұрыс шешілмеуі және азаматтық алғаннан кейінгі кездесетін мәселелердің бірі жеке тұлғаның фамилиясы көрсетілмеген төлқұжаттардың пайда болуы (сурет 3). Мұндай төлқұжаттар тіпті қоғамдық көлік құралдарына (поезд, ұшақ) билет алуға, банк қызметтерін пайдалану мүмкіндігінен де айырады. Себебі клиент міндетті түрде фамилия, аты, туған жылы және ЖСН номерін көрсетуі керек. Ал фамилиясы көрсетілмегені үшін қосымша анықтамалар талап етіледі. Бұл туралы баспасөз беттерінде талқыланып, соңғы заңнамаларға өзгертілулер енгізілген болатын. Дегенмен бұл шешімін тапқан көп мәселенің бірі ғана.



3-сурет – Otyrar.kz сайтынан алынды

Келесі бір репатрианттар арасында жаппай тараған деформацияға ұшыраған есімдердің пайда болуы. Бұның басы себебі, өзге тілдің ішкі грамматикалық заңдылықтарына бейімделу және аударма кезінде кететін қателіктер қазақша ешқандай мағына бермейтін, түсініксіз есімдердің пайда болуына алып келді. Мәселен, Гүлхайло (Гүлқайша), Адилан (Әдилә), Алай (Арай) т.б.

Бірнеше рет өзгертілген заңнама, жеңілдетілген тәртіппен берілетін азаматтық, қажетсіз анықтамалардың қысқартылғанына қарамастан бір ғана фамилия айналасында осыншама мәселелердің туындауы, натурализация жұмысының жүйеленбегенін көрсетеді. Натурализация процесін жүзеге асыратын мекемелердің әртүрлі мемлекеттік акті, мемлекеттік тіл негізінде жасалған құжаттарды қабылдауға дайын болмағанын, құжаттарды трансформациялау жұмысында біртекті Қазақстандық үлгі жасалмағанын көрсетеді. К. Кряквинаның пайымдауынша этникалық иммиграция процесі екі этаптан тұрады. Біріншісі, натурализация – ҚР азаматтығын алу жұмыстары және ол ҚР Ішкі Істер министрлігінің, оның ішінде көші-қон басқармасының қарамағында жүзеге асырылады. Екіншісі, интеграция – мемлекеттің репатрианттарды қоғамға кірігуін қамтамасыз ету шаралары және ол ҚР Еңбек және Әлеуметтік Қорғау министрлігінің, оның ішінде жергілікті атқарушы биліктің, яғни әкімдіктердің қадағалауымен жүргізіледі. Осындай екі министрлік және көптеген басқармалар арқылы іске асырылатын құжаттық жұмыстар иммиграция процесін қиындатады және олардың арасында нақты межені көру қиын (Кряквина, 2021: 13 с.). Автордың бұл пікірі репатрианттардың құжаттарында кеткен ақауларды өзгертуге деген ұмтылысының болмауының бір себебін түсіндіреді. Сонымен қатар, «қандас» мәртебесімен бірге берілетін мемлекеттік көмектерге репатрианттар бір жылдың ішінде құжаттарын тапсыруы керек. Демек, мемлекеттің репатрианттарды натурализациялау және қоғамға интеграциялау шаралары бір немесе бір жарым жыл мерзімге ғана межеленген болып табылады.

Американдық ғалым James Scott «атаусыз (есімсіз) ұлт құру мүмкін емес (there is no state-making without state naming)» дейді. Қазақстан-

дағы басқа ұлттарды айтпағанда қазақтардың аты-жөндері түрлі мемлекеттік заң мен мәдениеттің ықпалымен қалыптасқан мозайкаға айналып отыр. Репатриация бағдарламасының түпкі мақсаты мемлекет құрушы ұлттың біртұтастығын көздегенмен, фамилия мәселесі керісінше әр алуандыққа алып келді. Түркияның фамилия заңы туралы М. Түркөз «фамилияның өзгеруі өмірді түбегейлі өзгертпеді, бірақ бұл мемлекет пен қоғамға қатысты позициялау немесе қайта бағдарлау тәсілдерінің бірі болды» – дейді (Түркөз, 2017: 7 р.). Бұл пікір мемлекет құрушы этностың бірегейлігін күшейту натурализацияға кейбір реформалардың қажеттілігін көрсетеді.

Қорытынды

Қандастарды Қазақстан қоғамына интеграциялау процесі жүйелі қадамдардың болмауымен, заңнама және нақты іс-әрекет арасындағы қарама-қайшылықпен сипатталады. Үкімет ұсынған статистика қоныс аударушылардың саны, аймақтық қоныстануы, мемлекеттік көмек алу мен жұмысқа орналасу көрсеткіші, тіл курсына қатысуы сынды алғашқы деректерді ғана қамтиды. Мұнда сандық көрсеткіштерге басымдық береді де, процестің сапалық мәні ескерілмейді. Ал фамилия мәселесі натурализация жұмысының сапалық жағын талап етеді. Әр текті жолмен қалыптасқан қазақ репатрианттардың аты-жөнін Қазақстандық стандартқа сай трансформациялау оларды қабылдаушы қоғамға жақындастырудың бір жолы болмақ. ҚР репатриация саясатының ортақ әлеуметтік келбет қалыптастыру аспектісінен алып қарағанда қандастарды қоғамға интеграциялау әуелі натурализация жұмысының сапалы жүргізілуінен басталады.

Фамилия мәселесіне реформа жасау тек репатрианттар тұрғысынан емес, ұлттық бірегейлік жағынан да маңызды мәселелердің бірі. Антропонимия мен топономиялық өзгерістер ұлттың өзін-өзі растауы мен қорғауының құралы болып табылады, бұл заманның сұранысы. Сондықтан деколонизация және тарихи өзгерістерді бастан өткізіп жатқан біздің қоғам үшін қазақ репатрианттардың фамилия мәселесі өзектілігін жоғалтпайды.

Респонденттер тізімі:

Қазақ Нұрай – Иран Ислам Республикасынан көшіп келген, 25 жаста, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылы.

Ескелді Захра – Иран Ислам Республикасынан көшіп келген, 30 жаста, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылы.

Кедах Сапар – Иран Ислам Республикасынан көшіп келген, 52 жаста, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы Николаевка ауылы.

Дерман Мұхаммед Хасан – Ауғанстаннан көшіп келген, 30 жаста, Ақмола облысы Көкшетау қаласы.

Ахмади Мұхаммед Ханафия – Ауғанстаннан көшіп келген, 55 жаста, Ақмола облысы Атбасар ауданы Мариновка ауылы

Ғалымжан Шуақ – Қытай Халық Республикасынан көшіп келген, 21 жаста, Астана қаласы

Дереккөздер

АЭЭМ, 2021 – Автордың этнографиялық экспедиция материалдары. Ақмола об. Атбасар ауд. Мариновка ауылы, 13 желтоқсан 2021 ж.

АЭЭМ, 2022 – Автордың этнографиялық экспедиция материалдары. Солтүстік Қазақстан обл. Есіл ауданы Николаевка ауылы, 22 мамыр 2022 ж.

АЭЭМ, 2022 – Автордың этнографиялық экспедиция материалдары. Көкшетау қаласы, 13 ақпан 2022 ж.

АЭЭМ, 2023 – Автордың этнографиялық экспедиция материалдары. Астана қаласы, 02 наурыз 2023 ж.

АМА – Астана қ. мемлекеттік архиві.

Civil Code of the People's Republic of China. May 28, 2020. <http://www.npc.gov.cn/> (Қаралған күні: 26.07.2023)

Civil Law Of The Republic Of Afghanistan. January 5, 1977. 322 p. <http://translation-civil-code-en.pdf> (kakaradvocates.com) (Қаралған күні: 27.07.2023)

Law Of Mongolia. The General Law On State Registration. November 1, 2018. 18 p. <http://www.burtgel.gov.mn/> (Қаралған күні: 25.07.2023)

The Civil Code Of The Islamic Republic Of Iran. January 1, 1982. 132 p. <http://www.microsoft.com/iranbestlawyer.com/> (Қаралған күні: 25.07.2023)

Әдебиеттер

Артыкбаев Ж.О. (2019). Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации. Астана; Москва: ТОО «Центрально-Азиатское книжное издательство». 340 с.

Балтабаева К.Н., Мамашев Т.А., Ермекбай Ж.А., Баймағамбетова А.Ж. (2015). Казахская диаспора и репатриация (1991-2012) / научный ред. Мажитов С.Ф. Алматы: Елтаным. 568 с.

Белгородский Н.А. (1952). Социальный элемент в персидских именах, прозвищах, титулах и Фамилиях. Записки и н с т и т у т а востоковедения Академии наук СССР. I том. Ленинград: Академии наук СССР. 213-242 сс. http://zivan_01_1932_10_belgorodsky.pdf (orientalstudies.ru) (Қаралған күні: 25.07.2023)

Дашеева В.В. (2012). Зарождение и развитие китайских фамилий. Вестник Бурятского государственного университета. Философия. 75-79 сс. <http://www.cyberleninka.ru/> (Қаралған күні: 01.07.2023)

Джанузаков Т.Д., Есбаева К.С. (1988). Казахское имена (словарь-справочник). Алматы: Наука. 480 с.

Жанұзаков Т.Д. (1971). Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). Алматы: Ғылым. 218 б.

Мусабекова У.А. (1996). Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков: автореферат на соискание научной степени кандидата филологических наук. Алматы. 27 с.

Мұсабаева М.Д. (1995). Қазақ тіліндегі антропонимиялық аталымдардың этнолингвистикалық сипаттамасы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. Алматы. 30 б.

Нұрымбетова К.К. (2010). Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.). Алматы. 128 б.

Есмағамбетов К.Л. (1997). Казахская диаспора: проблемы этнического выживания / составитель и научный редактор К.Л. Есмағамбетов; перевод с английского Б. Сужиков; Фонд Сорос-Казахстан. Алматы: Атамұра. 218 с.

Калыш А.Б., Касымова Д. (2014). Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. Алматы: Қазақ университеті. 240 с.

Калыш А.Б., Касымова Д.Б. (2013). Пути интеграции оралманов в Казахстанское общество: реалии и вызовы. Алматы: Қазақ университеті. 204 с.

Карибаев М.С. (2021). Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Өскемен. 235 б.

Косвен М.О. (1964). Семейная община и патронимия. Москва: Наука. 218 с.

- Кряквина К.П. (2021). Проблематичная интеграция кандасов: как оптимизировать процесс интегрирования репатриантов в общество Казахстана? // Программа для молодых исследователей в области публичной политик. Алматы: 2021. 31 с. [http:// Ксения_Кряквина_indd \(soros.kz\)](http:// Ксения_Кряквина_indd (soros.kz) (Қаралған күні: 05.07.2023)) (Қаралған күні: 05.07.2023)
- Сейсенбаева А.С. (2014). Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үрдістері: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы. 132 б.
- Смағұлов А. (2013). Қазақ есімдері энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Атамұра. 800 б.
- Geriletu H. (2022). On the Mongolian ovog. Asian studies in Mongolia. №1(1). 64-69 pp. [http:// View of On The Mongolian Ovog \(num.edu.mn\)](http:// View of On The Mongolian Ovog (num.edu.mn) (Қаралған күні: 10.07.2023)) (Қаралған күні: 10.07.2023)
- Goering L. (2002). What's your name? can be tricky query. Magazin of Chicago Tribune. <http:// What's your name? can be tricky query – Chicago Tribune>
- Megerdooian K. (2009). The Structure of Afghan Names. Journal of MITRE Product. 1-12 pp. [http:// The Structure of Afghan Names \(psu.edu\)](http:// The Structure of Afghan Names (psu.edu) (Қаралған күні: 10.07.2023)) (Қаралған күні: 10.07.2023)
- Turkoz M. (2017). Naming and nation-building in Tukey. The 1934 Surname Law. Istanbul: Palgrave Macmillan. 213 p. [http:// 212.pdf.pdf \(ethernet.edu.et\)](http:// 212.pdf.pdf (ethernet.edu.et) (Қаралған күні: 25.07.2023)) (Қаралған күні: 25.07.2023)
- Szurek E. (2020) “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey / Arabic and its Alternatives. Religious Minorities and their Languages in the Emerging Nation States of the Middle East (1920-1950). Vol. 5. 77-110 p. [http:// Chapter 3 “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey in: Arabic and its Alternatives \(brill.com\)](http:// Chapter 3 “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey in: Arabic and its Alternatives (brill.com) (Қаралған күні: 25.07.2023)) (Қаралған күні: 25.07.2023)

Sources

- AEEM, 2021 – Auther’s ethnographical expedition dates. Akmola region Atbasar district Marinovka village. 13 December, 2021.
- AEEM, 2022 – Auther’s ethnographical expedition dates. Northern Kazakhstan region Esil district Nikolaevka village. 22 May 2022.
- AEEM, 2022 – Auther’s ethnographical expedition dates. Akmola region Kөkshetau city. 13 February, 2022.
- AEEM, 2023 – Auther’s ethnographical expedition dates. Akmola region Astana city. 02 March 2023.
- AMA – State archive of Astana.
- Civil Code of the People’s Republic of China. May 28, 2020. [http:// 中华人民共和国民法典_中国人大网 \(npc.gov.cn\)](http:// 中华人民共和国民法典_中国人大网 (npc.gov.cn) (Date: 26.07.2023)) (Date: 26.07.2023)
- Civil Law Of The Republic Of Afghanistan. January 5, 1977. 322 p. [http:// translation-Civil Code – En.pdf \(kakaradvocates.com\)](http:// translation-Civil Code – En.pdf (kakaradvocates.com) (Date: 27.07.2023)) (Date: 27.07.2023)
- Law Of Mongolia. The General Law On State Registration. November 1, 2018. 18 p. [http:// The general law on state registration | burtgel.gov.mn](http:// The general law on state registration | burtgel.gov.mn (Date: 25.07.2023)) (Date: 25.07.2023)
- The Civil Code Of The Islamic Republic Of Iran. January 1, 1982. 132 p. [http:// Microsoft Word – Civil Code.doc \(iranbestlawyer.com\)](http:// Microsoft Word – Civil Code.doc (iranbestlawyer.com) (Date: 25.07.2023)) (Date: 25.07.2023)

References

- Artykbaev Zh.O. (2019). Kazahskoe obshchestvo v XIX veke: tradicii i innovacii [Kazakh society in 19th century: tradition and innovation]. Astana; Moskva: TOO «Central’no-Aziatskoe knizhnoe izdatel’stvo». 340 p. (in Russian)
- Baltabaeva K.N., Mamashev T.A., Ermekbaj ZH.A., Bajmarambetova A.ZH. (2015). Kazahskaya diaspora i repatriaciya (1991-2012) [Kazakh diaspora and repatriation (1991-2012)] / nauchnyj red. Mazhitov S.F. Almaty: Eltanym. 568 p. (in Russian)
- Belgorodskij N.A. (1952). Social’nyj element v persidskih imenah, prozvishchah, titulah i Familiyah [Social details in Persian name, nickname, title, and family name] / Zapiski i n s t i t u t a vostokovedeniya Akademii nauk SSSR. I tom. Leningrad: Akademii nauk SSSR. 213-242 pp. [http:// zivan_01_1932_10_belgorodsky.pdf \(orientalstudies.ru\)](http:// zivan_01_1932_10_belgorodsky.pdf (orientalstudies.ru) (Date: 25.07.2023) (in Russian)) (Date: 25.07.2023) (in Russian)
- Dasheeva V.V. (2012). Zarozhdenie i razvitie kitajskih familij [Genesis and evolution of Chines family name] / Vestnik Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta. Filosofiya. 75-79 pp. – URL: Zarozhdenie i razvitie kitajskih familij (cyberleninka.ru) (Date: 01.07.2023) (in Russian)
- Dzhanuzakov T.D., Esbaeva K.S. (1988). Kazahskoe imena (slovar’-spravchnik) [The Kazakh names: dictionary]. Almaty: Nauka. 480 p. (in Russian)
- Zhanuzakov T.D. (1971). Kazak esimerinin tarihy (lingvistikalık zhane tarihi-etnografialık taldau) [The history of Kazakh names: linguistic and historical-ethnographic analysis]. Almaty: Gylym. 218 p. (in Kazakh)
- Musabekova U.A. (1996) Motivacionnyj aspekt antroponomimov kazahskogo i russkogo yazykov [Motivation aspects of anthroponym of Kazakh and Russian languages]: avtoreferat dis. ... kandidata filologicheskikh nauk. Almaty. 27 p. (in Russian)
- Musabaeva M.D. (1995). Kazak tilindegi antroponomimialık atalymdardyn etnolingvistikalık sipattamasy [Ethnolinguistic description of anthroponomic name in Kazakh languages]: filologiya gylymdarynyn kandidaty gylymi atagyn alu yshin dajyndalğan dissertaciya. Almaty. 30 p. (in Kazakh)
- Nurymbetova K.K. (2010). Tauelsiz Kazakstandagy repatriaciya maseleleri men bolashagy [The problem and future of repatriation in independent Kazakhstan]: tarihi taldau (1991-2008). Almaty. 128 p. (in Kazakh)

Esmagambetov K.L. (1997). Kazahskaya diaspora: problemy etnicheskogo vyzhivaniya [The Kazakh diaspora: problem of ethnical survive] / sostavitel' i nauchnyj redaktor K.L. Esmagambetov; perevel s anglijskogo B. Suzhikov; Fond Soros-Kazahstan. Almaty: Atamura. 218 p. (in Russian)

Kalysh A.B., Kasymbekova D. (2014). Pole i smysly sociokul'turnoj integracii etnicheskikh repatriantov [The field and meanings of socio-cultural integration of ethnic repatriates]. Almaty, Kazak universiteti. 240 p. (in Russian)

Kalysh A., Kasymbekova D. (2013). Puti integracii oralmanov v Kazahstanskoe obshchestvo: realii i vyzovy [Ways of integrating Oralmans into Kazakhstan society: realities and challenges]. Almaty, Kazak universiteti. 204 p. (in Russian)

Karibayev M. (2021). Shygys Kazakstandagy etnikalyk repatrianttar: kundelikti tarihy [Ethnic repatriates in East Kazakhstan: a daily history]: dissertation for the PhD doctor of Philosohpy. Oskemen. 235 p. (in Kazakh)

Kosven M.O. (1964). Semejnaya obshchina i patronimiya [Genealogical society and partonomy]. M.: Nauka. 218 p. (in Russian)

Kryakvina K.P. (2021). Problematichnaya integraciya kandasov: kak optimizirovat' process integrirovaniya repatriantov v obshchestvo Kazahstana? [Problemanic integration of Kandas: how optimization the process of integration of repatriates to Kazakhstan society] // Programma dlya molodyh issledovatelej v oblasti publichnoj politik. Almaty: 2021. 31 p. [http:// Kseniya_Kryakvina_indd\(soros.kz\)](http://Kseniya_Kryakvina_indd(soros.kz)) (Date: 05.07.2023) (in Russian)

Seysenbaeva A. (2014). Zhetisu aumagyndagy repatrianttar: etnomadeni zhane migraciyaalyk urdisteri [Repatriates in Zhetysu: ethno-cultural and migration trends]: dissertation for the PhD doctor of Philosohpy. – Almaty. 132 p. [in Kazakh]

Smagulov A. (2013). Kazak esimderi enciklopediyaalyk anyktamalyk [The Kazakh names: encyclopedia]. Almaty: Atamura. 800 p. (in Kazakh)

Geriletu H. (2022). On the Mongolian ovog. Asian studies in Mongolia. N1(1). 64-69 pp. [http:// View of On The Mongolian Ovog\(num.edu.mn\)](http://View of On The Mongolian Ovog(num.edu.mn)) (Date: 10.07.2023)

Goering L. (2002). What's your name? can be tricky query. Magazin of Chicago Tribune, June 19, 2002.

Megerdoomian K. (2009) The Structure of Afghan Names. Journal of MITRE Product. 1-12 pp. [http:// The Structure of Afghan Names\(psu.edu\)](http://The Structure of Afghan Names(psu.edu)) (Date: 10.07.2023)

Turkoz M. (2017). Naming and nation-building in Tukey. The 1934 Surname Law. Istanbul: Palgrave Macmillan. 213 p. [http:// 212.pdf.pdf\(ethernet.edu.et\)](http://212.pdf.pdf(ethernet.edu.et)) (Date: 25.07.2023)

Szurek E. (2020). “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey / Arabic and its Alternatives. Religious Minorities and their Languages in the Emerging Nation States of the Middle East (1920-1950). Vol. 5. 77-110 p. [http:// Chapter 3 “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey in: Arabic and its Alternatives\(brill.com\)](http://Chapter 3 “Yan, Of, Ef, Viç, İç, İs, Dis, Pulos ...”: the Surname Reform, the “Non-Muslims,” and the Politics of Uncertainty in Post-genocidal Turkey in: Arabic and its Alternatives(brill.com)) (Date: 25.07.2023)

Автор туралы мәлімет:

Бұлбұл Шөкен – тарих факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуазия Ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ. E-mail: agazhai_altai@mail.ru

Сведения об авторе:

Бұлбұл Шакен – докторант исторического факультета, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана. E-mail: agazhai_altai@mail.ru

Келін түсті: 27.11.2023

Қабылданды: 10.05.2024

З.Г. Сактаганова^{id}, Ж.К. Абдукаримова*^{id}

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Қарағанды қ.
*e-mail: zhanara1307@mail.ru

1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ЕҢБЕГІ

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ КСР-дегі балалардың күнделікті еңбек мәселелері зерттеледі. Соғыс жылдарындағы еңбек КСРО-ның тыл аудандарындағы балалар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. КСРО-да балаларды үйде де, қоғамда да жұмысқа тарту әдеттегі тәжірибе болып, ал соғыс жылдарында ол объективті қажеттілікке айналды. Мақалада архивтік деректер негізінде Қазақ КСР облыстары бойынша пионерлер мен оқушылардың қоғамдық жұмыстарының түрлері және олардың ортақ іске қосқан нақты үлесі, сондай-ақ өскелең ұрпақтың жанқиярлық еңбегін насихаттау мен үгіттеудің рөлі зерделенді. Сұхбат материалдары негізінде авторлар қаладағы және ауылдық жерлердегі балалардың күнделікті жұмысының мәселелерін зерттеді, балалардың тұрғылықты жеріне, отбасы құрамына және оның материалдық әл-ауқатына байланысты еңбегінің көлемі мен ауырлығының ерекшеліктерін анықтайды. Балалардың күнделікті өмірін зерттеуде бірегей дерекзат ретінде баланың соғыс жылдары жазған күнделігі қолданылды. Күнделікте бала отбасында болған қиындықтар мен ауыртпалықтар туралы және баланың өз жақындарына қалай көмектескені туралы баяндалады. Мақала авторлары зауыттық оқыту мектептерінде, қолөнер және теміржол училищелерінде жасөспірімдерді еңбекке баулуға қатысты мәселелер мен осы оқу орындарының контингентінің көбеюінің негізгі себептерін зерттейді.

Түйін сөздер: еңбек, балалық шақ, Ұлы Отан соғысы, ауылшаруашылық жұмыстары, пионерлер, мектеп оқушылары, ҚазақКСР-і.

Z.G. Saktaganova, Zh.K. Abdugarimova*

NAO «Karaganda University named after academician E. A. Buketov», Kazakhstan, Karaganda
*e-mail: zhanara1307@mail.ru

Daily work of children of Kazakhstan during the war (1941-1945)

The article explores the issues of labor children's everyday life in the Kazakh SSR during the Great Patriotic War. Labor during the war years became an integral part of children's life in the rear areas of the USSR. Children's involvement in labor, both domestic and public, was a common practice in the USSR, but during the war years it became an objective necessity. Based on archival data, the authors study the types of pioneers' social work and schoolchildren in the regions of the Kazakh SSR and their real contribution to the common cause, the role of propaganda and agitation of selfless labor of the younger generation. Based on interview materials the authors investigated the issues of children's labor in everyday life in the cities and rural areas, revealed the specifics of the volume and degree of severity of children's labor depending on the place of their residence, family composition and its material well-being. A unique source for the study of children's labor in everyday life was a boy's diary, where the child told about the hardships and difficulties that befell his family, also his help for the relatives. The authors of the article studied the issues related to the labor education of adolescents at schools of factory tutoring, vocational and railroad institutes, and what was the main reason for the growth in the enrollment of these educational institutions.

Key words: labor, childhood, the Great Patriotic War, agricultural work, pioneers, schoolchildren, Kazakh SSR.

З.Г. Сактаганова, Ж.К. Абдукаримова*

НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова», Казахстан, г. Караганда

*e-mail: zhanara1307@mail.ru

Трудовая повседневность детей Казахстана в годы войны (1941-1945 гг.)

В статье исследуются вопросы трудовой детской повседневности в Казахской ССР в годы Великой Отечественной войны. Труд в годы войны стал неотъемлемой частью жизни детей в тыловых районах СССР. Вовлечение детей в труд, как домашний, так и общественный, в СССР было обычной практикой, но именно в годы войны это стало объективной необходимостью. В статье, на основе архивных данных, изучены виды общественной работы пионеров и школьников по областям Казахской ССР и их реальный вклад в общее дело, а также роль пропаганды и агитации самоотверженного труда подрастающего поколения. На основе материалов интервью авторами исследованы вопросы трудовой детской повседневности в городе и в сельской местности, выявлена специфика объема и степени тяжести труда детей в зависимости от места их проживания, состава семьи и ее материального благополучия. Уникальным источником, при проведении исследования трудовой повседневности детей, стал дневник мальчика, в котором ребенок рассказывал о лишениях и трудностях, постигших его семью, и каким образом мальчик помогал своим близким. Авторами статьи изучались вопросы, связанные с трудовым обучением подростков в школах фабрично-заводского обучения, ремесленных и железнодорожных училищ, и какова была основная причина увеличения контингента данных учебных заведений.

Ключевые слова: труд, детство, Великая Отечественная война, сельскохозяйственные работы, пионеры, школьники, Казахская ССР.

Кіріспе

Балаларды еңбекке баулу тек соғыс уақытында енгізіліп қойған жоқ, кеңестік кезеңде бұл тәжірибе барлық уақытта жүзеге асырылып отырды. Ал, қиын-қыстау соғыс жылдары жауды жеңу сияқты ортақ мақсатқа жетуде бұл кезек күттірмейтін қажетті шаралардың қатарында болды. Кеңес заманындағы балалар ерте жастан бастап үйдегі шаруаларды тындырып қана қоймай, үйден тысқары жерлерде жұмыс жасау дағдыларын меңгерді. Ол кездегі балалардың үйде өздері шамасы келетін жұмыстарды орындау сияқты міндеттері болған. Балалар ата-аналарына кіші бауырларын бағуда, үй жинауда, бақшада жұмыс жасауда, мал жайғауда (болған жағдайда), масақ теру, кезекте тұрып карточкаға тамақ әкелу және т.б жағдайларда жәрдемдесіп отырған. Жұмыстың көлемі баланың жасына байланысты болды. Бұл кезеңде 12-14 жастағы жасөспірімдер іс жүзінде ересек бала болып есептелді.

Мектеп немесе балалар үйлерін жанындағы қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істеді. Сабақтан тыс уақыттарда да балалар еңбекпен айналысып, майданға қажетті заттар мен қаражат жинап, қарияларға көмек көрсетті, кәсіпорындар мен госпитальдарда да шамалары келетін жұмыстарды атқарды. Бұлардың арасында концерт өткізу, театрлық қойылым қою, көрме өткізу, плакаттар салу және т.б басқа жұмыстар

да балалардың уақытын алып, белгілі бір еңбек шығындарын талап етті.

Соғыс жылдарындағы балалардың күнделікті еңбектерін олардың естеліктері бейнелеп берсе, архив материалдары мен статистикалық мәліметтер оларды толықтыра түседі. Балалардың еңбек міндеткерлігі тылдағы балалардың өмірінің ажырамас бір бөлігі болды. Ал, кейбір жағдайларда ол уақыттың талабына сай қажеттілік те болды. Қаланың да, ауылдың да баласы еңбек етті. Еңбек ету біреулер үшін мектеп кезіндегі қоғамдық міндет болса, ал кейбірлеулер үшін үй шаруасымен айналысу болды. Тіпті кейде буыны қатпаған балалар отбасының бар ауыртпалығын өз мойындарына алып, іні-қарындастарын өсіріп бақты. Соғыс кезіндегі жұмыс күшінің жетіспеуі, жасөспірімдерді ересек жұмыскерлерге теңестіру сияқты мемлекеттің сол кездегі әрекеттері біздің оймызша, уақыттың талабы болды. Жасөспірімдер елдегі өнеркәсіптік кәсіпорындардың ажырамас бөлігіне айналды.

Материалдар мен әдістер:

Мақаланы жазуда нормативтік-құқықтық құжаттар, іс-қағаз құжаттары, эго-құжаттар, мерзімді баспасөз материалдары, соғыс кезіндегі балалардан алынған сұхбат материалдары сияқты деректік база қолданылды. Нормативтік-құқықтық құжаттардың қатарында КСРО мен ҚазақКСР-де қабылданған бірқатар қаулылар

пайдаланылды. Мысалы, КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 26.06.1943 жылғы № 697 «Балалар үйлерінің, КСРО НКВД еңбек колонияларының тәрбиеленушілері мен ата-анасыз қалған 14 жастан асқан жасөспірімдерді еңбектік орналастыру туралы» Қаулы сол кездегі әсіресе жоғары біліктілік пен жоғары еңбек ақыны талап етпейтін жұмыс күшінің тапшылығы мәселесін шешкен болатын. Жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігі ішінара түрде қолөнер, теміржол училищелері мен ФЗО мектептерін тәмамдаған жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру арқылы шешілді. Ал, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 28 желтоқсандағы «Қолөнер, теміржол училищелері мен ФЗО мектептері білім алушыларының тәртіп бұзуы мен училищені (мектеп) рұқсатсыз кетіп қалуы үшін жауапкершілігі туралы» Жарлығы жас мамандардың санын қадағалауға көмектесті.

Іс қағаз құжаттары балалар үйлерін, жасөспірімдердің тұрмыс жағдайлары, тамақтанулары, оларды жабдықтау және т.б бойынша ФЗО мектептерін, қолөнер және теміржол училищелерін Ағарту Халық комиссариаты, Денсаулық сақтау Халық комиссариаты тарапынан ұйымдастырған тексеру материалдары ретінде ұсынылған. Сонымен қатар ҚазақКСР ЛКЖО ОК Пленумы хаттамалары мен бюро отырыстарының, Қазақстан облыстары бойынша комсомол бюролары отырыстарының хаттамалары іс қағаз құжаттарының едәуір бөлігін құрайды. Бұнымен қоса пионерлер мен мектеп оқушыларының ауыл шаруашылық, майданға қаражат жинау, тимуршылар командалары және т.б атқарған жұмыстарына қатысты материалдарды да қолдандық.

Эго-құжаттар белгілі бір оқиғаларды сол кездегі куәгерлердің көзқарасы арқылы көруге мүмкіндік береді. Бұл құжаттар тарихи материалды тұлғалардың өз аузынан естуімен қызықты болып табылады. соғыс ауыртпалығын көтеріп, өз көзімен көрген, өзі үшін маңызды оқиғаларды жазып отырған баланың күнделігі мақалада бірегей құжат ретінде қолданылды. Оқушылардың Қызыл Армия жауынгерлерін қолдау үшін майданға жазған хаттары да балалардың тылдағы көңіл-күйін, олардың алаңдаушылығын көрсететін ақпараттық дереккөздер болып табылады.

Мерзімді баспасөз материалдары өсіп келе жатқан ұрпақты еңбекке баулудың маңыздылығына халықтың назарын аударумен айналысты. Сол кездегі газеттер мектеп, аудан, облыстағы балалар мен жасөспірімдердің жанқиярлық жетістіктері мен жанкештілікпен жасап жатқан жү-

мыстарын үлгі ететін мақалаларды үзбей жариялап отырды.

Сұхбат материалдары бұл жұмыста ерекше мәнге ие, өйткені бұл соғыс балаларының естеліктері кеңестік баланың жұмыс күндерін көрсете отырып, нақты шындықты көрсетеді. Олар еңбек қызметінің түрлерін, үй және қоғамдық жұмыстарға жұмсалған уақыт мөлшерін, олардың жұмыс күндері қалай өтіп, еңбек күндеріне жалақыны қалай төленгенін танып, білуге көмектеседі. Қалалық және ауылдық жердегі балалардың күнделікті өмірін салыстыра отырып, балалардың жұмысындағы белгілі бір айырмашылықты байқауға болады, сонымен қатар әкелері майданға аттанған отбасылар мен ата-аналарының екеуі де қастарында болған отбасылар арасындағы айырмашылықты көруге болады.

Мақалада қазақтандық орталық архив Қазақстан Республикасы Президент архивы (ҚР ПА) мен аймақтық архив (Қарағанды облыстық мемлекеттік архивы (ҚОМА). Материалдардың едәуір бөлігі Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивы қорынан, оның ішінде БЛК-ЖО Орталық Комитетінің М1 қорынан алынды (РМӨСТМ).

Мақаланы жазуда тарихилық, объективтілік, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Қарастырылып отырған аймақтың тарихи құбылыстарындағы белгілі бір ерекшеліктер нақты тарихи материалды талдау арқылы және олардың өзара байланыстары тарихилық әдістің көмегімен зерттелді. Объективтілік әдіс мәселені алдын-ала ойластырылған схемаларға сәйкес келтірмей, фактілерге сүйене отырып, оның жағымды және жағымсыз жақтарының жиынтығында қарастыруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи әдістің көмегімен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан облыстары бойынша аумақтық ерекшеліктер зерттелді.

Күнделікті өмір, еңбек, қоғамдық өмір және т.б. сияқты күнделікті балалар тәжірибесін зерттеуге ерекше назар аударылды. Мақала жазу процесінде қолданылатын маңызды әдістердің бірі ауызша тарих әдістері болды, соның арқасында балалардың күнделікті өмір тарихын зерттеуге мүмкіндік туды. Балалық шақтары соғыс жылдарына дөп келген адамдармен сұхбат барысында алынған ауызша материалдар негізінде зерттеу пәні бойынша қызықты мәліметтер алынды. Терең әрі мағыналы түрде жүргізілген сұхбаттар қалалардағы, ауылдық жерлердегі балалардың өмір тарихының толық бейнесін қалпына келтіруге және балалардың күнделікті өмірін қалпына келтіруге ықпал етті.

Талқылау

Отандық тарихнамада Ұлы Отан соғысы оқиғаларына арналған бірқатар еңбектер бар. Алайда, балалардың тылдағы күнделікті еңбегі тақырыбы әзірге аз зерттелген тақырыптардың қатарында болып табылады. Қазақстандық зерттеушілер ҚазақКСРдегі, жекелеген қалалардағы әскери күнделікті өмір мәселелері мен балалар денсаулығы, балалар панасыздығы мен қараусыздығы жағдайына, балалар қылмысы және т.б. мәселелерді қарастырып жүр (Сарсенбаева С.С., 2015, Сактаганова З.Г., 2019, Жаркынбаева Р.С., 2020, Saktaganova Z., 2021). Соғыс кезіндегі балалардың күнделікті өмір тарихын зерттеу мәселесі қазіргі таңда отандық тарих ғылымындағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Еуропалық тарихнамада КСРО-дағы балалар еңбегіне қатысты мәселелер қамтылған. Соғыс жылдарындағы кеңестік балалық шақты зерттеуші О. Кучеренко жасөспірімдердің жанқиярлық жұмысын Кеңес үкіметінің белсенді үгіт-насихатының нәтижесі деп санайды, ол жасөспірімдерді соғысқа дейін «кішкентай ересектер» деп санады. Соғыс жылдарында олар іс жүзінде ересек адамдарға айналды. Себебі, балалар мен әйелдерге майданға шақырылған еркектерді алмастыру, яғни, кеңестік өнеркәсіптік күштің бір бөлігі болу міндеті жүктелген болатын (Kucherenko O., 2012).

Жюли де Граффенрид кеңес жүйесі балалық шақты мемлекеттің әскери мақсаттарына жақсырақ қызмет ету үшін қайта құрды деп санайды. Автор соғыс кезіндегі кеңестік балалар фабрикалар мен колхоздарда жұмысшы ретінде ғана емес, сонымен бірге кеңес халқына өздерінің қиын жағдайларын көрсете отырып, насихат «құрал» ретінде пайдаланылды деп санайды. Автор сонымен қатар пионер ұйымдарының соғыс жылдарындағы атқарған іс-әрекеттерін, соғыстан кейінгі кезеңдегі «құрбан болған балалық шақты» идеализациялау мәселелерін қарастыра отырып, олардың соғыс кезіндегі қызметтеріне ерекше назар аударады (deGraffenried J.K., 2014).

Кэти А. Фриерсон өз зерттеуінде кеңес мемлекетінің балаларды майданға жұмылдыру әрекеттерін әшкерлей отырып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында балалар еңбегін белсенді пайдалану арқылы «балаларды пәктігінен айырып, балалығын ұрлады» деп атап өтеді. Бірақ, мемлекеттің балаларды құрбандыққа шалуы бұнымен шектелген жоқ, ересектерді майданға жұмылдыруда насихат құралы ретінде де балаларды қолданды. Яғни, бақытсыз балалардың

бейнелері арқылы онсыз да бақытсыз ересектерді манипуляциялау жүзеге асырылды деп жазады (Frierson C.A., 2015).

Э. Уайт Сталиндік жүйені және оның нормадан ауытқуларды анықтау шараларын және олардың отбасына, балалық шақ мәдениетіне, біліміне және т.б. әсерін қарастырады, бұл кейінгі онжылдықтардағы балалық шақтың негізі соғыс және соғыстан кейінгі алғашқы жылдары қаланған деп санайды. Автор Сталиндік дәуірдің кеңестік балалық шақ тұжырымдамасы мен кеңестік «бақытты балалық шақ» тұжырымдамасының пайда болуына талдау жасайды. Элизабет Уайт балалық шақтың қазіргі батыстық моделін кеңестік модельмен салыстыруды ұсынады (Уайт Э., 2020).

Соғыс жылдарындағы балалардың күнделікті өмірінің шетелдік ағылшын тіліндегі тарихнамасы кеңес мемлекетін балалар еңбегін қанаушы ретінде көрсетеді. Балалардың балалық шақтарын есепке алмай, оларды кішкентай ересектер ретінде қолдана отырып, үгіт-насихат арқылы жас азаматтар әскери және еңбек ерліктерін өз еркімен орындады деп көрсететіндігін атап өтті. Өкінішке орай, авторлар шын мәнінде балалар мен жасөспірімдердің өз Отанына көмектесуде аянбай еңбек еткендігін ескергілері келмейді.

Ресейлік зерттеушілердің бірқатар диссертациялары балалардың әскери күнделікті өміріне арналған, олар архивтік мәліметтер, сұхбат материалдары негізінде балалардың күнделікті өмірін және балалардың жаңа әскери шындыққа бейімделу процесін зерттейді (Дунбинская Т.И., 2004, Ромашова М.В., 2006, Коренюк В.М., 2017). Соғыс жылдарындағы КСРО-ның тылдағы аудандарындағы балалардың күнделікті өмірінің өзіндік ерекшеліктері болды. Алыс тылда болған Сібір балалары мен жасөспірімдерінің күнделікті өмірі ресейлік авторлардың еңбектерінде көрініс тапты. В. Н. Очированың мақаласында Сібір тылындағы балалардың өміріне қатысты зерттеулерге талдау жасалады. Зерттеу жұмысында еңбек күнделікті өмірдің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған (Очирова В.Н., 2018).

Тылдағы балалардың естеліктерінде олардың өмірінде еңбектің маңызды рөл атқарғанын көруге болады (Чуркин М., 2020). Соғыс кезіндегі өмір сүрген баланың естеліктеріне сүйене отырып, Д.А. Астафьев балалардың сұрапыл соғыс уақытында өмірінің негізі отбасы, мектеп, еңбек, ересектермен және достарымен қарым-қатынас, бос уақыт болғанын атап өтеді (Астафьев Д., 2022).

Ресейлік тарихнамадағы балалардың әскери күнделікті өмірін зерттеуге арналған еңбектерде архивтық деректер жан-жақты зерттеліп, талданған. Сонымен қатар олардың басым көпшілігі сол жылдардағы оқиғалардың куәгерлерінің естеліктеріне негізделіп жазылған. Сондықтан бұл зерттеу бағыты Ресейде басым әрі белсенді дамып келе жатқан бағыт болып табылады. Бұнымен қоса, осы тақырыптағы зерттеулердің көпшілігі аймақтық тұрғыда жазылғандықтан болашақ зерттеушілерге тақырыпты толық зерделеуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Нәтижелер

Балаларды еңбекке тәрбиелеу оның тұлға ретінде жан-жақты үйлесімді дамуы үшін ең тиімді құрал болып есептеледі. Еңбекке тәрбиелеу «кеңестік мектеп түлектерінің тұлға ретіндегі жан-жақты дамуына, олардың халық шаруашылығындағы еңбекке даярлығына, өсіп келе жатқан ұрпақтың еңбекпен қалыптасуының кең жүйесінің компоненттерімен тығыз байланысқа: кәсіби техникалық білім мен жұмысшы кадрларды өндірісте даярлауға бағытталған көпқырлы тәрбиелік және білім қызметі» ретінде қарастырылды (Хиторян М., 1976: 15). Ал, соғыс жылдарында бұл жас ұрпақты ересек өмірге даярлау мен соғысқа кеткен аға буын өкілдерінің орнын жедел түрде алмастырудың қажетті шарты болды.

Еңбекке тәрбиелеу жүйесі мектептегі оқу-тәрбие жұмысының ішкі (қосалқы) жүйесі болып табылды. Соғыс жылдарындағы балаларды еңбекке баулу барлық білім беру жүйесінде ерекше орын алды. Бұл кезеңде елдегі жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың орнын толтыру маңызды мәселелердің қатарында болды. 1941 жылдың жаз айында мектеп оқушыларының көпшілігі әскерге шақырылған мамандардың орнына күрделі машиналарды (тарктор, комбайн) меңгеріп алды. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысы Зырьянов ауданының 8-9 сыныптың оқушы қыздары 2 санаттағы тракторшылардың курсы үздік, жақсы деген бағаға аяқтап, тракторда жұмыс істеп өздеріне берілген норманы жүйелі түрде артығымен орындап отырған. Ақтөбе облысында жоғары сыныптың 229 мектеп оқушысы тракторшылар курсына оқыған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.24 П.7). Қыздар да ұлдар да мектеп қабырғасынан бастап келешектегі мамандығын теория жүзінде емес, алған дағдыларын болашақтағы жұмыс орындарында бекіте отырып, таңдау мүмкіндіген ие болған. Бір жағынан

колхоздар оқушылардың көмегіне аса мұқтаж болса, екінші жағынан бұндай тәжірибе оқушыларға өзінің келешек мамандығын ойланбастан таңдап, болашақта күнін көруге мүмкіндік берді. Ал, соғыс жылдарында жоғары сыныпта білім алу ақылы болғандықтан және елдегі экономикалық жағдайдың нашар болуы, сол кездегі жастарға негізгі мектепті бітірген соң жұмысқа орналасып, тұрақты табыс табу мүмкіндігі берілді.

«Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранға негізделген жалпы халықтық міндетті орындау ҚазақКСР оқушылары мен мұғалімдері үшін аса маңызды істердің қатарында болды. Мектеп оқушыларының ауылшаруашылығы жұмыстарында, әсіресе, егін жинау науқандары кезіндегі көмектері жоғары бағаланды. 1941 жылдың күзінде республикада ауыл шаруашылық жұмыстарына 260 мыңнан астам оқушы мен 12 мың мұғалім жұмылдырылған. Мектеп оқушыларын жаппай егін жинау науқанына қатысуы себепті ҚазақКСР-нің көптеген облыстарындағы мектептерде жаңа оқу жылы 20-25 қыркүйекте басталған екен (Сақтаганова З., 2020: 263). Ақтөбе облысының К.Маркс атындағы колхозда оқушылар 170 гектар шөп шауып, маялаған. Шығыс Қазақстанның Киров ауданында 12 оқушы қысқа мерзім ішінде 12 тонна бидай жинап, бастырған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.24 П.7). Қостанай облысында егін жинау науқанында 18074 оқушы мен 1992 мұғалім жұмыс жасаған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.834 П.9). Бұл 1941 жылғы оқушылар мен мұғалімдердің жанкештілікпен жасаған жұмысының тек бір ғана бөлігі болып табылады.

1942 жылы 242400 оқушы мен 14717 мұғалім ауылшаруашылық жұмыстарына қатысып, 7804000 еңбек күн орындап, 33300 астам ересек колхозшылардың орнын алмастырған екен (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45 П.31). Алматы қаласының №39 мектеп оқушылары Қызыл-Ту және Жаңа-Талап колхоздарында аз уақыт ішінде мыңнан астам еңбек күнін орындаған. Бірінші бригада 240 еңбек күнін орындаған. Алматы облысының №37 мектебінің оқушылары Новый Мир колхозында егістің арам шөптерін жұлып норманы екі есе асырған. (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.27 П.122). Оқушылар тек егіс алқаптарында ғана жұмыс істеп қойған жоқ, сонымен қатар колхоздарда мал жайғап, малдың төлін күтуге көмектескен. 1942 жылы Қарағанды облысы Осакаров ауданында 250 пионер мен оқушы мал төлдетіп, жаңа туған төлдерді күткен, малқораны тазалау жұмыстарына қатысқан. Соның арқасында колхоздың жаңа туған малдары

өлім-жітімнен аман қалған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.24 П.7). Қызылорда облысының екі мың пионері 6685 бас жаңа туған төлді қамқорлыққа алып, күтіп баққан. Ал, Қазалы ауданындағы Жаңа-Талап колхозының пионерлері 28 бұзау, 17 құлын, 9 бота мен 462 қозыны күтіп, баптаған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.24 П.32). Жаңа туған жас төлді өлім-жітімнен сақтап қалу үшін оларды жақсылап күтіп баптау керек болды. Сондықтан осындай жауапты әрі маңызды міндетті оқушыларға сеніп тапсырды. Ал, олар өз кезегінде өз жұмыстарын абыроймен атқарып отырды.

1943 және 1944 жылдары 444430 оқушы мен 24370 мұғалім 15110832 еңбек күнін орындап шыққан. 1943 жылы Қызылорда облысында егін жинау науқанына 5700 комсомол, студент, оқушы және қаланың жастары қатысқан. Олардың күшінің арқасында облыстағы егін жинау жұмыстарының 58% астамы орындалған. 54849 га дөңді және техникалық дақылдар, оның ішінде 28409 га ерте шығатын дөңді дақылдар, 2603 га техникалық дақылдар жиналған. 360 комсомол-жастардың астық бастырғыш бригадалары 11012 центнер бидайды бастырған. 13000 колхоз балалары 26118 гектер жерде масақ теріп, 8600 пұт астық жинап, Қызыл Әскер қорына тапсырған. Облыс оқушылары барлығы 705000 еңбек күнін орындаған, бұл әр оқушыға шаққанда 70 еңбек күнін құраған. Алматы облысының Қаратал ауданында көктемгі егістік және егін жинау жұмыстарының жоспары толық орындалып, аудан астық дайындау жоспарын және мал шаруашылығын дамытудың жоспарын асыра орындаған. Ауданда астық дайындау жоспары мен күздік егіс жоспары 130 %-ға орындалған. Оның ішінде барлық ауыл шаруашылық жұмыстарының 5%-дан астамын ауданның жастары атқарған. 1365 оқушы ауыл шаруашылық жұмыстарына қатысып, 83094 еңбек күнін орындаған, бұл әр оқушыға шаққанда 61 күнді құраған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.37 П.63-65). Батыс Қазақстан облысының Зеленовск ауданының Фрунзе атындағы колхозында масақ теру жұмыстарына 120 оқушы қатысып, олар колхоздың 75% масағын жинап берген (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.37 П.73). Ал, 1945 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарына 116 мыңнан астам оқушы қатысып, 332446 еңбек күнін атқарған. Соғыс жылдарында оқушылар мен мұғалімдер барлығы 23 млн астам еңбек күнін орындаған екен [Правда, 1941].

Мыңдаған колхозшылардың еңбегін алмастыра отырып, оқушылар мен мұғалімдер ауыл шаруашылық жұмыстарына белсенді түрде ат салысты. Ауылдық жерлерде ер азаматтардың

көпшілігі әскер қатарына шақырылғандықтан, колхоздағы негізгі жұмыс ауыртпалығының бар салмағы әйелдер, қарттар мен балалардың мойнына түсті. Оларға әсіресе егін жинау маусымында көмек ауадай қажет болды.

Алайда, қиындықсыз болған жоқ. Себебі, қандай уақытта болмасын адам факторы белгілі бір рөл атқарып отырды. Бұл кезеңде қаржыландыру, жабдықтау және т.б мәселелерде өзіндік қиындықтар болды. ҚазКСР ЛКЖО пленумы отырыстарының хаттамаларын қарастыру барысында жасөспірімдердің ауыл шаруашылығы жұмыстарынан қашу мәселелері жиі қарастырылғанын байқадық. Оған тұрмыстық жағдайларының дұрыс болмауы, тамақтану деңгейінің төмендігі себеп болған. Кей жағдайларда оқушылардың тұрмысымен айналысатын жауапты адам болмаған. Сондықтан да оқушылар жұмыс орындарынан қашып кетіп отырған. Мысалы, Қазақстанның кейбір облыстары бойынша келесі фактілер кездеседі. 1942 жылы Алматы, Қостанай, Гурьев облыстары бойынша балалар колхоздарға дайындықсыз, отрядтарға басшылар бекітілмей, саяси жетекшісіз шыққан жағдайлар да болған. Комсомол комитеттері мектеп отрядтарын жасақтауға, саяси жетекшілер мен саяси-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырушыларды іріктеуге тым кеш кірісіп, колхоздардағы оқушылардың тұрмыстық жағдайлары сияқты мәселелерге назар аудармаған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45 П.31).

1943 жылы Талды-Арық колхозынан №52 мектептің 26 оқушысы, Екпінді колхозынан №54 мектептің комсомолдар тобы қашып кеткен. Қашқан екі қызға қатаң сөгіс беріліп, жеке істеріне енгізілгеннен кейін оларды колхозда жұмыс жасауға қайта жіберген. Тағы бір қашқын қыз комсомол билетін жоғалтқаны үшін комсомол қатарынан шығарылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Алматы қаласынан барлығы 50-ден кем емес оқушы, оның ішінде 20 комсомол, Солтүстік Қазақстан облысынан 100 оқушы жұмыс істеуден қашып кеткен (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.27 П.139). Ағарту Халық комиссариаты жұмыстан қашу себептері ретінде жергілікті жерлерде жұмысты дұрыс ұйымдастырмау, басшылықтың әлсіздігі, сонымен қатар оқушыларға дұрыс тұрмыстық жағдайдың жасалмауы, егіс алқабында жұмыс жасағандарға нан берілмеген, тұрғын үй мәселелері шешілмеген деп көрсеткен.

Республиканың мектептері өзінің қалыпты жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құрған. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларды орындаумен

қатар қоғамдық-пайдалы және қорғаныстық-бұқаралық жұмыс түрлерін кеңінен өрістеткен. Қазақ КСР пионерлері 1942 жылдың бірнеше айында 3475 тонна металл сынықтарын жинаған. Жаз бен күз айларында республиканың қала, орман, далаларынан 25 тонна итмұрын, 67 тонна жеміс-жидек, 17,5 тонна саңырауқұлақ және т.б жинаумен айналысқан. Бір жексенбілік ішінде 60 мың пионер қатысып, 978 тонна металл сынықтарын жинап, 13 мың көшет отырғызылған. Аралдың пионерлері екі теңіз кемесінің жүгін түсіріп, 4350 рубль табыс тапса, Оңтүстік Қазақстан облысының пионерлері госпитальдерге 266 кубометр ағаш дайындап, Оралдың пионерлері 902 тонна итмұрын жинаған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45 П.32).

Қарағандының №8 мектебі Бүкілодақтық социалистік жарыста көшбастаған. Қарағандының мектеп оқушылары шахталарға көмір өндіру мен мәдени қызмет көрсету жағынан қамқорлық алып, 1942 жылы қараша-желтоқсан айларында 595 сұхбат, 46 дәріс, 83 концерт, 205 жексенбілік өткізіп, қабырға газетінің 130 нөмірін шығарып, социалистік жарысқа арнап 65 тақта дайындаған. Сонымен қатар оқушылардың күшімен 2877 тонна көмір тиіп, одан түскен еңбек ақыларына танк колоннасын құруға – 275690 рубль ақша аударған (ҚОМА Қ.664 Т.1 І.34 П.19-20). Оқушылар майданға арналған жылы киімдер жинауға қатысып, елдің қорғаныс қорын құруға және госпиталдерді дайындау жұмыстарына ат салысқан (ҚР ПА Қ.708 Т.5/1 І.688 П.19-20).

1943 жылы Гурьев облысы Теңіз ауданында мектеп оқушыларының күшінің арқасында «Пионер» атты танк колоннасының құрылысына 160 мың рубль жиналған (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.31 П.44). Түркісібтің пионерлері мен оқушылары 107 мың рубль жинаса, слесарь-механикалық, тігін және етік шеберханаларындағы балалардың технкалық станцияларындағы пионерлер болса, майдан шептерінен көшіріліп әкелінген балалар мен майдангерлердің балаларына 1500 дана аяқ-киімді өз күштерімен жөндеп берген (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45 П.33).

Республиканың педагогтары мен оқушылары елдің қорғаныс қорына қаражат жинау жұмыстарына жаппай қатысқан. Олар «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасының құрылысына 4 млн астам рубль, «Қазақстан пионері» әуе эскадрильясына 490 мың рубль көлемінде қаражат бөлген. Қорғаныс қорына 14 млн 479 мың рубль жинап берген. Сонымен қатар 52 тонна дәрілік өсімдік пен 1170 тонна металл сынығы жинаған (Правда, 1941).

Жас патриоттар өздерінің қолдарымен дайындаған мұрын орамал, қолғап, шұлық өнімдері салынған дорбаларды майданға сәлем-сауқат ретінде жіберіп отырған. Сәлем-сауқаттардың ішіне жауынгерлерге арнап: «Құрметті жауынгер, мен «үздік» бағаға қалай оқысам, сенде солай фашистерге соққы бер, Менің үш мақтау грамотам бар. Тоғыз жаннан тұратын менің отбасым, сіздің фашистерді талқандап, тезірек оралуыңызға тілектеспіз» – деген мәтінде Өскемен қаласының 4 сынып оқушысы, пионер Лида Пильгук хат жазып салып жіберген екен.

Осылайша, Қазақстанның түрлі облыстарындағы пионерлер ұйымының жұмысы өте ауқымды болғанын көруге болады. Оның ішінде пионерлер ұйымдарының жұмысы негізінен қаражат жинап, еңбек етіп, өнеркәсіптік саладағы жұмысшылардың бос уақытын ұйымдастырудан тұрған. Пионерлерге қамқорлық жасаған комсомол ұйымдары пионер ұйымдары тарапынан көрсетіліп жатқан көмекті белсенді түрде насихаттап отырған. Осындай насихат жұмыстарының өзіндік нәтижесі де болған.

Майдангерлердің отбасына көмек көрсетуде тимуршылар командалары ерекше қызмет атқарған. Семей қаласының №22 мектебінің тимуршылар командасы (капитан Гена Левин) майдангерлер отбасын қамқорлыққа алып, олардың балаларын бағып, шаруашылықтарына көмектесіп, майданнан келген хаттарын оқып беріп отырған. Түркісібтің теміржолшылар мектебінің тимуршылары өз күштерімен қысқа отын даярлап, 120 пәтерді әктеуге көмек көрсеткен (РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45 П.32).

Кеңестік газет беттерінде де балалардың еңбегі белсенді түрде насихатталған. Республикалық және облыстық газеттерде колхоз егістіктеріндегі оқушылардың ерен еңбегі, майданға арнап ақша қаражаты, жылы киім жинау ісіндегі еңбектері, тимуршылар отрядтары мен олардың қызыл әскер отбасыларына көмектерін дәріптейтін мақалалар өте көп болды (Правда, 1941, Казахстанская правда, 1941, Социалистическая Караганда, 1942). Осындай үгіт-насихат жұмыстары қоғамға балалар мен жасөспірімдердің жанқиярлық еңбегін қалыпты жағдай ретінде көрсетті. Газеттерде өздерінің жетістіктері туралы жазған пионер ұйымдары, мектептер, балалар немесе жастар ұйымдары өздері туралы жазған мақалаларды мақтан тұтты. Ал, бұл мақаланы оқитын балаларға олардың жетістіктері өз кезегінде үлгі әрі еңбекке ынталандыртын құрал ретінде болды деп айтуға болады.

Соғыстың алғашқы жылдарында кәмелеттік жасқа толмағандар арасында қылмыстық жағдайлар (ұрлық, бұзақылық, тәртіп бұзушылық) жиілеп кетті. Ресми себептері ретінде мектеп, пионер және комсомол ұйымдардың тәрбие жұмысының жетіспеушілігі деп көрсетілді. Бұдан басқа, милиция, әділет, прокуратура органдары балалар панасыздығы мен қараусыздығымен күресті жеткілікті деңгейде жүргізбей, қылмыстық топтар мен олардың пайда болуына тосқауыл болатын барлық әкімшілік және жазалау шараларын қолданбағаны туралы айтылды. Бірақ, отбасында немесе балалар үйіндегі күрделі материалдық жағдай мен кәмелетке толмағандардың қараусыздығы балалар қылмысының негізгі себебі болды. 1941 жылдың қазан айында Қ(б) КП ОК бюросының «Тәрбие жұмысы және балалар қылмысы мен қараусыздығымен күрес туралы» Қаулысы қабылданады. Қаулыға сәйкес Ағарту Халық комиссариаты мен халыққа білім беру бөлімдеріне жетімдер, қараусыз қалған балалар мен қадағалаусыз қалған қызыл әскер балаларын толығымен балалар үйлеріне тарту жүктелді. Балалар үйлеріндегі тәрбиеленіп жатқан балаларды оқытып, мектепте еңбекке баулуға көңіл бөлу тапсырылады. Балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілерді еңбекке баулу арқылы олар оқуда және өндірісте жоғары үлгерімге қол жеткізіп, белгілі бір мамандықты меңгеріп шығу керек болды. Мектептер мен балалар үйлері жанындағы шеберханаларды қамтамасыз ету қанағаттанарлық деңгейде болмағандықтан, ҚазақКСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жабдықтау жоспарына оқу шеберханаларын жабдықтар мен шикізатпен қамтамасыз етуді тапсыруға шешім қабылданады. Белгілі бір мамандықты меңгерту арқылы жасөспірімдерді еңбекке тарту балалардың панасыздығы мен қараусыздығымен күрестің бір түріне айналған болатын. Бұдан басқа, халық комиссариаттары, ШаруашылықХК мен барлық өнеркәсіптік кәсіпорындарды олардың жүйелерінде жұмыс жасап жатқан бұрынғы балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне қажетті жағдайдың барлығын жасау міндеттелген болатын (ҚР ПА Қ.708 Т.5/1 І.688 П.1144).

КСРО Халық комиссарлар кеңесінің 26.06.1943 жылғы № 697 «Балалар үйлерінің, КСРО НКВД еңбек колонияларыны тәрбиеленушілері мен ата-анасыз қалған 14 жастан асқан жасөспірімдерді еңбектік орналастыру туралы» Қаулысына сәйкес жұмысқа 14 жастан асқан балаларды ғана алу және оларды қолөнер, теміржол училищелері мен ФЗО мектептеріне, соны-

мен қатар өнеркәсіптік кәсіпорындарға жіберу міндеткерлігі енгізілді (ҚОМА Қ.275п Т.1 І.13 П.13) [197, л. 4, л. 13].

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1940 жылғы 28 желтоқсандағы «Қолөнер, теміржол училищелері мен ФЗО мектептері білім алушыларының тәртіп бұзуы мен училищеден (мектеп) рұқсатсыз кетіп қалуы үшін жауапкершілігі туралы» Жарлығына сәйкес жұмыс орны немесе оқу орнын рұқсатсыз тастап кеткен жасөспірімдер 1 жыл мерзімде еңбектік тәрбие беру колонияларына жіберіліп отырды. Жасөспірімдердің жұмыс орындары мен оқу орындарын тастап кетуіне жүктелген жұмыстың жас шамасына, біліктілігіне және физикалық жағдайына сәйкес келмеуі және рұқсатсыз кетіп қалу қатаң жазаланатынын білмеуі де басты себептерінің қатарында болған. Сонымен қатар орыс тілін білмейтін балалар жұмыс орнында болмағаны үшін қылмыстық жауапкершілік бар екенін білмеген жағдайлар да кездескен (Сактаганова З., 2022: 222).

ФЗО мектептері, теміржол мен қолөнер училищелері контингенті балалар үйлері түлектерінің есебінен толығып отырған. Себебі, 14 жасқа толған, сонымен қатар түрлі себептерге байланысты мектептегі оқуын жалғастыра алмаған балалар үйлерінің тәрбиеленушілері балалар мекемелерінен шығарылып отырды. Соғыс жылдары еңбекпен тәрбиелеуде балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілерге ерекше назар аударылды. Балалар мекемелерінен кеткен соң да олардың тағдыры мемлекеттік органдардың қарамағында болды. Балаларды ерте кезден еңбекке араластыру әдеттегі жағдай болып табылды. Мысалы, жазғы демалыс уақыттарында әдеттегі мектеп оқушылары өз демалыстарын демалыс орындарында, жазғы лагерлерде, балаларға арнап ұйымдастырылған алаңдарда өткізсе, ал балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілердің өмірінде қатты өзгерістер бола қойған жоқ. Олар демалыс уақытында колхоз егістіктерінде, балалар үйлері жанындағы қосалқы шаруашылықтарда жұмыстарын жалғастыра берді. Тек жай күндерден демалыс күндердің айырмашылығы ол күндері жақсартылған тамақтану енгізілуінде ғана болды (Вычеров Д., 2020: 71). Бұл балалар үйлерінің тәрбиеленушілер үшін қажетті шара болып табылды. Олар өздерінің қосалқы шараушылықтары немесе колхоз егістіктерінде жұмыс істеу арқылы өздерін қосымша азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырды. Себебі, азық-түлік жеткізуде, әсіресе, қыс мезгілінде үнемі қиындықтар болып тұрды.

Соғыс уақытында жастайынан еңбек ету балалар өмірінің ажырамас бөлігінің бірі болды. Ауылдық жердің балалары күнделікті өмірде еңбекке өте ерте араласты: үлкендерге мал жайғауға көмектесті, егістікте жұмыс жасады, пеш жағып, отын-су тасыды. Ал, соғыс басталып, ер азаматтар майданға аттанған кезде ер адамдар жасаған жұмыстың ауыртпалығы ауылда қалған әйелдер мен балаларға түсті. Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылының тумасы, 1926 жылғы туған Абдикеева Рикия Сыздыққызының естелігінен: «Әкем мен ағаларымды соғысқа алып кеткен соң, майданға азық-түлік керек болғандықтан оқуды тастап, колхоздың егіс алқабында жұмыс жасауға тура келді. Жазда мал бақтық, қыста топырақ ылғалдылығын сақтау үшін егістікте қар тоқтату жұмыстарымен айналыстық. Онымен қоса жауынгерлерге қыстық жылы шұлық, қолғаптар тоқып, майданға жіберіп отырдық. Мен сияқты балалардың барлығы жұмыс жасады. Бізге еңбекақыны азық-түлікпен, оның ішінде ұн, аздап бұршақ, астық түрінде берді. Ақша бермейтін» (Утебаева А., 2108). Жезқазған облысы, Шет ауданының тумасы 1935 жылы туған Әбеуова Тұрсын соғыс кезіндегі балалық шағы мен күнделікті еңбекпен айналысқандығын былай деп еске алады: «Соғыс уақытында егістікте жұмыс жасадым, егін жинадым. Қой мен сиыр бақтым. Менімен бірге 6-8 жастағы балалар жұмыс жасады. Демалыссыз, таңертеңнен кешке дейін жұмыс істедік. Еңбекақы төлеген жоқ, астық түрінде беретін. Ол кезде бізде бос уақыт деген болған жоқ. Әйтеуір, тезек теру, қой, бұзау бағу сияқты шаруалар дайын тұратын» (Утебаева А., 2018).

Ауыр еңбек жағдайы немесе төмен еңбекақы балалардың жұмыс істемеуіне себеп болған жоқ. Ақша немесе азық-түлік түрінде берілген еңбекақы сол кезде үлкен олжа болды. Балалар ересектермен бірдей, демалыссыз жұмыс жасады. Балхаш қаласының тұрғыны Дьячкова (Яроманка) Евдокия Петровна былай деп еске алады: «Еңбек ақымызды ақшамен берді, мардымсыз ғана болды, күндіз-түні жұмыс жасадық, арасында егістікте көз іліп алып әрі қарай демалыссыз жұмыс жасай беретінбіз. Бос уақытта кішірек балалар доппен ойнап, секіргіште секіретін, ал ересектеу балалар саябаққа биге баратын» (Утебаева А., 2108).

Соғыс кезіндегі балаларда балалық шақ болған жоқ, олар шама-шарқына қарай ересектермен бірдей еңбек етті: «бізде балалық шақ болған жоқ, қуыршақпен немесе далада асыр салып ойын ойнамадық, мектепте 1-2 сабақтан соң біз-

ді бақшаға немесе егістікке жұмыс істеуге жіберетін, жеңіс үшін, Отан үшін, Сталин үшін еңбек еттік» (Утебаева А., 2108). Алтавец Александра Егоровнаның естелігі: «Есімде, жейтін ештеңе болмайтын, үнемі ашкүрсақ жүретінбіз, егер біреу жарты литр сүт берсе, соған қуанатынбыз. Анамыз сырқаттанып, жұмыс табу қиын болды. Отбасындағы ерке болғандықтан мені аяққа тұрып, адам болсын деп, басқа жанұяға тәрбиелеуге беріпті. Күні бойы жұмыс істейтінмін. Бөгде адамдардың үйінде тұрып, балаларын бақтым, үйлерін жинадым. Асырап алған отбасылар отырғызбайтын, үнемі жұмыс тауып беретін. Әпкем шемішкені арзан жерден алып, қуырып сататын. Әлі есімде иінағашпен су таситынмын, суды толтырып алып әкеле жатқанда шелектер жерге тиіп зорға жүретінмін, үйге келгенше шелектегі судан түк қалмайтын. Өте кішкентай болдым. Кейде басқа отбасылардың кішкентай балаларын баққанымыз үшін кесек қант беретін, соған мәз болып, бауырымызға әкеліп беретін едік. Бізде балалық шақ болған жоқ. Ойнайтын ойыншығымыз да болмады. Олармен ойнауға уақыт та болмайтын еді» (Абдукаримова Ж., 2021).

Ауылдық жердегі балаларға тіпті қиын болды. Сыздықов Төкен балалық шағы туралы естеліктермен былай деп бөліседі: «Ауылда жұмыс көп болды. Қой, сиыр, қой бағу, шөп тиеу, таңертеңнен кешке дейін қолымыз бір босамайтын, шамалы демалып алып, қайта жұмысқа кірісетінбіз. Су тасыдық, пеш жақтық. Колхоздың егістігінде жұмыс істедік, солай еңбек күнімізді өтедік. Еңбекақы туралы тіпті де ойлаған жоқпыз. Бірнеше айда бір рет 25-30 кг бидай беретін, оны үйге әкеліп қол диірменге тартып алатынбыз. Қойды да балалар сауатын. Жіп те иіретін едік, әр отбасынан майданға шұлық, қолғап сияқты жылы киімдер жіберу міндет болатын. Үйіміз де кішкентай еді, бір бөлмеде бірнеше отбасы тұратынбыз, сол жерде ұйықтап, барлығымыз бірге шай, тамақ ішетінбіз. Жазда егістікте өте ыстық, ұйқы келетін, кетіп қалуға болмайды. Көлік деген болмайтын, тек бір ғана атымыз болатын. Шөпті егістік алқабында қалдырып, қыста шанамен таситын едік. Ер азаматтардың көбін майданға алып кеткендіктен, көбінесе әйелдер жұмыс істейтін. Менің әкем егде жаста болғандықтан соғысқа алынбай, колхозда қалған болатын» (Абдукаримова Ж., 2021). Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылының тұрғыны Абдикеева Рақия Сыздыққызының естелігі: «Әкелеріміз бен ағаларымызды майданға алып кеткен соң ер адамдардың жұмыстарын

өйелдер мен балалар атқарды. Мал бақтық, колхоздың егістігінде жұмыс жасадық, оқуға бара алмадық, майданға азық-түлік жіберу керек болды» (Сактаганова З., 2016: 221).

Бейбіғали Нүрділдина – Қарқаралы ауданы Қайнарбұлақ колхозының тумасы Ұлы Отан соғысы басталғанда 8-9 жаста болып, колхоздың астық бастырғышына жегілген аттың үстінде жұмыс жасадым. Еңбегімізге ақша төледі, кейде 2-3 қап бидай беретін (Абдукаримова Ж., 2021).

Шет ауданының бір отбасының тағдыры негізінде соғыс жылдарында кейбір балалардың жағдайы өте ауыр болғандығын көруге болады: «Мен 9 жаста болғанымда 1941 жылы әкем Қарағандыдағы №1 шахтада партия комитетінің хатшысы болып қызмет істеп жүрген кезінде Отан қорғау үшін майданға аттанды. 1943 жылы аш өзек болып, бастауыш сыныпта оқып жүргенімде, «жығылған үстіне жұдырық» дегендей анам төсек тартып ауырып қалды. Артынан інім – Амангелді ауырып қайтыс болды. Қалада панасыз қалған жиені мен сіңілісінің осы қаліне қабырғасы қайысқан нағашы апам Рақыш бізді ауылға көшіріп алуға келгені әлі де есімде. Әйел басымен қыстың ішінде жалғыз өзі екі қаптай азық арқалап, бізді іздеп келді. Барлық жағдайды көріп, туысқандық жүрегі елжіреген ол кісі біздің бұлайша күн көре алмасымызға көзі жеткендей жаз шыға бізді көшіріп алмақ болып ауылына қайтты. Біз болсақ жаздың шығуын, сол кісінің келуін асыға күттік. Ауылға келген беттен отбасындағы жауапкершіліктің өз басыма түскенін түйсініп, ауырған анамның көңілін аулап, 11 жасымнан буыным қатпаған мен ауыр еңбекке араластым» (Абдукаримова Ж., 2022).

Бұл Шет ауданында тұрған бала – Әбдіғалиұлы Сапардың күнделігінен алынған үзінді. Ол соғыс басталған кезде 9 жаста болған екен. Өкінішке орай, күнделік толығымен сақталмаған, бұл тек күнделіктің сақталып қалған үзіндісі ғана, бірақ, осы кішкене үзіндінің өзінен 9 жасар баланың көзімен күнделікті күйбең тіршілікті көруге болады. Жұдырықтай бала отбасының мүшкіл жағдайын «жығылған үстіне жұдырық» болды деп, қайғы үстіне қайғы келіп, қырсық шалғандығын мақал-мәтелдеп, отбасының басына түскен ауыртпашылықты сипаттайды. 9 жасар бала інісінің қазасын, анасының ауыр сырқатын жай ғана, ешбір толғаныссыз, сезімсіз жазады. Дегенмен, осы күнделіктегі жазбадан өз қайғымұңымен жалғыз қалған баланың ішкі тебіренісін, қасіреті мен көз жасын байқауға болады. Соғыс кезіндегі балалардың күнделіктеріндегі жазбалары мен хаттарынан олардың қайғылы

оқиғаларды жай ғана селқос баяндайтындықтары аңғардық. Бұл сол кездегі адамдардың өмірі ауыртпашылыққа, қайғы мұңға, қасіретке толы болғандығы соншалықты, оларды жеткізуін жай ғана қалыпты жағдай ретінде қабылдауларынан көруге болады. 11 жастағы бала отбасының асыраушысы екендігін түсініп, ерте есейген. Сол кездегі әкелері майданға аттанып, асыраушысыз қалған отбасылардағы қазақстандық балалардың көпшілігінің соғыс кезіндегі күнделікті өмірі осындай болды. 11-12 жастағы балалар бір сәтте есейіп, отбасының бас көтерер, үлкендеріне айналды.

1944 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты 28 колхозындағы 956 отбасында – 3649 адам тұрған. Статистикалық мәліметтер бойынша олардың 1133 ғана еңбекке жарамды болып, олардың ішіндегі 152 адам 12 жастан 16 жасқа дейінгі балалар болған. Олар еңбекке жарамды халықтың 13,5% құраған екен. Шын мәнінде колхоздың егістігінде жұмыс істеп, мал бағып еңбек еткен балалар бұдан да көп болған. Себебі, 12 жасқа дейінгі балалар да қоғамдық еңбекке жұмылдырылған (Артықбаев Ж., 1998: 159-161).

Балалар тек егістік пен үй шаруашылығында ғана емес, сонымен қатар өндірісте де жұмыс жасады. Ахметов Зубайра соғыс уақытындағы өзінің отбасының өмірін былай деп еске алады: «Әжемнің үлкен қызы Бағыла 14 жасында №1 шахтада жұмыс істеген, шахтерлерге шам тасыған. Әжем оны ерте таңғы сағат 4-те оятып, жұмысқа жіберетін болған, ал Бағыла тұрғысы келмей жылайды екен» (Абдрахманова К., 2018). Заикина Тамара Федоровна мен оның әпкесі соғыс жылдарында ауыл шаруашылық артелінде майдан үшін пима басып, ақ тондар тіккен, ұйқы көрмей, тәуліктен жұмыс істеген. Арасында ғана дамылдап, жүндерді верстактарға жайып отырған екен (Утебаева А., 2018). Загоруйко (Матвеевко) Анна Корнеевна, 1943 жылды былай деп еске алады: «Мені тігін фабрикасына жіберді. Онда біз жауынгерлерге гимнастерка, жейде, галифе сияқты әскери киім тігетінбіз. Күніне бес гимнастерка тігу норма болатын. Өте ауыр жағдайда, түнге дейін жұмыс жасадық. Цехтың іші қыста суық, жазда қапырық, машиналардың даусынан у-шу болып тұратын. Норманы орындамасак, азық-түлік карточкасы берілмейтін. Жұмыс күні 12 сағатқа созылатын. Түскі ас пен басқа да әжетімізге жарты сағаттық қана үзіліс беретін. Таңертең ертеден жұмыс орнында болу үшін фабрикаға қонған кездерім болды. Жұмысқа күнде жаяу барып, келу қиын еді. Аусымнан

үйге қас қарайғанда келетін едім» (Елеуханова С., 2018). Соғыс жылдарында Балхаш қаласында тұрған Дьяченко Евдокия Петровна еңбек еткен балалық шағы мен өзінің ағасы мен әпкесі туралы естеліктерімен былай деп бөліседі: «Соғыс кезінен бастап жұмыс істей бастадым, ол кезде 13 жаста едім. Мені есепші етіп алды, бірақ егістікте жұмыс істедім. Басқа балалардың жасы да мен шамалас болды. Ұлдар болған жоқ, тек қыздар болды. Өйткені, ұлдардың барлығын әскерге алып кетті. Жұмыс өзгеріп тұратын. Жазда егістікте қауын, қарбыз өсірдік. Сосын бізді қалаға жіберді, онда біз арнайы ағаш күректермен қарбыздарды кесіп, ішінен дөңдерін алатынбыз. Қыс айларында асханаға жұмысқа жіберетін. Үлкен ағам зауытта токарь болды. Зауыттағы станокқа бойы жетпесе де оның бірнешеуінде жұмыс істейтіні туралы тіпті мақала жазған болатын. Станокқа бойы жетуі үшін аяғының астына жәшік қояды екен. Сіңілім де достарымен бірге жұмыс істеді. Хат тасып, майданға тоқылған бұйымдар мен жылы киімдер жіберетін. Еңбекақыны ақшамен беретін, бірақ ол мардымсыз болды. Күндіз түні жұмыс істедік, егістікте жатып сәл көз шырымын алып, қайта жұмысқа кірісетінбіз, демалыс деген болған жоқ» (Мухатаева Г., 2018).

Әкелері майданға бармаған отбасылардың өмір сүру жағдайы әлдеқайда жақсы болды. Мысалы, Баклюк Лидия Максимовнаның естелігінен: «Әкем мемлекеттік банкте бас бухгалтер болып жұмыс жасады, анам үй шаруасында болды. Михайловка селосында тұрдық, сиыр, тауық асырадық, бақшамыз болды. Әкем арнайы 3 топтық азық алып отырды. Сіңілім екеуіміз жұмыс жасаған жоқпыз. Тек колхоздарға картоп, сәбіз жинауға көмектестік, сыныптан тыс жұмыс ретінде жылы киімдер жинап, госпиталда жараланып жатқан жауынгерлерге көркемөнерпаздар кешітерін ұйымдастыруға қатыстық. Анам біз тұратын Нижняя көшесі (қазіргі Қ. Аманжолов көшесі) бойынша Қызыл әскер жауынгерлері үшін жылы киім жинауға жауапты болды. Құрбым 8 жасынан бастап тоқуды үйреніп, бос уақытында ол, анам, әпкем, тіпті інім де майданға шұлық тоқитын еді» (Абдукаримова Ж., 2021) [181].

Соғыс кезіндегі балалардың естеліктері әртүрлі, жағдайы жақсы отбасылардың балалары аштықты, мұқтаждықты көрмеген. Шахтерлер поселкесіндегі ұстаның ұлы Смирнов Влади-

мир Иванович балалық шағы туралы айтқанда ол кезді бақытты шағы ретінде еске алады: «Біз жақсы тұрдық, соғыс болып жатқанын түсіндік, бірақ соғыс біздің отбасымыздың жағдайына қатты әсер етпеді. Анам – үй шаруасында, әкем – ұста. Әкеме облыстың жер-жерінен қазақтар аттарының жазғы тағаларын қысқыға, қысқыларын жазғыға ауыстыруға келетін. Қазіргі көліктің дөңгелегін ауыстырғандай. Ол кезде ақша болмайтын, әкеме ақыларын ет, май, сүт өнімдері түрінде төлейтін. Солардың ішінде қуырылған бидай керемет дәмді болатын. Кішігірім шаруашылығымыз да болды» (Абдукаримова Ж., 2021).

Қорытынды

Соғыс балалары өздеріне ерекше қарым-қатынасты күтпеді де, себебі олар ересектермен бірдей жұмыс істеп, жасаған жұмыстарына бірдей жауапкершілікте болды. Әрине, кей жағдайларда балалық жасап, кейбір шаруаларды шала жасап немесе ұмытып кеткен жағдайлар да болды. Үй шаруасына көмектескеннен гөрі ойнағанды тәуір көрді. Бірақ, соғыс жылдарының балалары өте ерте есейді, соғыстың алғашқы айларынан бастап еңбекке араласып, Отан қорғау ісіне өз үлестерін қосу керектігін жақсы түсінді.

Еңбек кеңестік кезеңде ересектердің де балалардың да өмірінің ажырамас бөлігі болды. Еңбек ету ұят нәрсе ретінде қабылданбады, адамдар қандай болсын жолмен Отанының игілігі үшін жұмыс істеді. Тәрбие мен үгіт-насихат, істеген ісіне ұжымдық жауапкершілік, қылмыстық жазадан қорқу арқылы балалар еңбектеніп, қоғамға пайда әкелді. Әрине, жасөспірімдердің өздерінің теріс әрекеттері үшін шынайы жаза тартатынын түсінбегендіктен еңбек тәртібін бұзған жағдайлары да болды. Бұған олардың дамылсыз еңбек етуі нәтижесіндегі шаршауы, аз тамақтануы, ең бастысы, ауыр жұмыс жағдайлары және табыстарының төмендігі себеп болды.

Мақала 2022-2024 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған «Қазақстандағы Кеңес балалық шағы соғыс жылдарында (1941-1945 жж.): тарих және күнделікті өмір» ЖРН АР14973000 конкурсын іске асыру шеңберінде жазылған.

Әдебиеттер

- de Graffenried J.K. (2014) *Sacrificing childhood: children and the Soviet State in the Great Patriotic War*. – Lawrence: University Press of Kansas. – 248 p.
- Frierson C.A. (2015) *Silence Was Salvation: Child Survivors of Stalin's Terror and World War II in the Soviet Union*. – New Haven: Yale University Press. – 267 p.
- Kucherenko O. (2012) State v. Danila Kuz'mich: Soviet Desertion Laws and Industrial Child Labor during World War II // *Russian Review*. – vol. 71, №3. – pp. 391–412.
- Saktaganova Z., Abdukarimova Zh. (2021) Soviet childhood: homelessness and neglect of children in Central Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941–1945) // *Вестник Карагандинского университета*. – №4(104). – p. 103-112.
- Абдрахманова К.К. (2018) Ахметова З.: интервью: стенография. – Караганда.
- Абдукаримова Ж.К. (2021) Баклюк Лидия Максимовна: интервью: стенография. – Караганда.
- Абдукаримова Ж.К. (2021) Алтавец А.А.: интервью: стенография. – Караганда.
- Абдукаримова Ж.К. (2021) Смирнов Владимир Иванович: интервью: стенография. – Караганда.
- Абдукаримова Ж.К. (2022) Әбдіғалиұлы сапардың күнделігі: М. С. Жақиннің жеке мұрағатынан. – Караганда.
- Абдукаримова Ж.К. (2022) Бейбітқайып Н.: интервью: стенография. – Караганда.
- Артықбаев Ж.О., Жақин М.С. (1998) Шет елінің тарихы. – Караганды: ҚарМУ баспасы. – 234 б.
- Астафьев Д.А. (2022) Детская тыловая повседневность в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. (по воспоминаниям З. М. Астафьевой) // *История повседневности*. – №3 (23). – С. 189-201.
- Восемь вагонов теплых вещей (1941). *Казахстанская правда*, июль – 26.
- Вычеров Д.А. (2020) Военное обучение школьников в конце 1930-х-1945 гг. (на материалах города Тюмени) // *Наука. Общество. Оборона*. – №8(1). – С. 7-12.
- Дунбинская Т.И. (2004) Социальная адаптация детей на территории Западной Сибири в годы Великой Отечественной войны: анализ исторического опыта: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Томск. – 249 с.
- Елеуханова С.В. (2018) Загойруйко (Матвеев) А.: интервью: стенография. – Алматы.
- Жаркынбаева Р.С., Дулина Н.В., Ануфриева Е.В. (2020) Военная повседневность в городах тыла в 1941-1945 гг. (на примере г. Алма-Ата) // *Вестник Волгоградского государственного университета*. – Т. 25, №1. – С. 97-108.
- Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны: воспоминания и интервью: сб. матер. / под ред. З.Г. Сактаганова. – Караганда, 2020. – 400 с.
- Коренько В.М. (2017) Повседневная жизнь детей военного и послевоенного времени (по материалам Молотовской области): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Пермь. – 295 с.
- Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА) Қ.708 Т.5/1 І.688
- Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) Қ.275п Т.1 І.13
- ҚОМА Қ.664 Т.1 І.34
- Мухатаева Г.А. (2018) Дьячкова (Яроменка) Е.П.: интервью: стенография. – Балхаш.
- Очирова В.Н. (2018) Отечественные историки о военном детстве сибиряков // *СибСкрипт*. – №4 (76). – С. 58-64.
- Пионерскую работу – на военную ногу (1941). *Казахстанская правда*, июль – 25.
- Пионеры на трудовом фронте (1941). *Правда*, июль – 6.
- Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты (РМӘСТМ) Қ.М.1 Т.12 І.834
- РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.27
- РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.31
- РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.37
- РМӘСТМ Қ.М.1 Т.12 І.45
- Ромашова М.В. (2006) Советское детство в 1945-1950-х гг.: государственные проекты и провинциальные практики (по материалам Молотовской области): дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02. – Пермь. – 211 с.
- Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К. (2019) Повседневная жизнь Казахстана в годы Великой Отечественной войны // *Вестник Омского университета*. – №4(24). – С. 93-100.
- Сактаганова З.Г., Абдукаримова Ж.К. (2023) Трудовые воспитательные колонии как мера борьбы с детской беспризорностью и безнадзорностью в 1943-1945 гг. (на примере Шокайской трудовой воспитательной колонии) // *Вестник КарУ*. – №2(110). – С. 219-230.
- Сарсенбаева С.С., Аликеева Г.М., Шахиева А.М. (2015) Страницы истории охраны материнства и детства в Казахстане в годы Великой Отечественной войны // *Вестник КазНМУ*. – №4. – С. 713-715.
- Уайт Э. (2020) Современная история российского детства: от Позднего имперского периода до распада Советского Союза / пер. с англ. – Лондон: Издательство Блумсбери. – 224 с.
- Утебаева А.Д. (2018) Абеуова Т.: интервью: стенография. – Караганда.
- Утебаева А.Д. (2018) Абдикеева Р.С.: интервью: стенография. – Караганда.
- Утебаева А.Д. (2018) Заикина Т.Л.: интервью: стенография. – Караганда.
- Хиторян М.Г. (1976) Трудовое воспитание и политехническое образование в советской школе и педагогике (30-50-е годы): автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01. – М. – 40 с.
- Чуркин М.К., Умнов Е. Е. (2020) Воспоминания как эго-текст: детская тыловая повседневность сибирской провинции в годы Великой Отечественной войны // *Вестник Томского государственного университета. История*. – №65. – С.69-74.
- Школьники, выходите на колхозные поля (1942). *Социалистическая Караганда*, июнь – 4.

References

- deGraffenried J.K. (2014) *Sacrificing childhood: children and the Soviet State in the Great Patriotic War*. – Lawrence: University Press of Kansas. – 248 p.
- Frierson C.A. (2015) *Silence Was Salvation: Child Survivors of Stalin's Terror and World War II in the Soviet Union*. – New Haven: Yale University Press. – 267 p.
- Kucherenko O. (2012) State v. Danila Kuz'mich: Soviet Desertion Laws and Industrial Child Labor during World War II // *Russian Review*. – vol. 71, №3. – pp. 391–412.
- Saktaganova Z., Abdukarimova Zh. (2021) Soviet childhood: homelessness and neglect of children in Central Kazakhstan during the Great Patriotic War (1941–1945) // *Вестник Карагандинского университета*. – №4(104). – p. 103-112.
- Abdrakhmanova K.K. (2018) Akhmetova Z.: interviiu: stenografiia. [Akhmetova Z.: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).
- Abdukarimova Zh.K. (2021) Bakliuk Lidiia Maksimovna: interviiu: stenografiia. [Baklyuk Lidiya Maksimovna: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).
- Abdukarimova Zh.K. (2021) Altavets A.A.: interviiu: stenografiia. [Altaets A.A.: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).
- Abdukarimova Zh.K. (2021) Smirnov Vladimir Ivanovich: interviiu: stenografiia. [Smirnov Vladimir Ivanovich: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).
- Abdukarimova Zh.K. (2021) Shcheblykina Vera Grigorevna: interviiu: stenografiia. [Shcheblykina Vera Grigoryevna: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).
- Abdukarimova Zh.K. (2022) Әбдірәліұлы сапардың күнделігі: М. С. Жәкінің зәке мұрағатынан. [Abdigaliuli sapardyn kundeligi: M. S. Zhakinnin zheke muragatynan]. – Karaganda.
- Abdukarimova Zh.K. (2022) Beibirain N.: interviiu: stenografiia. – Karaganda (on Russian).
- Artykbaev Zh.O., Zhakin M.S. (1998) *Shet oniriniң tarikhı*. – Kararandy: ҚарМУ баспасы. – 234 b. (on Russian).
- Astafev D.A. (2022) *Detskaia tylovaia povsednevnost v gody Velikoi Otechestvennoi voiny 1941-1945 gg. (po vospominaniiam Z. M. Astafevoi)* [Children's rear everyday life during the Great Patriotic War of 1941-1945 (according to the memoirs of Z. M. Astafeva)]. // *Istoriia povsednevnosti*. – №3 (23). – S. 189-201 (on Russian).
- Vosem vagonov teplykh veshchei (1941) [Eight wagons of warm clothes]. *Kazakhstanskaia pravda*, iiul – 26 (on Russian).
- Vycherov D.A. (2020) *Voennoe obuchenie shkolnikov v kontse 1930-kh-1945 gg. (na materialakh goroda Tiumeni)* [Military training of schoolchildren in the late 1930s-1945. (based on the materials of the city of Tyumen)] // *Nauka. Obshchestvo. Oborona*. – №8(1). – S. 7-12 (on Russian).
- Dunbinskaia T.I. (2004) *Sotsialnaia adaptatsiia detei na territorii Zapadnoi Sibiri v gody Velikoi Otechestvennoi voiny: analiz istoricheskogo opyta* [Social adaptation of children in Western Siberia during the Great Patriotic War: analysis of historical experience]: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. – Tomsk. – 249 s. (on Russian).
- Eleukhanova S.V. (2018) Zagoruyko (Matveenکو) A.: interviiu: stenografiia. [Zagoruyko (Matveenکو) A.: interview: shorthand]. – Almaty (on Russian).
- Zharkynbaeva R.S., Dulina N.V., Anufrieva E.V. (2020) *Voennaia povsednevnost v gorodakh tyla v 1941-1945 gg. (na primere g. Alma-Ata)* [Military daily life in the cities of the rear in 1941-1945. (on the example of Alma-Ata)] // *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta*. – T. 25, №1. – S. 97-108 (on Russian).
- Zhenshchiny Kazakhstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny: vospominaniia i interviiu: sb. mater. [Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War: memoirs and interviews: collection of materials] / pod red. Z.G. Saktaganova. – Karaganda, 2020. – 400 s (on Russian).
- Koreniuk V.M. (2017) *Povsednevnaia zhizn detei voennogo i poslevoennogo vremeni (po materialam Molotovskoi oblasti)* [The daily life of children of the war and post-war period (based on the materials of the Molotov region)]: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. – Perm. – 295 s (on Russian).
- Қазақстан Республикасы Президенті архиві (ҚР ПА) Қ.708 Т.5/1 І.688
Қарағанды облыстық мемлекеттік архиві (ҚОМА) Қ.275п Т.1 І.13
ҚОМА Қ.664 Т.1 І.34
- Mukhataeva G.A. (2018) Diachkova (Iaromenka) E.P.: interviiu: stenografiia. [Dyachkova (Yaromenka) E. P.: interview: shorthand]. – Balkhash (on Russian).
- Ochirova V.N. (2018) *Otechestvennye istoriki o voennom detstve sibiriakov* [Domestic stories about the life of sibiryakov] // *SibSkript*. – №4 (76). – S. 58-64 (on Russian).
- Pionerskuiu rabotu – na voennuiu nogu (1941). [Pioneer work on the nail]. *Kazakhstanskaia pravda*, iiul – 25 (on Russian).
- Pionery na trudovom fronte (1941). [Pioneers on the Labor front]. *Pravda*, iiul – 6.
- Resei Memleketтік әлеметтік-saiasi tarikh mұraғaty (RMӘSTM) Қ.М.1 Т.12 І.834
RMӘSTM Қ.М.1 Т.12 І.27
RMӘSTM Қ.М.1 Т.12 І.31
RMӘSTM Қ.М.1 Т.12 І.37
RMӘSTM Қ.М.1 Т.12 І.45
- Romashova M.V. (2006) *Sovetskoe detstvo v 1945-1950-kh gg.: gosudarstvennye proekty i provintsialnye praktiki (po materialam Molotovskoi oblasti)* [Soviet childhood in the 1945-1950s: state projects and provincial practices (based on materials from the Molotov region)]: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02. – Perm. – 211 s. (on Russian).

Saktaganova Z.G., Abdrakhmanova K.K. (2019) Povsednevnaia zhizn Kazakhstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny [Daily life of Kazakhstan during the Great Patriotic War] // Vestnik Omskogo universiteta. – №4(24). – S. 93-100 (on Russian).

Saktaganova Z.G., Abdurkarimova Zh.K. (2023) Trudovye vospitatelnye kolonii kak mera borby s detskoï besprizornostiu i beznadzornostiu v 1943-1945 gg. (na primere Shokaiskoi trudovoi vospitatelnoi kolonii) [Labor educational colonies as a measure to combat child homelessness and neglect in 1943-1945. (on the example of the Shokai labor educational colony)] // Vestnik KarU. – №2(110). – S. 219-230 (on Russian).

Sarsenbaeva S.S., Alikeeva G.M., Shakhieva A.M. (2015) Stranitsy istorii okhrany materinstva i detstva v Kazakhstane v gody Velikoi Otechestvennoi voiny [Pages of the history of maternity and childhood protection in Kazakhstan during the Great Patriotic War] // Vestnik KazNMU. – №4. – S. 713-715 (on Russian).

Uait E. (2020) Sovremennaia istoriia rossiiskogo detstva: ot Pozdnego imperskogo perioda do raspada Sovetskogo Soiuza [The Modern history of Russian childhood: from the Late Imperial Period to the collapse of the Soviet Union]. / per. s angl. – London: Izdatelstvo Blumsberi. – 224 s.

Utebaeva A.D. (2018) Abeuova T.: intervii: stenografiia. [Abeuova T.: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).

Utebaeva A.D. (2018) Abdikeyeva R.S.: intervii: stenografiia. [Abdikeyeva R.S.: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).

Utebaeva A.D. (2018) Zaikina T.L.: intervii: stenografiia. [Zaikina T.L.: interview: shorthand]. – Karaganda (on Russian).

Khitorian M.G. (1976) Trudovoe vospitanie i politekhnicheskoe obrazovanie v sovetskoi shkole i pedagogike (30-50-e gody) [Labor education and polytechnic education in Soviet schools and pedagogy (30-50s): the author's abstract]: avtoref. ... dok. ped. nauk: 13.00.01. – M. – 40 s. (on Russian).

Churkin M.K., Umnov E. E. (2020) Vospominaniia kak ego-tekst: detskaia tylovaia povsednevnost sibirskoi provintsii v gody Velikoi Otechestvennoi voiny [Memories as an ego-text: children's rear daily life of the Siberian province during the Great Patriotic War] // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriia. – №65. – S.69-74 (on Russian).

Shkolniki, vykhodite na kolkhoznye polia (1942). [Schoolchildren, go out to the collective farm fields]. Sotsialisticheskaia Karaganda, iun – 4 (on Russian).

Авторлар туралы мәлімет:

Зауреш Галимжановна Сактаганова – т.ғ.д., профессор, *Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры*, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Қарағанды қ. E-mail: zauresh63@mail.ru

Жанара Кадировна Абдукаримова – PhD, тарих факультеті, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Қарағанды қ. E-mail: zhanara1307@mail.ru

Сведения об авторах:

Зауреш Галымжанқызы Сактаганова – д.и.н., профессор, директор Центра этно-культурных и историко-антропологических исследований, НАО «Қарағандинский университет имени академика Е.А. Букетова», Казахстан, г. Қарағанда. E-mail: zauresh63@mail.ru

Жанара Кадировна Абдукаримова – PhD, факультет истории, НАО «Қарағандинский университет имени академика Е.А. Букетова», Казахстан, г. Қарағанда. E-mail: zhanara1307@mail.ru

Келін түсті: 22.03.2024

Қабылданды: 20.05.2024

Е.И. Стамшалов 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kun2013@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ БОСҚЫНДАР ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІК ЕРЕКШЕ КОМИССИЯ ҚЫЗМЕТІ

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі азаматтық қарсы тұру кезіндегі қақтығыстарға қатысып, атамекенін тастап қашуға мәжбүр болған босқындар тағдыры саяси катаклизмдер тарихының аз зерттелген тақырыбы болып табылады. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты 1916 жылғы көтерілістен соң және Ресейде Кеңес билігі орнағаннан кейінгі алғашқы жылдарда шекара асып, ең алдымен Батыс Қытайға кеткен босқындарды қайтару және орналастыруды мақсат еткен Түркістан Республикасы ОАК жанынан құрылған ерекше комиссияның қызметін талдау болып табылады. Патшалық Ресейдің ұлт-азаттық көтерілісті жазалау саясатынан, кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардағы қысымнан бас сауғалап шетелге босқан халықты қайтаруға байланысты кеңестік ұстанымның эволюциясы ішкі қоғамдық-саяси және геосаяси ахуалға тәуелді болды. Зерттеу барысында шынайы өмірдің бейнесін қалыптастыруға жәрдемдесетін дескриптивті әдіс пайдаланылды. Дескриптивті әдіс босқыншылықтың құбылыс ретінде қалыптасуы мен кезеңделуінің тарихи себептеріне тереңдеуге мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеу нәтижесінде отандық тарих ғылымында алғаш рет босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі кеңестік ерекше комиссияның құрылуы және қызметінің қырлары, құрылымы жүйеленді. Босқындардың барған елдегі жағдайы нақты деректермен сараланды. Шетелдік және отандық республикалық архив қорларының, оған қоса зерттеу объектісіне тікелей қатысы бар аудандық архивтер жеке қорларының құнды деректерін пайдалана отырып, босқындарды қайтару және орналастыру саясатының әлеуметтік-экономикалық, саяси себептері, оның барысы мен нәтижелері талданды. Ғылыми зерттеуде сондай-ақ, отандық тарих ғылымында алғаш рет XX ғасырдың 20-жылдарындағы босқыншылық проблемасын шешу бойынша кеңестік азаматтық, әскери және дипломатиялық құрылымдардың өзара әрекеттесу дәрежесі, позицияларындағы қайшылықтары мен оның себептері талданды. Зерттеу нәтижелерін XX ғасырдың бірінші ширегіндегі әлеуметтік тарих және миграция мәселесі бойынша жоғары оқу орындары гуманитарлық саласы бойынша арнайы курстарда, оқулықтарда, танымдық жарияланымдарда пайдалануға болады.

Түйін сөздер: қазақ-қырғыз босқындар, Синьцзян провинциясы, ерекше комиссия, Іле протоколы, кіші комиссия, шекаралық уездер, құлдықтағы босқындар.

Y.I. Stamshalov

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: kun2013@mail.ru

The activities of the soviet special commission on refugees in Semirechye in the 20s of the XX century

The fate of the refugees of the first quarter of the 20th century, who participated in the uprisings in Zhetysu and were forced to flee their homeland, is a little-studied topic in the history of political cataclysms in Kazakhstan. The purpose of the proposed article is to reconstruct the activities of the special commission of the Central executive Committee of the Turkestan Republic, whose purpose was the return and accommodation of refugees from the Zhetysui region who left the cordon after the uprising of 1916 and the first years of the establishment of Soviet power in Russia, primarily to Western China. The evolution of the Soviet position in connection with the return of refugees from the policy of retaliation by the authorities of Tsarist Russia for the national liberation uprising in the region and the continued persecution of the indigenous population in the early years of the establishment of Soviet power depended entirely on the internal socio-political and geopolitical situation. In the course of the study, a descriptive method was used that contributes to the formation of a real-life image. The descriptive method allows us to delve into the historical reasons for the formation and periodization of refugee as a phenomenon. As a result of the scientific research, the conditions for the creation, aspects and structure of the activities of the Soviet special commission for the return of refugees were systematized for the first time. The situation of refugees in the host country was examined on the basis of evidence. The socio-economic and political

reasons for the measures for the return and placement of refugees, its progress and results are analyzed using important sources from the funds of foreign and domestic republican archives, as well as special funds of regional archives directly related to the object of research. For the first time in Russian historical science, the scientific study analyzes the degree of interaction, the reasons for the contradiction of the position of Soviet civil, military and diplomatic structures on solving the refugee problem in the 20s of the XX century. The results of the research can be used in special courses, textbooks, educational publications on the humanitarian field of higher educational institutions on the problems of social history and migration of the first quarter of the 20th century.

Key words: Kazakh-Kyrgyz refugees, Xinjiang Province, special commission, Ili Protocol, sub-commissions, border counties, refugees sold into slavery.

Е.И. Стамшалов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: kun2013@mail.ru

Деятельность советской особой комиссии по беженцам в Семиречье в 20-е годы XX века

Судьба беженцев первой четверти XX века, участвовавших в восстаниях в Жетысу и вынужденных бежать, покинув родину, является малоизученной темой истории политических катаклизмов в Казахстане. Цель предлагаемой статьи – реконструкция деятельности особой комиссии центрального исполнительного комитета Туркестанской республики, целью которой было возвращение и размещение беженцев Жетысуйской области, уехавших за кордон после восстания 1916 года и первые годы установления советской власти в России, прежде всего в Западный Китай. Эволюция советской позиции в связи с возвращением беженцев от политики возмездия властей Царской России за национально-освободительного восстания в регионе и продолжение преследование коренного населения в первые годы установление Советской власти всецело зависела от внутренней общественно-политической и геополитической положения. В ходе исследования был использован дескриптивный метод, способствующий формированию образа реальной жизни. Дескриптивный метод позволяет углубиться в исторические причины становления и периодизации беженство как явления. В результате научного исследования впервые систематизированы условия создания, аспекты и структура деятельности советской особой комиссии по возвращению беженцев. Рассмотрено положения беженцев в стране пребывания на основе фактических данных. Проанализированы социально-экономические, политические причины мер по возвращению и размещению беженцев, ее ход и результаты с использованием важных источников из фондов зарубежных и отечественных республиканских архивов, а также специальных фондов районных архивов, имеющих непосредственное отношение к объекту исследования. В научном исследовании впервые в отечественной исторической науке проанализированы степень взаимодействия, причины противоречия позиции советских гражданских, военных и дипломатических структур по решению проблемы беженцев в 20-е годы XX-го столетие. Результаты исследования могут быть использованы в специальных курсах, учебниках, познавательных публикациях по гуманитарной сфере высших учебных заведений по проблеме социальной истории и миграции первой четверти XX века.

Ключевые слова: казахско-кыргызские беженцы, провинция Синьцзян, особая комиссия, Илийский протокол, подкомиссии, пограничные уезды, беженцы, проданные в рабства.

Кіріспе

XX ғасырдың 1-ширегіндегі босқыншылық құбылысы Қазақстан тарихының шешімі мен ішкі қатпары күрделі проблемаларының қатарына жа-тады. Кеңес өкіметінің тұсында мән-жайы, жай-жапсары саяси конъюктураға негізделіп үстірт түсіндірілген босқыншылық көріністерінің қарастырылатын қырлары көп. Патшалы Ресей билігі тұсында 1916 жылдары, Түркістанда кеңес билігінің орнаған 1918 жылдағы жаппай туып-өскен жерін тастап, шетелге босуынан туындаған жағдайға кеңестік биліктің сая-

си ұстанымы әрқилы өзгерісті бастан өткерді. 1916-1918 жылдары Батыс Қытайға қашқан қазақ-қырғыз және басқа ұлттар босқындарын қайтару және орналастыру жөнінде жаңа орнаған кеңестік өкіметтің позициясы біртұтас болмады. Алғашында босқындардың проблемасы осы әлеуметтік құбылыс дендеген Түркістан Республикасына қарайтын Жетісу өңіріне қатысты қарастырылды. Кеңестік билік тармақтарындағы жергілікті ұлттардан шыққан қайраткерлердің босқындар проблемасын шешуге басымдық беруі мен метрополиядағы большевиктік көсемдердің Патша самодержавиясы туғызған

және Кеңес билігінің алғашқы жылдарындағы өрескел қателіктер кесірінен қалыптасқан апатты мойындау арқылы таптық шиеленісі пісіп-жетілмеген жергілікті халықты өзіне қаратуға бағытталған популистік бастамаларының үндестік табуы босқындарды қайтару жөніндегі ортақ ұстанымды орнықтырды. Дүниежүзілік тарих бойынша әдебиеттерде XX ғасырдың 1-ширегіндегі босқындарды тарихи отанына қайтару және орналастыру бойынша жекелеген орыс, қырғыз, тәжік ұлттары өкілдерін қайтару жөнінде жекелеген зерттеулер бар болғанымен, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінен босқан қазақ босқындар тағдыры туралы тиянақты зерттеу жүргізілмеген. Кеңес билігінің босқындар мәселесімен айналысатын тиісті құрылымдары қызметін сипаттайтын жергілікті дерек қорлар зерттеу аясынан тыс қалған. РСФСР орталық билігінің уәкілдерінің, өңірдегі азамат соғысы ошағы ретінде сақталған Түркістан майданы әскери-саяси басшылығының, кеңестік сыртқы байланыстар комиссариаты өкілдерінің босқындар мәселесінде ұстанған позициялары, олардың өзара әрекеттесу механизмдері жіті талданған емес. Сол міндеттерді орындау мақсатында ұсынылып отырған мақалада алдымен Жетісу облысы бойынша шетел асқандарды қайтару бойынша қызмет атқарған босқындарды қайтару бойынша құрылым қызметін, қаржылық-материалдық тұрғыда қамтамасыз етілуін, босқындар жөніндегі ерекше комиссиялардың кадрлық құрамы, құрылымдық бөлімдері мен басшылыққа алынған заңдық-нұсқаулықтарын және олардың қызметінің босқындар тағдырына әсері түйінделген ғылыми ақпараттар мен тың архивтік деректер негізінде сараланады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық көріністері, оларды тарихи Отанына қайтару шаралары тарихи зерттеу нысанын анықтау үшін ғылыми деректер мен нақты фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында пайдаланылатын салыстыру, болжау, сараптау әдістері негізінде тұжырымдалды. Ғылыми зерттеуде босқындар категорияларының бейнесін сараптау үшін әлеуметтік тарих әдістемесінің құралдары пайдаланылды. Сондай-ақ, босқын категориясындағы адамдар тобының шынайы өмірлік бейнесін қалыптастыруға көмектесетін дескриптивті әдіс пайдаланылды. Дескриптивті әдіс босқыншылықтың құбылыс

ретінде қалыптасуы мен кезеңделуінің тарихи себептеріне тереңдеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің объектісін күрделі жүйенің бір бөлшегі ретінде қарастыратын тарихи-жүйелілік әдісі де қолданылды. Қазақстаннан кеткен босқындар қауымдастығының тарихы нақты тарихи оқиға, тарихи жағдай және дүниежүзілік тарихи үдеріс сияқты құрамдас бөліктерді қамтиды. Түркістаннан Батыс Қытайға барып орныққан бұрынғы Ресей империясы азаматтарының қауымдасып өмір сүруін талдауда американдық тарихшы Толкотт Парсонс дамытқан тарих кеңістігі өзара әрекеттесіп өмір сүретін өзіндік құрылымдары бар жүйелерден тұратыны туралы құрылымдық функционализм әдістемесі пайдаланылды. Босқындар топтарының Синьцзян аумағындағы жергілікті қоғам үшін дисфункциялық (функцияны бұзу) қызметі билік институттарын проблеманы шешуді жеделдетуге итермелегені сараланды. Жалпы алғанда, ғылыми зерттеуде методологиялық плюрализм жиынтығы қолданылды.

Төмендегі мақаланы жазу барысында Жетісудағы босқындарды орналастыру жөніндегі Түркістан АССР атқару комитетінің ерекше комиссиясы Лепсі және Жаркент бөлімдерінің дербес архивтік қор ретінде сақталған бірқатар құжаттары ғылыми айналымға енгізілді. Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі Түркістан орталық атқару комитетінің Жаркент уездік арнайы комиссиясының Жетісу облысы Мемлекеттік архивінің Панфилов филиалында (Жаркент қ.) (ЖОМА ПФ) сақталған № 265 – Жаркент уездік жұмысшы, шаруа және қызыләскерлер депутаттары кеңесі атқару комитетінің Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы (1920-1925) қорында 101 іс бірлігі сақталған. Ал Жетісу облысының мемлекеттік архивінің (Талдықорған қ.) (ЖОМА) № 751 – Лепсі уездік жұмысшы, шаруа және қызыләскерлер депутаттары кеңесі атқару комитетінің Қытайдан келген босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясы (1920-1926) қорындағы істер 90 сақтау бірлігін құрайды. Алматы облыстық мемлекеттік архиві (Қарасай ауданы, Жалпақсай а.) (АОМА) №350 – Жетісу облыстық революциялық комитеті қоры (1918-1921) материалдары пайдаланылды. Тақырыпқа қатысты қомақты дереккөздер Ресей Федерациясы архивтерінде сақталынған. Төмендегі мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік әскери архиві (РФ, Москва қ.) (РМӨА) № 110 – Түркістан майданы армияларын басқару қорының (1918-

1926) құжаттары пайдаланылды. Ал Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РФ, Москва қ.) (РЭСТМА) № 5 – В.И.Лениннің Секретариаты қоры (1917-1923), № 61- РКП (б) Түркістан бюросы (Түркбюро) қоры (1920-1922), № 544 – Шығыс халықтары I-съезі және Шығыс халықтарының насихат және әрекет Кеңесі (1920-1922) қорлары деректері пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылықтың тарихын зерттеу кеңестік тарих ғылымына қарағанда батыс тарихнамасында ерте қарастырылды. XX ғасырдың I-ширегіндегі босқыншылықтың құбылыс ретінде айқындауды да батыс зерттеушілері ерте қолға алды. 1968 жылы Нью-Йоркте жарық көрген әлеуметтік халықаралық ғылыми энциклопедияда босқын терминіне халықаралық түсініктеме беріліп, босқын ретінде «саясаттың, соғыстың немесе табиғи апаттың салдарынан пайда болған еріксіз мигрант» айқындамасы берілді (Holborn, Shuval, 1968:361). «Қырғи қабақ соғыс» жағдайында батыс ғылыми әдебиетінде кеңестік босқындар проблемасы қарастырылғанымен, социалистік лагерь тарапынан зерттеулер жүргізілмеді. Бұл арада румын зерттеушісі Кзгелди Каролидің 1969 жылы жарық көрген еңбегінің ерекше өзгешелік болғанын айта кету керек (Czegledy, 1969). Ал Эндрю Форбстың еңбегі кеңестік босқындар орныққан Батыс Қытайдың республикалық кезеңіне қатысты толыққанды зерттеу болып саналады (Forbes, 1986).

Кеңес Одағы тұсында Ресей босқындарын қайтару және орнықтыру проблемасы үстірт қана қарастырылды (Покровский, 1961). Кеңестік билік орнағаннан кейінгі Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы босқыншылық проблемасы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана отандық тарихшылардың еңбектерінде кеңірек зерттелді. Кеңестік Түркістанда сырттағы босқындар мәселесін шешу шараларының бастауында тұрған қайраткер Т. Рысқұловтың қызметі мен Түркістан орталық атқару комитетіндегі (бұдан әрі: ТүркОАК) босқындар тақырыбындағы пікірталастар туралы белгілі тарихшы О. Қоңыратбаевтың зерттеуінде баяндалған (Қоңыратбаев, 1994). Тарихшы Н.Мұхаметханұлының ебегінде 4- тарауы «Минго дәуіріндегі қазақтар (1912-1920)» деп аталып, «Қазақстан қазақтарының Шыңжаңға бас сауғалап баруы» тақырыптарында босқындарға

қатысты Қытай өкіметінің саясаты талданады. (Мұхаметханұлы, 2000). Зерттеушінің негізгі дереккөзі – қытай өкімет орындарының жоғарыдан төмен, төменнен жоғары өзара жеделхат, хат алмасулары болғандығымен, зерттеу Қытай тараптың босқыншылық бойынша ұстанымын ішінара саралауға мүмкіндік береді. Ал Н. Алдабектің зерттеуінде Шыңжаң тарихындағы қазақ босқындарына қатысты негізінен ресейлік зерттеушілер еңбектері пайдаланылған (Алдабек, 2003).

Қазақстан-Қытай арасындағы миграция мәселесін арнайы зерттеген тарихшылар Г.М.Мендікүлова мен Б.Ж.Атантаевалардың зерттеуі XIX ғасырдың 60 жылдары мен XX ғасырдың 60-жылдарындағы 100 жылдық тарихындағы миграциялық үдерісті жүйелеуге талпыныс жасауымен құнды (Мендикулова, Атантаева, 2008). Еңбекте XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақстан-қытай миграциясына аз орын беріліп, босқындар проблемасы тек 1921 жылдан бастап қарастырылған (Мендикулова, Атантаева, 2008:152). 1920-1921 жылдары босқындар жөніндегі ерекше комиссияны басқарған Ж. Бәрібаев тұлғасы туралы Р. Байжарасовтың еңбегінде мемлекеттік құрылымның көрсетілген кезеңдегі қызметіне тоқталған (Байжарасов, 1983).

Қарастырылып отырған кезеңдегі босқыншылық тақырыбы проблеманы кеңес мемлекетінің көшпелілер қоғамымен қарым-қатынасы контекстінде қарастырған ресейлік тарихшы Ф. Л. Синицын өз зерттеуінде тоқталған (Синицын, 2019). Ф. Синицыннің еңбегінің 1-тарауы «1920-жылдардағы КССРО-ның «көшпелі» аймақтары» – деп аталып, трансшекаралық көшіп-қонуға арналды. Тарихшы шекара маңайындағы ауа көшушілікті «көшпенділердің әсіресе, бұл халықтар ғасырлар бой көшіп-қонып келген аумақты кесіп белгіленген болсын, мемлекеттік шекараны мойындамауынан» туғаны туралы даулы пікір айтады. Әрине, Ф.С.Синицын азамат соғысына дейінгі қазақтардың Қытайға ауа көшуінің тарихи себептері бар екенін көрсеткенімен, миграциялық қозғалысты ауа көшушілікке жатқызып, оны босқыншылық ретінде қарастырмаған (Синицын, 2019:34). Тағы бір ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажейдің еңбегі Қазақстан мен Синьцзян арасындағы миграциялық қарым-қатынас жүйелі талданғанымен құнды (Аблажей, 2014). Н. Аблажейдің зерттеуінің бәсін тарихшының пайдалану мүмкіндігі болған Ресей Федерациясы сыртқы саясат архиві құжаттары көтеріп

түр. Американдық тарихшы Сара Камеронның зерттеуінің 5-тарауындағы «Шекара-аралық босқындықтың басталуы» тараушасында Ресей Түркістанынан қашып шыққан жүздеген мың қазақ, қырғыз, дүнген және славян тұрғындары болғанына тоқталған (Камерон, 2020:149). С. Камерон біздің мақаламыз арқау еткен 1919-1921 жылдар аралығы немесе алғашқы бесжылдыққа жататын жылдардағы «Орта Азия шекаралары жайлы ғылыми зерттеулер әлі де жоқтың қасы екенін» атап өткен (Камерон, 2019:269).

Орыс тарихшысы Е.Н. Наземцеваның монографиясы Ресей эмиграциясының 1920-1940 жылдар аралығындағы Қытайдағы құқықтық жағдайына арналып, реэмиграция және репатриацияның саяси-құқықтық мәселелері қамтылған (Наземцева, 2016). Кеңестер Одағы мен Синьцзян провинциясының 1918-1941 жылдардағы қарым-қатынасының мәселелерін сыртқы саясат ведомствасы архиві негізінде зерттеген В. А. Барминнің еңбегінде Ресей босқындарын репатриациясының шыннай себептері мен Іле протоколы аталған 1921 жылғы 27 мамырдағы келісімнің тарихи мәнісі талданған. Босқындар проблемасы Синьцзян-Ресей қарым-қатынастары аясында қарастырылғандығы және Синьцзянның тек орыс босқындарының жағдайы ғана қарастырылуы зерттеудің шектеулілігін көрсетеді (Бармин, 1998).

XX ғасырдың 20- жылдарындағы босқыншылық тарихнамасында қырғызстандық тарихшы Д.М. Будянскийдің монографиясы ерекше атауға лайық (Будянский, 2007). Тарихшының зерттеуі қарастырылып отырған кезеңдегі тек қырғыз босқындары проблемасына арналған. Д. М. Будянский босқындар жөніндегі ерекше комиссия құрылымдары қорларын қарауға мүмкіндігі болмағандықтан, кіші комиссиялар қызметін назардан тыс қалдырған.

Орта Азиялық эмиграциялық үдерісті кең ауқымда қарастырған тәжікстандық тарихшы Камолудин Абдуллаевтың еңбегін ұлан ғайыр өңірдегі босқыншылыққа, эмиграцияға себеп болған тарихи оқиғаларды мүмкіндігінше жаңаша әрі толыққанды зерделеуге талпыныс ретінде жоғары бағалауға болады (Абдуллаев, 2009). Кітаптың аннотациясында зерттеу автордың тарапынан «посткеңестік тарихнамада кеңестік кезеңдегі ортаазиялық эмиграция тарихын зерделеудің алғашқы талпынысы» ретінде бағаланғанымен, онда босқыншылықтан гөрі саяси эмиграцияға көбірек басымдық берілген. Батыс зерттеушілерінің еңбектерін жіті талдаған

автор посткеңестік кезеңдегі құнды зерттеулерді қарастырмағаны байқалады. Дегенмен, К. Абдуллаев осы күрделі тақырыптың аясындағы босқыншылықтың табиғатын түсіндіру үшін ұғымдық-категориялық әр алуандықты жүйелеуге біршама көңіл бөлген. Автор Орта Азия халықтарындағы қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі миграциялық үдерістің ғылыми-ұғымдық аппаратындағы ирреденттілік (мемлекет құрушы этникалық топтың отанынан шетке кеткен осы топтың өкілдеріне идеологиялық және ұйымдасқан түрдегі көңіл бөлу мүдделілігінің көрінісі), босқын (refugees), эмигрант ұғымдарының нақты тарихи кезеңдер бойынша қолдану практикасын талдаған (Абдуллаев, 2009:11). К. Абдуллаевтың «..босқын ұғымы революциядан кейін және азамат соғысы кезінде қашқандарға қатысты пайдалану көбірек орынды. Ал 1920-жылдардың екінші жартысы мен 1930 жылдардың басындағы КСРО-дан саяси және басқа себептермен кеткендерді «эмигрант», «мұғажир» деп атау керек» – деген біржақты байламымен келісу қиын. Тарихшы бұлай жүйелеуге, бірінші топтағылар мүліктерін тәркілеу, Қызыл Армия мен жаңа биліктің қырғынынан жан сауғалап асығыс аттанса, екінші топтың эмиграцияға кеткенше КСРО-да өмір сүру тәжірибесі болғанын, атамекенін саналы түрде тастап шыққанын уәж етеді. Біздіңше, бұлай көрініп тұрған сыртқы белгілерді критерий етіп жүйелеу тұтас кезеңнің ажырамас құрамдас бөлігі болған босқыншылық құбылысының табиғатын шектеп сипаттаумен тең. Өйткені, «саналы түрде» босып кетуге аштық, тонаушылық алым-салық саясаты, жұқпалы аурулар әсер еткен кезең қос төңкерістен басталып, 30-жылдардың ортасына дейін перманентті түрде алмасып тұрғанын ескеру керек. Дегенмен, К.Абдуллаев бұдан әрі «босқын, эмигрант және мұғажир» категорияларының барлығын да өз «титұлды» елдерінен тыс өмір сүріп жатқан орта азиялықтарға қолдануға болатынын» көрсете кеткен (Абдуллаев, 2009:16).

Соңғы жылдарда жарияланған сүбелі зерттеулер қатарына Ю.А. Лысенконың (Лысенко, 2020), Т.А.Шаметованың (Шаметова, 2024) зерттеулерін атауға болады. Ю.А. Лысенконың мақаласы босқындар проблемасының маңызды қырларын көтергенімен, деректемелік жағынан архив құжаттарына сүйенбей, жарияланған құжаттар жинағын материалдарын пайдалануымен шектелген. Т.А. Шаметованың зерттеуі негізінен Синьцзян мен Ресейдің сауда-экономикалық қарым-қатынастары болғанымен,

еңбекте мәселенің саяси қыры, әсіресе, орыс босқындарына байланысты қыры ғана қарастырылған. Зерттеуде Синьцзяндағы Патшалы Ресей тұсынан қалған дипломаттар мен жаңа орнаған Кеңестік Ресей өкіметінің сыртқы қатынастар бойынша өкілдері, Сібір (Кольчак) үкіметінің өкілдерінің өлкедегі қызметі, өзара қарым-қатынастары туралы қызғылықты мағлұматтар бар (Шаметова, 2024:171).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қытайға босқан қазақ-қырғыздарды қайтару және орналастыру бойынша шаралар қабылданды. Өз кезегінде босқындар мәселесі жайдан жай ауызға алынып, іске асырылатын саясатқа айнала салған жоқ. Жетісудағы Кеңес өкіметінің орнауы қаруланған ақгвардияшыл топтармен қоян-қолтық ауыр күреспен жүрді. 1919 жылдың 15 қазанында ТүркОАК төралқасы Спешниковтың Жетісу облысының саяси-әлеуметтік жағдайын талдаған арнайы баяндамасын талқылайды. Талқылауда сөз алған Т. Рысқұлов «Жетісуда үстемдік етіп отырған (орыс) кулактары және ол кулактар қаруланған, мәселенің бәрі осымен қорытындыланады. Жетісуда кеңес өкіметі өмір сүруі үшін осы кулактарды қарусыздандыру керек, содан кейін ғана кеңес өкіметін дұрыс ұйымдастыруға болады» – дейді (Қоңыратбаев, 1994:110). Т.Рысқұловтың өзі басқарған аштықпен күрес орталық комиссиясына, Мұсылман бюросына Қытай жерінде өмір сүріп жатқан қазақ-қырғыз босқындарының арыздары көптеп түседі. Арыз, ұсыныстардың мазмұнында Жетісу облысы бойынша Түркістан Республикасы қорынан ашыққан қазақ-қырғыз босқындарын көктем шыққанша ас-ауқатпен қамтамасыз ету үшін 6 млн. сом, шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін 48 млн. сом, Қытайда құлдыққа жүрген босқындарды сатып алу үшін 36 млн. сом және шекара сыртындағы босқындарды Отанына қайтару, киім, азық-түлікпен қамту, жеткізу шығындарына 33 млн. сом бөлу туралы өтініш те бар болатын. Осы мағлұматтар негізінде 1919 жылдың 24 қарашасында ТүркОАК арнайы мәжілісі осы босқындар тақырыбына арналып, кең талқылау жүргізілді. Осы жиналыста Т. Рысқұлов босқындарды қайтару саясатының негізгі ұстанымдары болатын 1916 жылғы көтерілістен соң ауа көшкен барлық қазақ-қырғыз босқындарға жедел көмек көрсету қажеттігі, Оларды Қытайдан кері қайтарып,

өздерінің ата қонысына орналастыру, контрреволюциядан зардап шеккен азаматтарға берілетін көмек туралы Ресейдің орталығында қолданылып жүрген ережені Түркістанға да енгізу қажеттігі, осы бағыттағы шараларды үйлестіру үшін ерекше комиссия құру туралы ұсыныстарын ортаға салды (Қоңыратбаев, 1994: 111). Бұл ұсыныс 1920 жылдың 20-29 қаңтар аралығында өткен 1 бүкілқырғыз (қазақ) кедейлер съезінде түземдік босқындарды қайтару туралы қаулы түрінде қауатталды (АОМА 350-к., 1-т., 18-іс, 142 (а) п.).

Түркістан ОАК-нің 1920 жылдың 3 ақпандағы оның төрағасы Т. Рысқұлов пен ТүркОАК іс басқарушысы Шешунов, ТүркОАК хатшысы Шакиров қол қойған №198 бұйрығында: «Жұмысшы-шаруа үкіметінің патша үкіметінің қырғыз (қазақ) халқын жүйелі және аяусыз түрде жерден айыру, қырғыз (қазақ) жерін оларды билеуші-қанаушыларға алып беру және осындай варварлық тәсілдермен қырғыз (қазақ) ұлтын толықтай жою мақсатындағы қырғыз (қазақ) халқы үшін зиянды, жыртқыш отаршылдық саясатының зардаптарын жою, әсіресе, патша әкімшілігінің 1916 жылы қырғыз халқын бұрынғы патша армиясындағы тыл жұмыстарына еңбекке қабілетті қырғыздарды шақыру сияқты зорлық-зомбылығына қарсы қырғыз халық көтерілісін қанды және қатыгездікпен басып-жаншуының қанды салдарын жоюға қол жеткізу үшін шаралар қабылдауды бірінші міндеті деп санайтыны» көрсетілді. Бұйрықта қасіретті жағдай қырғыз (қазақ) халқының жаппай Қытай жеріне қашуға мәжбүр болғаны, ол жақта халықтың көпшілігі өздерінің жұрнағы қалған мал-мүлкін ғана емес, әйелдері мен балаларын құлдыққа сатуға дейін жеткені атап айтылды. ТүркОАК Жетісу облысы бойынша төмендегідей шаралар тізбесін атқаруға бұйрық берді: «1) Жетісу облысының қатыгез патша жазалаушыларынан қашқан немесе ұлттық араздықтың салдарынан Қытайға немесе басқа жерлерде жасырынуға мәжбүр болған барлық мұсылмандарының ескі жерлеріне толық қауіпсіз күйде оралып, бұрынғы жерлері мен үйлерін тыныш пайдалануы үшін барлық шаралар қабылдансын; 2) жұмысшы-шаруа үкіметінің құзыретіндегі барлық құралдар арқылы ұлттық және таптық топтардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың бұрынғы зорлық-зомбылығын жалғастыруға бағытталған барлық әрекеттері түбегейлі тоқтатылсын.» (ЖОМА ПФ 265-к., 1-т., 1-іс, 1-п.). Аталған бұйрықты іске асыру үшін құрамында: төрағасы Төрәкүл Жанұзақов пен мүшелер С. Мангельдин, Нығматуллин,

Хохлов және Түріккомиссияның өкілі бар ТүрОАК-нің Жетісу облысындағы босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясын құрылып, құрылымға қырғыз (қазақ) босқындарын орналастыру жөніндегі арнайы нұсқаулық бойынша жұмыс істеу ұсынылды (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 1-іс, 1-п.). Босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі ерекше комиссия жұмысына айрықша назар аударылғанын оның құрамына кіретін кейбір мүшелері армия қатарынан шақырылып, әскери қызметтен жедел босатылғанынан да көруге болады (Будянский, 2007: 149). ТүрОАК президиумы жер өңдеу комиссары мен халық шаруашылығының орталық кеңесіне комиссияны керекті ауыл шаруашылық құралдары, азық-түлік, киіммен қамтамасыз етуді, әскери билік орындарын ерекше комиссияға барынша көмектесуді, комиссияның алдында тұрған міндеттерді шешуге қарсы болғандарды революциялық трибунал сотына дейін тартуды міндеттеді (Будянский, 2007: 149). Ұйымдастыру жұмыстарының барысымен Ташкентте бөгелген ерекше комиссия төрағасы Верныйға біршама кешігіп келді. Мұны Жетісу облыстық әскер-революциялық комитетінің (бұдан әрі обләскериревком – Е.С.) өкілі Юсуповтың қайта-қайта жолдаған жеделхаттарынан көруге болады. Жеделхаттардың бірі 1920 жылдың 19 наурызында Пішпекте жүрген Т. Жанұзақовтың өзіне жолданған. «Босқындарға қатысты жедел шешуді талап ететін мәселелердің көбейіп кетуіне байланысты сіздің дереу Верныйға келуіңізді және шығатын күніңізді телеграф арқылы хабарлауды ұсынамыз» – делінген жеделхатта (АОМА 350-қ., 1-т., 86-іс, 104-п.). Т. Жанұзақовты Верныйға келуін асықтырған тағы бір жеделхат Меркеге де жіберілген (АОМА 350-қ., 1-т., 86-іс, 124-п.). Юсупов ертесі 20 наурыз күні Ташкентке ТүрОАК-не жолдаған жеделхатында: «Сіздер жіберетін болған босқындарды орналастыру жөніндегі комиссия Верныйға әлі келген де, тапсырылған міндеттерді шешуге кіріскен де жоқ.»- деп көрсеткен. Жеделхат мазмұнында көктемгі егін жұмыстарының жақындауына байланысты тіршілікке керек құрал-саймандары жоқ босқындар үшін комиссия қамқорлығы айрықша керек болып тұрғаны атап көрсетілген (АОМА 350-қ., 1-т., 86-іс, 121-п.). Ал осы жылдың 30 наурызында ТүрікОАК мәжілісінде Т. Рысқұловтың ұсынысымен Жетісу облысына жіберген ерекше комиссия төрағасы Т. Жанұзақовтың жеделхаты талқыланды. Мәжілісте орыс шаруаларының сол жерде бұрын

тұрған халықтан алып қойған жер телімдерін, ол жерлерге соңынан салған құрылыстарына қарамастан, заңды иелеріне қайтару туралы шешім шығарылды (Қоңыратбаев, 1994: 170). Босқындардың Отанына оралуына ыңғайлы қоғамдық пікір қалыптастыруда, жалпы жұрттың жаңа өкімет саясатына сенімін туғызу үшін 1920 жылдың 16 наурызында Түріккомиссия басшысы Ш. Элиава, Түркістан майданының қолбасшысы М.В.Фрунзе және Түрікатком төрағасы Т.Рысқұлов қол қойған «Жетісу облысының тұрғындарына» үндеуінің қабылданды (Известия ТурЦИКа, 1920, 16 марта, №59).

Түркістан өлкелік партия комитетінің 1920 жылдың 31 наурызындағы мәжілісінде Жетісу облысының жағдайы талқыланып, осы бас қосуда Т. Рысқұловтың Жетісу облысы бойынша дайындаған тезистері тыңдалды. 17 баптан тұрған тезистерге Жетісудің отарлану тарихынан бастап, өңірдің әлеуметтік, саяси дамуының негізгі мәселелері арқау болды. Тезистерде Жетісу босқындары да назардан тыс қалмады. Құжаттың VIII-бабы 1916 жылғы көтеріліс зардабынан туған Жетісудің көшпелі халқының басым бөлігінің босқыншылыққа ұшырауы, аштық пен аурудан көп мөлшерде қырылғаны, жазалаушы күштерден бой тасалап, Қытай жеріне ауа көшкені таратылып баяндалды (Қоңыратбаев, 1994: 171-172).

Т. Рысқұловтың бастамасымен құрылып, оның басшылығында жұмысы кең қанат жая бастаған Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз босқындарды орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның белсенді әрекетінің нәтижесінде аймақтағы бірталай келеңсіздіктердің беті ашылды. 1920 жылдың 11 сәуірінде Жетісу обләскериревкомының арнайы шақырылған тұлғалармен біріккен жиналысында облыстық және уездік билік органдарының жаңадан құрылған ТүрОАК Жетісуда қазақ-қырғыз босқындарын орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясымен экономикалық қарым-қатынасының принципті мәселесі қаралды. Қабылданған қаулыда «ТүрОАК Жетісу облысындағы босқындарды орналастыру жөніндегі комиссиясын облыс аумағындағы мұқтажығына қатаң сәйкес товарлар мен қаржымен қамтамасыз ету» шешілді (АОМА 350-қ., 1-т., 29-іс, 42, 42 (а) пп.). Жетісу обләскериревкомының шешімінде босқындар жөніндегі ерекше комиссияны көзге ілмеу байқалды.

Ерекше комиссияның пәрменді әрекетіне тосқауыл қойған, оның шешімдерін орындау-

дан бас тартқан жергілікті шовинистік пікірдегі топтардың жекелеген басшыларының аяқтан шалуымен 5 мамырда (Т. Рысқұлов Түркістанда жоқ кезде) Жетісу облыстық әскериревком кеңесі босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағасы Т. Жанұзақовты тұтқынға алды. ТүркОАК-нің обләскериревком шешімінің заңсыздығын дәлелдеген талап қоюынан кейін Т. Жанұзақов тұтқыннан босатылды. Қазақ-қырғыз босқындарына көмек жөніндегі ерекше комиссия төрағасының тұтқындалуы Жетісудағы ұлтаралық қайшылықты тереңдетіп жіберді. 1920 жылдың 16 мамырында Верный қаласында РКП (б) Жетісу облыстық комитетінің 14 мамырдағы телефонограммасына орай қалалық партия ұйымының төтенше жалпы жиналысы өтті. Жиналысты қалалық партия ұйымы жетекшісі Кондрушкин мен әскери комиссар Шигабудинов баяндама жасаған. Партияның өз жұмысында ұлттық емес, таптық принциптерді басшылыққа алатыны туралы ұзақ сөйлеген Кондрушкин «материалдар негізінде» Верныйға қазақ-қырғыз босқындарын орналастыру жұмыстарымен жіберілген Жанұзақовтың бірнеше күнге тұтқынға алынуы, Юсупов, Қашқынбаев сияқты саяси қызметкерлердің үйлеріне тінту жүргізілгені туралы ақпарат өңірдегі мұсылман коммунистер арасында дүрбелең туғызғанын айтты. Кондрушкиннің баяндауынша, дүнген слабодасындағы партия ячейкасында Т. Жанұзақовты босатуды талап етпесе, барлық мұсылман саяси қызметкерлерді қызметтерінен шақырып алу туралы қаулы шығарған. Кондрушкин жергілікті партия мүшелерінің көзінде «мұсылман қызметкерлерді тұтқындау және тінту жүргізу жіберілген орыс партия қызметкерлерінің мұсылмандарды биліктен ығыстыруы» болып көрінген баса көрсетті (АОМА 350-қ., 1-т., 59-іс, 40(а)-п.).

Қырғыз манабының отбасынан шыққан Төрөкұл Жанұзақовтың Жетісудағы қырғыз-қазақ босқындары жөніндегі комиссия төрағасы болып, «бұл жұмысты жандандырған кезде отаршылдар (колонизаторлар) Түріккомиссия арқылы оны орнынан алып тастағаны» Т.Рысқұловтың 1921 жылдың 19 наурызында В. Ленинге жолдаған «Түркістан мәселелері» атты саяси баяндамасында да көрсетілген. Т.Рысқұлов Т. Жанұзақовтың босқындар бойынша ерекше комиссия басшылығында біршама жұмыс атқарғанын, атап айтқанда, жергілікті халық оның үгіті бойынша ондаған жүз пұт бидай көмегін жинап, ерікті түрде босқындар үшін егін еккенін баса көрсетеді. Сонымен қатар

Т.Рысқұлов Т. Жанұзақовтың орнынан алынуы бұрынғы істелініп жатқан жұмыстың жүзден бірін де атқаруға мүмкіндік бермей тоқтатып тастағанына күйінеді (РӘСТМА 5-қ., 1-т., 2920-іс, 185 (а)-п.). Т. Рысқұловтың көрсетуінше, Г.И. Сафаровтың Т. Жанұзақовты тұтқындауы оның басмашылық топтар жағына өтіп кетуіне алып келген (РӘСТМА 5-қ., 1-т., 2920-іс, 185 (а)-п.). Коминтерннің Түркістан бюросы жауапты қызметкері Н. Төрөкұловқа жаған хатында Т. Жанұзақов өзіне «рахымшылық туралы өтініш» айтқан. Т. Жанұзақов көрсеткен оның Кеңес өкіметіне қарсылықты тоқтатуының шарты бойынша Г. Сафаров пен С. Қожанов «отрядсыз және қарусыз» Жалалабадқа баруға тиіс болған. Алайда, Избаскентте тұтқынға түскен Т. Жанұзақов басмашылардың Базарқорғанға шабуылы кезінде оққа ұшқан. Бұл мағлұматтар жақында осы мақала авторы РӘСТМА қорынан тапқан Н. Төрөкұловтың Г. Сафаровқа жазған хатында көрсетілген (РӘСТМА 544-қор, 4-тізім, 12-іс, 49 (а)-п.).

1920 жылдың қыркүйегінен бастап, жаңа сападағы босқындар жөніндегі ерекше комиссия төрағалығына Ж. Бәрібаев тағайындалды (Байжарасов, 1983:25). Осылайша, Жетісу облысындағы Кеңестер құрылысы тегеурінді ішкі тартыс, шиеленіскен саяси күреспен қабат жүріп жатты. Партиялық әдебиетте Жетісудағы өкімет орындарында орнығып алған солшыл эсерлердің қызметі әшкереленіп жазылады. Солшыл эсерлердің ниеттестері Пішпек, Тоқмақ, Прежевальск, Жаркент сияқты уездік деңгейдегі қалаларда да болған (Байжарасов, 1983:30-31). Жұбаныш Бәрібаевтың босқындарды қайтару және орналастыру туралы ерекше комиссияға басшылығы осындай өңірдегі өкімет орындарының ішкі теке-тіресі жағдайында өтті.

Босқындарды РСФСР-ға қайтару мәселесінің халықаралық аспектісін шешу де жолға қойылды. 1920 жылдың 27 мамырында Құлжа қаласында Кеңес өкіметі мен Қытай республикасы Іле өлкесі, Синьцзянь провинциясы өкілдері кездесуінің «Іргелес екі Қытай және орыс республикаларының Қытай Республикасы аумағындағы казактар мен босқындарды Ресейге қайтару туралы» хаттамаға қол қойылды. Кеңестік босқындар проблемасы бойынша келісім санатындағы «Іле хаттамасы» атауымен таныс бұл келісімге РСФСР жағынан сыртқы байланыстар бөлімі уәкілі П.Е. Лимарев, сыртқы сауда бөлімінің уәкілі А.Р. Левитас, Қытай республикасы жағынан Іле даоині және дипломатиялық чиновник Сюй Годжень, дипломатиялық бюро бастығы Му Вей-

тун, Құлжа уездік бастығы Му-Вей-тун, дипломатиялық бюро драгоманы Чинь-лянь Гуаргиа қол қойды. Орыс-қытай біріккен комиссиясы түріндегі еларалық құрылым жиналысының күн тәртібінде екіжақты қарым-қатынастар және Қытай аумағындағы казактар мен босқындарды Ресейге қайтару туралы мәселені қарады. Хаттаманың босқындарға қатысты бөлігінде: «Түркістан майданы басшылығы Кеңес өкіметіне қарсы күрескен барлық орыс азаматтарына рахымшылық жасау туралы Түркістан республикасының барлық мекемелері мен лауазымды тұлғалары үшін заң болып табылатын бұйрық шығарғандықтан, кеңес өкіметі рахымшылық жасалған босқындарды қабылдауға және олардың бейбіт еңбекпен айналысуына жағдай жасауға міндеттенсе, Қытай тарап олардың Ресей аумағына қайтуына барлық шараларды атқаруға уәде ететіні» көрсетілді (Документы внешней политики СССР, 1958:547-548). Әлсіз орталық Қытай билігінің жағдайындағы Синьцзянның ішкі саяси тұрақтылығының сақталуын 1912-1928 жылдар аралығында өңірдің әскери және азаматтық губернаторы болып, провинция аумағында дара билікті иеленген Ян Цзен-синнің икемді әрі айлакер саясатымен байланыстыра қарауға болады (Абдуллаев, 2009:87).

Босқындарды қайтару жұмыстарының негізгі бөлігі Қытайда атқарылатын болғандықтан, Құлжа қаласында ерекше комиссияға қарайтын кіші комиссиялар құрылды. ТүркОАК ерекше комиссиясының 1920 жылғы 22 наурыздағы мәжілісінде Құлжа кіші комиссиясының есебі тыңдалып, арнайы қаулы қабылданды. Осы № 8 қаулыға сәйкес, Құлжа және Қашқар кіші комиссияларының әрқайсысына Москва мануфактурасынан 10 орам мата, 100 пар кебіс, 400 пар мәсі, 200 тал жылы тақия, 13 фут кір сабын, 13 фут іш киім сабыны, 15 пүд жидек шайы, 30 пүд кишмиш, Қытай провинцияларында босқындарды сатып алу үшін 2,1 млн. Николай рублі, 2,1 млн Керенский ақшасы, 1 миллион Советті рубль және Советтік Ташкенттік бонн, комиссиялар қажетіне 10 миллион рубльден ақша бөлінді (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 1-іс, 80-п.). Құлжадағы ерекше кіші комиссия Түркістан сыртқы байланыстар бөлімі мен Құлжадағы уәкілетті өкілмен бірлесе жұмыс атқарды. 1920 жылғы 11 тамыздағы № 672 хатта: «Текесте тұратын қырғыз (қазақ) босқындардың арасында үгіт жүргізу және оларға Кеңестік Ресейге оралу тәртібін түсіндіру үшін Текесте А. Нарботин... жіберілгені» хабарланды (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 2-іс, 16-п.).

Түркістандағы азамат соғысының жалғасуы жағдайында босқындар мәселесімен айналысатын ерекше комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық мәртебесі біркелкі болмады. Қытайдың Шығыс Түркістан аумағында большевиктік билікті ресми танымайтын бұрынғы Ресей империясының дипломатиялық құрылымдары да жұмыс істеді. 1920 жылдың 8 наурызында Жетісу облыстық Мұсылман бюросына Құлжадан жолдаған Иннахун Зайналовтың хатында нақты осы уақыттағы босқындардың Түркістанға қайтуы туралы мәліметтер көрсетілген. Иннахун Зайналов 1920 жылдың 2 ақпанынан 10 наурызға дейін Чимпандза мен Құлжадан дүнген, сарт, қазақ-қырғыз, тараншы, татардан құралған 500 босқын отбасы кеткенін, қалада тұратын босқындардың да Кеңестер еліне кету ниеті бар екенін хабарлаған (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 4-іс, 50-п.).

ТүркОАК жанындағы босқындар жөніндегі ерекше комиссия құрылымдық жағынан өзгертіліп, ерекше комиссия ендігі жерде Түркістан республикасы халық комиссарлар кеңесіне (бұдан әрі халкомкеңес – Е.С.) бағынатын болды. Түркістан АССР халкомкеңесі төрағасы И. Любимов қол қойған 1920 жылдың 17 шілдесінде № 1968 нұсқаулығына сәйкес ерекше комиссияна төмендегідей құқтар мен өкілеттіліктер берілді: 1) Қытай билігімен қырғыз (қазақ) босқындардың Қытайдан кету еркіндігі туралы, қытай өкімет орындарының босқындар сатқан балалар мен әйелдерді жекелеген Қытай азаматтарынан сатып алуға жәрдемдесуі туралы келіссөздер жүргізу; 2) Патша өкіметі күшімен немесе өз бетімен босқындарды шығарып жіберген, барлық заңсыз иелерден өз орындарына оралған босқындарға тиесілі немесе олардан тартып алынған жабдықтар, егіндік және басқа да мүліктерімен бұрынғы иелеріне беру; 3) босқындарға ақша, көлік құралдары, азық-түлік, киім, аяқ киім және т.б. түріндегі алғашқы көмек көрсету; 4) қытайлықтардың құлдығындағы барлық әйелдерді, балаларды және т. б. босқындар отбасы мүшелерін мемлекет есебінен сатып алу (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 1-іс, 64(а)-п.).

1920 жылдың 4 тамызында Түркреспублика халкомкеңесі жанындағы Жетісудағы босқындарды орналастыру жөніндегі арнайы комиссия төрағасы Хохлов қол қойған № 50 бұйрықта: «Орталық өкіметтің тапсырмасы бойынша осы күні Верный қаласына келіп, Жетісудағы босқындарды орналасты-

ру жөніндегі арнайы комиссия төрағасының міндетін атқарушы қызметіне кірістім. Осы комиссияның бұрынғы төрағасы С. Мангильдин жолдасқа өзінің тікелей міндеті – комиссия мүшелігін атқаруды ұсынамын. Осы туралы өзіме бағынышты кіші комиссияларға мәлімет ретінде жолдаймын.» – делінген (АОМА 350-қ., 1-т., 33-іс, 50 (а) п.).

Отанына оралуға пейілді босқындарға Қызыл Армия әскери бөлімдері тарапынан қысым жасалған фактілер де кездесіп отырған. Құлжа кіші комиссиясы Қалжат бөлімшесі меңгерушісінің Жаркенттегі ерекше комиссия пунктіне және милиция бастығына 1920 жылдың 10 тамызда жолдаған қатынас хатында сондай фактілердің біріне назар аударылады. Хатта айтылғанындай, Жаркент уезінің Алжан болысында әскери бөлімдер тарапынан жергілікті халықтан реквизиция жүргізіліп, азаматтардан 50 қой, 6 ер-тұман, 6-киіз жабу және 6 киіз үй ақысыз алынған. Зардап шеккендер арасында жақында ғана Қытайдан келген босқындар да бар болған. Хатта: «кедей қырғыз халқының, әсіресе, Кеңес өкіметінің қанатына оралған босқындарға беталды зорлық-зомбылық көрсетілуіне қарсы шұғыл және жігерлі шаралар қабылдау» талап етілген. Бұл хатқа Алжан болыстығындағы 30 түтін босқындардың өкілі ретінде жәрдемақы алуға келген Шәкір Қосалиев пен Қызыл Армияға шақырылғандармен бірге келген Жаманқара Салтақовтардың шағымы негіз болған (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 2-іс, 31-п.).

Қытайдан атамекеніне ағылған босқындар тасқынын ұйымдастыруға, оларды тұрғылықты жеріне жеткізуге көп мөлшерде қаржы керектігі түсінікті еді. Жаркент уездік ерекше комиссия төрағасының комиссияның уәкілетті өкілі Крохинге 1920 жылдың 6 қыркүйекте жолдаған № 1139 нұсқауында 2 миллион бес жүз мың екі жүз он сом (2.500 210) Николай ақшасы, 81 сом 66 тиын Керенский ақшасы, 51 тал 5 тиын Қытай тезасы, және 1 миллион сом Кеңестік ақша жіберілгенін куәландырған (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 2-іс, 128-п.). Осынша қомақты нақты ақша Құлжаға жеткізіліп тұрған. Ерекше комиссияға мемлекеттік қаржы халық банкі арқылы түскен. Жаркентке 10 миллион сом ақшаны кіші комиссия төрағасының атына түскен (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 2-іс, 169-п.). Қаржылық құжаттар бойынша Синьзянның Текес ауданында босқындар арасында 31640 қой, 787 ірі қара, 717 жылқы таратылған (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 2-іс, 210-п.).

Кері қайтуға ниетті босқындардың көптігі әр кезде де қаржы жетіспеушілігін туғызып тұрды.

1920 жылы 31 наурызында С. Мангильдин Ташкентке ТүркОАК төрағасы Т. Рысқұловқа «Кіші комиссияның Құлжа ауданындағы жұмыстар үшін бөлінген қаржыдан он төрт миллион сом ғана қалды. Қытайдан қырғыз (казак) босқындардың көптеп ағылуы мен үлкен тасқынын және Жетісудағы жұмыстардың ерекшелігін ескергенде» кіші комиссия өте ауыр жағдайда қалып отырғанын, қосымша көмек дереу жеткізілмесе, өздерінің босқындарды жөнелту жұмыстарын тоқтатуға мәжбүр болатындығын хабарлаған (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 3-іс, 4-п.).

1920 жылы Синьцзянға келген ерекше комиссия өкілдерінің мұнда үш адамнан тұратын бюро қалдырып, босқындарды тіркеумен айналыса бастағаны туралы Батыс Қытайдағы қырғыздардың өкілдерінің Кеңестер одағы өкімет орындарына жазған хатында да көрсетілген. Бұл хатта ерекше комиссия өкілі, жеткізуші ретінде 1920 жылдың 10 қаңтарында берілген № 47 мандат иесі қырғыз Камал Шабдановтың есімі аталған. Алайда, «комиссияның өзі сатылып кеткен адамдарды босату үшін Пекиндегі Қытай орталық үкіметімен келіссөздер жүргізуге декрет алып қайту үшін, және ахуалды баяндау үшін Россияға кері оралған.» Осыдан кейін, босқындардың айтуынша, «бұл уақытқа дейін (олардан) ешқандай хабар жоқ, бізді ұмытып кеткен сияқты» (РӘСТМА 61-қ., 1-т., 77-іс, 16-п.).

Ерекше комиссия құрылғаннан кейінгі кезеңдегі босқындар саны туралы мәліметтер жүйелі түрде жинақталмады. Жаркент уездік ерекше комиссиясы шекарадан бері өткен босқындар саны туралы мәліметтерді ТүркАССР статистика басқармасына жолдап тұрған. Жергілікті ерекше комиссия іс жүргізушісі Зариф Халитов жолдаған статистикалық мәліметтеге сәйкес, 1920 жылдың 19 сәуірі мен 20 шілдесі аралығында Жаркент арқылы жалпы саны 380 босқындар отбасы, оның ішінде 995 еркек, 679 әйел өткен. Бұл босқындармен бірге 526 жылқы, 12 түйе, 242 сиыр, 29 бұқа, 5 есек, 100 ешкі, 507 қой, 5 киіз бес киіз өтті. Ал Колжат арқылы 792 босқындар отбасы өтіп, оның ішінде ерлер 1243, әйелдер 1029-ді құраған. Бұларға тиесілі 796 жылқы, 20 түйе, 20 есек, 14 сиыр, 779 сиыр, 201 бұқа, 487 ешкі, 2414 қошқар, 171 киіз үй өткізілген. 1920 жылғы Верныйдағы бүлік оқиғасына орай Кеңес өкіметінің қарсыластары таратқан хабарларға байланысты кері өткен босқындар легі ең төменгі деңгейге дейін қысқарып, Қалжат бойынша өткізу жартылай азайып, Жаркент бойынша аз мөлшерде босқын

өткені де хабарланды (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 3-іс, 25-п.). Осы жылдың күзіне қарай Жаркент уезі арқылы Жетісуға оралған босқындар легі саябырсығанын көруге болады. Ерекше комиссияның Қалжат бөлімшесі 1-15 қыркүйек аралығында жалпы саны 27 босқындар жанұясын ғана қабылдаған. Оралушылардың 19-ы ер адам, 4-әйел, 4-балалар, 11- жалғызділіктілер болған. Бұл босқындармен бірге 27 ат, 3 түйе, 19 сиыр, 5 ешкі, 110 қой, 4 киіз үй келген (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 9-іс, 36-п.). Қытай аумағынан РСФСР-ға Қалжат кіші комиссиясы арқылы өткен босқындар саны жинақы мәліметтер бойынша 1920 жылдың 10 тамызынан 1921 жылдың 1 қазаны аралығында 403 жанұя, 63 жалғызбасты, жалпы саны 1989 адамды құрады. Қалжат арқылы өткен босқындар негізінен Жаркент, Прежевальск, Алматы, Пішпек, Нарын уездеріне барып орналасқан (ЖОМА ПФ 265-қ., 1-т., 49-іс, 7-п.).

Қытайдан оралған қазақ-қырғыз босқындарына жергілікті өкімет орындары тарапынан азық-түлік тапсырмалары мен міндеткерліктердің салыну фактілеріне орай Жетісу облыстық азық-түлік бөлімі меңгерушісі Цветков пен нан қоры бөлімі меңгеруші Черных қол қойған 1920 жылдың 25 желтоқсанында уездердің азық-түлік комитеттеріне жолданған нұсқауда ТүркОАК-нің босқындарға алым-салық жүктемеу туралы бұйрығын бұлжытпай орындау тапсырылды (АОМА 350-қ., 1-т., 193-іс, 17-п.). Өз кезегінде Жетісу облыстық ревком төралқасы барлық уездік босқындар комиссияларына босқындардың ТүркОАК-нің қаулысымен барлық алым-салықтан босатылғанын нақтылап, оларға алым мен міндеткерлік жүктеген заңға қайшы әрекеттер қатаң түрде жазаланатынын ескертті. 1921 жылғы 31 қаңтар № 577 нөмірімен қабылданған бұл № 470 жеделхатқа Облревком төрағасы Позднашев қол қойды (ЖОМА 751-қ., 1-т., 16 іс, 5-п.).

Босқындар мәселесінде РСФСР мемлекеттік құрылымдары бірізді саясат ұстанған жоқ. ТүркОАК-нің босқындарды қайтару және орналастыру бойынша ұстанымына кеңестік әскери-саяси құрылымдар наразылық танытты. Түркістан майданы штабының барлау бөлімінің «Қытай бойынша материалдар» атты 1920 жылдың 1 қыркүйегінде түзілген ақпар бюллетенінде: «Аталған комиссия (босқындар жөніндегі ерекше комиссия – Е.С.) өз алдына қойған міндеттерін іске арысу барысында жалпы мемлекеттік перспективамен санаспастан, облыстағы жерге орналастыру, әлеуметтік

қамтамасыз ету, жұмыс күшінің қамтылуы және басқа жағынан ешқандай мүмкіндіктерсіз негізінен қырғыздар (қазақтар) болған босқындардың үлкен тасқынына тап болып отыр. Отбасыларымен келген босқындар жерсіз, баспанасыз, малсыз, киім-кешексіз суреттеуге болмайтын қайыршылық жағдайында қалды. Іс жүзінде Жетісу (өңірі) мұнда Қытайдан келгендердің нөпірін сіңіріп алудан бас тартып отыр. Кеткендердің жерлеріне қырғыз (қазақ) және орыс кедейлері орнығып алған.» – делінген (РМӘА 110-қ., 1-т., 31-іс, 19-п.). Әскери құрылымдардың босқындарға теріс көзқарасы нақты әскери бөлімдердің оларға қысым көрсетуінен де көрінді. 1921 жылғы 19 сәуірінде 1-батальон командиріне, Жетісу обкомының партиялық және кеңестік жұмыстар бюросына, облревком, ОблЧК-ға жолданған мәліметте Тақты шекара маңайынан келіп жатқан босқындарға Глиновка (Қарабұлақ) селосында орныққан солдаттар шабуыл жасап, әртүрлі бұйым-заттарын тартып алып жатқаны хабарланды. Мұндай қиянатқа шыдамаған босқындар қайтадан Қытайға көшіп кетуге мәжбүр болған (ЖОМА 751-қ., 1-т., 8-іс, 34-п.).

Шекаралық аудандардың бірі Лепсі уезінде Қытайдан келетін босқындар легін қабылдау уездік ерекше комиссияға жүктелді. Лепсі уезі арқылы босқындарды өткізу Бақты қабылдау пункті арқылы жүргізілді. 1921 жылдың 14 маусымындағы жағдай бойынша Лепсі ерекше комиссиясында Сүлейман Күдербеков (төрағасы) бастаған 14 қызметкер жұмыс істеген (ЖОМА 751-қ., 1-т., 12-іс, 110-п.). 1921 жылдың 24 қаңтарында босқындарды қабылдау жұмысымен айналысуға Шынжыға жіберілген Ж. Кудеринге берілген арнайы мандатта: «Бұл құжаттың иесі Ж. Кудерин ерекше комиссия тарапынан Шынжы болыстығына босқындардың жағдайын зерттеу және тіркеу бойынша қызметкер ретінде жіберілді» – делінген (ЖОМА 751-қ., 1-т., 5-іс, 5-п.).

Түркістан ОАК-нің босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі ерекше комиссия құрылып, біршама саяси тәжірибе жинақтағаннан кейін арада бір жыл 2 ай шамасында уақыт өткеннен кейін 1921 жылдың 29 мамырында босқындарды қабылдауға байланысты бұрынғы нұсқаулықтың күші жойылып, жаңа редакциясы қабылданды. Нұсқаулыққа сай ендігі жерде шекаралық уездерде Қытайдан келетін босқындарды қабылдауға арналған қабылдау-тамақтандыру пункттері құрылды. Бұл пункттердің міндетіне РСФСР аумағын

1916 жылғы оқиғалар, 1918-1920 жылдардағы ақгвардияшылардың шабуылы кесірінен тастап кеткен барлық босқындарды олардың қолдарындағы Қытай үкіметі құжаты немесе РСФСР-дің Қытайдағы өкілдігі берген босқын мәртебесін куәландыратын құжаттар негізінде қабылдау кірді. Босқындардың қолдарында тиісті құжаттар болмаған жекелеген жағдайда, келушілер сол көштегі кез-келген адамның құжаты негізінде тіркеуге алынатын болды. Егер босқын жеке өзі ғана келе жатқан болса, оның тұлғасы бұрынғы мекен-жайында сұрау салу арқылы айқындалатын болды. Босқын тіркеу кезінде оң жауап бермесе немесе оның босқын категориясына жататындығына күмән туатын болса, тіркелмейтін болды. Келіп жатқан босқындар белгіленген үлгідегі тіркеу кітабына енгізіліп, босқынның ары қарай сапарына оның қолына оған, жанұсына тамақтану пункті тарапынан көрсетілген көмек туралы мәлімет жазылған куәлік берілді. Жаңа нұсқаулық бойынша Қытайдан келіп жатқан босқындар алдын ала медициналық тексеруден өткізіліп, жұқпалы ауру белгілері барлар жақын маңдағы емдеу пункттеріне жолданды. Құжатта босқындарды топтап жіберілуі, оларға көрсетілетін көмек мөлшері т. б. мәселелер жүйеленді. Босқындардың ересектеріне 450 сом, 10 жасқа дейінгі балаларға 225 сомнан күндік қаржы берілді. Нұсқаулықтан бөлек босқындарға көрсетілетін басқа материалдық көмектің көлемін, механизмін пысықтаған арнайы жетекшілік құжат та қабылданды (ЖОМА 751-қ., 1-т., 19-іс, 28, 28 (а) пп.). ТүркОАК қаулысымен босқындар барлық азық-түлік алымдарынан босатылды. Ауқатты босқындар: байлар мен манаптардан кедей босқындардың жағдайын жақсарту үшін ғана алым жиналуына рұқсат етілді (ЖОМА 751-қ., 1-т., 19-іс, 4-п.). 1920 жылдың қыркүйек айында ТүркОАК қаулысымен ерекше комиссия төрағасы қызметіне кіріскен Жұбаныш Бәрібаевтың «ұйымдастырушылық таланты, тапқырлығы және іскерлігі тың қарқынмен дәл осы кезеңде жарқырап көрінді.» (Байжарасов, 1983:31).

Жетісудағы босқындарды орналастыру жөніндегі комиссия аясында өткен облыстық мәжілісте өңірдегі босқындардың жағдайы «апатты сипатта» екені атап көрсетілді. Жиын жер-жердегі босқындар жағдайын тыңдап, арнайы қарар қабылдады. Лепсі, Қапал, Жаркент уезінің бір бөлігінде азық-түлік тапшылығының салдары аштыққа ұласу қаупінде тұрғаны атап көрсетілді. Жетісу облысының басқа өңірлері Пішпек,

Прежевальск, Нарын және Алматы уездері азық-түлік қоры жағынан жағдайы шамалы жақсырақ болғанымен, босқындар тұрмыстық тұтыну заттары, ауыл шаруашылығына керекті «тірі және өлі құралдар», аяқ киім және киім-кешек жағынан тапшылық көрді. Босқындарды алым-салық жинаудан босату туралы ТүркОАК-нің №183 қаулысы орындалмай, келушілер жұмыстарға тартылып, оларды алым төлеуге мәжбүрлеу орын алды. Жергілікті кеңестік өкімет орындары босқындар жөніндегі ерекше комиссияның бөлімдерінің талаптарын орындамай отырғаны көрсетілді. Жиын қарарында босқындар тасқынын есепке алу да дұрыс жолға қойылмағаны айтылды. Съезд көрсетілген мәселелерді дереу шешу жөнінде қаулы қабылдады. Облыстық партия ұйымы съезінің бұл қарарына Ж. Бәрібаев, Хохлов және басқалар қол қойған (ЖОМА 751-қ., 1-т., 19-іс, 7-п.). Босқындар мәселесін жан-жақты қараған аталған жиын ерекше комиссияның Қытайдағы жұмысы жөніндегі есебін тыңдап, сол кезең үшін маңызды бірнеше қаулы қабылдады. Ерекше комиссияның бірінші кезектегі міндеті ретінде Қытай аумағында сатылып кеткен, құлдыққа салынған босқындарды қайтарып сатып алу және олардың бұрынғы мекендеріне қайтару танылды. Бұл үшін ТүркОАК-нен комиссияны шетелде жұмыс істеуге қабілетті етіп қамтамасыз етуді талап ету сұралды. Қытайдың барлық өңірлерінде мүмкіндікке қарай ерекше комиссия өкілдіктерін ашу ұсынылды. Жиын қарарына босқындар мәселесін шешу жолындағы жұмыстарда таптық ерекшеліктерге назар аудармау туралы маңызды пункт енгізілді. Атап айтқанда, 4-пункте: «Өкілдіктер құрамына ұлттық босқындар топтарынан олардың әлеуметтік жағдайына қарамастан, босқындар топтары сенім білдіретін өкілдер кіргізілсін.» – делінген. Бұдан басқа съезд қаулысында Отанынан қашу себептерінің қандай екеніне қарамастан, Қытайдан келіп жатқан босқындардың жеке мүлкіне қол сұғылмауына кепілдік берілетіні көрсетілді. Бұдан бөлек ерекше комиссия мен сыртқы қатынастар комиссариаты уәкілі арасындағы қарым-қатынасты ерекше комиссияға өз құзыреті шеңберінде дербес шешім қабылдау құқын беру арқылы реттеу қарастырылды. Босқындарға қатысты бұл қарарға да Ж. Бәрібаев, Хохлов бастаған съезд төралқасы қол қойды (ЖОМА 751-қ., 1-т., 19-іс, 7-п.). Сонымен бірге босқындар мәселесімен айналысатын жергілікті комиссиялар құрамына босқындардың өз өкілдерін енгізу жөнінде арнайы циркуляр қабылданды.

Босқындарды қайтару және орналастыру жөніндегі саясатты жүзеге асыруда олар елден қашқанда тастап кеткен, тонап алынған жер телімдерін, дүние-мүлкін, малдарын қайтару бағытындағы жұмыстар маңызды болды. Жетісу облыстық әскериревкомының 1921 жылдың 3-ақпандағы № 10 бұйырығы бойынша осы жылдың 10 ақпан – 1 наурызы аралығында 1916-1920 жылдар аралығында түзем халқынан тонап алынған мүліктерді қайтару мерзімі ретінде бекітілді. Бұйрықта босқындардан тартып алынған мүліктерді көрсетілген мерзімде қайтармағандар мен оны жойғандар, жасырғандардың бар мүлкі тәркіленіп, Түркістан аумағынан жер аударылатыны ескертілді. Бұйрыққа Жетісу обләскериревком төрағасының орынбасары А. Поздняев қол қойған (АОМА 350-қ., 1-т., 18-іс, 142-143 пп.). Осы жылдың 1 наурызында Жетісу обләскериревкомының осы № 10 бұйырығын орындау бойынша нұсқаулық қабылданды. Нұсқаулықта бұйрықтың орындалу мерзімі 1921 жылдың 1 наурызынан кейінге жылжытылуы мүмкіндігі көрсетілді. Бұған қоса босқындардың дүние-мүлкі, малы тікелей өздеріне қайтарылмайтын болды. Босқындардан қалған малды уәкілетті орган комиссия тіркеп қабылдап, оны заңды иелері алғанға дейін пайдалана беруге рұқсат етілді. Босқындар қалдырып кеткен малдың төлі де қайтарылуға жатты. Нұсқаулық бойынша ерекше комиссияның босқындардың талан-таражға түскен мал-мүлкін қайтарып алу бойынша ролі барынша күшейтілді. Нұсқаулыққа обләскериревком төрағасының орынбасары А. Поздняев пен ерекше комиссия төрағасы Ж. Бәрібаев қол қойған (АОМА 350-қ., 1-т., 193-іс, 31-п.). Жетісу обләскериревкомының бұл № 10 бұйырығы босқындар меншігін иеленіп алған топтардың наразылығын туғызды. Новороссийск селолық қоғамы Бүкілресейлік Жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттары кеңесі орталық атқару комитеті төрағасы Енукидзеге 3 ақпандағы осы № 10 бұйрықтың күшін жоюды сұрап шағым жолдаған. 1921 жылдың 11 сәуіріндегі БОАК төралқасының мәжілісінде осы мәселе қаралып, шағым ТүркОАК-не жолданып, «істі мәнісі бойынша қарастырып, тергеу нәтижесін жолдау» тапсырылған (АОМА 350-қ., 1-т., 193-іс, 111-п.). Жетісу облыстық әскериревкомының тағы бір, 14 ақпандағы №12 бұйырығы бойынша Түркістанның Жетісу облысындағы қазақ-қырғыз, тараншы және дүнген езілген халықтары үшін жексенбінің орнына жұма күні демалыс күні ретінде жарияланды (АОМА 350-қ., 1-т., 18-

іс, 144-п.). 1921 жылдың сәуір айынан кеш емес жөнелтілген, ТүркОАК ерекше комиссиясының жаңа төрағасы Ж. Бәрібаев қол қойған нұсқауда жергілікті жерлердегі босқындармен байланысты жолға қоятын қосалқы құрылым ретінде болыстық босқындар комиссиялары құрылатыны, оның құрамына босқындардың 2 өкілі, болыстықтың коммунистік ұйымының 1 өкілі енгізілетіні көрсетілген. Болыстық босқындар комиссиясына оралушылардың категорияларына сай материалдық жағдайын көрсете отырып, босқындардың нақты есебін жүргізу жүктелді. Бұған қоса болыстық комиссия босқындардың жеке шаруашылығын қалпына келтіру, азамат соғысында зардап шеккен босқын шаруашылықтарын қайта құру бойынша, оларға мал, товар, еңбек құралдары жағынан көрсетілетін көмекті бөлу сияқты міндеттерді де атқаратын болды. Болыстық комиссия өз жұмысында уездік комиссияға тікелей бағынып, нұсқауларын орындайтын болды (ЖОМА 751-қ., 1-т., 20-іс, 2-п.). Қайта оралып жатқан босқындардың атамекендерінде қалған жер, мал-мүліктерін қайтару бастамасы өңірдегі әлеуметтік шиеленісті тереңдете түсті. Болыстық босқындар комиссиясына азамат соғысы жылдары иесіз қалған, босып кеткендерден қалған жер үлестері, үй-жай, малдарын даулаған арыз-шағымдар көптеп түсіп жатты. 1921 жылдың 14 шілдесінде Черкасск болыстық комиссиясына түскен Лепсі қаласына келіп орналасқан босқын Кулеминнің арызында осы болыстықтың Каргалов селосының тұрғыны Анна Пашланова иемденіп кеткен сиырын тиісті сот шешіміне қарамастан, әлі бермей жүргеніне шағымданған (ЖОМА 751-қ., 1-т., 21-іс, 15, 15 (а) пп.). Сот шешіміне қарамастан босқындардың мал-мүлкі, жерін қайтармау фактілерінің көбеюі Жетісу обләскериревкомын бұл мәселені қайта талқылауға мәжбүрледі. 1921 жылдың 15 мамырындағы Жетісу облыстық ревкомының № 64 бұйырығында «түсіп жатқан мәліметтерге қарағанда кейбір уездерде Жетісу облревкомының қырғыздардан (қазақтардан) 1916-1920 жылдар аралығында тоналған мүлікті өз еркімен қайтару жөніндегі осы жылдың 3 ақпандағы №10 бұйырығы толық орындалмағаны» атап көрсетілген. Бұлайша, Кеңес өкіметінің бұйрықтарын елемеге жол беруге болмайтынын көрсеткен жаңа бұйрықта оны орындамағандар революциялық уақыт заңымен сотқа берілетіні ескертілді (ЖОМА 751-қ., 1-т., 22-іс, 33-п.).

Босқындарды орналастыру және көмек беру бойынша болыстық комиссиялардың

тұрақты есептері келушілердің санын болжауға мүмкіндік береді. Босқындар саны туралы мәліметтер тікелей бағыныстағы кіші комиссиялардан уездік комиссияларға жолданды. Лепсі қабылдау пунктiнiң төрағасы Измайловтың 1921 жылдың 4 маусымдағы арнайы баяндамасында 4 – 31 мамыр аралығында шекарадан 362 түтiнге тиесiлi 885 жан өткенi, олардың 833-i бидай, чай, ет, тұз, сабын, мануфактура, iш киiм, аяқ киiм және ақшамен қамтамасыз етiлгенi, ал 52 адам өз есебiмен атамекенiне жөнелтiлгенiн көрсеткен (ЖОМА 751-қ., 1-т., 36-ic, 8-п.). Босқындармен жұмыс құрылымдары, сондай-ақ, шекарадан өткендердiң қай жерге жiберiлгенi туралы ақпаратты да жинақтап отырған. 1921 жылдың 11 мамырында Лепсi уездiк босқындар комиссиясы төрағасының орынбасары Халитов Бақтыдағы қабылдау пунктiнен келгендердiң санын, қайда жөнелтiлгенi туралы ақпарат жолдауды сұраған (ЖОМА 751-қ., 1-т., 36-ic, 4-п.). Бақты қабылдау пунктiнiң жауабында 1921 жылдың 1-20 қыркүйегiн қоса алғанда Бақтыдан 79 түтiн, 254 жан шекарадан өткенi баяндалған (ЖОМА 751-қ., 1-т., 36-ic, 47-п.).

Түркістан және Қырғыз (Қазақ) АССР-на оралған босқындардың саны туралы әрқилы мағлұматтар бар. Ресейлік тарихшы Ф. Синицин қырғыз тарихшысы Б. Байбулатовтың кеңестiк кезеңдегi зерттеуiне сүйенiп, 1917-1921 жылдар аралығында Қытайдан 30 000 адам оралғанын көрсетедi (Синицин, 2019:37). Ал орыс ақ эмиграциясының Iле округiнен керi оралуы жөнiндегi консулдық мәліметтер реэмиграциялық көңiл-күйдiң жоғары деңгейде болғанын көрсетедi. РСФСР-дiң Құлжадағы консулы Д. К. Вазоновтың мәліметi бойынша 1920-1923 жылдар аралығында Ресей аумағының Орынбор, Жетiсу және басқа губернияларына қатардағы казактар мен ақ гвардияшылардан, жалпы саны 1250 адам оралған (Наземцева, 2016:112-113). Босқындардың елге оралуы моральдық және психологиялық ауыртпалықсыз болмады. Ақгвардияшыл босқын А.О. Приданниковтың естелiгiнде, ақ солдат-офицерлердiң «үйге оралуды шешкендерi бiр күркеден келесiне, бiр жүздiктен келесi жүздiкке, бiр полктен басқа полкке қасындағылармен ақылдасып, кететiндердiң тiзiмiне бiресе жазылып, бiресе одан аттарын сызғызумен болды. Үйге де тартып тұрды, большевиктiк режимге оралғымыз да келмедi...» – делiнген (Наземцева, 2016: 114).

Жетiсудағы жергiлiктi қаржылық органдардың қысым босқындарды орналасты-

ру жөнiндегi ерекше комиссияны тарату туралы ұсынысты күн тәртiбiне қойды. 1921 жылдың 18 шiлдесiнде айында ТүркОАК жанындағы босқындар орналастыру жөнiндегi ерекше комиссияның № 40 мәжiлiсiнде құрылымды тарату мәселесi талқыланды. Ерекше комиссияны таратқанда комиссия құзырындағы товарлар, мануфактура өнiмдерi және обләскериревкомның № 10 бұйрығы нәтижесiнде түскен барлық тiрi және өлi құралдарды ерекше комиссияның 1921 жылдың 7 мамырында № 1133 нұсқаулығына сай босқындар мен батрақтардың арасында тарату шешiлдi. Мал-мүлiктi тарату шарасын жергiлiктi жерлердегi уездiк комиссия қызметкерлерi қазақ-қырғыз кедейлер ұйымымен бiрге атқаратын болды. Ерекше комиссия құрылымдық бөлiмдерiнiң кеңсе мүлкi мен техникалық штаты қазақ-қырғыз кедей-батрақ одағына берiлiп, жұмсалмаған қаржыны Республика бюджетiне қайтару шешiлдi (АОМА 350-қ., 1-т., 193-ic, 129-п.). 1921 жылдың 17 қыркүйегiнде ерекше комиссия басшылығы Жетiсу облатқарукомына «уездiк ерекше комиссиялар ТүрiкОАК ерекше комиссияның 18 шiлдедегi № 40 қаулысына сәйкес... осы жылдың 1 қазанынан бастап қызметiн тоқтатып, тарату жұмыстарына кiрiсетiнiн» ресми хабарлаған. Осы хатта «Ерекше комиссия босқындардың топтап келуi тоқталмағаны, оларды қабылдау бойынша жұмыстармен облыстық атқару комитетi айналысуы тиiстiгi» айтылған (АОМА 350-қ., 1-т., 193-ic, 147-п.). Түркістан Республикасы iшкi iстер комиссарының 1921 жылдың 24 қазандағы Жетiсу облатқарукомы мен ерекше комиссияға жолдаған №1946 қатынас хатында ТүркОАК президиумының 6 қазандағы № 56 қаулысына сәйкес, Жетiсу облысының босқындарды орналастыру жөнiндегi комиссия таратылып, оның iстерi Жетiсу облыстық реэвакуация бөлiмiне берiлетiнi көрсетiлген (АОМА 350-қ., 1-т., 193-ic, 147-п.).

Қорытынды

Қазақстанның оңтүстiк-шығыс өңiрiндегi ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы босқыншылық көрiнiстерiнiң аймақтағы демографиялық жағдайға әлеуметтiк-экономикалық дамуға керi әсерi жаңа орнаған кеңестiк билiктен азаматтарды керi қайтарудың шаралар кешенiн қалыптастыруды талап еттi. Осы жағдайда Түркістан ОАК жанынан босқындарды қайтару жөнiндегi ерекше комиссия құрылды. Iшкi саяси тұрақтылыққа зардабы бар ресейлiк

босқындарды, әсіресе, ақ эмиграцияны келген жағына қайтару арқылы ішкі жағдайды тыныштандыру қажеттілігі орталық билігі әлсіз Қытай мемлекетінің Синцзянь провинциясы үкіметінің босқындарды қайтаруға мүдделілігін туғызды. Осындай объективті ахуалдың орнауына қарамастан, босқындарды қайтару және орналастыруға бағытталған шараларды іске асыру жаңа Кеңестік Ресейдің әскери, дипломатиялық құрылымдарында әрқилы бағаланды. Әлі жалғасып жатқан азамат соғысы ошағы – Түркістан майданы әскери басшылығы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай тұсында босқындарды қайтару және орналастыруды қаржыландыруды басы артық шығын санап, қырын қарады. Батыс Қытайда босқындар мәселесін шешуде әлі сақталған Патшалы Ресей дипломатиялық құрылымдары Кеңестік уәкілдерге кедергі келтіріп бақты. Босқын проблемасына қатысты ішкі және сыртқы қарамақайшылықтар ерекше комиссияның бірінші құрамының қызметін тығырыққа тіреп, оның басшысы болған Т. Жанұзақовтың қуғындалуына алып келді. Босқындарды қайтару туралы Ян Цзень-син басқарған Синцзянь үкіметінің ұстанымының өзгеруі жағдайында 1921 жылдың 27 мамырында тек босқын мәселесінде ғана емес, Кеңестік Ресей мен Қытайдың қарым-қатынасының қайта жандануына айрықша әсері болған «Іле хаттамасына» қол қойылды. Жетісу облысының әкімшілі-территориялық бөлініс шегі жағынан Түркістан автономиялық республикасы құрамында болғандықтан, босқындарды қайтару және орналастыру шаралары алды-

мен ТүркОАК артынша Түркхалкомкеңесі тарапынан қаржыландырылды. Босқындарға бөлінген қаржының қомақты бөлігі Қытайда жергілікті саудагерлердің құлдығына түскен босқындардың борышын жауып, сатып алуға жұмсалды. Жетісудың шекаралық уездерінде ерекше комиссияға қарайтын кіші комиссиялар құрылды. Босқындар жөніндегі ерекше комиссия құрылымы арнайы қабылданып, кейінірек толықтырылған нұсқаулық аясында жұмыс істеді. Нұсқаулыққа сай аш-жалаңаш босқындарды шекара бекеттерінде қарсы алатын қабылдау-тамақтандыру пункттері жасақталды. Атамекеніне оралған босқындар алым және міндеткерліктер орындаудан босатылды. Жетісу обләскериревкомының арнайы №10 бұйрығымен босқындардан тоналып алынған мүліктерді қайтару міндеттелді. Большевиктік билік құрылымдарындағы ішкі саяси тартыс жағдайында босқындар жөніндегі ерекше комиссия жұмысы бірде шарықтап, бірде доғарылып отырды. 1921 жылдың күзіне қарай ішкі саяси қайшылықтардың өрістеуі жағдайында босқындар жөніндегі ерекше комиссия таратылып, оның құзыреті Жетісу облревкомы жанынан құрылған реэвакуациямен айналыстын бөлімге берілді.

Ұсынылып отырған мақалада отандық тарихта маңызды орын алатын босқыншылық сияқты әлеуметтік құбылыстың құрылымдық ерекшеліктері, тарихи жағдайы бұған дейінгі бар зерттеулер сараланып, тың архив деректері негізінде тиянақты талдауға талпыныс жасалды.

Әдебиеттер

- Абдуллаев К. Н. (2009). От Синьцзяня до Хорасана. Из истории среднеазиатской эмиграции XX века. – Душанбе: Ирфон. 571 с.
- Аблажей Н.Н. (2014). Казахский миграционный маятник «Казахстан-Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганды: «Болашақ-Баспа». 273 с.
- Алдабек Н. А. (2003). Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Қазақ университеті. 432 б.
- АОМА [Алматы облыстық мемлекеттік архиві] 350-қ., 1-т., 7-іс, 26, 26 (айқарма) пп.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 18-іс, 142 (а), 142-143, 144 пп.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 29-іс, 42, 42 (а) пп.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 33-іс, 50 (а)-п.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 59-іс, 40(а)-п.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 86-іс, 10-п.
- АОМА 350-қор, 1-тізім, 193- іс, 17, 31, 11, 111, 129, 147 пп.
- Бармин В.А. (1998). Советский Союз и Синьцзян 1918-1941 гг. (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза) Барнаул: Изд-во БГПУ. 214 с.
- Байжарасов Р. (1983). Жубаныш Барыбаев. Алма-Ата: Казахстан. 60 с.
- Будянский Д.М. (2007). История беженцев-кыргызов (1916-1927 годы). Бишкек. 196 с.
- Документы внешней политики СССР. Т. II. 1 января 1919 г.-30 июня 1920 г. / М-во иностр. дел СССР. (1958). Москва: Госполитиздат, 807 с.

- ЖОМА [Жетісу облыстық мемлекеттік архиві] 751-қ., 1-т., 5-іс, 5-п.
 ЖОМА 751-қ., 1-т., 8-іс, 34-п.
 ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 16-іс, 5-п.
 ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 12-іс, 110-п.
 ЖОМА 751-қор., 1-тізім, 19-іс, 4, 7, 28, 28 (а) пп.
 ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 20-іс, 2-п.
 ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 21-іс, 15, 15 (а) пп.
 ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 22-іс, 33-п.
 ЖОМА 751 қор, 1-тізім, 36 іс, 4, 8, 47 пп.
 ЖОМА ПФ [Жетісу облыстық мемлекеттік архиві Панфилов филиалы] 265-қ., 1-т., 1-іс, 1, 80, 264 (а) пп.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 2-іс, 16, 31, 127, 128, 169, 210 пп.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 3-іс, 4, 25 пп.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 4-іс, 50-п.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 7-іс, 1, 4, 12, 26, 26 (а) пп.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 9-іс, 36-п.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 12-іс, 12-п.
 ЖОМА ПФ 265-қор, 1-тізім, 49-іс, 7-п.
 Известии ТурЦИКа, 1920, 16 марта, №59.
 Камерон С. (2020). Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. Ағылшын тілінен аударған С. Батаева, З. Батаева. Алматы. 304 б.
 Қоңыратбаев О. (1994). Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезені. Алматы: Қазақстан. 488 б.
 Лысенко Ю.А. (2020). Процесс возвращения беженцев-участник Туркестанского восстания 1916 г. Из Китая органами Советской власти в 20-е гг. XX в. Народы и религии Евразии, № 4 (25) сс. 112-123.
 Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж. (2008). История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. Алматы: «САГА». 232 с.
 Мұхаметханұлы Н. (2000). Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) Алматы: Қазақпарат. 336 б.
 Наземцева Е.Н. (2016). На дипломатическом уровне: проблемы правового статуса русских эмигрантов в Китае в советско-китайских отношениях (1920-1940-е гг.) Санкт-Петербург.: Алатейн. 446 с.
 РӘСТМА (Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві) 5-қор, 1-тізім, 2920-іс, 185 (а)-парақ.
 РӘСТМА 61-қор, 1-тізім, 77-іс, 16-п.
 РӘСТМА 544-қор, 4-тізім, 12-іс, 49 (а)-п.
 РМӘА [Ресей мемлекеттік әскери архиві] 110-қор, 1-қор, 31-іс, 19-п.
 Сеницын Ф.Л. (2019). Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917-1991. Москва: Центрполиграф. 318 с.
 Шаметова Т.А. (2024). Российско-Синьцзянские торгово-экономические и политические отношения в 1914-1922 гг. Монография. Барнаул: ФГБОУ ВО «АлтГПУ». 306 с.
 Holborn L.W. and Shuval J.T. (1968). «Refugees». In international Encyclopaedia of the Social Sciences. New York, Vol.13. pp 361-377.
 Czegledy Karoli. (1969). Nomad Peoples Migration from East to West. Budapest: Akademiai Kiado.
 Forbes, Andrew D.W. (1986). Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: A Political history of Republican Sinkiang 1911-1949. Cambridge: Cambridge University Press.

References

- Abdullaev K. N. (2009). Ot Sin'czjanja do Horasana. Iz istorii sredneaziatskoj jemigracii HH veka. [From Xinjiang to Khorasan. From the history of Central Asian emigration of the twentieth century.] Dushanbe: Irfon. 571 s.
 Ablazhej N.N. (2014). Kazahskij migracionnyj majatnik «Kazahstan-Sin'czjan» Jemigracija. Repatriacija. Integracija. [Kazakh migration pendulum “Kazakhstan-Xinjiang” Emigration. Repatriation. Integration.] Karagandy: «Bolashak-Baspa». 273 s.
 Aldabek N. A. (2003). Tarihy talquға toly Shynzhan. [Xinjiang, whose history is full of debate] Almaty: Kazak universiteti. 432 b.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 7-is, 26, 26 (a) pp.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 18-is, 142 (a), 142-143, 144 pp.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 29-is, 42, 42 (a) pp.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 33-is, 50 (a) p.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 59-is, 40(a)-p.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 86-is, 104, 121, 124 pp.
 АОМА [State Archives of Almaty Region] 350-қор, 1-tizim, 193- is, 17, 31, 111, 129, 147 pp.
 Barmin V.A. (1998). Sovetskij Sojuz i Sin'czjan 1918-1941 gg. (Regional'nyj faktor vo vneshnej politike Sovetskogo Sojuza) [Soviet Union and Xinjiang 1918-1941] Barnaul: Izd-vo BGPU. 214 s.
 Budjanskij D.M. (2007). Istorija bezhencev-kyrgyzov (1916-1927 gody). [History of Kyrgyz refugees (1916–1927)] Bishkek. 196 s.

Dokumenty vneshnej politiki SSSR. T. II. 1 janvarja 1919 g.-30 ijunja 1920 g. / M-vo inostr. del SSSR. (1958). [Documents of the foreign policy of the USSR.] Moskva: Gospolitizdat, 807 s.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 5-is, 5-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 8-is, 34-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 16-is, 5-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 12-is, 110-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 19-is, 4,7, 28, 28 (a) pp.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 20-is, 2-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 21-is, 15, 15 (a) pp.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751-қор., 1-tizim, 22-is, 33-p.

ZhOMA [State Archive of Zhetysu Region] 751 қор., 1-tizim, 36 is,4, 8,47 pp.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 1-is, 1, 80 pp.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 2-is, 16, 31, 127,128,169,210 pp.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 3-is, 4,25 pp.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 4-is, 50-p.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 7-is, 1, 4,12,26, 26(a) pp.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 9-is, 36-p.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 12-is, 12-p.

ZhOMA PF [Panfilov branch of the State Archive of the Zhetysu region] 265-қор., 1-tizim, 49-is, 7-p.

Izvesti TurCIKa, [News of the TurCIK] 1920, 16 marta, №59.

Kameron S. (2020). Ashtық zhajlaran dala. Asharshylyk, ozbyrlyk zhөne кеңестік Қазақстанды орнату. [A field full of hunger. Famine, tyranny and establishment of Soviet Kazakhstan.] Aғылшын тілінен аударған S. Bataeva, Z. Bataeva. Almaty. 304 b.

Қоңұратбаев О. (1994). Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. [Turar Ryskulov: Public, political and state service. Turkestan period.] Almaty: Қазақстан. 488 b.

Lysenko Ju.A. (2020). Process vozvrashhenija bezhencev-uchastnik Turkestanskogo vosstaniya 1916 g. Iz Kitaja organami Sovetskoj vlasti v 20-e gg. XX v. [The process of returning refugees who took part in the Turkestan uprising of 1916 from China by Soviet authorities in the 20s. XX century] Narody i religii Evrazii, № 4 (25) ss. 112–123.

Mendikulova G.M., Atantaeva B.Zh. (2008). Istorija migracij mezhdu Kazahstanom i Kitaem v 1860-1960-e gg. [History of migrations between Kazakhstan and China in the 1860-1960s.] Almaty: «SAGA». 232 s.

Мұхаметханұлы Н. (2000). Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) [Social history of Kazakhs in China (1860–1920)] Almaty: Қазақпарат. 336 b.

Nazemceva E.N. (2016). Na diplomaticheskom urovne: problemy pravovogo statusa ruskij jemigrantov v Kitae v sovetsko-kitajskih otnoshenijah (1920-1940-e gg.) [At the diplomatic level: problems of the legal status of Russian emigrants in China in Soviet-Chinese relations (1920-1940s)] Sankt-Peterburg.: Alatejn. 446 s.

RƏSTMA [Russian State Archive of Socio-Political History] 5-қор., 1-tizim, 2920-is, 185 (a)-p.

RƏSTMA [Russian State Archive of Socio-Political History] 61-қор., 1-tizim, 77-is, 16-p.

RƏSTMA [Russian State Archive of Socio-Political History] 544-қор., 4-tizim, 12-is, 49 (a)-p.

RMƏA [Russian State Military Archive] 110-қор., 1-қор., 31-is, 19-p.

Sinicyn F.L. (2019). Sovetskoe gosudarstvo i kochevniky. Istorija, politika, naselenie. 1917-1991. [The Soviet state and nomads. History, politics, population. 1917–1991] Moskva: Centrpoligraf. 318 s.

Shametova T.A. (2024). Rossijsko-Sin'czjanskije tovgovo-jekonomicheskie i politicheskie otnoshenie v 1914-1922 gg. [Russian-Xinjiang trade, economic and political relations in 1914-1922.] Monografija. Barnaul: FGBOU VO «AltGPU». 306 s.

Holborn L.W. and Shuval J.T. (1968). «Refugees». In international Encyclopediae of the Social Scincies. New York, Vol.13. pp 361-377.

Czegledy Karoli. (1969). Nomad Peoples Migration from East to West. Budapest: Akademiai Kiado.

Forbes, Andrew D.W. (1986). Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: A Political history of Republican Sinkiang 1911-1949. Cambridge: Cambridge University Press.

Автор туралы мәлімет:

Еркін Имангазиевич Стамиалов – докторант, тарих факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ. E-mail: kun2013@mail.ru

Сведения об авторе:

Еркін Имангазиевич Стамиалов – докторант исторического факультета, Казахский Национального университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы. E-mail: kun2013@mail.ru

Келіп түсті: 11.03.2024

Қабылданды: 20.05.2024

К.Т. Туенбаева*, Д.Е. Сейтимбетова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: tkt.kalima@gmail.com

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ХРОНОЛОГИЯСЫ: АҚШ, АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Авторлық құқық туралы заңды мұқият қайта қарау әдеби және көркем туындылардың материалдық құнының едәуір өсуіне, сондай-ақ оны қорғауға қатысты күрделі мәселелерге байланысты өте маңызды. Авторлық құқық туралы ереже авторлық құқық саласындағы негізгі үш саясатты қамтиды: Авторлық құқықты цензураға болдырмау үшін, авторлық құқық оқытуға ықпал етуі керек; авторлық құқық қоғамдық меншікті қорғауы және кеңейтуі керек; және авторлық құқық авторлық құқықпен қорғалған материалдарға қоғамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – авторлық құқық туралы заңның дамуы кезеңдерін, жалпы принциптерін және авторлық құқық туралы заң дереккөздеріне талдау жасау.

Бұл тұста, О.Мұхатова және А.Қайыпбаеваның (Мұхатова және т.б.:2022) «1920-1930 жж. Білім жүйесінің тарихи деректері» атты еңбегінде Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуының тарихын авторлар біріншіден, мемлекеттік, облыстық және шетелдік мұрағат қорларында шоғырланған құнды дерек көздермен талдаса, екіншіден, кеңестік басқарушы органдардың қаулылар мен хаттамалырынан, партиялық ұйымдардың шешімдерінен, білім беру бөлімдерінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарынан және т.б. құжаттамалардан құралған жинақтарды зерделеп және үшіншіден, мерзімді баспа беттеріндегі мақалаларды қарастырады. Авторлардың пікірінше, бұл бір жағынан оқу-ағарту ісінің мәселесін кешенді зерттеу үшін маңызды болса, екінші жағынан келешек зерттеушілер үшін жол сілтеуші ретіндегі елеулі рөлін атап өтеді.

Зерттеушілер А.З.Жуманова, Р.М.Жумашев, А.Қ.Мейрамбеков, М.З.Утегенов (Жуманова

және т.б.:2023) «XX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы американ тарихнамасындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті» ұжымдық мақаласында Қазақстанның тарихы мен мәдениеті, шаруашылығы мен дәстүрі, діни наным-сенімдері, ағартушылық ісін және т.б. қарастырған американдық зерттеушілердің еңбектерін талдайды. Атап айтқанда, кеңінен таралған сауатсыздықты жою мен кеңестік мектептерді қалыптастыру мәселелері баяндалған американдық зерттеушілердің еңбектерінде авторлар олардың жалпы білім беру ісінің барлық саласында кеңестік оқыту процесі пролетариаттың маркстік-лениндік көзқарасымен насихатталуына басты назар аударғандығын, түркі халықтарының жаңа латын әліпбиіне енудің, кейінен алфавиттің кириллицалық жүйеге негізделуі бірақатар проблемаларды туындатқанына, кейбір сауаттылық орталықтарының киіз үйге орналастырылуы олардың мобильділігін көрсеткендігі жөнінде талдауын келтіреді.

Мақалада өңір халқының жаппай сауатсыздығын жою, орта және жоғары оқу орындарының желісін құру проблемасы сынды жалпы сипаттағы зерттеулерге назар аударылды. Мәселен, «Развитие культуры Казахстана в 20-30-е гг. XX века (некоторые аспекты)» зерттеу жұмысында авторлар Р.С.Буктугутова, Р.Ж.Қоңырова (Буктугутова және т.б.:2021) халықтың сауатсыздығын жою Қазақстан жұмысшыларының мәдени деңгейін арттырудың ең өзекті міндеттерінің бірі болғанын көрсетеді.

Зерттеуші А.Нұрмұхамбетов «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның білім беру қызметі саласын дамытудың негізгі үрдістері» (Нұрмұхамбетов:2021) атты еңбегінде зерттеу кезеңіндегі білім беру қызметі саласын дамытудың негізгі тенденцияларын талдай отырып, 1919 жылы қабылданған сауатсыздықты жою туралы қаулы негізінде Қазақстанда мұғалімдер үшін қысқа мерзімді курстар ашыла бастағанын, білім беру ісін жетілдіруге кедергі келтіретін проблемаларды анықтау мақсатында сабақ жоспарлары шығарылғанын және мамандардың артта қалған өңірлерге сапарлары ұйымдастырылғанын атап өтеді. Аталған зерттеу жұмыстарында халықтық білім беру ісінің даму тарихы белгілі бір аймақтар мен аудандар бойынша нақты талданбай, оқу-ағарту ісі республика бойынша жалпылама қарастырылған.

1920-шы жылдардағы Семей өңіріндегі ағарту саласының аймақтық аспектілері өлкетанушы И.В. Дурново (Дурново:2019) мен А.К.Богенбаеваның (Богенбаева:2001) еңбектерінде тал-

данды. Зерттелетін кезеңдегі ағарту мәселесінің қиындықтырын сипаттайтын бұл жұмыстарда аймақтық деңгейде кеңестік халықтық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының негізгі тенденциялары мен қайшылықтары анықталып, Семей өңірі бойынша кеңестік оқу-ағарту жүйесінің жалпы жағдайы сарапталады.

Шетел тарихнамасында кеңестік ағарту мәселесіне қатысты автор А.Веггман (Vegman:2010) өз зерттеуінде білім беру жүйесінің дамуына әр қырынан баға берген, әсіресе кеңес оқушыларының мектептегі білім алу ерекшеліктеріне ерекше назар аударған. Автор жана социалистік білім жүйесінің келешектегі жету мүмкіндіктеріне болжамдар жасап, ретроперспективті көзқарас танытады. Sh.Fitzpatrick (Fitzpatrick:1979) зерттеуінде, аталған жылдардағы білім беру жүйесінің шынайы тұсы баяндалған, яғни осал және ұтымды тұстары бірдей анықталады.

Кеңес үкіметінің сауатсыздықты жою саласындағы саясатын шетелдік зерттеушілер Е.Игнатович пен П.Волтердің (Игнатович, Волтер:2021) «Political posters, the Soviet Enlightenment and the construction of a learning society, 1917-1928» ұжымдық еңбегінде қарастырылады. Бұл еңбектің ерекшелігі авторлардың Кеңес үкіметінің сауатсыздықты жою саясатын әлеуметтік плакатта насихаттау тарихын зерттеді. Зерттеушілер Кеңес үкіметі орнағанан кейінгі алғашқы онжылдықта ересектерді оқытуға байланысты плакаттардың рөлін қоғамда жаппай үгіт-насихат, ұжымдық психологияны ұйымдастыру құралы ретінде қарастырды. Кеңестік әлеуметтік плакаттарды талдау бұл белгілі бір кезеңде қоғамда болған проблемалардың айнасы болғанын және сол дәуірді зерттеудің маңыздылығын атап өтеді.

Ресейлік зерттеуші Е.Ю.Рахматулинаның «Художественная интеллигенция Восточного Казахстана в условиях советской модернизации 1920-1930-х гг» (Рахматулина: 2021) атты монографиялық еңбегінде Семей өңіріндегі сауатсыздықты жою саясатына қатысты маңызды дәлелдер келтірілген. Дегенімен, ғылыми жұмыстың басты мақсаты Шығыс Қазақстанның мысалында кеңестік мәдени саланың дамуы мен ұлттық өнер зиялыларына қатысты кеңестік мемлекеттік саясаттың әдістері мен қарым-қатынасын анықтау болғандықтан, сауатсыздықты жою мәселесі терең зерделенбеген.

Зерттеу тақырыбы бойынша Семей өңірінде Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдықтарындағы сауатсыздықты жою науқанының

тарихын зерттеуге арналған еңбектер саны жетімсіз болғандықтан, мұрағат құжаттарының беттеріндегі құнды деректер мен отандық және кеңестік тарих ғылымында қалыптасқан ғылыми көзқарас пен тұжырымдардың негізінде Семей өңіріндегі сауатсыздықты жою ісінің тарихын талдауға, сауатсыздық жою процесінің жалпы бейнесі мен нәтижесін қарастыруға тырысамыз.

Зерттеу нәтижелері

Семей губерниясында Кеңес үкіметі 1919 жылғы 30 қарашадағы төңкерістен кейін орнады (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.78. П.6). Осы уақытқа дейін өңірдегі халықтық білім беру ісі Халық ағарту министрлігі мен земстволық және қалалық өзін-өзі басқару органдарының құзыреттілігіне қарады. Халық ағарту комиссариатының енді ұйымдастырылып қалыптасуына байланысты Семей губерниялық халыққа білім беру бөлімі Омбыдағы Сібір революциялық комитетінің жанындағы облыстық халыққа білім беру бөлімінің нұсқаулықтарын басшылыққа ала отырып, қызметін атқарды. Алғашқы нұсқаулар бойынша Семей өңірінде губерниялық және уездік бөлімдер құрылды (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.78. П.5а). Осылайша, халықтық білім беру жүйесін кеңестік жолмен қайта құрудың алғашқы қадамдары басталып кетті.

Большевиктердің сауатсыздықты жою жолындағы алғашқы іске асырылған шаралардың бірі бірінші және екінші басқыштағы бірыңғай еңбек мектебі жүйесін мақұлдады. Оқыту мектеп жасындағы барлық балалар үшін тегін және міндетті деп жарияланды. Бір қызығы, мектеп өмірінің негізі-еңбек деп танылды. Келесі қабылданған шара «РКФСР халқының сауатсыздығын жою туралы» декреті ересек тұрғындарды оқытудың саясатты жариялаған маңызды құжат болды. 1919 жылы 26 желтоқсанда қабылданған декрет бойынша 8 жастан 50 жасқа дейінгі барлық азаматтар өз қалауынша, орыс немесе ана тілінде оқып, хат тануға міндеттелінді (Развитие, 2016:4). Осы міндеттен де, оқудың өзінен де жалтарушылар, сондай-ақ сауатсыздардың мектептерге баруына жол бермегендер қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны жайлы ескертіліп, бекітілді. Атқарушы органдармен мәжбүрлеп сауат ашу шаралары да қарастырылды. Бірінші кезекте, мәжбүрлеу шараларына 14-тен 20 жасқа дейін, екінші кезекте 20-дан 40-қа дейін, үшінші кезекте 40-тан 60 жасқа дейін азаматтар-

ды жегу жоспарланды (АОММ Қ.72. Т.1. Іс.95. П.117)

Жаңа билікпен халық ағарту ісін реформалау барысында коммунистік тәртіпке бейімделген білім беру жүйесіне ерекше назар аударылды. Бір жағынан, индустрияландыру міндеті қойылып, елге сауатты азаматтар қажеттілігі туындаса, екінші жағынан большевиктер адамдардың санасын өзгертуді, жаңа идеологияны насихаттау идеясын қатаң ұстанды. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру барысында халық сауаттылығының төмен деңгейі басты кедергі атанды.

1920 жылғы жүргізілген халық санағы бойынша Семей өңірінде сауаттылық деңгейі 13,3%-ды құрады, бұл жалпы республикалық сауаттылық деңгейінен 1%-ға төмен болды (Статистико-экономический обзор, 1923:95). Өңірдегі төмен сауатсыздық деңгейі ең алдымен, ауыл тұрғындарына қатысты анықталды. Егер қаладағы сауатты тұрғындар 40,5%-ды құраса, ауылдық жерлерде сауаттылық деңгейі (10,4%) 4 есе төмен болды (Казахстанский город, 2023:46). Бұл, ең алдымен өңірдегі халықтың басым көпшілігі қалалар мен қалалы мекендерге қарағанда сауатсыздық жою шараларының баяу жүретін ауылдық жерлерде шоғырлануына байланысты төмен сауаттылық деңгейімен түсіндіріледі.

Семей өңірінде сауатсыздықты жою бойынша жұмыстар 1920 жылдың жазында, 143 сауатсыздықты жою мектебі мен ересектерге арналған 21 бірінші басқыштағы мектептердің жұмыс істеуінен бастау алды (Рахматулина, 2021:42). Қолданыстағы сауажой мектептеріне бірінші кезекте: қарапайым жұмысшыларды, батрақтарды, кедейлерді, колхозшыларды әсіресе, әйелдерді тарту саясаты көзделді (Тасырова, 1984:52). Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында үгіт-насихат жұмыстарының түрлі формалары: дәрістер, киносеанстар, плакаттар, дауыстап оқу және т.б. қолданылды. Сауатсыздықты жою процесі мүмкіндігінше коммунистік идеологиямен насихатталып, сауат ашушылар большевиктік ұрандар бойынша оқып, жазуды үйренді. Әсіресе, 1920 жылдары саяси плакаттар көбінесе насихат құралы ретінде кеңінен қолданылды. Большевиктер сауаттылығы төмен елде плакаттарды хат танымайтындарды оқуға шақырумен қатар, оларды коммунистік идеологияны жеткізудің бір әдісі ретінде қарастырды: біріншіден, қарапайым мәтін мен графикаға бір қарағаннан-ақ нақты хабар жеткізілсе, екіншіден халыққа коммунистік құндылықтарды дәріптеп, саяси сенімді орнату мақсаты көзделді.



1-сурет – «Неграмотный — тот же слепой. Всюду его ждут неудачи и несчастья» (сол жақта), «Организуйте избы-читальни» (оң жақта) (Е.Игнатович, 2021:12).

1-ші суреттен кеңес үкіметінің қараңғылықтың көлеңкесінде күн кешіп, оқуға ынтасы жоқ шаруаларды жаңа мемлекетте ұйымдастырылған оқу-үйлерінен сауат ашуға үгіттеу саясатын көре аламыз. Кеңес үкіметі сауатсыздықты толығымен жою үшін, тек мектептердің жеткіліксіздігін атап, оқу-үйлері бұл процеске белсенді қатысуы керек деп болжады. Олар негізінен ауылдық жерлерде шоғырланғандықтан, барлық жастағы ауыл тұрғындарының бос уақыттарын әртараптандыруы керек еді. 1920 жылдардағы кітапхана жүйесінің элементі бола отырып, оқу-үйлері ауылдағы негізгі саяси білім беру мекемесінің функцияларын атқарды. Сондықтан оқу-үйлерінде сауатсыз ауыл тұрғындарын білім алуға баулумен бірге, оларға биліктің идеологиялық саясатын дәріптеу жұмыстары да қатар жүргізілді.

Мұрағат деректері бойынша губернияда оқу-үйлерінің жалпы саны 1921 жылы 156-дан 1925 жылы 173-ке жетті (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.17. П.13а). 1926 жылы өңірде болыстық 82 оқу-үйлері жұмыс істесе, ауылдағы оқу-үйлерінің саны (205) 2,5 есе көп болды (Ежегодник, 1927:345). Ресми мәліметтерге сәйкес оқу-үйлері санының көп болуынан, олардың кейбірі мемлекеттік бюджеттен тыс қоғамдық қаражатпен қамтамасыз етілгендіктен олардың нақты санын есепке алу қиынға түсті. Сондықтан республикалық және жергілікті статистикалық деректерде өңір-

дегі оқу-үйлері санының біршама сәйкессіздігі байқалады.

Өңірдегі халықтың басым көпшілігін ауыл тұрғындары екенін атап өткеніміздей, ауыл тұрғындары үшін тегін сауат ашуды мүшелік жарналардан тұратын «Сауатсыздықты жою» қоғамы қарастырды (жылына қала үшін-1 рубль, ауыл-50 тиын). Кеңестік губерниялық съезінің есебінде қызметкерлер: «халықтар арасындағы сауатсыздықты жою жұмысы жақсы, нәтижелі, қалаға қарағанда ауыл кедейлері бар ынтасымен жақсы оқып жатыр» деп баяндалады (Беткенбаева, 1983:99).

1924 жылы Семей өңірінде тұңғыш қызметін бастаған «Сауатсыздық жойылсын» қоғамының мүшелігіне жазылғандардың саны бастапқыда 700-ді құраса, 1927 жылы қоғамның мүшелер саны 2500-ге дейін жетуі мүшеліктің 28%-ға ұлғайтты. 1925-1926 оқу жылына қоғаммен 300 адам хат танып шықты, дегенімен қаржылай қолдаудың әлсіз күйінен Семей губерниясы бойынша қоғаммен жоспарланған барлық жұмыстың тек 18%-ы ғана орындалды (ҚР ОМА Қ.766. Т.1. Іс.4. П.18).

1927 жылдың қазан айына БОАК пен ХКК-нің РКФСР халқының сауатсыздығын жою жоспарын бекітуге байланысты Семей губерниясының Халыққа білім беру бөліміне сауатсыздық жою науқанын 1923-1926 жылдары күшейту туралы нұсқаулар берілді. Сауатсыздықты жою-

мен қамтылған негізгі контингент еңбекке қабілетті 14-25 жас аралығында сауатсыз 370.066 адамның 270.000 адамын, оның ішінде орыс халқын-100%, қазақ халқының 50%-ын сауатсыздықты жою пунктерінен өткізу жоспарланды (АОММ Қ.415. Т.1. Іс.107. П.7). Дегенімен, өңір-

дегі сауатсыздықты жоюдың қалыптасқан желісі сауатсыздардың үлкен контингентіне қызмет көрсетуге қуаты жетпеді. Қолданыстағы желілер, тіпті әскерге шақырылушылар мен ұйымдасқан халық арасындағы сауатсыздықты толығымен жоюға мүмкіндік бермеді. (1-кесте).

1-кесте – Семей өңіріндегі тұрғындар арасындағы сауатсыздықты жою жоспары (АОММ Қ.73. Т.1. Іс.409. П.105).

Ұлты	14-25 жас аралығындағы сауатсыздар саны	Оқытылды			
		1923-1924	1924-1925	1925-1926	Барлығы
орыс	168.836	2000	3000	2905	7905
қазақ	101.110	1000	5000	9836	15836
барлығы	269.946				23741

1-ші кесте 1923-1927 жылдар аралығында сауатсыздықты жою пунктерінен шамамен 24.000 адамның сауатын ашуы, бұл бекітілген жоспар бойынша атқарылуыға тиіс жұмыстың тек 8,9%-ы орындалғанын көрсетеді (АОММ Қ.73. Т.1. Іс.409. П.105).

Мұрағат қорларында сақталған Семей губерниясының саяси хатшылығының №1208 циркуляр хатынан ересек тұрғындардың арасындағы сауатсыздықты жоюға: сауатсыздықты жою пунктері санының жеткіліксіздігі, олардың арасындағы үлкен арақашықтық, пунктердің материалдық нашар жабдықталуы, білім алушылар санының аздығы, мұғалімдер тапшылығы, бюджеттен қолдаудың әлсіздігі және т.б. кедергілердің орын алуы анықталды. Бұл өз кезегінде, өңірде халықтық білім беру ісінің тұрғындардың ағартушылық қажеттілігін қанағаттандыра алмағандығын көрсетеді.

Өңірдегі сауаттылық жұмыстарының баяу қарқынмен жүзеге асырылуына кеңес билігінің алғашқы жылдарында өлкеде орын алған қиындықтардың ауыр салдарын да атап өтуге болады. Халық арасындағы сауатсыздықты жоюды тежейтін негізгі факторларға: әлеуметтік-психологиялық, қаржылық, кадрлық, әдістемелік-ұйымдастырушылық және т.б. әсер етті.

Біріншіден, азамат соғысының зардабы, 1921-1922 жылғы аштықтың қасіреті халықтық білім беру мекемелері санын күрт төмендетіп, мектептерді жауып, мектептен тыс мекемелердің жұмысын толығымен тоқтатты. Аштықтан тоз-тозы шыққан балалардың білім алуынан бұрын, оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі өткір тұрды. Айлап жалақысын алмаған

білім қызметкерлері қызметтерін босатты. Тек балалар үйлері қамқорсыз қалған балалардың баспанасы ретінде азаймайды, керісінше ондағы тәрбиеленушілердің саны кеңейді.

Мектеп бөлімінің міндеті аштыққа ұшыраған губерниялардан шыққан балалар партиясын балалар үйіне орналастыру болды, сондықтан қаладағы балалар үйлерінің саны 9-дан 12-ге дейін ұлғайтылды. Дегенімен, губерния бойынша панасыз балалардың нақты саны белгісіз. Семей губерниясының жұмысшы-шаруа инспекциясының басқарушысы П.Калачевтің балалар үйлерінің жағдайы туралы баяндамасында өңірде 1921 жылы қолданыстағы 23 балалар үйінің 20 үйінде тексеріс жүргізіліп, 739 баланың тәрбиеленуі анықталғанын баяндайды (АОММ Қ.73 Т.1. Іс.42 П.70).

Балалар үйлерінің қолданыстағы желісінде аштыққа ұшыраған аудандарда балаларды туыстарына жіберіп, өзге адамдарға тәрбиелеуге беру арқылы ішінара түсірудің арқасында балалар үйлерінің саны қысқартылуына қол жеткізілді. Балалар үйлерінің 1924 жылдан 21-ден 1926 жылы 17-ге дейін қысқаруы, бұл тәрбиеленуші балалар санын 1,5 есеге қысқартуға мүмкіндік берді.

Екіншіден, сауатсыздықты жою процессінде әлеуметтік-психологиялық қиындықтардың пайда болуымен сипатталды. Биліктің сауатсыздықты жоюға деген ұмтылысын жұрт барлық жерде бірдей қабылдай алмады, сауатсыздықты жою науқаны олар үшін қосымша күш пен уақытты талап етіп, күнделікті тұрмыста маңызды шаруашылық істерінен алшақтатқандай болды. Бұл көңіл-күй 1920 жылдардағы білім беру бөлімдерінің есеп хаттарынан анық байқалады

(Әбікей және т.б., 2022:172). Семей губерниялық халыққа білім беру бөлімінің ақпараттық хатында «далада және көкөніс бақшасында жұмыс істеу көпшіліктің назарын мектептен алшақтатып, мектептерде сабаққа қатысу айтарлықтай төмендеп, көптеген мектептер жабылды» деп мәлімдейді (АОММ Қ.72. Т.1. Іс.95. П.15).

Ересек тұрғындарды оқытудағы қиындықтар еңбек қызметін біріктірумен байланысты болды. Отбасының барлық мүшелерінің, соның ішінде балалардың еңбек процесіне араласуы, кедей отбасылардағы балалардың мектепте оқуына кедергі келтіретін шаруа қожалықтарының қуаттылығы әсер етті. Сауатсыздықпен күресте ағарту бөлімдері ауыл шаруашылық жұмыста-

рының маусымдылығына басты назар аударды. Өңірдің бұл тұрмыстық жағдайын есепке ала отырып, Семей губерниялық саяси ағарту бөлімі сауатсыздықты жою бойынша барлық жұмысты екі кезеңге бөлді: қысқы және жазғы. Сауатсыздықты жою пункттерінде жазғы жұмыс кезеңі тек көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқы арасында өтті. Мәселен 1925-1926 жылдары сауатын ашқан 9836 қазақ халқының 6405-і жазғы маусымда, тек 3431-і қысқы уақытта сауажой желісінен өтуі, жаз мезгілінде көшпелі халық арасында сауатсыздықты жою қысқы маусымға қарағанда табысты жүргенін төмендегі кестеде көрсетеміз (АОММ Қ.73. Т.1. Іс.409. П.110). (2-кесте).

2-кесте – 1923-1926 жж. Семей өңіріндегі сауат ашушылар саны (АОММ Қ.73. Т.1. Іс.409. П.105).

оқытылды	орыстар	қазақтар	қысқы маусым	жазға маусым	барлығы
1923/24 жыл	2000	1000	-	-	3000
1924/25 жыл	3000	5000	1067	3372	8000
1925/26 жыл	2905	9836	3431	6405	12741
Барлығы	7905	15836			23741

2-ші кестеден орыс халқына қарағанда қазақ халқында сауатсыздықты жою бойынша көрсеткіштің жоғары болғанын байқауға болады: біріншіден, қазақ халқының арасында білім алуға деген құштарлық сауажой пункттерінің шамадан тыс жүктелуіне әкелді, екіншіден, көшпелі халық үшін сауатсыздықты жою шаралары жазғы кезеңде жүргізілуі қазақ халқын оқытудың тиімді нәтижелерін берді. Нәтижесінде сауатын ашқан қазақтардың саны (15,7%) орыс халқынан (4,6%) шамамен 4 есе жоғары болды.

Үшіншіден, қоғамның санасында патриархалдық-феодалдық қатынастар ғасырлар бойы басымдылық танытып келгендіктен, «қыз – жат жұрттық» деген түсінік терең тамыр тартқан ауылдарда кейбір отбасылар қыздарының білім алуын қолдамады (Мұхатова, 2021:42). Сондай-ақ, мектеп үй-жайларының нашарлығы, әйел мұғалімдерінің жетіспеуі, оқу-күралдарының тапшылығы ата-аналардың қыздарын оқуға беру ынтасынан айырды.

Әйелдердің, әсіресе қазақ әйелдерінің сауат ашу жұмыстары іс жүзінде 1925 жылдан басталып, ең алдымен, қалаларда, жұмысшы аудандарда және жұмыстың бір бөлігі ғана ірі болыстарда тек содан кейін ауылдарда жүргізілгендігін атап өткен жөн. Жұмыстың бұл тұжырымын қазақша

сауат ашу ұяшықтарының барлығы қалалар мен өндірістік аймақтарда және болыстардың аз ғана бөлігінде орналасуымен түсіндіріледі.

Әйелдер арасындағы сауатсыздықпен күресте «Қызыл отау» ұйымы мәдениет пен ағартудың маңызды ошағына айналды. Олар әйелдердің қоғамдық ұйымдарының тікелей басшылығымен және арнайы қаражаттың есебінен жұмыс істеді. Өзге қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы «Қызыл отаулар» ауылмен бірге көшіп-қонып жүрді, ал орындалатын міндеттер қатары ағарту міндетінен бөлек, халыққа медициналық көмек көрсетумен толықтырылып, кейбір жағдайларда құқықтық қорғау объектілерінің рөлін атқарды. 1925-1926 жылдардың санақ есебінде Семей өңірінде алғашқы 4-қызыл отаулар пайда болғаны белгілі болса, 1927 жылдары қызыл отаулардың саны 7-ге жетті (ҚР. ОМА Қ.81. Т.1. Іс.1513. П.15).


Өңірде қызыл отаулардың жанынан арнайы сауатсыздықты жою пункттері ашылып, қызмет көрсетті. Мәселен, Семей губерниясында 112 қыз-келіншекті қамтыған 6 сауатсыздықты жою пункті жұмыс істеді. Сондай-ақ орыс және қазақ әйелдері үшін жекелеген сауатсыздықты жою пункттері ашылды. Мысалы, Қарқаралы уезінде орыс ұлтының пунктінде 22 әйел сауатын ашса,

қазақ пунктінде олардың саны екі еселеніп, 44 қазақ әйелі білім алды (Культурное строительство, 1965:392-393).

Қыз-келіншектердің сауат ашу жұмыстарына белсенділік танытуын Семей губерниялық №1 Қызыл отау үйінің меңгерушісі Аксеновтың әйелдер арасындағы сауатсыздықты жою пунктін қызметі туралы ақпараты да куәландырады. Онда 1927 жылдың наурыз айында сауатсыздықты жою пунктіне 12 мен 25 жас аралығында 30 қыз-келіншектердің өз қалауларымен сауат ашуға келгендігі айтылады (АОММ Қ.415. Т.1. Іс.379. П.33). Қызыл отаулардың жабдықталуы өте нашар болғанына қарамастан, ауыл қоғамының және еңбекшіл әйелдер қауымының арасында үлкен қолдауға ие болды. Мысалы, «Әйел теңдігі» журналы беттерінде Аягөз ауданында жұмыс істеп жүрген 1220 жұмысшы әйелдердің егістіктен түскен қаражатқа қызыл отау жанындағы сауатсыздықты жою мектебіне оқу жаб-

дықтарын сатып алғаны туралы мақаласы жарық көрген (Біткенбаева, 1982:75).

1927 жылдың соңына мектеп жасындағы қыздардың І-ші басқыш мектептерде білім алуы (32,86%) ер балалармен салыстырғанда (67,14%) 2 есе төмен көрсеткішті көрсетті, ал кәсіби оқу орындарында олардың саны мүлдем аз болды. Қыздардың басым көпшілігі орта білімді оқу орнын тәмамдаған соң, олардың бір бөлігі ғана ЖОО-да оқуларын жалғастырды. Қыз-келіншектер негізінен еңбекте қолайлы мамандық түрлерін таңдады. Мысалы, іс-қағаздарын жүргізу, тігін курстары, акушерлік техникум әйел азаматтары қатарынан толықты. 1927 жылға қазақ педтехникумының 240 білім алушыларының ішінде 91%-ын ерлер құраса, әйелдердің үлесі тек 9%-ды құрады, ал өңірдегі орыс педтехникумындағы орыс әйелдерінің үлесі ондағы ерлердің үлесінен 22%-ға жоғары болуымен ерекшеленді. (Ежегодник, 1929:272). (Сурет-2).



2- сурет – Қазақ және орыс педтехникумдарындағы білім алушы ерлер мен әйелдер саны, 1927 ж, (Ежегодник, 1929:272).

Төртіншіден, экономикалық фактор – жаңа экономикалық саясатқа көшуге байланысты барлық мектептер мен мәдени-ағарту мекемелері жергілікті бюджетке ауыстырылды. Бұл мектептер мен ағарту мекемелерінің бөлімдерін минимумға дейін күрт төмендеуіне әкелсе де, олардың жұмысы тоқтатылмады. Мектептерді материалдық қолдау үшін қаражатпен қамтамасыз ету мәселесі өткір тұрды. Білім берудің бөлімдеріне берілген нұсқаулықта мектептерді халықтың өзіне қаржылай ұстауға шарт жасасу құқығы берілді. Кейбір ауыл мектептері толығымен қоғамның қаражатына ұсталды. Мысалы, Зайсанның Прохладный ауылында ауыл адамдары мектепті өз қаражаттарына ұстауға келісім беріп, тек мұғалім үшін жалақыны үкіметтен сұратқан (ҚР ОМА Қ.81. Т.1. Іс.997. П.57).

Қаржылық дағдарыс, халық ағарту комиссиясының қаржылай қамтамасыз етілмеуі: оқу-ағарту мекемелері санының қысқаруына, ондағы

білім алушылардың азаюына әкелді. Әсіресе күрт құлдырау 1921 жылдың екінші жартысынан басталып, 1923 жылдың көктеміне дейін жалғасты. Семей өңірінде ең көп таралған оқу орны І-ші басқыш мектептері болды. Егер 1921 жылы 788 – І-ші басқыш мектеп жұмыс істеп, ондағы білім алушылар саны 55483-ті құраса, 1923 жылы олардың саны 441 мектепке қысқарып, білім алушылар саны (25263) 2 есеге азайды (ҚР ОМА Қ.81 Оп1. Іс.335 П.17, Календарь-справочник, 1924:28).

Өңірдегі халықтық білім берудің жағдайының жақсаруы 1920-шы жылдардың орта тұсында білім саласына субсидиялардың ұлғаюына байланысты нығайды. Жалпы бюджеттен оқу-ағарту ісіне бөлінетін қаражаттың тең жартысы өңірде кең таралған І-ші басқыш мектептерінің үлесінде болуы олардың санын едәуір ұлғайтты. Мысалы, 1923-ші жылдардағы мектептер санын 1926-шы жылдармен салыстырсақ, І-ші

басқыш мектептерінің саны (770) 88%-ға, білім алушылар саны (47604) 75%-ға едәуір ұлғайғандығы көрінеді. Өңірде мектептер желісінің кеңеюі жүрседе, 1927 жылы 2236 адам немесе жалпы оқушылар санының 6%-ы І-ші басқыш мектептерде орындар мен мұғалімдердің жетіспеушілігінен бас тартуына тура келді (Ежегодник, 1927:341).

Бесіншіден, әдістемлік-ұйымдастырушылық, педагог-кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайларға бейімделу қиындықтарымен байланысты жалпы проблеманың бір бөлігі болды. Өңірде мұғалімдер кадрлары мен сауатсыздықты жоюшылардың тапшылығы мәселесі күрделене түсті. Барлық мұғалімдер кеңес үкіметінің позициясына бірден ауысқан жоқ, олардың ағартушылық өзгерістерге қарсылық танытқан кездері орын алды. Жергілікті жерлердегі есептерден мұғалімдердің жекелеген ауылдарда қарсылық көрсеткені жөнінде айтылады. Мәселен, Нарым болысында және Күршімде мұғалімдер халық арасындағы жұмысқа сирек қатысуынан мәдени-ағарту жұмыстары мүлдем жүргізілмеген. Мектептерде бір мұғалімге 100-150 оқушыдан келді. Бір Өскемен уезінде тек 70 мұғалім болғанын атап өту де жеткілікті (Дурново, 2019:62).

Кеңестік билікке мұғалімдерді сендіріп, жаңа білім беру жүйесін ұйымдастыруға мұғалімдерді тарту мәселесі өткір тұрды. Коммунистер ағартушылықты партия мен мемлекеттің саясатымен біріктіруде жаңа педагогиканың міндетін көрді, ал қолда бар мұғалімдер, ескі зиялы қауым негізінен діни бағытта болғандықтан атеистік тәрбие бере алмады. «Коммунизм идеяларымен қаныққан» жаңа мұғалімдер кадрларын даярлау үшін педагогикалық білім беруді қайта құру жүргізілді.

Мектептер үшін білікті кадрлар даярлау үшін қалалар мен уездерден, әсіресе қазақ мектептерінен мұғалімдер іріктеліп алынып, Семей қаласына педагогикалық курстарға жіберілді. Қазақ мұғалімдерін жедел даярлау мақсатында халық ағарту бөлімімен бір жылдық және қысқа мерзімді педагогикалық курстардың ұйымдастырылуы өңірде І-ші басқыштағы мектептердің өсуіне әкелді. 1920-1927 жылдар аралығында қазақ тілінде білім беретін мектептердің саны Семей губерниясында 24-тен 220-ға дейін, шамамен 10 есе екінді өсті (АОММ, Қ.73, Т.1, Іс.42, П.83).

1920-шы жылдардың соңына мұғалімдердің білім деңгейі қанағаттанарлық деңгейді көрсетті: төмен арнайы білім-24,1%, орта арнайы бі-

лім-7,7%, жоғары-1,6%. Мұғалімдер біліктілігін ішінде арнайы төмен білімінің жоғары пайызы – қысқа мерзімді педагогикалық курстарды тәмамдап шыққан тыңдаушылар қатарының көп болу есебінен жүрді. Мектеп мұғалімдерінің көбінде, әсіресе қазақ мұғалімдерінде жалпы білім мен арнайы дайындықтың болмауынан Губерниялық ХББ бөлімімен 1925-1926 жылдары қазақ мұғалімін қайта даярлау бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды. Семей уезінде- 47 адамға, Павлодар уезінде-103 адамға, Бұқтырма уезінде-25 адамға, Қарқаралы уезінде-71 адамға және Зайсан уезінде-61 адамға 1 ½ айлық мұғалімдер курстары ашылып, қазақ мұғалімдігі 80%-ға қамтылды, бұл ретте біліктілікті арттырудан бөлек, мектептерде жаңа қазақ әліпбиін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді (Ежегодник, 1927:348)

Сонымен қатар, әдістемелік тұрғыдан нашар ұйымдастырылған сабақтар білім алушылардың қызығушылығын тудырмады, осыған байланысты қолданыстағы сауатсыздықты жою мектептеріне сабаққа қатысу мәселесі ерекше өткір тұрды. 1923 жылы губерниялық халыққа білім беру бөлімі сауатсыздықты жою пункттері мен мектептеріне арналған жұмыс бағдарламаларын білім ордаларына жібергеніне қарамастан, барлық мекемелер оларды уақытында ала алмады. Көп жағдайда уездік әдіскерлер бірнеше айлар бойы өзекті емес мәселелерді қарастырумен, әдістемелік бөлімшелердің құзыреттілігіне кірмейтін сұрақтармен шұғылданды. Мәселен, уездерде жиі шоғырланбаған, жеті жылдық мектептің, ІІ-ші басқыш мектептер мен шаруа мектептерінің бағдарламасын пысықтауға күш-қуаттары жетпей, зая уақыттарын жұмсаған (Богенбаева, 2001:84). Нәтижесінде Уездік бөлім қызметкерлерінің жауапсыздығы, шын мәнісінде, әр мұғалімге, ең бастысы, білім беру жүйесіне кері әсерін тигізді.

Қазақстандағы баспа ісінің дағдарысқа тап болуына байланысты қазақ мектептерінің ана тіліндегі оқу құралдарымен жетіспеушілігі өткір сезілді. Мысалы, қазақ сауатсыздықты жою пункттерінде 6-10 адамға 1 оқулықтан келді. Өңірде қазақ сауатсыздықты жою пункттері сауат ашуда М.Жұмабаевтың «Сауатты бол», М.Дулатовтың «Есеп құралы» оқу құралдарын басшылыққа алды (АОММ Қ.185. Т. 1. Іс.41. П.22-62).

Қазақ педагогикалық техникумы мен қазақ мектептері үшін араб әліпбиін қолдану үлкен қиындық тудырды. Тек 1924 жылы ғана қазақ ұлттық зиялыларының көрнекті өкілі А. Байтұрсынов уақыт талабына, қазақ тілінің ерек-

шеліктеріне сай жаңа әліпбиді құрастырды. Іс жүзінде оны енгізу баяу жүрді. Ал 1928 жылы одақтық, жергілікті биліктің шешімімен ұлттық мектептерді латын графикасына көшіру басталды. Алайда, латын әліпбиінің қолданылуы тек 1940 жылға дейін созылып, орыс әліпбиінің негізінде қазіргі графика жұмыс істей бастады. Алфавиттегі бұл өзгерістер жазбаша қазақ тілінің дамуына едәуір әсерін тигізді, мектептердің қызметі мен қазақ тілінде оқытудың нәтижелілігін қиындатты.

Осы және өзге де факторларды ескере отырып, биліктің белсенді күш-жігеріне қарамастан, өңірдегі сауатсыздық мәселесі маңызды болып қала берді және қаржылай ресурстарды тиімді пайдалану, білім беру инфрақұрылымын нығайту, білім берудің маңыздылығы туралы қоғамдық сананы арттыруды қоса алғанда, одан әрі кешенді шараларды талап етті.

3-кесте – 1926 жылғы санақ бойынша Семей өңіріндегі халықтың сауаттылық деңгейі.
Есептелді: Бүкілодақтық халық санағы-1926 ж. Том 8, Қазақ АКСР, Мәскеу, 1928.-Б. 86-91.

Ұлты	Бүкіл халық	Сауатты халық абс.	Сауаттылық пайызы %
орыстар	398657	134268	33,7%
украиндер	140233	45629	32,5%
қазақтар	714637	63131	8,8%
өзге ұлттар	56664	22586	39,6%

Қазақ халқының төмен сауаттылығына қатысты сол кездердегі құжаттардың беттерінде «егер тек бір ғана жергілікті қазақ халқы мен өте аз мөлшердегі байырғы қоныс аударушыларды қалдырып, қала тұрғындары мен жаңадан қоныс аударған халық есептен шығарылса, сауаттылықтың бұл төмен пайызы одан да төмен болар еді», деп көрсетіледі (Рахматуллина, 2019:63). Қазақ халқының сауаттылығының төмен деңгейі, әсіресе ауылдағы қазақ қыз-келіншектердің сауатсыздығының есебінен жүрді. Егер, 1926 жылы губерния бойынша қазақ ерлерінің сауаттылығы–13,8% болса, қазақ әйелдері үшін сауаттылық деңгейі небәрі–1,2%-ды құрады. Осы тұста, қаладағы қазақ әйелдерінің сауаттылығы 8 есе жоғары 9,3%-ды көрсетті. Бұл өз кезегінде, қаладағы сауатты қазақ әйелдерінің абсолютті санының аз болуымен түсіндіріледі (Бүкілодақтық санақ, 1926:86-91).

1927 жылы қолданыстағы 218 сауатсыздықты жою пунктінен қосымша 8066 адам оқып, жазуға үйретілсе, қалған 483545 ересек тұрғын-

Өңірдегі сауаттылық деңгейіне объективті баға беру үшін 1926 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметтеріне сүйенсек, Семей өңіріндегі сауаттылық деңгейі 20,2%-ды құрады. Бұл көрсеткішті 1920-шы жылғы санақ мәліметтерімен салыстырғанда, өңірдегі сауаттылықтың тек 1,5 есеге артқанын көруге болады. Дегенімен, бұл аралықта қазақ халқының сауаттылығы 2½ есеге, ал орыс және т. б. ұлттар сауаттылығы 1 ½ есеге дейін өсті. Қазақ халқы тарапынан сауат ашу жұмыстарына белсенділік танытылғанымен, бұл тұста, санақ мәліметтерінен Семей өңірінде тығыз шоғырланған қазақтардың сауаттылық деңгейі жергілікті өзге ұлттардың сауаттылығынан орта есеппен 4 есе төмен болғанын көрсетеді. Өңірдегі сауаттылық деңгейінің ең көп пайызы өзге ұлт өкілдерінің үлесінде болғандығын төмендегі кестеде келтіреміз. (3-кесте).

дардың сауатын ашу міндеті тұрды. Келтірілген сауаттылық деңгейінің төмен көрсеткіштері жергілікті биліктің 1927 жылдың қазан айына дейін жоспарланған сауатсыздықты жою мәселесін толық шеше алмағандығын куәландырады (Календарь-справочник, 1928:47).

Өңірдегі сауатсыздықпен күрес жолында қалыптасқан кедергілер мен сауатсыздықты жою барысында жүзеге асырылған іс-шаралардың нәтижелерін есепке ала отырып, Губерниялық саяси-ағарту бөлімі Семей өңіріндегі сауатсыздықты жою мәселесін жоспар бойынша бекітілген мерзімге дейін толық шешуге мүмкіншіліктің жоқтығын ескерді. Өңірдегі сауатсыздықты жою үшін бөлім бұл жұмысты 3 жылға бөліп, әр жыл сайын пункттердің саны 1000 бірлікке ұлғайтып, 3000 бірлікке жеткізуді және сауатсыздықты жою пункттеріне қомақты қаржы бөлінуді талап ететіндігін болжады. Сондай-ақ сауатсыздықты жою ісін 5 жылдан кем емес ұзақ уақытқа созуды ұсынды (АОММ. Қ.415. Т.1 Іс.107. П.33).

Өңірдегі сауатсыздық жою бағдарламасын жүзеге асыру барысында: жауапты мекемелермен сауаттылық көрсеткішін бұрмалап беруі, сауатсыздықты жою науқанында орындалуға тиіс шаралар жартылай не толығымен жүзеге аспай қалуы, олардың халықтан қолдау таппауынан 1927 жылдың 20 қаңтарынан бастап үкімет сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссияны қайта құруға мәжбүр етті. Осылайша, 1920-шы жылдардағы жылдардағы сауатсыздыққа қарсы биліктің күш-жігері нәтижесіз болмаса да, жеткіліксіз болғанын көреміз. Сондықтан сауатсыздыққа қарсы күрестің шегі 1932 жылға дейін шегінді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, 1920-шы жылдары Семей өңірінде сауатсыздықты жою жөніндегі жүзеге асырылған іс-шараларды қарастыру нәтижесінде бірқатар түйінді тұжырымдарды қарастыруға болады. Ең алдымен, зерттелетін кезең Семей өңіріндегі сауатсыздыққа қарсы күрес міндетінің күрделілігін көрсетті. Сауатсыздықты жою науқанын жүзеге асыруды айтарлықтай қиындатқан: экономикалық қиындықтар, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер мен кадрлық-ұйымдастырушылық дайындықтың жеткіліксіздігі сияқты бірқатар факторлар анықталды.

Атап айтқанда, шектеулі ресурстар, педагогикалық кадрлардың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жергілікті ерекшеліктер мен халықтың білім алу қажеттіліктерін түсінбеушілігі мен немқұрайлы

қарауы өңірдегі сауатсыздықты жою нәтижелері күтілгеннен әлдеқайда аз табысқа жеткенін көрсетті. Сонымен қатар, қоғамда қалыптасқан дәстүрлі көзқарас, әсіресе қыздарға білім беруді ұйымдастырудағы қиындықтар сауаттылық деңгейіне айтарлықтай кері әсерін мұрағат деректері айғақтайды.

Мектеп жүйесі енгізілгенімен, мектеп жасындағы балалардың едәуір бөлігі мектептердегі орын мен мұғалімдердің тапшылығынан мектеп қабырғасынан тыс қалды, бұл ретте, сауатсыздықты жою пункттерінің жеткіліксіздігі жоспарланаған ересек тұрғындар санын қамтамасыз ете алмауы өңірдегі, сауатсыздықтың жоғары деңгейінің сақталуына әкелді, әсіресе қалаға қарағанда ауыл тұрғындарының сауатсыздығын жою мәселесі өткір тұрды.

Сауатсыздықты жою барысында жүзеге асырылған шаралар сауатсыздық деңгейін төмендетуге және Семей өңірінің тұрғындары арасында сауатсыздықты жоюға ықпал еткенімен, үкімет пен жергілікті басқарушы билік өңірдегі сауатсыздықты жою жұмысын жоспарланған мерзім аралығында толықтай шеше алмағандығы анықталды. Сондықтан сауатсыздықпен күресу мәселесі кейінгі 1930-шы жылдары да өзекті болып қала берді және мемлекет пен қоғамның одан әрі күш-жігерін қажет етті. Осылайша, 1920-шы жылы Семей өңіріндегі сауатсыздықты жою мақсатына жету жолындағы кедергілерге қарамастан білім мен дамуға деген ұмтылысты айқындайтын күрделі, бірақ маңызды процесс болды.

Әдебиеттер

- Berryman W.A. (2010). Soviet Education: Communism in the Classroom. Colby college: Honors Theses. P.602.
- Fitzpatrick Sh. (1979). Education and Social Mobility in the Soviet Union: 1921–1934. Cambridge: Cambridge University Press. P.355.
- Ignatovich E., Walter P. (2021). Political posters, the Soviet Enlightenment and the construction of a learning society, 1917–1928. European Journal for Research on the Education and Learning of Adults, Pre-published. P. 1–22.
- Абай облысының мемлекеттік мұрағаты (ары қарай-АОММ) Қ,185. Т.1 Іс.41. П.22
- АОММ. Қ,415. Т.1 Іс.107. П.33
- АОММ. Қ,415. Т.1 Іс.379. П.33
- АОММ. Қ,415. Т.1 Іс.55. П.28
- АОММ. Қ,72. Т.1 Іс.95. П.15
- АОММ. Қ,72. Т.1. Іс. 95. П.117
- АОММ. Қ,73. Т.1 Іс.409. П.105
- АОММ. Қ,73. Т.1 Іс.409. П.110
- АОММ. Қ,73. Т.1 Іс.42. П.70
- АОММ. Қ,73. Т.1 Іс.42. П.83
- Беткенбаева Ш.К. (1983). Борьба за осуществление Ленинского декрета «О ликвидации неграмотности среди населения РСФСР» в казахском ауле (1917-1940 гг.): дисс... канд. ист. наук. Алма-Ата. 194 с.
- Біткенбаева Ш.К. (1982). Қазақстанда сауатсыздықты жою жайында лениндік декреттің жүзеге асуы (1917-1940 жж.). Алматы: Ғылым. 176 б.

- Богенбаева А.К. (2001). Преобразование школьного дела в Семипалатинской области (1920-1930 гг.) // Вестник КазГУ им. Аль-Фараби. Серия историческая. №4 (23). – С.82-87.
- Буктугутова Р.С., Коньрова Р. Ж. (2021). Развитие культуры Казахстана в 20-30-е гг. XX века (некоторые аспекты) // Наука и реальность. №2(6). С.116-121. Электронный ресурс. <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-kultury-kazahstana-v-20-30-e-gg-hh-veka-nekotorye-aspekty?ysclid=lvb5vhhgmi707779359> (23.04.2024)
- Всесоюзная перепись населения 1926 года. Том 8. (1926). Москва: ЦСУ Союза СССР. 261 с.
- Дурново И. В. (2019). Из истории народного образования в Восточно-Казахстанской области в 1920-е годы XX века // Материалы конференции «Ползуновские чтения–2018». Барнаул: Алтгту. С. 59-63.
- Ежегодник Семипалатинского округа. Обзор за 1925-26 год. (1927). Семипалатинск: издание Семипалатинского Губисполкома. 430 с. <http://e-kitap.kz/book/3946/read> (24.01.2024)
- Ежегодник Семипалатинского округа. Обзор за 1927-28 год. (1929). Семипалатинск: издание Семипалатинского окрп. лана. 293с. <https://kazneb.kz/tu/bookView/view?brId=1543102> (24.01.2024)
- Әбікей А.М., Қайыпбаева А.Т., Оспанова Р.Р. (2022). Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы // Отан тарихы. № 2(98). – Б.170-178.
- Жуманова А.З., Жумашев Р.М., Мейрамбеков А.Қ., Утегенов М.З. (2023). XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы америка тарихнамасындағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті. // Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №2 (109). – Б.91-105. <https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.09> (22.04.2024)
- Казахстанский город: социально-демографический взгляд: Монография / Ж. С. Аубакирова, А. Н. Алексеенко, Э. О. Столярова, Г. А. Сарсембаева, Н.П. Краснобаева, Т.Е. Әмірзақ. (2023). Усть-Каменогорск: издательство «Медиа Альянс». 260 с.
- Календарь – справочник и записная книжка на 1924 г. (1924). Оренбург: Паровая типогр. Губсоюз, 187 с. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540707&simple=true&green=1#> (05.02.2024)
- Календарь-справочник и записная книжка добровольного корреспондента и волостного статистика на 1928 год. (1928). Қзыл-орда: Краевая типография Казгоскдата №1. 301 с. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#> (05.02.2024)
- Культурное строительство в Казахстане. Сборник документов и материалов (1918-1932 гг.). Том первый.(1965). Алма-Ата: Казахстан. 566 с.
- Кунантаева К.К. (1987). К вершинам знаний: (Развитие женского образования в Казахстане. 1920-1977 гг.). Алма-Ата: Казахстан. 136 с.
- Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты Қ.81. Т.1 Іс.78. П.5а
 ҚР ОМА. Қ.81. Т.1 Іс.1513. П.15
 ҚР ОМА. Қ.81. Т.1 Іс.17. П.13к
 ҚР ОМА. Қ.81. Т.1 Іс.78. П.6
 ҚР ОМА. Қ.81. Т.1 Іс.835. П.17
 ҚР ОМА. Қ.81. Т.1 Іс.997. П.57
 ҚР.ОМА. Қ.766. Т.1. Іс.4. П.18
- Мұхатова О, Қайыпбаева А. (2022). 1920-30 жж. Білім жүйесінің тарихи деректері. //Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (106). –Б.54-65. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v106.i3.06> (22.04.2024)
- Мұхатова О.Х. (2021). Қазақстандағы 1920 жылдардағы оқу-ағарту. // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. №2 (135). – Б.35-47.
- Нұрмұхамбетов А.А. (2021). XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның білім беру қызметі саласын дамытудың негізгі үрдістері. // Отан тарихы № 3 (95). Б. 118- 126.
- Развитие народного образования в Восточном Казахстане XIX –начало XX вв. Т2. [сост. Г.Т. Касымова и др.]. (2016). Семей. С.717.
- Рахматулина Е.Ю. (2019). Художественная интеллигенция Восточного Казахстана в условиях советской модернизации 1920-1930-х гг.: дисс...канд. ист. наук. Барнаул. 256 с.
- Рахматулина Е.Ю. (2021). Художественная интеллигенция Восточного Казахстана в условиях советской модернизации 1920-1930-х гг. Барнаул: Азбука. 196 с.
- Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики.(1923). Оренбург: Типография №1. Управпромгуба. 409 с. <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1093260&simple=true&green=1#> (01.02.2024)
- Тасырова Т.К. (1984). Деятельность Коммунистической партии Казахстана по развитию женского образования в республике (1928-1940 гг.): дисс...канд. ист. наук. Алма-Ата: Казахский пед. ин-т им. Абая. 184 с.

References

- Abaj oblysynyn memleketтік muragaty (ary qaraj-AOMM) Q.185. Op.1 Is.41. P.22
- Abikej A.M., Kajypbaeva A.T., Ospanova R.R. (2022). Kazakstandaqy sauatsyzdykty zhoyu naukanyyn zhyzege asyrylyu [Implementation of the literacy campaign in Kazakhstan] Otan tarihy [Bulletin of the History of the fatherland], №2(98). – pp.170-178. (in Kazakh)
- АОММ. Q.415. Op.1 Is.379. P.33
- АОММ. Q.415. Op.1 Is.55. P.28
- АОММ. Q.72. Op.1 Is.95. P.15

- AOMM. Q.73. Op.1 Is.409. P.105
 AOMM. Q.73. Op.1 Is.409. P.110
 AOMM. Q.73. Op.1 Is.42. P.70
 AOMM. Q.73. Op.1 Is.42. P.83
 AOMM. Q.72. Op.1. Is. 95. P.117
 AOMM. Q.415. Op.1 Is.107. P.33
 Berryman W.A. (2010). Soviet Education: Communism in the Classroom. Colby college, Honors Theses. P.602.
 Betkenbaeva SH.K. (1983). Bor'ba za osushchestvlenie Leninskogo dekreta «O likvidacii negramotnosti sredi naseleniya RSFSR» v kazahskom aule (1917-1940 gg.). [The struggle for the implementation of Lenin's decret «On the elimination of illiteracy among the population of the RSFSR» in the Kazakh village (1917-1940): thesis for the degree of Candidate of Historical Sciences]. Almaty. 194 p. (in Russian)
 Bogenbaeva A.K. (2001). Preobrazovanie shkolnogo dela v Semipalatinskoy oblasti (1920-1930 gg) [The transformation of school business in the Semipalatinsk region (1920-1930)]. Vestnik KazGU im. Al-Farabi, Seriya Istoricheskaya. [Bulletin of Al-Farabi KazGU Historical sciences Series], №4 (23). – pp. 82-87. (in Russian)
 Buktugutova R.S., Konyrova R.Zh. (2021). Razvitie kul'tury Kazahstana v 20-30-e gg. XX veka (nekotorye aspekty) [The development of the culture of Kazakhstan in the 20-30s of the twentieth century (some aspects)] // Science & reality. №2(6). pp.116-121. (in Russian). Elektronnyj resurs. <https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-kultury-kazahstana-v-20-30-e-gg-hh-veka-nekotorye-aspekty?ysclid=lvb5vhbgmi707779359> (23.04.2024)
 Bitkenbaeva SH.K. (1982). Kazakstanda sauatyzdyqy zhoyu zhajynda lenindik dekretin zhyzege asuy (1917-1940 zh zh.). [Implementation of the Lenin Decree on the elimination of illiteracy in Kazakhstan (1917-1940)]. Almaty. Qylym. 176 p. (in Russian)
 Durnovo I.V. (2019). Iz istorii narodnogo obrazovaniya v Vostochno-Kazahstanskoy oblasti v 1920-e gody XX veka [From the history of public education in the East Kazakhstan region in the 1920s of the XX century]. Materialy konferencii «Polzunovskie chteniya–2018 [Materials of the conference “Polzunov readings–2018]. Barnaul. Altgtu. 59-63 pp). (in Russian)
 Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga. Obzor za 1925-26 god. (1927). [The yearbook of the Semipalatinsk district for 1925-26]. Semipalatinsk, Semipalatinsky Gubispolkom. 430 p. (in Russian) <http://e-kitap.kz/book/3946/read> (24.01.2024)
 Ezhegodnik Semipalatinskogo okruga. Obzor za 1927-28 god. (1929). [The yearbook of the Semipalatinsk district for 1927-28]. Semipalatinsk, Semipalatinsky okrplan. 293p. (in Russian) <https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1543102> (24.01.2024)
 Fitzpatrick Sh. (1979). Education and Social Mobility in the Soviet Union: 1921–1934. Cambridge: Cambridge University Press. P.355.
 Ignatovich E., Walter P. (2021). Political posters, the Soviet Enlightenment and the construction of a learning society, 1917-1928. European Journal for Research on the Education and Learning of Adults. Pre-published. 1-22 p.
 Kalendar' – spravochnik i zapisnaya knizhka na 1924g. (1924). [Calendar – reference book and notebook for 1924]. Orenburg, Parovaya tipogr. Gubsoyuz. 187p. (in Russian) <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540707&simple=true&green=1#> (05.02.2024)
 Kalendar'-spravochnik i zapisnaya knizhka dobrovol'nogo korrespondenta i volostnogo statistika na 1928 god (1928). [Calendar-reference book and notebook of a volunteer correspondent and volost statistician for 1928]. Kzyl'-orda, Kraevaya tipografiya Kazgoskdata №1, 301p. (in Russian) <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1540665&simple=true&green=1#> (05.02.2024)
 Kazhstanskij gorod: social'no-demograficheskij vzglyad (2023). [Kazakh city: socio-demographic view]. Monografiya. Ust'-Kamenogorsk, Media Al'yans. 260 p. (in Russian)
 Kazakstan Respublikasynyn ortalyk memlekettik muragaty (ary karaj- KR OMA) Q.81. T.1 Is.78. P.5q
 KR OMA. Q.766. T.1 Is.4. P.18
 KR OMA. Q.81. T.1 Is.1513. P.15
 KR OMA. Q.81. T.1 Is.78. P.6
 KR OMA. Q.81. T.1 Is.835. P.17
 KR OMA. Q.81. T.1 Is.997. P.57
 KR OMA. Q.81.T.1 Is.17. P.13q
 Kul'turnoe stroitel'svo v Kazahstane. Sbornik dokumentov i materialov (1918-1932 gg.). Tom pervyj (1965). [Cultural construction in Kazakhstan. Collection of documents and materials (1918-1932). Volume one.]. Almaty, Kazakhstan. 566 p. (in Russian)
 Kunantaeva K.K. (1978). K verшинam znaniy: (Razvitie zhenskogo obrazovaniya v Kazahstane. 1920-1977 gg.) [To the heights of knowledge: (Development of women's education in Kazakhstan. 1920-1977.)]. Almaty, Kazakhstan. 136 p. (in Russian)
 Mukhatova O, Kajypbaeva A. (2022). 1920-30 zh. Bilim zhyjesinin tarihi derekteri [1920-30's Historical data of the education system] Al'-Farabi atyndagy QazUU habarshysy. Tarihi seriyasy. [Bulletin of Al-Farabi KazNU Historical Series], №3 (106). – pp.54-65. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v106.i3.06> (22.04.2024) (in kazakh)
 Mukhatova O.H. Kazakstandagy 1920 zhyldardagy oku-agartu. (2021). [Education in Kazakhstan in the 1920's] P.N. Gumilev atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin habarshysy. Tarihi gylmdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy [Bulletin of the P.Gumilyov ENU Historical sciences. A series of philosophy. Religious studies]. №2(135). – pp.35-47 (in Kazakh)
 Nurmuhambetov A. A. (2021). XX gasyrdyn 20-30 zhyldaryndagy Kazakstannyn bilim beru kyzmeti salasyn damytudyn nezigzi urdisteri [The main trends in the development of the sphere of educational activity in Kazakhstan in the 20-30s of the twentieth century] // Otan tarihy [Bulletin of the History of the fatherland] № 3 (95). pp.118- 126. (in Kazakh)

Rahmatulina E.YU. (2019). Hudozhestvennaya intelligenciya Vostochnogo Kazakhstana v usloviyah sovetskoj modernizacii 1920-1930-h [The artistic intelligentsia of East Kazakhstan in the conditions of Soviet modernization of the 1920-1930s: thesis for the degree of Candidate of Historical Sciences]. Barnaul. 256 p. (in Russian)

Rahmatulina E.Yu. (2021). Hudozhestvennaya intelligenciya Vostochnogo Kazakhstana v usloviyah sovetskoj modernizacii 1920-1930-h gg. [The artistic intelligentsia of East Kazakhstan in the conditions of Soviet modernization of the 1920-1930s]. Barnaul. Azbuka. 196 p. (in Russian)

Razvitie narodnogo obrazovaniya v Vostochnom Kazakhstane XIX – nachalo XX vv. Tom vtoroj. (2016). [Development of public education in East Kazakhstan of the XIX –early XX centuries. VoP.2]. [sost. G.T. Kasymova i dr.]. Semey. 717 p. (in Russian)

Statistiko-ekonomicheskii obzor Kirgizskoi Sovetskoj Sotsialisticheskoi Respubliki. (1923). [Statistical and economic review of the Kyrgyz Soviet Socialist Republic]. Orenburg, Tipografia 1 Upravpromguba. 409 p) (in Russian) <https://nabr.kz/bookView/view/?brId=1093260&simple=true&green=1#> (01.02.2024)

Tasyrova.T.K. (1984). Deyatel'nost' Kommunisticheskoi partii Kazakhstana po razvitiyu zhenskogo obrazovaniya v respublike (1928-1940 gg.) [Activities of the Communist Party of Kazakhstan on the development of women's education in the Republic (1928-1940): thesis for the degree of Candidate of Historical Sciences]. Almaty, Kazakh Pedagogical Institute of Abai. 184 p. (in Russian)

Zhumanova A.Z., Zhumashev R.M., Mejrambekov A.Қ., Utegenov M.Z. (2023). XX gasyrdyn ekinshi zhartysy – XXI gasyrdyn basyndagy amerikan tarihnamasyndagy kenestik kezendegi Qazaqstan madenieti [Culture of Kazakhstan in the Soviet period in American historiography of the second half of the XX-early XX centuries]. Al'-Farabi atyndagy QazUU habarshysy. Tarih seriyasy. [Bulletin of Al-Farabi KazNU Historical Series], №2 (109).– pp.91-105. <https://doi.org/10.26577/JH.2023.v109.i2.09> (22.04.2024) (in kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. E-mail: karlyga.m@mail.ru

Атантаева Бакыт Жумагазыевна – т.ғ.д., профессор, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. E-mail: batantaeva@mail.ru

Абенова Гульнур Атымтаевна – т.ғ.к., аға оқытушы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. E-mail: ab.gulnur@mail.ru

Сведения об авторах:

Мухаметкалиева Карлыга Бериковна – докторант, Университет имени Шакарима. E-mail: karlyga.m@mail.ru

Атантаева Бакыт Жумагазыевна – д.и.н., профессор, Университет имени Шакарима. E-mail: batantaeva@mail.ru

Абенова Гульнур Атымтаевна – к.и.н., старший преподаватель, Университет имени Шакарима. E-mail: ab.gulnur@mail.ru

Келіп түсті: 29.04.2024

Қабылданды: 30.05.2024

T.A. Tulebaev^{ID}, A.A. Sydykova*^{ID}

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: umutbaev_r@mail.ru

ACTUAL PROBLEMS OF ACCEPTANCE AND DELIVERY OF ELECTRONIC ARCHIVAL DOCUMENTS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The development of electronic resources and digital technologies has contributed to the transition to electronic document management and digitalization of document management. The question arises regarding the high-quality storage and creation of electronic archives. Therefore, the purpose of our article is to study the regulatory legal acts of the state that regulate the activities of the electronic archives of the country. To achieve this goal, the following tasks should be addressed: creating a list of documents included in the country's electronic archive, examining the rules for digitizing and publishing archival documents in the Republic of Kazakhstan, and identifying current challenges and prospects for developing electronic archives.

орындарға» баруына, яғни Меккеге қажылыққа сапарды орындауға қатысты әр кезеңде әр түрлі саясат ұстанды. Онда егер Осман империясымен саяси байланыстар нашар болса, қажылыққа тосқауыл қойды, ал керісінше байланыс жақсы болса кедергі келтірмеді. 1877-1878 жылдары болған орыс-түрік соғысынан кейін Ресей мен Осман империясы арасында байланыс жақсы болды, сол үшін қажылық байланыстарға айтарлықтай кедергі болған жоқ. Осылайша, уақыт өте келе Ресей мемлекетінің Исламға және оның ең маңызды діни әдет-ғұрыптарына қатынасында белгілі бір тәжірибе жинақталды.

Ал, Осман империясының Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарына жақындығы мен байланыстары ғасырлар бойына жалғасып отырды. Соның бір бағыты Осман мемлекеті мен Орта Азиядағы түркі халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар болып, ол XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырда дамыды (Saray, 2000:18-19). Бұл кезде түркі халықтарының арасындағы мәдени және рухани байланыстардың дамуына Қажылықтың орны

мен рөлі жоғары болып, оған әрине Осман мемлекеті ерекше ықпал етті. Орта Азиядан келген қажыларға Түркияда жақсы жағдай жасалды. Қажылық парызын орындаушыларға қосымша терең діни білім берілді. Ислам қағидалары мен оған негізделген діни идеология насихатталды. Әрине, мұның өзіндік саяси астары бар еді. Олай топшылаудың себебі, мәдени-рухани байланыстар Анадолы мен Түркістанды өзара жақындастырушы құрал ретінде қызмет етті. Мұндай жақындықты жалғастыруда әрине Қажылық сапардың рөлі өте ерекше болды.

Материалдар мен әдістер

Ұсынылып отырған ғылыми мақаланы дайындауда, әр түрлі деңгейдегі деректік материалдар қолданысқа енді. Оның ішінде, архив материалдары мен архив материалдарының негізінде құрастырылған құжаттар жинақтары, естеліктер мен деректік құндылығы жоғары саналған материалдар ғылыми жұмыстың мазмұнын ашуға көмектесті. Тақырыпты зерттеуде бірінші кезекте Түркия Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік архивтер басқармасына қарасты Османлы архивінің материалдары (BOA. DH. MUİ, BOA.A. MKT. MNM) пайдаланылды. Келесі кезекте, осы Османлы архивінің материалдары негізінде жинақталған құжаттар жинақтары қолданылды. Оның ең негізгісі Осман мемлекеті мен Түркістан арасындағы байланыстарға арнаған құжаттар жинағы болып табылады (Belgelerle Osmanlı-Türkistan, 2004: 1-10).

Зерттеу жұмысында, кеңестік және ресейлік архив құжаттарының негізінде дайындалған материалдар мен құжаттар жинақтары да дереккөздер тартылды. Олар мазмұнына қарай біршама алуан түрлі және әрқайсысы белгілі бір дәрежеде түркістандықтардың қажылық мәселесіне және қажылардың көзқарастары мен ұстанымдары туралы зерттеуге мүмкіндік береді (Авшарова, Бенедиктова, 1940:35-40). Сондай-ақ, Орта Азия мұсылмандарының қажылық сапары туралы Ресей әкімшілігі кезіндегі Түркістан туралы жазылған деректі материалдар жинағы көптеген тың мәліметтер береді (Туркестан в имперской политике, 2016: 5-10). Келесі кезекте, түркістандық мұсылмандардың Қажылық сапары мен «киелі жерлерге» зиярат етуі туралы деректік материалдар қатарында империялық Түркістанның мерзімді басылымдары ерекше материалдық құндылыққа ие. Ең алдымен өлкедегі негізгі ғылыми және мерзімді танымдық басылым – «Туркестанский сборник» жинағының деректік

құндылығы өте жоғары. атап өткен жөн. Мұнда қажылардың баруы мен олардың қайта оралуына қатысты мәліметтер жарияланып отырған (Gökalp, Eyyüroğlu, 2018: 74).

Ғылыми тақырыптың методологиялық негізін айқындауда бірінші кезекте отандық ғылымда қалыптасқан методологиялық принциптер мен заманауи ғылыми көзқарастар мен ұстанымдар негізге алынды. Келесі кезекте, Осман мемлекетінде сыртқы саясат пен діни идеология және мәдениет теория ретінде де, практика ретінде де қарастырылды. Тақырыптың теориялық негізі ретінде діни мен мәдениеті бір болған халықтар арасындағы байланыстар мен олардың даму жолын анықтайтын және айқындайтын құндылығы жоғары пікірлер мен тұжырымдар басшылыққа алынды.

Сонымен бірге, Қажылықтың орны мен рөлі туралы жекелеген шетелдік және отандық авторлардың жаңарған принциптері мен тұжырымдары сондай-ақ, теориялық ұстанымдары назарда болды (Айлин, 2021:296). Зерттеудің ғылыми әдістеріне жалпы тарихи процесс пен оқиғаларды және оларды құрайтын факторларды, оның алғышарттары мен себептерін айқындайтын, сондай-ақ уақыт ағымына сай өткен тарихты зерделейтін тарихилық принципі негізге алынды. Сонымен бірге, Қажылықтың тарихы мен қажылардың мемлекеттер мен аймақтар арасындағы байланыстарын реттеуде тарих ғылымының басқа да дәстүрлі әдістері қолданыста болды. Бұдан тыс, Қажылық кезіндегі империялық, исламдық және түркілік идеяның көпшілік санасындағы көріністері мәселесін зерттеу кезінде пәнаралық әдістер, оның ішінде әлеуметтік тарих пен тарихи психологияға негізделген әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Осман империясы тарапынан түркістандық мұсылмандарға қолдау.

XIX ғасырда Осман империясының сұлтандары мұсылман халықтарының діни бірлігіне назар аударды. Мұндай саясат негізінен Танзимат реформаларының екінші кезеңінен, яғни Қырым соғысы аяқталғаннан кейінгі кезде басталды деуге болады. Ғасырлар бойына Ислам дінінің халифтері саналған түрік сұлтандары Осман империясының құрамында болған арабтар мен Балқандағы мұсылмандардан бөлек Шығыстағы Ауғанстан, Шығыс Түркістан, Үндістан және Иран елдеріндегі мұсылмандарға жылы көзқараспен қарап, оларды өз жанына тартты.

Осының негізінде Ислам діні аясында түрік сұлтандары мұсылман әлемімен жаңа қарым-қатынастар орнатуға қол жеткізді. Ислам елдерінің басын біріктірген түрік сұлтандары мақсаты бірінші кезекте мұсылман халықтарының арасында өзара ынтымақтастықты арттырып, келесі кезекте олардың бір-біріне саяси, әлеуметтік және мәдени қолдау көрсетуін қамтамасыз ету болды (Васильев, 2020:216-220).

Келесі кезекте, Осман мемлекетінің элитасы дәл осындай мақсатпен Ресейдегі мұсылман халықтарын да басты назар ұстады. Бұл кезде Ресей империясының құрамында болған түркі-мұсылман халықтары дербес қимылдар жасай алмағандықтан, түрік билігі оларға жан-жақты қолдау көрсетуді қажет деп санады. Соның негізгі бағыттарының бірі ресейлік мұсылмандардың Қажылық сапарды орындауда жан-жақты қолдау көрсетуі болды. Мұндағы басты ерекшеліктердің бірі – Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының тек діни тұрғыда ғана емес, сондай-ақ тілдік, мәдени және этникалық тұрғыдан жақын болғаны басшылыққа алынды.

Географиялық және тарихи-мәдени тұрғыдан сан түрлі атауларды иеленген Орта Азия географиясы Осман империясы үшін Түркістан және Тұран даласы деген атаулармен де белгілі болды. Сондықтан, деректер мен ғылыми зерттеулерде Орта Азия Түркістан деген атаумен аталып келеді (Belgelerle Osmanlı-Türkistan, 2004: 10-15). Түрік сұлтандары бұған дейінгі кезеңде Орта Азиядағы Қоқан, Хиуа хандарымен, Бұхара әмірлерімен саяси қарым-қатынаста болып келген. Осы байланыстар енді саяси, діни сипатта жалғасын табатын болды. Осыған орай, түріктер нақты істерге көшіп, Орта Азиядағы мұсылман халықтарды діни тұрғыдан қолдап, оларға мүмкіндігінше қолдау көрсетуді көздеді. Түп тамыры, мәдениеті мен діні бір түркі халықтарының бір-бірімен жақындығы арта түсті. Мәселен, Осман империясының сұлтаны Абдулазиз (1861-1876) таққа отырған кезден бастап Түркістаннан Осман еліне келген ғалымдар мен зиялы азаматтарға барынша қолдау көрсету қажеттігін кеңінен насихаттап отырған (Lewis, 2004:141). Мұндағы басты мақсат, Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарымен жақын болу, олармен байланысты мүмкіндігінше нығайту және сол арқылы тұрақты байланысты орнату болды.

Аталған дәстүрді Абдулазиз сұлтаннан кейін таққа отырған II Абдулхамит сұлтан да жалғастырды. Сұлтан және халиф II Абдулхамит (1876-1909) осман үкіметіне (Порта) Орта Азия мен Ресейден келген қажыларға ыстық ықылас пен

бауырмалдық ілтипат көрсетуді тапсырды. Осының негізінде түріктер түркістандық қажыларға мейлінше қолдау көрсетіп, қонақүйлерден орын беріп, қамқорлық танытты, қажылардың ризашылығын алды (Şakir, 2009: 8-11). Түрік тарихшыларының ойынша, мұндай ынтымақтасудың мақсаты бірінші кезекте «Халифке арнайы дұғалар арнау», болса, екіншіден түркі халықтарын бір-бірімен жақындастыру болған. Түркістаннан қажылыққа барған көптеген қажылар Ыстамбұлда біраз уақыт қалып отырды. Қажыларды түрік астанасында қызықтырғаны Ыстамбұлдағы мәдени және тарихи орындарды кезіп, сондай-ақ аса бай кітапханаларда өз діни сауаттарын арттыру болатын. Өйткені, қажылыққа келген адамдардың көп бөлігі қарапайым ауыл молдалары мен өз туған жерінің аузы дуалы және беделді азаматтары болды. Осы тұста қазақтардың да Мекке асып Қажылыққа аттанып отырғанын айта кеткен орынды (Мұхтарова, 2009: 12-13).

Қажылыққа ниет білдірушілерге Осман мемлекеті көбінесе Иран жері арқылы бағыт алған азаматтарға да қолдау көрсетті. Ортаазиялық қажылар Тегерандағы Осман консулдығына тіркелгеннен кейін ғана Меккеге сапар шекті. Тегерандағы Осман империясының консулдығы қажыларды қарсы алатын орын саналды. Сонымен бірге, Тегерандағы консул арқылы осман билеушісінің атынан арнаулы сыйлықтар жоғары шендегі және өз елінде абыройлы қажыларға табысталды. Осы мүмкіндікті пайдаланып, Тегерандағы түрік консулы Түркістанда болып жатқан саяси жағдайлармен танысып, тиісті ақпарат жинап, жиналған мағлұматтарды Ыстамбұлға жіберіп отырды.

Орта Азиядан шыққан түркі-мұсылман халықтары арасынан қажылық сапарға жол тартушылардың белгілі бір бағыты мен жолы болды. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша олар бірнеше бағытты құраған. Табиғи жағдайларға байланысты ол өзгеріп отырған. Дегенмен, оның ең негізі 3-4 бағыты сақталған:

Бірінші бағыт – су жолдары арқылы жүріп отырған. Бұл бағыт – Қара теңіз жағалауындағы Сухуми, Батуми, Потти, Феодосия, Керчь, Новороссийск, Херсон, Одесса және кейде Севастополь порттарынан басталды. Мұнда негізгі жол Қара теңіз бен Жерорта теңізі арқылы өтеді. Бұл бағыт бойынша Ресейдің оңтүстік аудандарымен Қара теңізге еніп, ол көбінесе Одессаға, одан соң Ыстамбұлға, Ыстамбұлдандан Александрия портына барып, осы порттан ары қарай Суэц каналына түскен. Суэц каналы арқылы Қызыл теңізге жетіп, Қызыл теңізден Жиддаға одан ары қарай

Қасиетті Медина мен Мекке қалаларына жеткен (Нуриманов, 2019:81). Бұл бағытта Одесса порты маңызды роль атқарған. Оның басты ерекшелігі бұл порттан көбінесе дәулетті адамдар өтетін болған (Брилев, 2020: 135-136).

Екінші бағыт – Кавказдық бағыт болды. Бұл бағыт «Закавказье» деп аталып, онда – негізінен Арабияға барар жолда қасиетті қалаларға тоқтап өтетін болған. Бұл бағытпен Қажылыққа аттанушылар Кавказдың сыртымен, Иранның солтүстік жағымен, Керманшах арқылы өтіп, одан кейін қазіргі Ирак мемлекетінің Ханекин қаласына аялдап, сол қаладан Бағдатқа қарай өтіп шығыстағы қасиетті қалалар Кербела, Неджефтен араб шөліне еніп Меккеге жеткен. Бұл жол негізінен өте ауыр бірақ, тиімді болған.

Үшінші бағыт «Орта азиялық» деп аталып, ол – Орта Азия, сондай-ақ Сібір мен Орал мұсылмандары үшін ең қолайлы жол саналды. Дегенмен, бұл бағыт өте ауыр саналды, себебі, ол теңізбен де күрлықпен де жүріп отырған. Ол бойынша бірінші Бұхара немесе Самарқанға барады. Одан ары Ауғанстанда Мазари-Шарифке, одан Кабулға, Кабул арқылы Пешеварға өтіп, Карачи, яғни қазіргі Пәкістан мен Үндістан жері арқылы Үнді мұхитына, ал Үнді мұхитынан Қызыл теңіз арқылы Жиддаға жетіп, ары қарай Мекке мен Мединаға келген. Зерттеушілердің пікірінше ортаазиялық мұсылмандардың қажылық жолдары уақыт ағымына қарай ауысып отырған. Дегенмен, басты бағыттар осы жолдар арқылы өткен (Нуриманов, 2019:83).

Көріп отырғанымыздай, Орта Азия халықтар арасынан қажылық парызды орындау ешқашан оңай болған жоқ. Сан тармақты жолдардың ауыртпалығына қарамастан, мұсылмандар қажылыққа аттанып отырды. Мұны түсінген осман билігі Түркістаннан, жалпы Орта Азиядан сапар шеккен қажыларға қажылық жолды оңайлататын, Түркістан қажылығын реттеп отыратын, қажылардың сәтті орналасуы үшін бірнеше шаралар өткізді. Атап айтатын болсақ: 1895 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Орта Азия, Ауғанстан, Үндістаннан келген қажыларға визалық алым 20 курушка дейін төмендетілді. Орта Азия мен ауғандық қажылардың біразында төлқұжаттары болмауына байланысты олардан паспорт талап етілмеді (Васильев, 2000:356).

Қытай мен Ресей мұсылмандарына да Осман мемлекеті ерекше ықылас танытты. Мәселен, Сұлтан II Абдулхамит Ыстамбұл қаласының Шехреманетіне (Шехреманет-муниципалитет) менеджері мен денсаулық сақтау министріне қажылықтың медициналық, денсаулық сақтау

және санитарлық жағын қадағалауды бұйырды. Сонымен қатар, XX ғасырдың басынан бастап Хиджаз теміржолы арқылы мұсылмандардың келуіне көптеп жағдай жасалды. Мұның арлығы II Абдулхамиттің қажыларға көрсеткен басты қолдауы болды. Осы бұйрықтан соң Бұхара мен Қашқардан келетін қажылар саны өсті (Абидулин, 2008:125-127). Қажылыққа келушілерді бақылау мақсатында Хиджазда «Мысыр» компаниясының кемелері жұмыс жасап, тиісінше Орта Азиядан, соның ішінде Қашқардан арнайы тағайындалған ұстаздарға қызмет етті.

Сонымен бірге Хиджаз билеушісіне Орта Азиядан келген қажыларға ауруханалар мен басқа да қажетті орындар ұйымдастыру туралы бұйрық беріліп, нәтижесінде қажылар медициналық көмекпен қоса баспана мен азық-түлікті де тегін алу құқығына ие болды. Алайда, аталған көмек көрсететін медициналық орталықтардың барлығы бірдей қанағаттанарлық жағдайда жұмыс істей алмады. Өйткені бұл бастама Осман қазынасына бірталай шығындар алып келді.

Қажылықтан Түркістандық қажыларға сыйлық ретінде діни мазмұндағы кітаптар, Құран Кәрім, исламдық аса құнды жәдігерлер сыйға тартылды. Сонымен қатар, Қажыларға қолдау көрсетудің қолайлы әдістерінің бірі ресейлік құжаттарды тіркеу болды. Ресейлік төлқұжаттың болуы Осман мемлекетіндегі консулдықтарға рәсімделу деп саналды. Бұдан тыс маңызды қолдаудың бірі – Қажылыққа келіп ақшасы таусылған азаматтарға қаржылай көмек те көрсетілді. Мысалы 1910 жылы Бұхарадан келген бір топ қажыларға еліне қайту үшін қаржылай қолдау көрсетілген (BOA. DH. MUi. 53-1/24 29 Kanun-ı Evvel 1325). Сол сияқты, 1904 жылы Әндіжаннан келген қажылар арасынан да осындай жағдайлар орын алған еді (BOA.A. MKT. MHM No : 524/14: 28 Şevval 1321).

Осман империясында Түркістан теккелері (такиелері)

Бұл кезеңде Ыстамбұл мен Осман империясының басқа да қалаларында пайда болған Орта Азия мигранттарының қауымдастығы аса назар аударарлық жағдайда болды. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Орта Азияның ислам өкілдерінің көп бөлігі, атап айтқанда Бұхаралық қажылар Осман мемлекетінде жергілікті халықтың көп бөлігі қоныстанбаған империяның жерлерінде тұрақты өмір сүруге, яғни қалған өмірін Осман империясының аумағында өткізу үшін сонда қалып та жатты. Осман империясының үкіметі де жаңа иммигранттар-

ды өмір сүріп, сіңісіп кету үшін керекті қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, қолдау көрсетіп отырды. Бұл азаматтар Осман империясының Ыстамбұл, Бурса, Кония, Алеппо, Иерусаалим, Мекке қалаларында көптеп кездеседі (Çetin, 2017:272-273).

Қажылық пен қасиетті зиярат жасау кезінде Түркістаннан ұзақ әрі қиын сапарға ниет етуші қажылардың демалуға арналған аялдамаларындағы «теккелердің» көмегі өте үлкен болды. «Теккелер» негізінен шөл далада кездескен мөлдір бұлақ сияқты өмірлік маңызы ерекше сипаты бар түнейтін немесе аялдайтын орын болды. Теккелер деп отырғанымыз қажылардың ұзақ жолдан келіп орналасып тынығатын және арнайы демалатын орны болды. сонымен бірге Календерхана деген атаумен аталған Сұлтанахмет, Аюб және Сұлтантөбе деп аталатын теккелердің атқаратын негізгі қызметі Орта Азиядан келген қажылар мен қонақтардың тынығып демалуына жағдай жасауы тиіс болды (Sarınaу, 2019:1-18).

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ыстамбұлға тоқтайтын жолаушы қажылардың аялдамаларының қауіпсіз екендігі және мейлінше жағдай жасалғандығы туралы ақпараттар қажыларға Осман империясына аяқ баспай тұрып-ақ, өз Отандарында болған кездерінен хабардар болды. Шындығында да осындай «Календерханалар» түрік мемлекетінің территориясында кеңінен таралып, барлық құрылған орындарымен біртұтас Календерхана желісін құрған еді. Осы себепті барлық ағымдар сияқты сопылық ағымның да бір формада қажылық жасау жолының бойында құрылған осы теккелерге тікелей және жанама түрде болсын өз әсерін тигізгені анық байқалады (Çetin, 2017:184).

Қажылық маршруттағы басты пункттердің бірі – Ыстамбұл қаласында шоғырланған теккелерімен танымал болды. Осы кезеңде Осман империясының астанасында ауғандықтардың – 1, Қазан татарларының – 1, Үндістан мұсылмандарының – 3, Өзбектердің – 4 теккелері бой көтерді. Салыстырмалы түрде алғанда, осыған қарай отырып, түркістандық мұсылмандардың арасында өзбектер Қажылыққа баруда белсенді болған. Бұлардан тыс сырттан келетін мұсылмандар Таяу Шығыстың біраз қалаларында аялдау үшін теккелер салдырған. Мысалы, Иерусалим қаласында да Үндістан мұсылмандарының, Өзбектердің және Ауғандықтардың бір-бірден теккелері болса, Каир қаласында Үндістан мұсылмандары мен Өзбектердің теккелері орналасты. Үндістан мұсылмандарының, Өзбектердің және Қазан татарларының теккелері сонау Қасиетті

Мекке мен Медина қалаларында да болды және аталған қалаларда Үндістан мен Орта Азиядан келген қажыларға көмек көрсетті. Қасиетті Мекке қаласында қазақтар арасынан шыққан қажылар да теккелер мен әлеуметтік орындар салған. Олардың арасынан атақты Құнанбай қажы, Нүрпейіс қажы және қазақтан шыққан басқа да қажылардың қаржысына салынған үйлер мен демалыс орындары болған (Қырғызбай, 2018 2-3).

Қажылардан бөлек Түркістаннан келген жолаушылар мен саудагерлер үшін өзбек теккелерінің қызметі ерекше болды. Өзбек теккелері түркістандық қажылардың, қонақтар мен зиярат етушілердің тұруы мен азық-түліктерін толықтай қанағаттандырып отырды және кейіннен өзбек теккелерінің саны да уақыт өте арта түсті. Бұхаралық меценаттар мен ауқатты адамдардың қолдауымен салынған теккелер қажылық жасау бағытында белгілі бір уақыт аралығында салынды (Zarcone, 2008:52-58). Жолаушы қажылар теккелерде қалағанынша тұра алатын.

Қажылар мен түркістандық мұсылман жолаушылар өз елінен арнайы текке шейхіне бағалы сыйлықтар мен бұйымдар сыйға тартты. Шейхтар да тұрмысы төмен болған қажыларға сыйлықтар тарту етті. Сонымен бірге жергілікті шейхтар көмекке мұқтаж түркістандық қажыларға ақшалай қолдау көрсетіп те отырды. Теккеде жолға шыққан қажылар үшін қой малы құрбандыққа шалынды. Әсіресе Қасиетті жұмада теккеде аялдайтын қонақтар саны көп болды (Grace, 1980:130-139). Теккелердің функциясы мұнымен ғана шектеліп қоймай, Түркістан мен Анадолы халықтарының, түбі бір түркілердің арасындағы діни, рухани байланыстарды жаңғыртып дамытуда айтарлықтай үлес қосты. Бұл қалаларда тиісінше шығыстық мұсылмандар, ашып айтқанда османдық, түркістандық сонымен бірге үндістандық қажылар кездесіп, мұсылмандар арасында сенімді қарым-қатынас орнады.

Қажылық маршруттың пункттерінде салынған теккелер түркістандықтар мен Түркістанды өзінің тарихи Отаны ретінде сезінетін османдық түріктер арасындағы өзіндік тығыз мәдени-гуманитарық қатынас орнауы мен жақындасуы үшін маңызды орын болып саналды. XIX ғасырда Ыстамбұл қаласында Үскүдар, Сұлтанахмет аудандарында түркістандықтар құрған теккелер Түркістандықтар мен Османлылар арасындағы мәдени және дипломатиялық байланыстарды дамытуда маңызды рөл атқарды (Науіт, 1999:6). Ыстамбұлдағы түркістандық теккелерді Орта Азиялық қажылар тұрғызған десе, бұл теккелер-

дің барлығының құрылуы мен олардың қызмет етуіне, Осман империясының айтарлықтай орасан зор көмектескені жасырын емес. Ислам дінінің халифі саналған осман сұлтаны түркістандық мұсылмандардың да сүйіспеншілігі мен зор сеніміне ие болып, Түркістан мен өзге де аймақтардан келген қажылар үшін қажылық сапарының оң болуына жағдай жасауға тырысты.

Түркі руханиятын жаңғыртуда Қажылықтың орны

Осман мемлекетінің діни істер жөніндегі басқармасы Шейхулислам тарапынан түркістандық қажылардың діни дәстүрлері мен олардың ұстанатын мәзхабына баса назар аударған жоқ. Ең маңыздысы сунниттік бағытта болуы жеткілікті еді. Тиісінше, аталған кезеңде Орта Азия мұсылмандарының көпшілігі сопылық ілімді ұстанғаны белгілі. Түркістан өлкесінің қажыларының барлығы өз діни ұстанымдары мен бағытына қарамастан Осман империясының астанасына келіп, сол жерде айтарлықтай уақыт тұруы керектігі айқындалды. Сондай-ақ, Ыстамбұлдан Мекке қаласы мен барлық қасиетті орындарды, тарихи қалалары мен ауыл-аймақ, орындарына тоқтап өтуге ынтық болды. Түркістан мұсылмандары көбінесе қажылыққа сапар шегу үшін көп жағдайда ең алдымен Ыстамбұлда жинақталатын болған. Айта кететіні, қажылыққа баратындардың арасында османдық түріктер сияқты түркістандық мұсылмандар сопылықты берік ұстанды. Сол сияқты, қазақ қажылары да сопылық бағытты жақсы ұстанды. Қажыға барған қазақтар арасында сопылықты ұстанғандар көп болған (Құрманбаева, 2016:1-3). Бұл жерден XIX ғасырдың соңында түркі халықтарында сопылық ілімнің кең таралғаны көрінеді, ал сопылық ілімді ұстанатындар Аллаға құлшылық етуге шыққан барлық мұсылмандарға көмектесу өздерінің парызы деп санайды (Zagone, 2011:205).

Сонымен бірге, түркістандық қажылардың Ыстамбұл арқылы сапарға шығуы қауіпсіздіктің кепілі болғанын да айтқан жөн. XIX ғасырда басында Ыстамбұлдан қажылыққа аттанғандардың арасында Түркістандағы діни адамдардың Осман империясына арнайы мақсатта жіберген миссияларымен келген елшілері де болды. Бұл елшілер Ыстамбұлға мемлекеттік қызметпен қоса мұсылмандық парыздарын да өтегілері келді. Елшілердің арасында қажылыққа бару жоспарында болмағандары болса да, түріктер тарапынан жақсы қарсы алынды.

Қажылыққа барған қазақтардың да өз орны болды. Қажылыққа барған ортаазиялық түркі

халықтары арасында қазақтардың саны аз болса да, қазақтардың қажылыққа деген ниеттері ерекше еді. Мединаға қажылыққа барған қазақ мұсылмандары сол қалада білім алып жатқан қазақ балаларымен жолығып, шәкірттердің жергілікті жерде медресе салу туралы ұсыныстарын қабылдап, барынша қаражат жинап, отанына оралғаннан кейін де қаржылай қолдау көрсеткен. Мединада білім алған қазақ балаларының өздері де туған жерге келгеннен кейін осы медресе есебіне халықтан қаражат жинаған (Смағұлова, 2015:110-118). Осының арқасында қазақ қоғамында, ел арасында діни сауаты жоғары және білімді азаматтар көбейді.

Қырғыздар, қазақтар, түркмендер, қарақалпақтар, тәжіктер, яғни Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары Ислам дінінің дәстүрлерін белгілі бір дәрежеде ұстанып, өздерін мұсылман ретінде көрсетті. Тиісінше, осы халықтар арасында қазақ халқы ешқашан да әлемде діни фанатизіммен танылған жоқ. Бұл тұжырым шетелдік және отандық тарихшылар еңбектерінде айтылады (Лаумулин, 2019:472). Салыстырмалы түрде тәжіктер, өзбектер сонымен бірге түркістандық ауған мұсылмандар Ислам дінін терең ұстанды. Аталған жағдайларды Ресей империясы жүргізген статистика да растай алады. Ислам дінінің негізгі міндеттерінің бірі болған Қажылықты уақыт өте Ресей билігі мемлекеттік саясатпен байланыстырып қойды. Себебі, ел арасында қажылар арасынан тыңшылар шығып жатыр деген қауесет таралды.

Расында да, қазақ халқы Түркістандағы басқа ұлт өкілдері сияқты Ислам дінінің түрлі бағыттары мен тармақтарына кіріп, терең ұстанбады. Отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірінше қазақ халқы ұстанған Ислам дінінің басқа халықпен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі, ежелгі тәңіршілдік пен ортағасырлық сопылық ілімнің араласқан синтезі деп тұжырымдайды. Десек те, қазақ халқы арасында да Қажылыққа бару міндет деп саналып, қажылыққа барған адамдар «Қажы» деп аталды (Смағұлова, 2015:112).

Қажылық сапардан келген мұсылмандардың қоғамда беделі артып, олар «Қажы» деген атаққа ие болды. Қазақ қажылары және сонымен бірге барлық түркістандық қажылар Ыстамбұл мен Тегеранда берілетін әр түрлі көмекпен шектеліп қалмай, Осман империясының сұлтан кітапханасындағы кітаптар мен басқа да танымдық материалдарды алып қайтты. Бұл кітаптарда діни, адамгершілік, моральдік және рухани тақырыптарда көптеген мәліметтермен қоса Ис-

лам дінінің қағидалары да баяндалған еді. Сол уақытта әкімшілік тұрғыдан Түркістан Ресейге бағынышты болғандықтан қажылар алып келген кітаптарды бақылаудан өткізіп, сыйлық ретінде өздерінде қалдырған. Мұны білген Ресей әкімшілігі мұндай кітаптардан қауіптен бастады. Билік түркістандық Қажылардың Осман мемлекетінің идеологиясымен улануы мүмкін деген күдікпен қарады. Сондықтан, мұсылмандардың қажылыққа баруына кедергі келтіру мақсатында дін істері тарапынан арнайы кітаптар мен материалдар жариялады (Erşahin, 1999:235).

Осы орайда, Ресей империясының түркістандық қажыларға өзіндік саясатының болғанын айта кеткен жөн. Бұл саясат бірінші кезекте Патша үкіметінің діни саясатымен байланысты болды. Ресей империясындағы діни ахуал 1860-1870 жылдары Түркістанды жаулап алғаннан кейін Ислам дінін ұстанатын халықтардың саны артқан соң өзгерді. Екіншіден жоғарыда аталғандай, Қажылық сапар Ресей мен Осман империясының саяси қатынастарына да байланысты еді. Анығын айтқанда Ресей империясы мен Османдықтар арасындағы қатынас нашарлаған кездері қажылық сапарға шығу да қиын болды. Алайда, Ресей үкіметі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас жағында Ислам дінін ұстанушы халықтардың қажылыққа аттанушыларына айтарлықтай қарсылық танытпады. Мұнда Дала және Түркістан өлкесіндегі халықтар негізінен Ислам дінін ұстанушылар болғандықтан діни нанымдары билік тарапынан бақылауда ұсталды (Литвинов, 2015:398-399).

Қажылық, дін, идеология.

Осы орайда, қажылық сапардың Ресей билігінің саясатымен байланысты екенін ерекше атап өткен орынды. Түркістан аймағының «алғашқы құрушысы» атанған генерал-губернатор К.П. Кауфман қажылықты елден тыс жерлерге кетуге байланысты діни іс-қимыл ретінде реттеу керек деген саясатты ұстанды. Түркістан басшыларының ойынша біріншіден, Қажылыққа бару Түркістанда діни фанатизмнің артуына және Ресейге қарсылықтың өршуіне әкеліп соқтырады деген пікір басым болды. Екіншіден, қажылыққа толығымен рұқсат ету Түркістан өлкесінде діни идеологиялық сипаттағы әр түрлі ағымдардың келуі мүмкін деген қауіп болды. Үшіншіден, елге Шығыстан, климаты ыстық аймақтардан эпидемиологиялық және әр түрлі аурулардың таралауына әкелуі мүмкін деп ойлады. (Литвинов, 2015:398-402). Сондықтан, кей жағдайда Қажылыққа барудың өзі қиындықтар тудырып отырды.

Түркістандағы жергілікті отарлық билік Ислам дінінің өкілдерін шейхтер мен молдаларды маңызды саяси күш ретінде қарастырмаса да, олар өлкенің мұсылман қауымымен болып жатқан процестер мен оқиғаларды мұқият қадағалап отырды. Ішкі істер министрлігінің саясаты болса керісінше, бағынышты мүфтиаттар мен империя мұсылмандарының діни жағдайын басқаратын мемлекеттік орындар арқылы мұсылман халықтардың өмірін қатаң бақылауда ұстады. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, Түркістан өлкесінің әкімшілігі мұсылмандардың қажылықты реттеуден мүлде бас тартпады. Себебі, қажылыққа қатысты қатаң нормативтік-құқықтық заңнамалар ресейлік тәртіпке әлі де наразы ортаазиялық Ислам дінін ұстанушылардың қарсылығын тудырады деп сенді. Екінші жағынан, егер қаласа, Түркістан өлкесінің мұсылмандары қажылыққа өздері-ақ рұқсатсыз да заңнамаларсыз бара алатын еді (Литвинов, 2014: 53-57).

Қажылықтың осылайша құқықтық жағынан орынға қойылуы көбінесе Орта Азия мұсылмандарының Ресей билігіне деген көзқарасын жақсартып, оларды мұсылман парызын орындап Меккеге қажылыққа баруға көзқарасы мен талпынысын арттыра отырып, барлық жағдайларды сабырлы да байсалды есепке алуды үйретті. Ислам діні мен мұсылмандар және қажылардың сапары бойынша жағдай XX ғасырдың алғашқы жалдарынан бастап қана өзгерістерге ұшырады. Ислам дінін ұстанушылардың қажылық сапарын бақылауда жиналған тәжірибені, сонымен бірге Орта Азия мұсылмандарының Ресей тәртібіне кіріптарлығын есепке ала отырып, Түркістан генерал-губернаторы Н.А.Иванов 1901 жылы облыстық кеңсе дайындаған қажыларға арналған ережені бекітті. Аталған нормативтік-құқықтық акт билік пен мұсылмандардың қажылыққа деген көзқарасын жан-жақты жөнге келтіре отырып ол Түркістан мұсылмандары арасында қабылданды.

Патша үкіметінің де қажылық сапарға қатысты қандай саясат ұстанғанын анықтау қиын емес (Anisimov, 2023: 554). Бастапқы уақытта қатаң заңдарымен мұсылмандардың құлшылығы мен орындалатын тиісті мұсылмандық міндеттерін орындалуы мен парызына тосқауыл болғанымен, кейін қажылықтың ешқандай саясатқа қатысы жоқ екенін түсініп, арнайы заңнамаларды қабылдады. Тіпті қажыларға төлқұжат жасатылып, құжаттармен қамтамасы ету жолға қойылды. Осының арқасында түркістандық мұсылмандар үшін қажылыққа бару біршама оңайлады. Бұған XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап Бірінші

Дүниежүзілік соғысқа дейінгі жылдары әр жыл сайын жүздеген, тіпті мыңдаған мұсылмандардың Қажылыққа аттанғанын көруге болады.

Өз кезегінде қажылық сапардың Анадолы мен Орта Азия түркі-мұсылман халықтарының арасындағы қарым-қатынастардың халықаралық сипаты да болып, ол маңызды болып саналды. Басты мәселе түркі халықтарының ынтымақтастығы мен олардың дін жағынан бірігуі еді. XIX ғасырда Осман мемлекетінің құлдырап келе жатқанын пайдаланып, еуропалық державалар түріктерге жан-жақтан қысым көрсетті. Осман империясына қауіп төндірушілердің арасында бірінші орында Ресей империясы болды. Сол себепті аталған діни идеологиялар халықаралық қатынастарда батыс елдеріне, соның ішінде Ресей мен Британияның назарын аудармауға тырысып, мүмкіндігінше жасырын түрде жүргізілді (Набиев, Гафаров, 2012:40).

Осылайша, Осман мемлекетінің Орта Азияда Ислам дінін ұстанушылармен байланыстарын, яғни түріктер мен түркістандық түркілердің мәдени-гуманитарлық байланыстарын сақтаудың ең жақсы әдісі – Қажылық сапар болып, көптеген мәселелер осы арқылы реттеліп отырды. Мұндай қатынас пен саясат әу-бастан белгілі болды. Мұнда негізінен әуелде саяси-идеологиялық байланыстар бірінші орында болып, мәдени-рухани интеграция келесі орында болды.

Қажылар арасында қоғамда әр түрлі орын иеленген азаматтар, оның ішінде танымал тұлғалар болып, олар сапар кезінде Қажылық жолдар арқылы, Осман империясының аумағына келіп байланыстарды дамытты. Олардың арасында саясаткерлер, тиісті бір миссияны орындаушылар, барлаушылар және басқа да мемлекетаралық істермен айналысушы тұлғалар болды. Олар Осман мемлекеті мен Орта Азия мұсылмандары арасындағы тығыз және құпия саяси тақырыптарда жұмыс істеді (Салиев, 2019: 129-131). Бірақ, бұл мәселе өз алдына жеке тақырыпты құрағандықтан, біз зерттеу жұмысында мұндай тақырыптарға тоқталмаймыз.

Тақырыптың мазмұны көрсетіп отырғандай, мұнда негізінен қажылар арасынан діни адамдардың, молдалардың, білім адамдарының, тарихшы-зерттеушілердің қызметі маңызды болды. Осы бағыттағы азаматтар мен тұлғалардың қызметінің арқасында, яғни Қажылық сапардан алып келген танымдық материалдары мен арттырған білімі түркі халықтары арасында мәдени ықпалдастықты, діни бірлік пен тарихи тамырластықты, халықтың сауатын ашуды дамытты. Мұндай қажылардың еңбектерін пайдаланып

Осман империясының қажылық арқылы Ортаазиялық немесе түркістандық түркі-мұсылман халықтарымен өзара мәдени қарым-қатынас орнатып, тіпті олардың арасынан осман сұлтанының хаттары мен исламдық ынтымақтастық туралы хабарлар таратқанын аңғаруға болады.

Дегенмен, мұның да өз кезегінде кедергілері табылып, онда Қажылық кезінде Орта Азия мұсылмандары мен Осман империясының арасындағы рухани қатынастың дамуы оның қарсыластары болған Англия мен Ресейге ұнамады. Еуропалық державалардың, әсіресе британдық елшілер мен тыңшылар османдықтарды барлық мұсылман әлемімен біріге отырып, шетелдік үстемдікке қарсы көтеріліске алып келеді деп күдіктенді. Оның себебі ретінде жоғарыда айтқандай, діни адамдардың қажылыққа келуі мен олардың арасында тыңшылар мен барлаушылардың бар болуы өте күмәнді болды (Бессмертная, 2018:12-14). Мұнда басты күдік Осман империясының сұлтандары Орта Азия мен басқа да мұсылман елдеріне көтеріліс ұйымдастыру мақсатында оларды қосымша күш ретінде біріктіру болды. Осы себеппен Қажылыққа сапар шегушілерге қатаң бақылау орнады.

Алайда, қажылыққа аттанушылардың қатары азайғанымен мүлдем тоқтап қалмады. Қажылық кезінде қажылыққа ниет еткен және Түркияны жақын тұтқан, сондай-ақ Ислам дінін терең ұстанушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында кітапшалар мен үндеулер таратылды. Басты күмән осында еді. Еуропалық державалар тарапынан туындаған мұндай күдік туғызатын дүниелер мен ойлар олардың Ислам дінін түсінбеуінің салдары екені анық еді. Бірақ, мұның барлығы жалған күдіктен туған саясат еді. Себебі, қажылық сапар діни парыз болғандықтан, әрбір мұсылман сапарға ешқандай теріс пиғылмен аттанбауы тиіс болды (Бороздин, 2010:156-160).

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай 1914 жылдан бастап мұсылмандардың қажылық сапарға аттануы қиынға түсті. Қажыға аттану қиындап, тіпті де мүмкін болмай қалды. Қажылық соғыс үдей түскен сайын қиындап, біраз уақытқа тоқтатылды. Бұған көптеген адамдар дайын болып, алайда Қажылық парызды орындау қиындық тудырды. Дегенмен, XIX ғасырдың 70-80 жылдарына бастап, Бірінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі уақыт аралығында түркістандық мұсылмандар Осман мемлекетімен, яғни Анадолы түркілерімен тығыз қарым-қатынастар орната алды. Соның бір бағыты – халықтар арасында мәдениет пен рухани жаң-

ғырудың өзіндік орны қалыптасты. Халықтар мен мемлекеттер арасында тек саяси, әлеуметтік байланыстар ғана емес, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстар да кеңейіп дамыды. Дегенмен, соғыс кезінде де Қажылыққа барғандар болды. Үндістаннан, Бұхарадан, Ресейден және әсіресе Қазан мен Ауғанстаннан Мединеге келіп, соғысқа байланысты Мәдинада қалып қойған қажыларға Осман мемлекеті қажетті көмек көрсетті (Ottoman Documents, 2011: 199).

Қорытынды

Қорытындылай келе, Орта Азиядағы, дәлірек айтқанда Түркістан өлкесінің түркі-мұсылман халықтары Меккеге қажылық етуі әр түрлі байланыстардың орын алуына себепкер болып, соның ішінде ең негізгілері саяси, идеологиялық, түрікшілдік, панисталистік бағытта болып, сонымен қатар, айта кететін ең бір негізгі саласы ол – рухани және мәдени-гуманитарлық байла-

ныстар болды. Түркістандық мұсылмандардың ұзақ жылдар бойына, әсіресе XIX-XX ғасырлардың тоғысқан шағында осы Ислам діні үшін маңызды сапарды орындауы осы аймақ халқының өз дініне берік болғандығын дәлелдесе, екінші жағынан аймақта діни білімнің артуына ықпал етті. Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан халықтары арасында Ислам дінінің құндылықтары артып, жергілікті халық исламдық мәдениетті мейлінше терең үйреніп, діннің қағидаларын берік ұстанды. Араб елдерінен, сонымен бірге Түркиядан діни кітаптарды алып келуі және Ыстамбұлда белгілі бір уақыт бойы тұрақтап, тіпті қоныстап қалуы, сол жерде діни білім алуы оң әсер етті. Қорыта айтқанда, түркістандық мұсылмандардың Қажылық сапары барысында орын алған қатынастардың мәдени және рухани мән-мазмұны терең болып, ол осы Қажылықтың түркі халықтары арасында түркілік руханияттың және мәдени-гуманитарлық байланыстың негізгі тірегі болғандығын айқындады.

Әдебиеттер

- Anisimov O.V. (2023), The Russian Empire as a Regulator of the Hajj and Russian Orthodox Pilgrimage. Vestnik of Saint Petersburg University. History, – vol. 68, Issue 2, pp. 549-556.
- Baymirza Hayit. (1999), Türkistan’ dan Osmanlı Devletine: Türk-İslam Kültürü Üzerine Bazı İzahatlar. // Akademik Araştırmalar Dergisi, – №3, – S.1-6
- BOA. (Osmanlı Arşivi) DH. MUi, BOA.A. MKT. MHM
- Bernard Lewis. (1961), The Emergence of Modern Turkey. – Oxford University Press, – 511 p.
- Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. yüzyıllar). (2004). T.C. Başbakanlık, Devlet Arşivleri Genel Müdürlüğü, Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı, Ed.Yusuf Sarıнай – İstanbul: – 277 s
- Mehmed Şakir. (2009). Halife II. Abdülhamid’in hac siyaseti. – İstanbul: Timaş Yayınları, – 364 s.
- Seyfettin Erşahin. (1999). Osmanlı Devleti Ve Türkistan Müslümanlarının Hac Seferleri (Çarlık Döneminden Günümüze). // Diyanet İlmî Dergisi. – Cilt: 35 – №1. – S. 235-248
- Yusuf Gökalp, Osman Eyüpoğlu. (2018), ‘Туркестанский Сборник’ (Түркiстан Дерлемеси)’ ve Орта Азия Динi Дüşüncesi Аçısından Kaynaklık Değeri. // Ош Devlet Üniversitesi İlahiyat Fakültesi İlmî Dergisi, – Sayı 25. – S. 69-86
- History of Central Asia in Ottoman Documents. (2011). Volume II. Spiritual and religious ties. – Samarkand: ICAS, STA. – 222 p.
- Smith, Grace Martin, (1980). «The Uzbek Tekkes of Istanbul», Der Islam №57 – P 130-139.
- Mehmet Saray. (2000), Hanlıklar Döneminde Osmanlı Devleti’nin Türkistan Siyaseti. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. – Sayı IV, – S. 17-20.
- Çetin Nursulu. (2017). Ыстамбұлдағы Түркiстан теккелерi, (Түркçеден Kazакçaya). Terc. İstanbul’daki Türkistan Tekkeleri, Komisyon, Ed. Prof. Dr. Ahmet Emre Bilgili. – İstanbul.– 294 s.
- Yusuf Sarıнай. (2019). Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi. Olarak İstanbul. // Bilig – Sayı 88. – S. 1-18.
- Zarcone, Thierry (2008), “Doğulu ve Batılı Yolcuların İtibalarında Buhara Tekkesi”, // 3. Uluslararası Tarih Yarımada Sempozyumu, – İstanbul – S. 52-58.
- Zarcone, Thierry, (2011). Kudüs’teki Орта Асылы ve Hintli Sufi Hacıлар, Çev: Berna Akkıyal, – İstanbul: KABCICI YAYINLARI. – 205 s.
- Абидулин А.М. (2008). Символизм и власть во время правления султана Абдул-Хамида II. // Власть. – Вып. 10. М., – С. 125–129.
- Авшарова М.П., (1940). Бенедиктова Н.Н. Материалы к библиографии мусульманского паломничества в Средней Азии. – Ташкент, – 40 с.
- Айлин Кейн. (2021). Российский хадж. Империя и паломничество в Мекку (пер. с англ. Р. Ибатуллина) / А. Кейн. – М.: Новое литературное обозрение, – 296 с.
- Бессмертная О.Ю. (2018). «Алые розы Востока»: «панисламизм», ориентализм и шпиономания в последние мирные годы Российской империи. Разведывательная империя? // Шаги / Steps. Т. 4. № 1. С. 9-44.

- Брилев Д. (2020). На пути в Мекку: Одесса как общеимперский центр мусульманского. // ISLAMOLOGY. – №1. – том. 10 – С. 130-143
- Бороздин С.С. (2010). Распространение идей Панисламизма в Туркестане (начало 20 в.) / С.С. Бороздин // Известия Уральского государственного университета. Сер. 2, Гуманитарные науки. – N 4 (82). – С. 155-162
- Васильев А.Д. (2000). «Знамя и меч от падишаха». Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.). – М.: Институт востоковедения РАН; – 2014. – 356 с.
- Васильев А.Д. (2020). Панисламизм и политика Османской империи в Центральной Азии в последней трети XIX в. // Центральная Азия на перекрестке европейских и азиатских политических интересов: XVIII–XIX вв. Сборник научных трудов. Санкт-Петербург, 24-28 августа. – С. 215-228.
- Қырғызбай Өтеш. (2018). Қажылыққа алғаш барған қазақтар. // Ана тілі. 17 Мамыр,
- Кұрманбаева Г. (2016). Қазақ елінің Қажылық тарихы. muftyat.kz <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2016-09-01/19389-aza-eln-azhyilyi-tarihi/>
- Лаумулин М.Т. (2019). Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, – 472 б.
- Литвинов В.П. (2015). Российская дипломатия на Востоке и ее роль в обеспечении нужд паломников-мусульман (вторая половина XIX – начало XX вв.) / В.П. Литвинов // Пространство и Время. – № 1-2(19-20). – С. 398-402.
- Литвинов В.П. (2014). Государственное регулирования регионального паломничества мусульман Туркестана (1865-1917) // Вестник КРСУ, Том 14. – № 11. – С. 52-58
- Мұхтарова Г.Р. (Абдраимова), (2009). Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы). / Материалдар жинағы. – Алматы: Баспалар үйі, – 592 б.
- Набиев Р.А., Гафаров А.А. (2012). Связи с Исламским миром как фактор укрепления единства и традиций Российских мусульман. (XIX – начало XX в.). // УЧЕНЫЕ ЗАПИСКИ Казанского Университета. Гуманитарные науки. – Том 154, кн. 3 – С. 36-47.
- Нуриманов И.А. (2019). Становление паломнических маршрутов мусульман Российской империи в Аравию во второй половине XIX – начале XX в. // ВЕСТНИК Моск. Ун-та. Сер. 13. Востоковедение. №2. – С. 74-88
- Салиев А.А. (2019). Религиозная составляющая политики Османской империи в Средней Азии в XIX – начале XX вв. // История: Факты и Символы –№1(18), – С. 127-133
- Смағұлова С.О. (2015). «Қазақ» газетіндегі қажылық мәселесі /С.О. Смағұлова // Отан тарихы, – № 3. – Б.110-118.

References

- Anisimov O.V. (2023), The Russian Empire as a Regulator of the Hajj and Russian Orthodox Pilgrimage. Vestnik of Saint Petersburg University. History, vol. 68, issue 2, pp. 549–556.
- Baymirza Hayit. (1999), Türkistan’ dan Osmanlı Devletine: Türk-İslam Kültürü Üzerine Bazı İzahatlar. [From Turkistan to the Ottoman Empire: Some Explanations on Turkish-Islamic Culture]. // Akademik Araştırmalar Dergisi, – №3, – S.1-6
- BOA. (Ottoman Archive) DH. MUİ, BOA.A. MKT. MHM
- Bernard Lewis. (1961), The Emergence of Modern Turkey. – Oxford University Press, – 511 p.
- Belgelerle Osmanlı-Türkistan ilişkileri (XVI-XX. yüzyıllar). (2004). T.C. Başbakanlık, Devlet Arşivleri Genel Müdürlüğü, [Ottoman-Turkistan relations with documents (XVI-XX centuries)] Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı, Ed.Yusuf Sarıнай – İstanbul: – 277 s
- Mehmed Şakir. (2009). Halife II. Abdülhamid’in hac siyaseti. [Caliph II. Abdulhamid’s pilgrimage policy.]. – İstanbul: Timaş Yayınları, – 364 s.
- Seyfettin Erşahin. (1999). Osmanlı Devleti Ve Türkistan Müslümanlarının Hac Seferleri (Çarlık Döneminden Günümüze). [The Pilgrimage of the Ottoman Empire and the Muslims of Turkistan (From the Tsarist Era to the Present)]. // Diyanet İlmî Dergisi. – Cilt: 35 – №1. – S. 235-248
- Yusuf Gökalp, Osman Eyüpoğlu. (2018), ‘Туркестанский Сборник’ (Türkistan Derlemesi)’ ve Orta Asya Dini Düşüncesi Açısından Kaynaklık Değeri. [(Turkestan Collection)’ and Its Source Value for Central Asian Religious Thought.]. // Oş Devlet Üniversitesi İlahiyat Fakültesi İlmî Dergisi, – Sayı 25. – S. 69-86
- History of Central Asia in Ottoman Documents. (2011). Volume II. Spiritual and religious ties. – Samarkand: IICAS, STA. – 222 p.
- Smith, Grace Martin, (1980). «The Uzbek Tekkes of Istanbul», [The Uzbek Tekkes of Istanbul]. // Der Islam. – №57 – P 130-139.
- Mehmet Saray. (2000), Hanlıklar Döneminde Osmanlı Devleti’nin Türkistan Siyaseti. [Turkistan Politics of the Ottoman State in the Period of the Khanates]. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi. – Sayı IV, – S. 17-20.
- Çetin Nursulu. (2017). Ыстамбұлдағы Түркістан теккелері, (Türkçeden Kazakçaya). Terc. İstanbul’daki Türkistan Tekkeleri, [Turkistan Lodges in Istanbul]. Ed. Prof. Dr. Ahmet Emre Bilgili. İstanbul. – 294 s.
- Yusuf Sarıнай. (2019). Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi. Olarak İstanbul. [Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi. Olarak İstanbul]. // Bilig, – Sayı 88. – S. 1-18.
- Zarcone, Thierry (2008), “Doğulu ve Batılı Yolcuların İntibalarında Buhara Tekkesi”, 3. Uluslararası Tarih Yarımada Sempozyumu, [Bukhara Lodge in the Impressions of Eastern and Western Travelers]. – İstanbul – S. 52-58.
- Zarcone, Thierry, (2011). Kudüs’teki Orta Asyalı ve Hintli Sufi Hacılar, Çev: Berna Akkıyal, [Kudüs’teki Orta Asyalı ve Hintli Sufi Hacılar]. – İstanbul 205 s.
- Abidulin A.M. (2008). Simvolizm i vlast vo vremya pravleniya sultana Abdul-Hamida II [Symbolism and power during the reign of Sultan Abdul-Hamid II]. // Vlast. – Vyp. 10. M., – S. 125–129.

- Avşarova M.P., (1940). Benediktova N.N. Materialy k bibliografii musulmanskogo palomnichestva v Srednei Azii. [Materials for the bibliography of the Muslim pilgrimage in Central Asia]. – Taškent, – 40 s.
- Ailin Kein. (2021). Rossiiskii hadj. Imperiya i palomnichestvo v Mekku (per. s angl. R. İbatullina) / A. Kein. [Russian Hajj: Empire and the Pilgrimage to Mecca]. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, – 296 s.
- Bessmertnaya, O. Yu. (2018). “Alye rozy Vostoka”: “Panislamizm”, orientalizm i shpionomanii v poslednie mirnye gody Rossiiskoi imperii. Razvedyvatel’naia imperiia? [“The scarlet roses of the Orient”: “Pan-Islamism”, Orientalism, and spymania in the last peaceful years of the Russian Empire. An empire of intelligence?]. Shagi / Steps, 4(1), 9-44.
- Brilev D. (2020). Na puti v Mekku: Odessa kak obshcheimperiiskii tsentr musulmanskogo. [On the way to Mecca: Odessa as the all-imperial center of the Muslim]. // ISLAMOLOGYY. – №1. – Tom. 10 – S. 130-143
- Borozdin S.S. (2010). Rasprostranenie idei Panislamizma v Turkestane (nachalo 20 v.). [Spread of the ideas of Pan-Islamism in Turkestan (beginning of the 20th century)]. // İzvestiya Uralskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser. 2, Gumanitarnye nauki – N 4 (82). – S. 155-162
- Vasilev A.D. (2000). «Znamya i mech ot padişaha». Politicheskie i kulturnye kontakty hanstv Tsentralnoi Azii i Osmanskoi imperii (seredina XVI – nachalo HH vv.). [The Banner and the Sword from the Padishah]. Political and cultural contacts between the khanates of Central Asia and the Ottoman Empire (mid-16th – early 20th centuries)]. – M.: Institut vostokovedeniya RAN; – 2014. – 356 s.
- Vasilev A.D. (2020). Panislamizm i politika Osmanskoi imperii v Tsentralnoi Azii v poslednei treti XIX v. [Pan-Islamism and the policy of the Ottoman Empire in Central Asia in the last third of the 19th century]. // Tsentralnaya Aziya na perekrestke evropeiskih i aziatskih politicheskikh interesov: XVIII–XIX vv. Sbornik nauchnykh trudov. – Sankt-Peterburg, 24-28 avgusta, – S. 215-228.
- Qyrğyzbai Öteş. (2018). Qajylyqqa alğash barğan qazaqtar. [The first Kazakhs who went on Hajj]. // Ana tılı. 17 Mamyр,
- Qürmanbaeva G. (2016). Qazaq eliniñ Qajylyq tarihy. [History of Hajj of the Kazakh country]. muftyat.kz <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2016-09-01/19389-aza-eln-azhyily-tarihy/>
- Laumulin M.T. (2019). Älemdik orientalistikadağy Qazaqstan: Şeteldik şyğystanudağy qazaqtardyñ tarihyñ, mädenietni jäne etnografiyasyn zertteu. [Kazakhstan in World Orientalism: Studying the History, Culture and Ethnography of Kazakhs in Foreign Oriental Studies]. – Nür-Cültan: QR Prezidenti janyndağy QSZİ, – 472 b.
- Litvinov V.P. (2015). Rossijskaya diplomatiya na Vostoke i ee rol’ v obespechenii nuzhd palomnikov-musul’man (vtoraya polovina XIX – nachalo XX vv.). [Russian diplomacy in the East and its role in meeting the needs of Muslim pilgrims (the second half of the 19th – early 20th centuries)]. // Prostranstvo i Vremya. – № 1-2(19-20). – S. 398-402.
- Litvinov V.P. (2014). Gosudarstvennoe regulirovaniya regional’nogo palomnichestva musul’man Turkestana (1865-1917). [State regulation of the regional pilgrimage of Muslims of Turkestan (1865-1917)]. // Vestnik KRSU, Tom 14. – № 11. – S. 52-58
- Mühtarova G.R. (Abdraimova), (2009). Qazaqstandağy islam dını: qajylyq (HIH-HH ğ. basy). [Islamic religion in Kazakhstan: Hajj (beginning of XIX-XX centuries)]. / Materialdar jinağy. – Almaty: Baspalar üi, – 592 b.
- Nabiev R.A., Gafarov A.A. (2012). Svyazi s Islamskim mirom kak faktor ukrepleniya edinstva i tradicij Rossijskikh musul’man (XIX – nachalo XX v.). [Relations with the Islamic world as a factor in strengthening the unity and traditions of Russian Muslims]. // UCHENYE ZAPISKI Kazanskogo Universiteta. Gumanitarnye nauki. – Tom 154, kn. 3 – S. 36-47.
- Nurimanov I.A. (2019). Stanovlenie palomnicheskikh marshrutov musul’man Rossijskoj imperii v Araviyu vo vtoroj polovine XIX – nachale XX v. [Formation of pilgrimage routes of Muslims of the Russian Empire to Arabia in the second half of the 19th – early 20th centuries]. // VESTNIK Mosk. Un-ta. – Ser. Vostokovedenie. – №2. – S. 74-88
- Saliev A.A. (2019). Religioznaya sostavlyayushchaya politiki Osmanskoi imperii v Srednej azii v XIX – nachale HKH vv. [The religious component of the policy of the Ottoman Empire in Central Asia in the 19th – early 20th centuries]. // Istoriya: Fakty i Simvoly. – № 1 (18), – S. 127-133
- Smağūlova S.O. (2015). «Qazaq» gazetindegi qajylyq mäselesi. [«Qajylyq issue in «Qazaq» newspaper]. // Otan tarihy, – № 3. – 110-118 b.

Авторлар туралы мәлімет:

- Нұржігіт Момынбекұлы Абдукадыров – PhD, доцент, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы қ. E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com
- Бекмұрат Рахымбердиевич Найманбаев – т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, ОҚМПУ. Қазақстан, Шымкент қ.,
- Сафура Сапарғалиевна Калдыбаева – PhD, аға оқытушы, тұрақты даму бойынша юнеско кафедрасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Қазақстан, Алматы қ.

Сведения об авторах:

- Нуржигит Момынбекович Абдукадыров – PhD, доцент кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы. E-mail: nurjigit.85.kanuni@gmail.com
- Бекмурат Рахымбердиевич Найманбаев – д.и.н.ғ профессор кафедры истории Казахстана ЮКГПУ, Казахстан, г. Шымкент,
- Сафура Сапарғалиевна Калдыбаева – PhD, старший преподаватель кафедры юнеско по устойчивому развитию КазНУ им. аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

Келін түсті: 29.06.2023
Қабылданды: 20.04.2024

МРНТИ 03.09.25

<https://doi.org/10.26577/JH.2024.v113i2-012>**У.А. Омарова^{1*}** , **Ф.М. Шамшиденова²** ¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы²Алматинский технологический университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: unsiyakz@mail.ru

МАЛОЕ ЮЭЧЖИ – «ИСЧЕЗНУВШИЕ» ПЛЕМЕНА ЖАТ: ЛИНЬ-И И ФУНАНЬ

